



**ҰЛТТЫҚ  
электр  
торабы**

**2019**

«KEGOC» АҚ  
ЖЫЛДЫҚ  
ЕСЕП



**KEGOC**

# Мазмұны

<b>Негізгі индикаторлар</b>	<b>04</b>
<b>Директорлар кеңесі төрағасының сөзі</b>	<b>06</b>
<b>Басқарма төрағасының сөзі</b>	<b>09</b>
<b>«KEGOC» АҚ 2019 жылғы корпоративтік оқиғалары</b>	<b>12</b>
<b>Компанияның бейіні</b>	<b>14</b>
Миссия және құндылықтар	16
Меншік иелері құрылымы	18
Серіктестік	19
Бизнес-модель	22
Қуат	24
Компания құрылымы	25
Қызмет географиясы	26
<b>Даму стратегиясы</b>	<b>28</b>
Ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар	30
2019 жылы стратегиялық мақсаттар аясында жүргізілген жұмыс	31
Алдағы перспективалар	35
<b>Қызмет нәтижелеріне шолу</b>	<b>36</b>
Макроэкономикалық шолу	36
Салаға шолу	39
Өндірістік қызмет	46
Инвестициялық қызмет	52
Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыс (ҒЗТҚЖ)	55
«KEGOC» АҚ бизнесін цифрлы трансформациялау бағдарламасы	57
Ақпараттық саясат және қауіпсіздік	59
Тарифтік саясат	60
Сатып алу тәжірибесі	61
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы	63
<b>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау</b>	<b>68</b>

**Корпоративтік басқару 72**

Корпоративтік басқару қағидаттары	72
Компанияны басқару құрылымы	74
Акционерлік капитал	75
Акционерлердің жалпы жиналысы	76
Дивидендтік саясат	76
Миноритарлық акционерлердің құқықтары	77
Директорлар кеңесінің құрамы	78
Іріктеу және тағайындау	87
Тәуелсіз директорлар	87
Директорлар кеңесінің қызметі	88
Директорлар кеңесінің комитеттері	89
Кәсіби даму	97
Корпоративтік басқару кодексін сақтау	98
Мүдделер қайшылығы	99
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	99
Атқарушы орган	101
Мүдделілігі бар мәмілелер	108
Менеджментті бағалау және сыйақы	109
Корпоративтік басқаруды дамыту саласындағы жоспарлар	112
Корпоративтік этика	112
Ішкі аудит қызметі	115
Сыртқы аудитор	116

**Кадрлық әлеует 118**

Персонал құрылымы	123
Қызметкерлерді жалдау саласындағы саясат	123
Мотивациялау жүйесі	125
Қызметкерлерді әлеуметтік қорғау	126
Персоналды дамыту	128
Персоналды бағалау	129
Ұжымдық шарт	130

**Еңбекті қорғау 132**


Мердігерлік ұйымдармен жұмыс	136
Төтенше жағдай және апат кезіндегі іс-қимыл жоспары	137
Еңбекті қорғау саясатын дамыту	139

<b>Қоршаған ортаны қорғау</b>	<b>140</b>
Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат	140
Атмосфералық ауаны қорғау	143
Қалдықтарды басқару	145
Су объектілеріне әсер	146
Инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы туралы табиғатты қорғау іс-шаралары	147
Энергия тиімділігі	148
<b>Қайырымдылық және демеушілік</b>	<b>150</b>
<b>Байланыс</b>	<b>153</b>
<b>Глоссарий</b>	<b>154</b>
<b>Қосымшалар</b>	<b>156</b>
1-қосымша. Есеп туралы	158
2-қосымша. Индикаторлар	166
3-қосымша. «KEGOC» АҚ еншілес ұйымдары	174
4-қосымша. GRI құрамын көрсеткіш	176
5-қосымша. Шоғырландырылған қаржылық есептілік	183




# Негізгі индикаторлар

«KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу, млрд кВт·сағ




Пайдалылық көрсеткіштері, млрд теңге




█ █ EBITDA  
-●- Таза кіріс




**Желінің сенімділік көрсеткіштері:  
жүйелік минуттар ысырабы (SML), мин.**




**Желінің сенімділік көрсеткіштері:  
жүйенің кідіріссіз жұмыс істеу уақыты (WWP),%**



**Кадр саясатының көрсеткіштері,%**



**Персонал динамикасы, адам**



—●— Әлеуметтік тұрақтылық индексі  
—●— Персоналдың қатыстырылу индексі

—■— Қызметкерлер саны

# Директорлар кеңесі төрағасының сөзі

102-14

## Құрметті әріптестер!

«KEGOC» АҚ (Компания) үшін де, жалпы алғанда Қазақстанның бүкіл электр энергетикалық саласы үшін де 2019 жыл «100 нақты қадам» ұлт жоспарын орындау шеңберінде электр қуаты нарығын іске қосудан басталды.

«KEGOC» АҚ еншілес компаниясы болып табылатын «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС электр қуаты нарығындағы бірыңғай сатып алушы болып белгіленді. Электр қуаты нарығын іске қосудың мақсаты Қазақстан энергия жүйесінің теңгерімдік сенімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл инвесторлар үшін ұзақ мерзімді кепілдіктерді қамтамасыз ету арқылы саланың инвестициялық тартымдылығын, сонымен қатар өндіруші қуаттарды озық дамыту арқылы Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесі (БЭЖ) жұмысының сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

«KEGOC» АҚ өткен жылы бизнес-процестерді басқару деңгейінің жоғары екенін, БЭЖ жүйелік операторының стратегиялық мақсаттары мен функцияларының тиімді орындалғанын, сонымен қатар қаржылық сенімділігін дәлелдеді.

Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысын қамтамасыз ету, яғни Жүйелік оператордың функцияларын сапалы жүзеге асыру Компанияның басты артықшылығы болып табылады. Бұл мақсатты іске асыру пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсетуді, қолданыстағы активтерді жөндеу мен жаңғыртуды, сонымен қатар инфрақұрылымды дамытуға бағытталған

инвестициялық қызметті болжайды. 2019 жылы Компанияның Директорлар кеңесі негізгі шамаларды бекітті және «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр торабын күшейту», «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» пен «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін қайта құру» инвестициялық жобаларын іске асыруға көшуді мақұлдады.

Екінші стратегиялық мақсат «KEGOC» АҚ-ның тиімді қызметін қамтамасыз ету болып табылады. 2019 жылы Бизнесі трансформациялау бағдарламасының жаңартылған Портфелі мен Жол картасы бекітілді. 2019 жылы Бизнесі трансформациялау бағдарламасы жобаларын іске асырудан болған пайда 2,16 млрд теңгені құрады.

Компанияны корпоративтік басқару сапасын бұдан әрі арттыру және тұрақты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып табылады. Атап айтқанда, өткен жылы «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, соның ішінде 2019 жылға арналған барлық іс-шаралар ойдағыдай іске асырылды.

Директорлар кеңесінің мүшелері есептік жылы барлық мүдделі тараптардың мүдделерін есепке ала отырып, өте сапалы

# 1 613,5

2019 жылғы  
акциялар құны

басқарушылық шешімдер қабылдады. Компания өзін корпоративтік басқарудың анағұрлым жақсы стандарттарын қолдайтынын, айқындық қағидаттарын сақтайтынын байқатты.

Компанияның оң беделі, тұрақты әрі жоғары қаржылық көрсеткіштері, акционерлердің құқықтары мен міндеттерінің нақты іске асырылуы «KEGOC» АҚ акцияларының құнына әсер етті. Акциялардың есептік кезең ішінде тұрақты өскенін және өтімділігі жоғары екенін байқауға болады. 2019 жылы бір акцияның құны 1 613,5 теңгеге дейін көтеріліп, жыл ішінде тарихи жоғары деңгей — 1 712,9 теңгеге дейін жетті. Бұл алғашқы орналастырылған бағасынан 3,3 есеге артық. Сонымен қатар 2019 жылы Компания акцияларды жария орналастырған сәттен бастап екі рет акционерлерге өте жоғары сомаға — шамамен 31,6 млрд теңгеге дивиденд төледі.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің атынан барлық серіктестерге бірлесе жемісті қызмет еткені үшін, акционерлерге көрсеткен қолдаулары үшін, ал ұжымға Директорлар кеңесі қойған міндеттерді сапалы іске асырып, саланың тиімді де сенімді жұмысына үлес қосқаны үшін алғыс білдіргім келеді.

2019 жылы қол жеткізілген тұрақты өндірістік және қаржылық нәтижелер Компанияның келесі кезеңге арналған міндеттерін табысты шешуге негіз болады деп сенемін.

### **Алмасадам Сәтқалиев**

«KEGOC» АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы



## Біздің стратегиялық басымдылықтарымыз:



# 1

### Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысын қамтамасыз ету:

- Қазақстан БЭЖ-дің Жүйелік операторы функцияларын сапалы орындау,
- пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету,
- қолданыстағы активтерді жөндеу және жаңғырту,
- Қазақстан Республикасы ҰЭТ-тің өткізу қабілетін арттыру,
- технологиялық даму және бизнесті цифрландыру.



# 2

### «KEGOC» АҚ тиімді қызметін қамтамасыз ету:

- салынған күрделі қаржы салымының тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа түрлерін дамыту,
- «KEGOC» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру,
- халықаралық ынтымақтастықты дамыту.



# 3

### Корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму:

- еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;
- корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- адами капиталды дамыту;
- қоршаған ортаға қамқорлық.

# Басқарма төрағасының сөзі

102-14

## Құрметті оқырмандар!

Компанияның Директорлар кеңесінің алға қойылған стратегиялық мақсаттарына қол жеткізудегі, Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысын, Компанияның тұрақты дамуы мен тұрақты қаржылық жағдайын, акционерлер мен даму үшін ақша ағындарын қамтамасыз етудегі жетістіктерін баяндайтын «KEGOC» АҚ Жылдық есебін назарларыңызға ұсынып отырғаныма қуаныштымын.

Осы Есепке GRI стандарттарына сәйкес ашылған экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттағы тұрақты даму көрсеткіштері туралы ақпарат кіреді. Компания Тұрақты даму мақсатын іске асыруда алға жылжығанын, сонымен қатар БҰҰ Ғаламдық шарты қағидаттарын ұстанатынын көрсетіп отыр.

2019 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі 43,97 млрд кВт•сағ құрады. Электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру 97,06 млрд кВт•сағ жетті. 2019 жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша қызмет көлемі 188,77 млрд кВт•сағ деңгейінде болды.

# 43,97

**млрд кВт•сағ**

Ұлттық электр торабы  
арқылы электр энергия-  
сын жеткіз

Энергия өндіруші, энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар сияқты заңды тұлғалар «KEGOC» АҚ қызметтерін тұтынушылар болып табылады. 2018 жылдан ауысқан және 2019 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсету, электр энергиясын сатып алу-сату бойынша жалпы 797 шарт пен келсім жасалды.

Есептік кезең Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің электр энергиясы тарифін төмендету туралы тапсырмасын орындау аясында, сонымен қатар халықты, шағын және орта бизнес субъектілерін қолдау мақсатында 2019 жылғы 1 қаңтарда бірқатар қызметтерге шекті тарифтердің төмендетілуімен есте қалды. Осылайша, электр энергиясын жеткізу тарифі бір кВтсағ үшін 2,823 теңгеден 2,496 теңгеге дейін, электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық

диспетчерлендіру тарифі 0,306 теңгеден 0,237 теңгеге дейін, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру тарифі бір кВт сағ үшін 0,098 теңгеден 0,088 теңгеге дейін төмендетілді.

Есептік жылы инвестициялық бағдарламаларды іске асыру барысында біз «ҰЭТ-ты жаңғырту, II кезең» жобасы шеңберінде «Павлодар энергия торабының Қазақстанның Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен байланысын күшейту» және «220 кВ «Түлкібас-Бурное» ӘЖ-ні салу» жобаларын аяқтадық. Сонымен қатар, «Түркістан қаласын түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын орындау мақсатында Компания 220 кВ «Орталық» қосалқы станциясын және іле-спелі электр энергетикалық объектілерді салу жоспарланып отырған «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау» жобасын іске асыруға кірісті. Елдің басқа өңірлерінде іске асырылатын екі ірі күрделі жоба сияқты бұл жобаны іске асыру да сенімділікті қамтамасыз етуге, болжанған электр энергиясын тұтыну өсімінің орнын толтыруға және ел өңірлерін бұдан әрі дамыту үшін жағдай жасауға бағытталды.

Компания мықты қаржылық нәтижелер көрсетіп отыр. Осылайша, EBITDA көрсеткіші 2019 жылы жоспарлы мәндерден 14,8%-ға асып, 88,5 млрд теңгені құрады. Таза пайда жыл қорытындысы бойынша 40,7 млрд теңге деңгейінде болды, бұл жоспарлы мәндерден тіпті 50%-ға жоғары. Салынған капиталға түсетін кірістілік көрсеткіші (ROACE) 2019 жылы 7,47%-ға, ал таза активтердің шамасы 422,2 млрд теңгеге жетті. Барлық негізгі қаржылық көрсеткіштер бойынша Компания жоспарлы көрсеткіштерден сенімді түрде асып, 2018 жылға қарағанда өскенін көрсетті.

Еңбекті қорғау мәселелері Компанияның негізгі басымдығы болып табылады және

осы салада да даму бірқалыпты жүргізілуде. Есептік кезең барысында Компания қызметкерлері арасында еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар болған жоқ. Бұл персоналдың аталған бағыттағы жоспарлы жұмысты сәтті іске асыруының нәтижесі болып табылады.

Біз «KEGOC» АҚ персоналы өте ауқымды және техникалық жағынан күрделі кез келген жобаларды іске асыра білетін жоғары білікті және кәсіби мамандардан құралғанын мақтан тұтамыз. Осының өзі Компаниямыз қол жеткізген барлық жетістіктердің кепілі болып табылады. 2019 жылы жүргізілген тәуелсіз зерттеулер нәтижесінде «KEGOC» АҚ-ның әлеуметтік тұрақтылық индексі 90%-ды құрады. Бұл «Самұрық-Қазына» АҚ-ның барлық портфельдік компаниялары арасындағы ең жоғары көрсеткіш. Персоналдың қатысу индексі де 74%-ды құрап, оң аймақта тұр.

Жөндеу науқаны табысты әрі кестеге сәйкес жүргізілді. SML (System Minutes Lost) желісінің сенімділігі көрсеткіштерінің мәндері және WWP (Work Without Problems) пайызы осыған ұқсас шетелдік электр энергетикалық тораптары жүйелік операторларының сенімділігі мәндері деңгейіне сәйкес келеді.

Компания үшін Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру басты мәселе болып қала бермек. 2019 жылы операциялық қызметке сатып алуды санаттық басқару енгізіліп, тұтынушылармен есеп айырысудың биллингтік жүйесін; ақпараттық-телекоммуникациялық кешен сервистерінің қолжетімділігі, сапасы мен ұсыну жылдамдығын арттыруға арналған АТ басқарудың нысаналы моделін; сонымен қатар Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін Компанияның барлық ақпараттық жүйелеріне кеңейтуге қажетті ақпараттық қауіпсіздіктің нысаналы моделін ендіру сияқты 3 жобаны іске асыру аяқталды.



Компания 2020 жылы тұрақты даму қағи-  
даттарын толығымен ұстануға және бар-  
лық инвестициялық жобалар мен жоспар-  
ланған іс-шараларды іске асыруға ниетті.  
Бұл «KEGOC» АҚ имиджін көтеруге және  
оның қызметінің жақсы жақтарын көрсе-  
туге, тәуекелдерді азайтуға көмектесіп,  
жалпы алғанда ұзақ мерзімді әрі оң өзгері-  
стер арқылы Компания құнын арттыруға  
себеп болады деп сенемін.



0

LTIFR

0,52

SML, мин

7,47

ROACE, %

88,5

EBITDA, млрд теңге

99,64

WWP, %

**Бақытжан Қажиев**

«KEGOC» АҚ

Басқарма төрағасы



# «KEGOC» АҚ 2019 жылғы корпоративтік оқиғалары

## 01

### ҚАҢТАР

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында бұған дейін электр энергиясының бірыңғай нарығын электр энергиясы мен электр қуаты деп екі бөлек сегментке бөліп тұрған жаңа энергетикалық нарық — электр қуаты нарығы іске қосылды.

## 03

### 7 НАУРЫЗ

Standard & Poor's Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясының (KEGOC) кредиттік рейтингінің болжамын негіздейтін есепті жариялады.

## 04

### 1 СӘУІР

Fitch «KEGOC» АҚ рейтингін «BBB-»: Болжам тұрақты деңгейінде растады

### 15 СӘУІР

KASE алаңында «KEGOC» АҚ үшін инвесторлар тарапынан эмитентке қызығушылықты арттыруға және эмитенттің өз акционерлерімен кері байланысын реттеуге бағытталған «Эмитент күні» өткізілді.

### 15-22 СӘУІР

Қостанайда «KEGOC» АҚ филиалдарының өңірлік диспетчерлік орталықтары жедел-диспетчерлік персоналының кәсіби шеберлігі бойынша дәстүрлі VIII конкурсы өткізілді.

## 05

### 27 СӘУІР

«KEGOC» АҚ Компания қызметкерлерінің арасында Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналған марафон өткізді.

### 3 МАМЫР

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтті.

### 31 МАМЫР

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Доминик Фаш «Ғаламдық энергия» премиясын беру жөніндегі халықаралық комитеттің құрамына кірді.

## 06

### 6 МАУСЫМ

«KEGOC» АҚ облигациялар бойынша сый-ақы төледі (KZP01Y15F281).

### 17 МАУСЫМ

«KEGOC» АҚ 2018 жылы жай акциялары бойынша дивидендтер (KZ1C34930012) төледі.

### 27 МАУСЫМ

«KEGOC» АҚ ұжымы, сонымен қатар оның еншілес құрылымдарының қызметкерлері Арыс қаласында болған ТЖ-дан зардап шеккендерге Қала тұрғындарына көмек көрсету жөніндегі арнайы қорға бір күндік жалақы аудару жолымен қолдау көрсетті.

07

**ШІЛДЕ**

«KEGOC» АҚ «Павлодар энергия торабының Қазақстан Біртұтас электр энергетикалық жүйесімен байланысын күшейту» жобасын іске асыруды аяқтады.

08

**ТАМЫЗ**

«KEGOC» АҚ «ҰЭТ-ты жаңғырту, II кезең» жобасы шеңберінде Түлкібас-тартым ҚС мен Бурное-тартым ҚС арасындағы 220кВ ӘЖ құрылысын табысты аяқтады.

**ТАМЫЗ**

«KEGOC» АҚ-да «Жүйелік қызмет көрсету процестерін жетілдіру» жобасы бойынша басқарушы комитетінің отырысында тұтынушылармен есеп айырысудың биллингтік жүйесі жұмысының мониторингі туралы есеп мақұлданды. Осы сәттен бастап жоба аяқталды деп есептеледі.

**22 ТАМЫЗ**

«KEGOC» АҚ қызметкерлері жыл сайын өткізілетін «Баланы мектепке жинаймыз» қайырымдылық акциясына қатысты.

09

**11 ҚЫРКҮЙЕК**

«KEGOC» АҚ облигациялары бойынша сыйақы төледі (KZP02Y15F289).

**23 ҚЫРКҮЙЕК**

«KEGOC» АҚ ең үздік ұтымгерлік ұсыныстарды анықтады.

10

**ҚАЗАН**

«KEGOC» АҚ жөндеу науқанын аяқтады және күзгі-қысқы кезеңге дайындығы па-спортын алды.

**15-18 ҚАЗАН**

«KEGOC» АҚ-да кәсіби шеберлік жарыстары өткізілді, жарыстардың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ» филиалының электр монтерлері бригадасы Ұлттық электр торабының әуе желілеріне қызмет көрсету бойынша үздік бригада болып танылды.

**ҚАЗАН**

«KEGOC» АҚ өкілдері ТМД Электр энергетикалық кеңесінің 55-отырысының жұмысына қатысты.

**25 ҚАЗАН**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы өткізілді.

11

**12 ҚАРАША**

«KEGOC» АҚ 2019 жылғы бірінші жарты жылдық қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер (KZ1C34930012) төледі.

12

**18 ЖЕЛТОҚСАН**

«KEGOC» АҚ өкілдері Digital Samruk – 2019 конференциясына қатысты.

## Компанияның бейіні

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы «Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру бойынша кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 қаулысына сәйкес құрылды, Қазақстан Республикасының Ұлттық электр торабын басқарушы компания болып табылады және Қазақстан Республикасы Біртұтас электр энергетикалық жүйесінің Жүйелік операторы дәрежесі берілген. «KEGOC» АҚ 1997 жылғы 11 шілдеде бастапқы мемлекеттік тіркеуден өтті.

102-1

«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасына сәйкес мынадай негізгі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

Жоғарыда көрсетілген қызметтердің түрлері табиғи монополиялар саласына жатады, соған байланысты «KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

102-2



# Миссия және құндылықтар

---

## Миссия

Қазақстан БЭЖ-дің қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттарына сәйкес сенімді жұмыс істеуі және тиімді дамуы.

---

## Пайымы

Біз — ең үздік әлемдік компаниялар деңгейінде сенімділік пен тиімділік көрсеткіштері бар озық Компаниямыз. Біз озық технологияларды қолдана отырып, Ұлттық электр торабын дамыту арқылы барлық мүдделі тараптар үшін құндылықтарды үнемі арттырып отыруды, транзиттік және экспорттық әлеуетті іске асыру үшін жағдай жасауды, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттыруды көздейміз.





ШЫҢАЙЫЛЫҚ  
ПЕН ӘДІЛДІК



### Құндылықтары:

Біз әрбір қызметкердің пікірін тыңдаймыз және күрделі мәселелерді ашық талқылай отырып, шешім қабылдаймыз.

Біз өзімізге қабылданған міндеттерді орындаймыз, сөзімізде тұрамыз.

Біз әдептілік нормаларын сақтаймыз.



УАҚЫТ ТАЛАБЫ  
МЕН ТҰРАҚТЫ  
ДАМУ



Біз тиімділікті арттырудың жаңа жолдарын іздестіреміз және бастамаларды қолдаймыз.

Біз озық тәжірибелер негізінде біліктілікті арттырып, білімімізді жетілдіреміз және дамытамыз.

Біз кез келген қиындықты еңсеріп, алға қойылған мақсаттарға қол жеткіземіз.



АУЫЗБІРШІЛІК  
ПЕН ЖАУАПКЕР-  
ШІЛІК



Біз компанияға, қоғам мен қоршаған ортаға залал келуіне жол бермейміз, қауіпсіздік пен сенімділікті қамтамасыз етеміз.

Біз өзімізге жеке жауапкершілік алып, дұрыс шешімдер қабылдаймыз.

Біз бір-бірімізге сенім артып, қол ұшын береміз, білім мен тәжірибе алмасамыз.



ҚҰРМЕТ, ДӘСТҮР  
МЕН ҮЛКІТЛІК



Біз компания мүдделерін өз жеке мүдделерімізден жоғары қоямыз, мүдделер қайшылығына жол бермейміз.

Біз адамдарға құрметпен қараймыз және компанияда қол жеткізілген жетістіктердің барлығын бағалаймыз.

Біз Компания құндылықтарын, нормалар мен қағидаларды ұстанамыз және бөлісеміз.

## Меншік иелері құрылымы

2006 жылға дейін «KEGOC» АҚ-ның 100% акциялары мемлекеттің меншігінде болды. 2006 жылы мемлекеттік акциялар пакеті (100%) «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» АҚ-ның орналастырылатын акцияларын төлеуге табыс етілді. 2008 жылы «Қазына» Тұрақты даму қоры» акционерлік қоғамы мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі Қазақстан холдингі» акционерлік қоғамының құқығын иеленуші болып табылатын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы («Самұрық-Қазына» АҚ немесе Қор) құрылды.

2014 жылғы 18 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының еншілес және бағынысты ұйымдарының акциялар пакеттерін бағалы қағаздар нарығына шығару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Компанияның 25 999 999 дана жарияланған жай акциялары жазылым жүргізу жолымен Қазақстан қор биржасында орналастырылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны — 260 000 000 дана, оның ішінде 234 000 001 акция (90% плюс бір акция) «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге, 25 998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияны (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды.

102-5



# Серіктестік

102-12 102-13

**«KEGOC» АҚ мына ұйымдардың мүшесі және қатысушысы болып табылады:**

[www.kazenergy.com](http://www.kazenergy.com)

«KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетикалық кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі («KazEnergy» ЗТБ), негізгі мақсаты: Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін мемлекеттік органдарда қорғау, заңнамалық базаны үйлестіру; жер қойнауын пайдаланушылар, электр энергиясын өндірушілер, энергетика секторының өнімдері мен қызметтерін тасымалдаушылар мен тұтынушылар үшін біртұтас ақпарат алаңын құру; жергілікті, өңірлік және халықаралық деңгейде сала ішіндегі ынтымақтастық пен кәсіпкерлік жобаларын дамыту мен қолдау; «KazEnergy» ЗТБ, оның мүшелері мен жалпы алғанда саланың оң имиджін өңірлік және ғаламдық деңгейде тарату; қазақстандық қоғамдастықтың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және ғылыми-техникалық белсенділігін ынталандыру.

[www.kea.kz](http://www.kea.kz)

«Қазақстан Электр энергетикалық Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі («ҚЭҚ» ЗТБ), негізгі міндеттері мыналар: қызметі электр энергетикасы саласымен тікелей немесе басқа түрде байланысты барлық ұйымдарға қолдау көрсету; электр энергетикасы саласына қатысты мемлекеттік бағдарламаларды, заңдар мен нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу; өз мүшелерін сала мүдделері Үкіметтің, сот және басқа да органдардың шешімдеріне байланысты мәселелерде қолдау және ұстанымдарын қорғау.





### [www.atameken.kz](http://www.atameken.kz)

---

«Атамекен» Қазақстан Республикасының ҰКП, Қазақстан Республикасы Үкіметімен және мемлекеттік органдармен бизнестің келіссөздік күшін нығайту үшін құрылды.


---


Қазақстан электр қуаты резервтерінің пулы (ЭҚРПУЛы), қызметінің негізгі мақсаты ПУЛРЭМ әзірлеген Қағидаларға сай ПУЛРЭМ қатысушыларына тиесілі және/немесе халықаралық және өңірлік электр жеткізу желілерінің энергия жабдықтары кенеттен істен шыққан жағдайда энергиямен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету үшін қуат резервтерінің қажетті көлемін, құрылымы мен орналастыруды қалыптастыру болып табылады.

### [www.ark.org.kz](http://www.ark.org.kz)

---

Бәсекелестікті және тауар нарықтарын дамыту қауымдастығы — кәсіпкерлік қызметті үйлестіру, сонымен қатар мемлекеттік органдарда, өкімет құрылымдарында, халықаралық және қоғамдық ұйымдарда бәсекелестік пен тауар нарықтарын дамыту мәселелері бойынша жалпы мүдделерді білдіру және қорғау үшін бастапқыда ерікті түрде заңды тұлғаларды біріктіретін коммерциялық емес ұйым. Бұл ұйымға кіру Компанияға «KEGOC» АҚ мүдделерінде монополияға қарсы заңнамаға қажетті өзгерістер енгізуге бастама жасауға және оны ілгерілетуге мүмкіндік береді. Қауымдастықтың жұмыс нәтижелері бұл нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу және оларды әзірлеуге қатысу, тәжірибе алмасу үшін халықаралық үкіметтік емес байланыстарды дамыту, семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер және басқа да іс-шаралар өткізу, бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамытуға көмектесу, монополияға қарсы заңнаманы бұзушылықтың алдын алу болып табылады.





Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ шекаралас елдермен тиімді электр энергетикалық нарық құруға көмектесу және халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында мынадай халықаралық салалық ұйымдардың жұмысына тұрақты түрде қатысып отырады:

- ТМД Электр энергетикалық кеңесі (ЭЭК);
- Кернеуі жоғары үлкен электр жүйелері бойынша халықаралық кеңес (Conseil International des Grands Réseaux Électriques — CIGRE);
- Еуразия экономикалық одақ (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы);
- Дүниежүзілік энергетикалық кеңес;
- EURELECTRIC қауымдастығы;
- Әлемдік энергетикалық кеңес жанындағы Атқарушы ассамблея (WEC);
- БҰҰ Еуропа экономикалық комиссиясы;
- Орталық Азияның Үйлестіру электр энергетикалық кеңесі (ОА ОЭК).

## Бизнес-модель

### Миссия

Қазіргі заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға, кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттарына сәйкес Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысы және тиімді дамуы

### Пайымы

Біз — ең үздік әлемдік компаниялар деңгейінде сенімділік пен тиімділік көрсеткіштері бар озық Компаниямыз.

Біз озық технологияларды қолдана отырып, Ұлттық электр торабын дамыту арқылы барлық мүдделі тараптар үшін құндылықтарды үнемі арттырып отыруды, транзиттік және экспорттық әлеуетті арттыру үшін жағдай жасауды, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттыруды көздейміз.

### Құндылықтар

Шынайылық пен әділдік  
Уақыт талабы мен тұрақты даму  
Ауызбіршілік пен жауапкершілік  
Құрмет, дәстүр мен біліктілік

### Біздің нәтижелер:

Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	90%	Таза пайда	40,3 млрд теңге
Өндірістегі жазатайым жағдайлар	0	Сенімділік көрсеткіштері	WWP 99,64% SML 0,52 мин
Энергияны тұтынудың азаюы	1,8%	31.12.2019 ж. жай-күй бойынша акциялар құны	1 613,5 теңге

### Біздің активтеріміз


Жалпы ұзындығы 26 900,91 км болатын 374 әуелік электр жеткізу желісі (ӨЖ) және трансформаторларының белгіленген қуаты 38 246,05 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ 80 қосалқы электр станциясы (ҚС)

- 9 ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
- Қазіргі заманғы технологиялар
- 4 819 адам

**ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ-ТҰТЫНУ ТЕҢГЕРІМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### Біздің нәтижелер:

43,97	млрд кВт•сағ Электр энергиясын жеткізу
97,06	млрд кВт•сағ Желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру
188,77	млрд кВт•сағ Өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру






# Қуат

2019 жылдың соңында құрамында габариті 0,4-1150 кВ, жалпы ұзындығы 26 900,91 км (тізбектер бойынша) 374 әуелік электр жеткізу желісі (ӘЖ) және трансформаторларының белгіленген қуаты 38 246,05 МВА болатын кернеуі 35-1150 кВ 80 қосалқы электр станциясы (ҚС) болған Ұлттық электр торабы (ҰЭТ) Компанияның негізгі активі болып табылады. Олар электр энергиясының трансшекаралық ағындарын қамтамасыз ету, электр станцияларынан электр энергиясын жеткізу және өңірлік электр энергетикалық компаниялар мен ірі тұтынушылар арасындағы байланысты қамтамасыз ету үшін қызмет етеді.

102-6

## 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша «KEGOC» АҚ ӘЖ-сінің ұзындығы, км




EU1

## 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша «KEGOC» АҚ қосалқы станцияларының қуаты мен саны

**80** дана  
38 246,05 МВА

- 55 дана / 220 кВ — 11391,25 МВА
- 20 дана / 500 кВ — 17 447,5 МВА
- 3 дана / 1 150 кВ — 9 384,1 МВА
- 2 дана / 35 кВ — 23,20 МВА



EU4

# Компания құрылымы

«KEGOC» АҚ өз қызметін Қазақстан Республикасының аймағында жүзеге асырады. Компания құрылымына 9 «Электр жеткізу тораптары» (ЖЭТ) филиалы және Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО) филиалы кіреді.

Ақмола ЖЭТ



**10 ҚС**

**8136,6 МВА**

ӘЖ 4230,431 км

Ақтөбе ЖЭТ



**7 ҚС**

**2425,5 МВА**

ӘЖ 967,194 км

Алматы ЖЭТ



**12 ҚС**

**4897,35 МВА**

ӘЖ 4225,143 км

Шығыс ЖЭТ



**7 ҚС**

**4362,5 МВА**

ӘЖ 1923,39 км

Батыс ЖЭТ



**5 ҚС**

**950 МВА**

ӘЖ 1681,5 км

Сарыбай ЖЭТ



**8 ҚС**

**6569,9 МВА**

ӘЖ 2447,845 км

Солтүстік ЖЭТ



**8 ҚС**

**3770,6 МВА**

ӘЖ 3680,614 км

Орталық ЖЭТ



**10 ҚС**

**3741,6 МВА**

ӘЖ 3482,19 км

Оңтүстік ЖЭТ



**13 ҚС**

**3392 МВА**

ӘЖ 4262,603

## Қызмет географиясы

# 26 900,91

ӘЖ ұзындығы,  
км (тізбектер бойынша)

# 38 246,05

ҚС-ның жиынтық қуаты,  
МВА

# 80

қосалқы электр  
станциясы


«KEGOC» АҚ «Энергоинформ» АҚ мен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС-ның («ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС) бас компаниясы болып табылады.

«Энергоинформ» АҚ ҰЭТ жабдықтарына қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді және Компания жұмысына телекоммуникациялық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС 2013 жылы жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) секторына инвестицияларды ынталандыру және барлық ЖЭК (өздері үшін аталған қолдау схемасы таңдап алынды) объектілерінен тіркелген тарифтер бойынша электр энергиясын орталықтан сатып алуды мемлекет тарапынан кепілдендіру арқылы Қазақстанның энергия балансында ЖЭК-ті пайдалану үлесін арттыру мақсатында құрылды. Сонымен қатар, «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 357 бұйрығымен электр қуатының дайындығын қолдау жөніндегі қызметтерді орталықтан сатып алуды және электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету жөнінде орталықтан қызмет көрсетуді жүзеге асыратын бірыңғай сатып алушы ретінде белгіленді.

Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ 2005 жылы «Солтүстік Қазақстан-Ақтөбе облысы өңіраралық электр жеткізу желісін салу» жобасын іске асыру үшін құрылған «Батыс транзит» АҚ-ның акционері (акцияларының 20%-ы) болып табылады.

102-7



102-4 102-6

## Даму стратегиясы

«KEGOC» АҚ қызметінің Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар және кең ауқымдағы мүдделі тараптардың мүддесін қамтиды, Компания оны ұзақ мерзімді стратегиясын құрған және шешімдер қабылдаған кезде есепке алады. Біздің басты назарымызда — қоғамның мүдделеріне ықыласпен қарау және Қазақстан ҰЭТ ұзақ мерзімді озық дамуын қамтамасыз ету, адамдардың әл-ауқатын және лайықты еңбек жағдайын қамтамасыз ету, экологияға деген қамқорлық. Бұл «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында көрсетілген.









Мемлекет «KEGOC» АҚ-ға басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз ету, энергия жүйесіндегі теңгерімді қолдау, жүйелік қызмет көрсету және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету, ҰЭТ-ке техникалық қызмет көрсету және пайдалануға дайындығын қолдау бойынша «KEGOC» АҚ-ның функцияларын белгілейтін Қазақстан БЭЖ жүйелік операторы дәрежесін бекітті.

Табысты дамудың маңызды факторлары мыналар болып табылады:

- Компания қызметінің тиімділігін арттыру және активтер мен инвестициялық жобаларды басқаруға портфельдік тәсілдерді ендіру;
- электр энергетикасы саласын дамытуға (ЖЭК-ті дамыту, бизнесті цифрландыру, процестерді автоматтандыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және т.б.) айтарлықтай әсер ететін электр энергетикасы саласында болып жатқан өзгерістердің әсерін есепке алу,
- сонымен қатар адамдардың ой-санасын өзгерту.

## Ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар:

# 1

**1-мақсат: Қазақстан БЭЖ-нің сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету,** яғни Қазақстан БЭЖ Жүйелік операторы функцияларын сапалы орындау; пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету, қолданыстағы активтерді жөндеу және жаңарту; жаңа электр энергиясын жеткізу желілері мен қосалқы станцияларды салу жолымен Қазақстан Республикасы ҰЭТ-тің өткізу қабілетін арттыру; технологиялық даму және бизнесті цифрландыру.

# 2

**2-мақсат: «KEGOC» АҚ қызметінің тиімділігін** салынған капиталдың тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа түрлерін дамыту; «KEGOC» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту арқылы қамтамасыз ету.

# 3

**2-мақсат: Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру;** корпоративтік басқаруды жетілдіру; адами капиталды дамыту және қоршаған ортаға қамқорлық арқылы **корпоративтік басқаруды жетілдіру және тұрақты даму.**

# 2019 жылы стратегиялық мақсаттар шеңберінде жүргізілген жұмыс

**Стратегияны іске асырудың жол картасына жобалар, іс-шаралар және стратегиялық ҚНҚ кіреді.**

Бұл ретте инвестициялық жобалардың тізбесі портфельдік тәсілді есепке алумен құрылды, яғни инвестициялық жобалар операциялық және коммерциялық мақсатқа лайықтылық, Компанияның ұзақ мерзімді мүдделеріне қол жеткізу, инвестицияланатын капиталдың қайтарымдылығы қағидаттарына ғана негізделеді.

## 1-МАҚСАТ

**ҚАЗАҚСТАН БЭЖ-дің  
СЕНІМДІ ЖҰМЫС  
ІСТЕУІН ҚАМТАМАСЫЗ  
ЕТУ**

2019 жылғы қаңтарда «Жүйелік қызмет көрсету процестерін жетілдіру» жобасы бойынша биллингтік жүйе өнеркәсіптік пайдалануға берілді.

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр қуаты нарығы іске қосылды, электр станцияларымен 51 шарт және тұтынушылармен 235 шарт жасалды.

«Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-бен байланысын күшейту» жобасы (бұл жоба шеңберінде 57,122 км ЭЖ салынды) және «220 кВ «Түлкібас-Бурное» ЭЖ-ні салу» (ЭЖ 61,3 км) жобасы іске асырылды. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ филиалдарының «220-500 кВ ЭЖ қайта құру» жобасы іске асырылуда, «кілтпен тапсыру» шарттары жасалды, ТЭН әзірленуде.

Қазақстан Республикасы БЭЖ режимдерін басқаруды автоматтандыру үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында жұмыстар басталды. Бұл 3 компоненттен тұрады: WAMS/WACS жүйесі (WAMS жүйесі пайдалануға берілді; Алматы энергетика және байланыс университетімен WACS жүйесі жұмысының алгоритмін әзірлеу жөнінде шарт әзірленді); ААОЖ, ЖҚАР.

Деректерді беруге арналған БТОЖ дамыту үшін жоғары жиілікті магистралді желі салынып, пайдалануға берілді. Байланыс қызметтері провайдерлерімен коммерциялық өзара әрекет ету үшін Павлодар қаласының «Қазақтелеком» АҚ Деректерді өңдеу орталығына және «ҚазТрансКом» АҚ байланыс торабына дейін БТОЖ жобалау жұмыстары аяқталды. 2020 жылы аталған жоба бойынша ҚМЖ іске асыру жоспарланып отыр.

**1-мақсатты іске асыру индикаторлары**

ҚНҚ атауы	2017 факт	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	2020 болжам
WWP,%	98,98	98,78	98,11	99,64	98,35
SML, мин.	1,04	1,11	1,08	0,52	1,00

**Компанияның 2020 жылға арналған негізгі міндеттері:**

- Қазақстан БЭЖ-дің жүйелік операторы функцияларын сапалы жүзеге асыру және жүйелік қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану деңгейін арттыру. Бұл міндетті іске асыруды есепке ала отырып, SCADA жаңғырту бойынша техникалық-экономикалық негіздеме көзделетін болады;
- жұмыс істеп тұрған активтерге пайдалану бойынша сапалы қызмет көрсету, жөндеу және жаңарту. Бұл міндет бойынша «KEGOC» АҚ филиалдарының 220-500 кВ ЭЖ-ні қайта құру» жобасын бұдан әрі іске асыру, сонымен қатар бейне бақылау жүйесін, кіруді бақылауды басқару жүйесін орнатуды, күзеттік периметрлік сигнализацияны орнатуды, бақылау-өткізу пункттері, қоршау мен күзеттік жарықтандыру құрылысын қоса алғанда, инженерлік-техникалық

қауіпсіздік құралдарының қазіргі заманғы кешенді жүйелерімен жабдықтау көзделген;

- жаңа қосалқы станциялар мен электр энергиясын жеткізу желілерін салу жолымен Қазақстан Республикасының ҰЭТ өткізу қабілетін арттыру. Жаңа ЭЖ-ні салуға байланысты жобалар мен іс-шаралар, «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту», «Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» сияқты ірі жобаларды қоса алғанда, сырттан электрмен жабдықтауды күшейту бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

2020 жылы технологиялық даму және бизнесті цифрландыру бойынша «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына кіретін «ҚР БЭЖ режимдерін басқаруды автоматтандыру» жобасы бойынша жұмыста жалғасатын болады.

## 2-МАҚСАТ

**«KEGOC» АҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ  
ТИМДІЛІГІН  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

2019 жылы жобалар портфелін басқару және жобаларды басқару бойынша ІНҚ бекітілді, SAP PPM (Project Portfolio Management) жүйесі ендірілді. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі шамаларын бекіткен ірі күрделі жобаларды кезең кезеңімен іске қосу және солар бойынша шешім қабылау жүйесі ендірілді.

Өткен жылы Бизнесті трансформациялау бағдарламасының жаңартылған Портфелі мен Жол картасы бекітілді. 2019 жылы Бизнесті трансформациялау бағдарламасы жобаларын іске асырудан болған пайда 2,16 млрд теңгені құрады.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту үшін Компания ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, ЕЭК, ОА ҮЭК, ЖЭС, ХЭК, SIGRE жұмысына белсенді қатысты.

## 2-мақсатты іске асыру индикаторлары

ҚНҚ атауы	2017 факт	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	2020 болжам
EBITDA, млрд теңге	72,95	81,22	77,1	88,5	100,5
Таза кіріс, млрд теңге	32,9	40,0	27,2	40,7	50,4
ROACE, %	6,54	7,16	6,78	7,47	10,61
NAV, млрд теңге	361,1	416,2	383,9	422,2	433,2

Салынған капиталдың тиімділігін арттыру және бизнестің жаңа түрлерін дамыту бойынша міндеттерді шешу үшін «KEGOC» АҚ инвестициялық қызметін жоспарлауда және жобаларын басқаруда портфельдік тәсілді ендіру бойынша жобаны аяқтау жоспарланып отыр. 2020 жылы Компанияда 2021–2025 жылдардағы кезеңге арналған жүйелік қызметтердің шекті тарифтерін бекіту бойынша үлкен жұмыс тұр.

ТМД Электр энергетикалық кеңесінің, ЕЭК, ОА ҮЭК, ЖЭС, ХЭК, SIGRE қызметі шеңберінде жұмысты жалғастыра отырып, Халықаралық ынтымақтастықты дамытуды жүзеге асыру жоспарлануда. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ Бизнесті трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіпорынның кеңейтілген процестерін ендіру бойынша жұмыстарды іске асыру жалғасатын болады.

# 3-МАҚСАТ

## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Компания еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласындағы жұмысты жүйелі түрде жүргізіп отырады. 2019 жылы филиалдарда қауіпсіздіктің мінез-құлық аудиті жүргізілді. ISO 45001 халықаралық стандартына сай «KEGOC» АҚ Кәсіби қауіпсіздік және еңбекті қорғау жүйесі жөніндегі 2019 жылға арналған бағдарламасы іске асырылды. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ өндірістік персоналы жыл сайын және ауысым алдында медициналық тексеруден өтті.

2019 жылы Компанияның 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, 2019 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар іске асырылды.

2019–2022 жылдарға арналған Кадр саясатын іске асыру бойынша жол картасы әзірленіп, іске асырылуда.

Сонымен қатар, қоршаған ортаны қорғау саласындағы іс-шаралар іске асырылды.

**3-мақсатты іске асыру индикаторлары**

ҚНҚ атауы	2017 факт	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	2020 болжам
LTIFR, коэффициент	0,15	0,29	3,8	0	3,6
Өндірістегі өлімге әкелетін жазатайым жағдайлардың жиілігі, коэффициент	0,26	0,25	0	0	0
Корпоративтік басқару рейтингі	BB	BB	-	BB	BBB

2020 жылы еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі міндетті шешу үшін өндірістегі өлімге әкелетін жазатайым оқиғаларға нөлдік төзімділік өлшемін сақтай отырып, қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласындағы нәтижелерді жақсарту көзделген.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі міндетті іске асыру үшін 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау және мониторингтеу аясында жұмыс жалғасады.

Адами капиталды дамыту «KEGOC» АҚ 2019-2022 жылдаға арналған Кадр саясатын іске асыру бойынша Жол картасын іске асыру шеңберінде жүзеге асырылатын болады.



# Алдағы перспективалар

Ел экономикасының тұрақты өсуін есепке ала келе, «KEGOC» АҚ перспективада электр энергиясын өндіру мен тұтынудың өсуін болжамдап отыр, бұл Компания көрсететін электр энергиясын жеткізу және реттелетін қызметтер бойынша қызметтердің көлеміне әсер етеді. Сондықтан Компания алдағы уақытта кірістер мен басқа да қаржылық көрсеткіштердің (ROACE, EBITDA, NAV) өсуін күтуде. Алайда көбінесе аталған көрсеткіштердің оң өсу динамикасы ағымдағы жылы болатын жүйелік қызметтер тарифтерінің шекті деңгейлерін бекітуге және келесі бес жылда электр энергиясындағы тұтынылатын қызметтер мен электр энергиясын тұтыну көлемдерінің өсу үрдісіне байланысты. Сонымен қатар табиғи монополиялар туралы заңнама тұрақты өзгертіліп және жетілдіріліп отырғандығын атап кету қажет, бұл қандай да бір түрде Компанияның қызметіне және шекті та-

рифтердің деңгейлерін белгілеуге әсер етуі мүмкін.

«KEGOC» АҚ Қазақстан БЭЖ-дің сенімді жұмысын қамтамасыз ететін және жүйенің іркіліссіз жұмысы (WWP пайызының көрсеткіші), жүйелік минуттардың ысырабы (SML), толымсыз жеткізілген электр энергиясының көлемі (ENS) және жүйелік қызметтерді тұтынушылардың қанағаттану деңгейі сияқты көрсеткіштерді сапалы жақсартуға көмектесетін өз активтерін жаңарту мен дамыту бойынша жобаларды іске асыруды жалғастырады.

Перспективада «KEGOC» АҚ тұрақты дамыту корпоративтік басқаруды және еңбекті қорғауды басқару жүйесін бұдан әрі дамыту және қоршаған ортаны қорғау мен персоналды басқару саласындағы бағдарламаларды іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі.

## Болжамдық сипаттағы мәлімдемелер

Осы Жылдық есептегі мәлімдемелердің кейбіреуі нақты фактілерден тұрмайды, болжамдық сипатта.

Атап айтқанда, осы Жылдық есепте көрсетілген жоспарларға қатысты кез келген ақпарат болжамды сипатта және «KEGOC» АҚ-ның алдағы оқиғаларға қатысты ағымдағы көзқарасын көрсетеді, «KEGOC» АҚ бизнесіне, қаржылық жағдайына, операциялық нәтижелеріне, өсу стратегиясына және өтімділігіне қатысты сол немесе басқа да тәуекелдерге, белгісіздіктер мен ұйғарымдарға ұшырайды.

Бірқатар маңызды жағдайлардың, атап айтқанда әлемдік қаржы нарығындағы тұрлаусыздықтарға, сонымен қатар 2020 жылдың басында орын алған індетке байланысты жағдайлардың әсерінен күтілетін нәтижелер болжамды мәмілелердегі жоспарлы және нысаналы көрсеткіштерден, бағалар мен ниеттерден айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін екенін назарда ұстауымыз қажет.

## Қызмет нәтижелеріне шолу

### Макро- экономикалық шолу

Қазақстанда 2019 жылы өндірілген жаппай ішкі өнімнің көлемі (Ұлттық экономика министрлігі (ҰЭМ) Статистика жөніндегі комитетінің деректері бойынша) 68 639,5 млрд теңгені құрады және 2018 жылмен салыстырғанда нақты түрде 4,5%-ға артты. Өсім драйверлерінің арасында құрылыс секторы, байланыс, көлік пен сауда болды. Қазақстанның экономикасы, осылайша, мемлекеттік инвестициялармен және тұтынушылық сұраныстың артуымен негізделген тұрақты өскенін көрсетеді.



2019 жылғы құнсыздану (2019 жылғы желтоқсан 2018 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда) 5,4%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы 9,6%-ға, азық-түлік емес тауарлардың бағасы 5%-ға, ақылы қызметтердің бағасы 0,7%-ға артты. 2018 жылы құнсыздану деңгейі 5,3%-ды құрады.

Қазақстан Республикасы ҰЭМ Статистика жөніндегі комитетінің мәліметі бойынша 2019 жылы өнеркәсіп өндірісінің индексі 103,8%-ды құрады. Өндіріс көлемдерінің артуы еліміздің 15 өңірінде тіркелді, Қызылорда және Батыс Қазақстан облыстарында төмендегені байқалды.








**ЖЖӨ динамикасы****Тұтыну бағаларының индексі  
(кезең соңында, өткен жылғы  
желтоқсанда пайызбен)**

Тау-кен өнеркәсібінде 2019 жылы өнеркәсіптік өндіріс индексі 103,7%-ды құрады. Бірінші кезекте түсті металдар кенін өндіру артты (116,9%) және тау-кен өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер өсті (119,5%). Өңдеу өнеркәсібінде өндірістің 4,4%-ға өскені тіркелген. Азық-түлік және сусындар (110,2%), мұнай өңдеу өнімдері (106,6%), негізгі асыл және түсті металдар (106,8%) және машина жасау (120,9%) өндірісі артты.

Электрмен жабдықтауда, газ, бу беруде және ауаны баптауда өнеркәсіптік өндіріс индексі 2019 жылы негізінен электр энергиясын өндіру, жеткізу және тарату көлемдерінің 4,6%-ға артуы есебінен 101,3%-ды құрайды.

Сумен жабдықтауда, кәріз жүйесінде және қалдықтарды жинау мен бөлуді бақылауда өнеркәсіптік өндіріс индексі 2019 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында 103,2%-ды құрады.

## Өнеркәсіп динамикасы



## Салаға шолу

### Саланы реттеу

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және белгілейді. Электр энергетикасы саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады. Электр энергетикасы саласындағы қадағалау мен бақылауды мемлекеттік орган — Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Атом және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті мемлекеттік монополия саласына жататын қызметті (соның ішінде табиғи монополия субъектісі ретінде «KEGOC» АҚ қызметін) бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

155

электр станциясы,  
белгіленген қуаты — 22 936,6 МВт;  
иелік қуаты — 19 329,7 МВт

Қазақстан Республикасы БЭЖ-дегі жүйе құраушы торап болып табылатын **Ұлттық электр торабы** Қазақстан Республикасының өңірлері мен шекаралас мемлекеттердің (Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасы) энергия жүйелері арасындағы электрлік байланысты қамтамасыз етеді.

81

• өнеркәсіптік кәсіпорын

32

• **ӨЭК – өңірлік деңгейдегі электр тораптары** өңірлер арасындағы электрлік байланысты, сонымен қатар бөлшек сауда тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз етеді.

107

• **ЭӨҰ – энергия өндіруші ұйымдар** электр энергиясы мен (немесе) жылу энергиясын жеке қажеттіліктер және (немесе) сату үшін өндіруді қамтамасыз етеді.

142

• **ЭЖҰ – Электр энергиясымен жабдықтаушы ұйымдар** электр энергиясын ЭӨҰ-дан немесе орталықтандырылған сауда-саттықта сатып алуды және оны бұдан әрі соңғы бөлшек сауда тұтынушыларына жеткізуді жүзеге асырады. ЭЖҰ-ның бір бөлігі электр энергиясын «кепілдендірілген жеткізушілер» функциясын атқарады.

Көтерме сауда нарығында кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын сатып алатын **тұтынушылар**

## Сала құрылымы

**Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері мыналар болып табылады:**

- электр энергиясының көтерме сауда нарығына кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын жеткізетін энергия өндіруші ұйымдар;
- энергия жеткізуші ұйымдар;
- өз электр тораптары жоқ және кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде қайта сату мақсатында электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- кем дегенде 1 МВт орташа тәуліктік (базалық) қуат көлемінде электр энергиясын көтерме сауда нарығында сатып алатын электр энергиясын тұтынушылар;
- функцияларын «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ атқаратын жүйелік оператор;
- функцияларын «КОРЭМ» АҚ атқаратын электр энергиясы мен қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының операторы;
- ЖЭК қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы.

Қазақстан Республикасы БЭЖ-ді орталықтан жедел-диспетчерлік басқаруды «KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы – ЖО ҰДО» филиалы жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы БЭЖ-де орталықтан диспетчерлік басқару «KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының құрылымдық бөлімшелері болып табылатын 9 өңірлік диспетчерлік орталықты (ӨДО) ЖО ҰДО-ға тікелей жедел диспетчерлік бағындыру схемасы бойынша ұйымдастырылған.

374

**әуелік электр жеткізу желісі (ӘЖ),** габариті — 0,4–1150 кВ жалпы ұзындығы — 26 900,91 км (тізбектер бойынша);

80

**қосалқы электр станциясы (ҚС),** кернеуі 35–1150 кВ, трансформаторларының белгіленген қуаты 38 246,05 МВА

81,1% (ЖЭС)  
Жылу электр станциялары

8,5% (ГТЭС)  
Газотурбиналық электр станциялары

1,8% (ЖЭК)  
Жаңартылатын энергия көздері

8,6% (ГЭС)  
Гидроэлектр станциялары

- 2019 жылы «KEGOC» АҚ-мен жасалған шарттардың саны

**Электр энергетикасы саласындағы басқа да қызмет**

Энергетика саласындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелермен, маркетингтік зерттеулермен және болжамдармен, электр энергиясын өндіру және тұтынушыларды энергиямен жабдықтау үшін жаңа тиімді энергия үнемдейтін және экологиялық жағынан таза технологияларды өндіру проблемаларын шешумен «Энергия» ҚазАЭТИҒЗИ, «Қазселэнергожоба» институты» ЖШС, «Академик Ш.Ч.Чокин атындағы Қазэнергетика ҒЗИ» АҚ, «Алматы Энергетика және Байланыс университеті» ҰАҚ, Назарбаев университеті, «Energy System Researches» ЖШС сияқты ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру институттары айналысады.

ЖЭК пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасы біртұтас электр энергетикалық жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыру «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС-ға жүктелді.

**Қазақстан БЭЖ-ді жедел-диспетчерлік басқарудың құрылымдық схемасы 01.01.2020 ж. жай-күй бойынша**

**Батыс ӨДО Атырау қ.**

Өңірлік диспетчерлік орталықтардың деңгейі

**«Маңғыстау ӨЭК» АҚ Ақтау қ.**



Өңірлік электр желілік компаниялардың деңгейі

**«ЕЭК» АҚ ӘЖ Ақсу қ.**

Ұлттық маңызды электр станциясы

**«Атырау-Жарық» АҚ (Атырау ӨЭК) Атырау қ.**

Электр станциялардың деңгейі



Батыс ӨДО Атырау қ.	Ақтөбе ӨДО Ақтөбе қ.	Қостанай ӨДО Қостанай қ.	Ақмола ӨДО Нұр-Сұлтан қ.	Орталық ӨДО Қарағанды қ.	Солтүстік ӨДО Екібастұз қ.	Шығыс ӨДО Өскемен қ.	Оңтүстік ӨДО Шымкент қ.	Алматы ӨДО Алматы қ.
«Атырау-Жарық» АҚ (Атырау ӨЭК) Атырау қ.	«Энергосистема» ЖШС (Ақтөбе ЭТК) Ақтөбе қ.	«Межрегионал-энерготранзит» ЖШС (МРЭТ) Қостанай қ.	«Ақмола ЭҮК» АҚ Нұр-Сұлтан қ.	«Қарағанды-Жарық» ЖШС Қарағанды	«ПЭҮК» АҚ Павлодар қ.	«ШҚЭҮК» АҚ Өскемен қ.	«Оңтүстік Жарық транзит» ЖШС Шымкент қ.	«АЖК» АҚ Алматы қ.
«Маңғыстау» АҚ Ақтау қ.	«Батыс Қазақстан ЭТК» АҚ Орал қ.	ЭПК «Forfait» (Қост. Э) Қостанай қ.	«Кокшетауэнерго» ЖШС (Көкш ЭҮК) Көкшетау қ.	«Қарағанды ЭҮК» ЖШС Қарағанды қ.	«Горэлктросеть» ЖШС Екібастұз қ.	«Казцинк Энерго» ЖШС Өскемен қ.	«ЖЭС» ЖШС Тараз қ.	«ТАТЭК» АҚ Талдықорған қ.
Атырау ЖЭО АҚ Атырау қ.	«Ақсайгазпром-энерго» ЖШС (БҚО) Ақтөбе қ.	«Жарық-Жол» ЖШС (ЭҮК) Рудный қ.	«СолтҚаз ЭҮК» Петропавл қ.	«Жезқазған ЭҮК» АҚ Жезқазған қ.	ЭС «ЕЭК» АҚ Ақсу қ.	Бухтарминский ГЭК АО «Казцинк» п. Серебрянск	«КРЭК» АҚ Қызылорда қ.	«КараталТранзит» ЖШС Талдықорған қ.
ЖЭО-1 МАЭК «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС, Ақтау қ.	«Самұрық-энерго» АҚ АЖЭО Ақтөбе қ.	«Костанай Южэлектросервис» КМК (КЮЭС) Арқалық қ.	«Астана ЭҮК» АҚ Нұр-Сұлтан қ.	МАЭС «Главная распределительная энергостанция Топар» ЖШС (ҚМАЭС-2) Топар қ.	Б. Нуржанов ат. «Екібастұз ГРЭС-1-1» Екібастұз қ.	«АЭС Өскемен. ГЭС» ЖШС Өскемен қ.	МУК ӨЭК «Байқоңыр-энерго» Байқоңыр қ.	«ЖЦПК» ЖШС Тараз қ.
ЖЭО-2 МАЭК «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС, Ақтау қ.	АФЭ ЭС «Казхром» ТҰК» АҚ Ақтөбе қ.	Жігітқаракоммунэнерго ММК Жігітқара қ.	«ҚТЖ ҰК» АҚ ЭЧ – 6, 7, 8, 10, 11, 14 Нұр-Сұлтан қ.	Қарағанд. МАЭС-1 «Bassel Group LLS» ЖШС Теміртау қ.	«Екібастұз ГРЭС-і-2 станциясы» АҚ Солнечный қ.	«АЭС Шүлбі ГЭС Шүлбі қ. «Казцинк»-ГЭК (Текел. ЖЭО-2) Текелі қ.	«Батұров ат. «Жамбыл ГРЭС-і» АҚ Тараз қ.	«Т-Транзит» ЖШС Текелі қ.
АЭТ МАЭК «МАЭК-Казатомөнеркәсіп» ЖШС, Ақтау қ.	«Жайықжылжуқуат» АҚ ОЖЭО Орал қ.	МКМ ӨШҚ Лисаковскгоркомун-энерго Лисаковск қ.	ЖЭО-1, 2 «Астана-Энергия» Нұр-Сұлтан қ.	ЖЭО-1, 3 «Қарағанды Энергия орталығы» ЖШС Қарағанды қ.	ЖЭО «Қазақстан алюминий» АҚ (ПЖЭО-1) Павлодар қ.	«Компания Лен.Кас.ГЭС» ЖШС (Лениног. каскад ГЭС) Өскемен қ.	ЖЭО-1, 2 «КазСпец-Электрод» ЖШС Шымкент қ.	«АлЭС» АҚ Алматы ЖЭО-1, 2, 3 Алматы қ.
ЖЭО «АНПЗ» ЖШС Атырау қ.	«Орал ГТЭС» ЖШС Орал қ.	«ССГПО» АҚ ЖЭО (РЖЭО) Рудный қ.	«Степногорск ЖЭО» ЖШС Степногорск қ.	ЖЭО-БАС, ЖЭО-2 «Арселор Миттал Теміртау» АҚ Теміртау қ.	ЖЭО-2 «Павлодар-энерго» АҚ (ПЖЭО-2) Павлодар қ.	«АЭС Өскемен ЖЭО» Өскемен қ.	«3-Энерго-орталық» ЖШС (ШЖЭО-3) Шымкент қ.	«АлЭС» АҚ, Қапшағай ГЭС Қапшағай
ТГТЭС-1 «Теңізшевройл» ЖШС Каратон-1	ГТЭС – КПО «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» Ақсай-2 п. Ақсай-2	КТЭК МКМ ЖЭО (Қостанай ЖЭО) Қостанай қ.	«СевКАЗЭНЕРГО» АҚ (ППТЭЦ-2) Петропавл қ.	Жезқазған ЖЭО «Kazakhstan Energy» ЖШС Жезқазған қ.	ЖЭО-3 «Павлодар-энерго» АҚ (ПТЭЦ-3) Павлодар қ.	«AES Өскемен ЖЭО» Өскемен қ.	«Шардара ГЭС» АҚ Шардара қ.	«АлЭС» АҚ Каскад ГЭС (Алм.каскад ГЭС) Алматы қ.
ТГТЭС-2 «Теңізшевройл» ЖШС Каратон-1	ЖГТЭС «Ақтөбе-мунай-финанс» АҚ Жаңажол а.	АТЭК МКМ ЖЭО Арқалық	«Бірінші ЖЭС» ЖШС Ерейментау қ.	Балқаш ЖЭО «Kazakhstan Energy» ЖШ Балқаш қ.	ЕЖЭО «Экибастұз-теплоэнерго» АҚ Екібастұз қ.	«AES Согра ЖЭО» ЖШС Өскемен қ.	«Тараз-энергоцентр» АҚ (ЖЭО-4) Тараз қ.	«Мойнақ ГЭС» АҚ Мойнақ ГЭС
ТГТЭС-3 «Теңізшевройл» ЖШС Каратон-1	ЖГТЭС «Ақтөбе-мунай-финанс» АҚ (ГТЭС 45) Жаңажол а.		«ЦАТЭК Грин Энерджи» ЖШС ЖЭС «Астана – Ехро 2017»	«Шахтинск ЖЭО» ЖШС Шахтинск қ.		«Риддер ЖЭО» АҚ Риддер қ.	«Кентау-Сервис» МКМ (ЖЭО-5) Тараз қ.	«Казцинк-ТЭК» ЖШС (Текел. ЖЭО-2 және Каратал ГЭС) Текелі қ.
«Қашаған» ЭС AGIP KCO Карабатан а.	«АМК-Мұнай» ЖШС ГПЭС Оңтүстік Қаратөбе, ГПЭС Башенкөл а.			ГТЭС Құмкөл «ПККР» АҚ		«Теплокоммун-энерго» МКМ (Сем.ЖЭО) Семей қ.	«Қызылордажылу-электрорталығы» МКМ (КОЖЭО-6, КОГТЭС) Қызылорда қ.	Ыстық ГЭС-2, 3 «ЭнергоАлем» ЖШС
«Қаламқас» ЭС ММГ Қаражанбас а.	«АРБЗ» ЖШС ГПЭС			ГТЭС Ақшабулак «Кристал Менеджмент» ЖШС			«Бурное Солар-1,2» ЖШС Тараз қ.	«Каскад Каратальских ГЭС» ЖШС (Каратал ГЭС-2, 3, 4) Қаратал қ.
«Sagat Energy» ЭС	«БатысПауэр» ЖШС ГТЭС-200			Ынтымақ шағын ГЭС «Казводхоз»			«СКЗ-У» ЖШС Жаңа-Қорған қ.	ГЭС Талдықорған э/торабы
«КазАзот» ЭС АҚ Ақтау қ.	«Восход-Ориел» ЖШС ГПЭС-Восход			«Агрофирма Курма» ЖШС			«Номад Солар» ЖШС Қызылорда қ. Жаңа-Қорған қ.	Қапшағай-100 КЭС «ENEVERSE KUNKUAT» ЖШС
ЖЭС Тайман-2» Исатай ауданы Атырау облысы	«Жайықмұнай» ЖШС ГПЭС-Чинарево			«КПМ Дельта» ЖШС Гүлшат КЭС			«Baikonyr Solar» ЖШС Қызылорда Жаңа-Қорған қ.	Шу-100 КЭС «M-KAT GREEN» ЖШС
ГТЭС «KUS» Карабатан а.				Көңгір КЭС «SES SARAN» ЖШС Көңгір қ.			«EcoProTech-Astana» ЖШС Түркістан қ.	
ЖЭС «Ақшұқур» Түпқараған ауданы Маңғыстау облысы				Ағадыр-1 ЖЭС «КазСолар 50» ЖШС Ағадыр қ.				
ЖЭС РМК Түпқар. ауданы Маңғ. обл.								

## Электр энергиясының теңгерімі


Қазақстан Республикасында электр энергиясын тұтыну 2019 жылы 2018 жылмен салыстырғанда 1 964,8 млн.кВт сағ немесе 1,9%-ға артып, 105 193,1 млн. кВт•сағ құрады.

Электр энергиясын тұтыну Қарағанды облысы бойынша (671,8 млн кВт•сағатқа, немесе 3,9%-ға), Шығыс Қазақстан облысы бойынша (259,2 млн кВт•сағатқа, 2,9%-ға), Жамбыл облысы бойынша (151,9 млн кВт•сағатқа, 3,5%-ға), Алматы облысы бойынша (374,2 млн кВт•сағатқа, 3,4%-ға), Ақтөбе облысы бойынша (136,6 млн кВт•сағатқа, 2,2%-ға) айтарлықтай артқаны байқалды.


2019 жылы электр энергиясын өндіру 106 029,8 млн.кВт сағ құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 767,3 млн.кВт сағ немесе 0,7%-ға жоғары.

2019 жылы Қазақстан Республикасында электр энергиясын өндіру тұтынадан 836,7 млн. кВт сағ асты.

## Электр энергиясын өндіру-тұтыну динамикасы, млрд кВт•сағ



## Электр энергиясын тұтыну динамикасы, млн кВт•сағ




**2019 жылы Қазақстан БЭЖ-дегі электр энергиясын өндіру құрылымы**  
**Электр станциялары түрі бойынша**

- 81,1% ● АЭТ
- 9,4% ● ГЭС
- 8,5% ● ГТЭС
- 0,6% ● ЖЭС
- 0,4% ● КЭС


106

млрд кВт•сағ



Есептік кезеңде Ресейден электр энергиясының сальдо-ағыны 125,7 млн кВт•сағ (2018 жылы — 3 566,0 млн кВт•сағ) құрады. Экспорт пен импорт Ресей Федерациясынан теңгерімдеуші электр энергиясы көлемін есепке ала отырып, келтірілген.

**Ресеймен электр энергиясының сальдо-ағыны, млн кВт•сағ**



Орталық Азияға сальдо-ағын 2019 жылы 962,4 млн кВт•сағатты құрады. Бұл ретте Қырғызстанға электр энергиясының экспорты 273,0 млн кВт•сағ (тауар алмасу туралы шарт шеңберінде 269,238 млн кВт•сағ), импорт — 277,2 млн кВт•сағ (тауар алмасу көлемі — 269,238 млн кВт•сағ) құрады. Тәжікстаннан электр энергиясының тауар алмасуы туралы шарт шеңберінде жеткізілген электр энергиясының көлемі, сонымен қатар қайтару 13,409 млн кВт•сағ құрады. «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дан Өзбекстанға экспорт — 966,6 млн кВт•сағ құрады.



# Өндірістік қызмет

12 ЖАУАПКЕРШІ-  
ЛІКПЕН ТҰТЫНУ  
ЖӘНЕ ӨНДІРУ



«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «KEGOC» АҚ Жүйелік оператор бола отырып, нарыққа қатысушылардың барлығының электр энергиясы нарығына еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Ұлттық электр торабына қосылу Электр желілік қағидалар мен Электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. «KEGOC» АҚ электр энергиясы нарығының барлық субъектілерінің Ұлттық электр торабына қол жеткізуі үшін теңдей жағдайлармен қамтамасыз етеді.

*ҰЭТ-ға қол жеткізу тәртібі туралы толығырақ Компанияның ресми сайтындағы «Біздің қызмет» бөлімінде танысуға болады.*


«KEGOC» АҚ қызметін тұтынушылар заңды тұлғалар: энергия өндіруші, энергия жеткізуші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, өнеркәсіптік кәсіпорындар болып табылады.

102-6

2019 жылы көтерме сауда нарығының субъектілеріне жүйелік қызметтер жасалған шарттарға және тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес толық көлемде көрсетілді. 2018 жылдан ауысқан және 2019 жылы жасалған тұтынушыларға қызмет көрсетуге, электр энергиясын сатып алу-сатуға жасалған шарттар мен келісімдердің жалпы саны 797 құрады.

Шарттар	Саны
ҰЭТ арқылы электр энергиясын жеткізу бойынша	322
электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру бойынша	127
электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша	321
резервтік электр қуатын жеткізу және беру бойынша	1
ысыраптарды өтеу үшін және шаруашылық қажеттіліктеріне электр энергиясын сатып алуға	12
қуатты реттеу бойынша қызметтерді сатып алуға	5
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу үшін Ресейден электр энергиясын сатып алуға	1
электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу үшін Ресейге электр энергиясын сатуға	1
«ФСК ЕЭС» ӨАҚ үшін электр энергиясын жеткізу (транзит) бойынша қызмет көрсету	1
«НЭС Узбекистана» АҚ үшін қуатты (жиілікті) реттеу бойынша қызмет көрсету	1
«Батыс транзит» АҚ-дан ысыраптарға электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтерді сатып алуға	1
жоспардан тыс электр энергиясын сатып алуға	2
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан)	1
жоспардан тыс ағындарды реттеу үшін электр энергиясын сатып алуға («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін)	1
<b>Барлығы</b>	<b>797</b>

### Тұтынушылардың санаттары бойынша шарттардың құрылымы, шарттар саны және санат үлесі



797


Шарттар

- 318** (39,90%) ● Энергиямен жабдықтайтын ұйым
- 273** (34,25%) ● Энергия өндіретін ұйым
- 144** (18,07%) ● Тікелей тұтынушылар
- 56** (7,03%) ● Энергия беретін ұйым
- 6** (0,75%) ● Шетелдік контрагенттер

EУЗ 102-6

### Электр энергиясын жеткізу

#### «KEGOC» АҚ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу, млрд кВт·сағ




102-7

2019 жылы Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізу жөніндегі қызметтің нақты көлемі 43 972 млн.кВт сағ құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштерден 737 млн.кВт сағ немесе 1,6%-ға төмен. Төмендеудің негізгі себебі — бұл Ресей Федерациясына электр энергиясы экспортының болмауы (2018 жылы экспорт көлемі — 3 758 млн кВт·сағ). Сонымен қатар бір уақытта Қазақстан Республикасы көтерме сауда нарығының субъектілері үшін электр энергиясын жеткізу көлемдерінің 2018 жылмен салыстырғанда 698 млн кВт·сағ, немесе 1,8%-ға өсуі байқалады.

2019 жылы «KEGOC» АҚ мен «ФСК ЕЭС» ӨАҚ арасында жасалған шарт бойынша «KEGOC» АҚ желілері арқылы Ресей Федерациясы — Қазақстан Республикасы — Ресей Федерациясы бағытында электр энергиясы жеткізілді (транзит). Аталған транзит бойынша көрсетілген қызмет көлемі 3 573,4 млн.кВт сағ құрады, бұл 2018 жылмен (2 216,7 млн кВт сағ) салыстырғанда 1 356,7 млн.кВт сағ немесе 61%-ға жоғары.

### Техникалық диспетчерлендіру



Техникалық диспетчерлендіру,  
млрд кВт·сағ



2019 жылы электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтің нақты көлемі 97 061 млн.кВт сағ құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштерден 585 млн.кВт сағ немесе 0,6%-ға төмен. Төмендеуі Қазақстан Республикасы энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіруінің төмендеуімен байланысты.

### Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру

Электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру,  
млрд кВт·сағ





2019 жылы электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемін ұйымдастыру бойынша қызметтердің нақты көлемі 188 772 млн.кВт сағ құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштерден 5 415 млн.кВт сағ немесе 3% жоғары. Өсуі Қазақстан Республикасының көтерме сауда нарығында электр энергиясын тұтынудың өсуімен негізделген.

### Электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операциялар

Халықаралық шарттар шеңберінде «KEGOC» АҚ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр энергиясын сатып алу-сату бойынша операцияларды жүзеге асырады.

2019 жылы «KEGOC» АҚ электр энергиясын сатып алу бойынша мынадай операцияларды жүзеге асырды:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасында электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында 14 807,5 млн. теңге сомасына 1 215,6 млн.кВт сағ көлемінде (соның ішінде: «Интер РАО» ӨАҚ-дан (Ресей Федерациясы) және ішкі энергия көздерінен — «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС, «МАЭК Қазатомпром» ЖШС, «Батыс Пауэр» ЖШС);
- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстан энергия жүйесі арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 45,6 млн.теңге сомасына 7,9 млн.кВт сағ көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ-дан);
- Қазақстан БЭЖ-ден Қырғызстанның энергия жүйесі арасында электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 21,5 млн.теңге сомасына 3,7 млн.кВт сағ көлемінде («Екібастұз МАЭС-1» ЖШС-дан).

2019 жылы «KEGOC» АҚ электр энергиясын сату бойынша мынадай операцияларды жүзеге асырды:

- Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасында электр энергиясы ағындарының

нақты мемлекетаралық сальдо-ағынының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемін өтеу мақсатында 6 326,3 млн. теңге сомасына 1 215,6 млн.кВт сағ көлемінде («Интер РАО» ӨАҚ үшін);

- Қазақстан БЭЖ мен Қырғызстанның энергия жүйесі арасындағы электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін 21,5 млн.теңге сомасына 3,7 млн.кВт сағ көлемінде («НЭС Кыргызстана» ААҚ үшін).

### Тұтынушылармен жұмыс

102-43 | 102-44

Көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін «KEGOC» АҚ «Жүйелік қызмет көрсетуді және тұтынушылардан түскен шағымдарды басқару» ішкі стандарты әзірленді. Осы стандартқа сай кем дегенде жартыжылдықта бір рет жүйелік қызметтердің барлық тұтынушыларына сауалнамалар жіберіледі. Сауалнамаларға Компания персоналының жұмыс деңгейін, ұсынылатын іскери және техникалық ақпараттың дұрыстығын, тұтынушылардың өтініштері бойынша жұмыстың жеделдігін, жедел-диспетчерлік басқару бөлігінде ӨДО жұмыс сапасын бағалау және «KEGOC» АҚ көрсетілетін қызметтерінің сапасы бойынша ұсыныстар беру туралы өтініш кіреді. Келіп түсетін жауаптар көрсетілетін қызметтердің артуы нысанына талданады.

2019 жылы тұтынушылардың қанағаттану дәрежесінің орташа жылдық бағасы бес балдық шкала бойынша 4,7 балды құрады. Бұл жеткілікті түрде жақсы деңгей болып табылады. Жақсартуды талап ететін өлшемдер бойынша тиісті шаралар қолданылады.

Аталған көрсеткіштің жоғары мәніне 2019 жылғы 1 қаңтарда тұтынушылармен өзара есеп айырысу процестерін жақсартуға көмектесетін биллингтік жүйенің іске қосылуы әсер етті. Жоба шеңберінде есеп айырысу жүйесіне деректерді ендіру автоматтандырылды. Сонымен қатар, енді

есепке алу құжаттары тікелей электр энергиясын есепке алудың сыртқы жүйелерінен алынған деректер негізінде жасалады. Жаңа жүйеде шамамен 6 мыңдай шарт енгізілген картотека жасалды, ал бұл есеп айырысулар мен баланстар негізінде тұтынушыларға төлем жүргізуге 4,6 мыңнан астам электрондық құжаттар ұсынылды. «KEGOC» АҚ тұтынушылары жұмыста оң өзгерістер болғанын, атап айтқанда деректерді өңдеуге жұмсалатын уақыттың қысқарғанын, барлық қажетті ақпаратты, соның ішінде төлем құжаттарын орталықтан алу мүмкіндігі бар екенін айтуда. Сонымен бірге биллингтік жүйедегі жеке кабинеттен тұтынушылар шарттардың бірыңғай деректер базасына, қаржылық құжаттарға қол жеткізіп, есеп айырысу жай-күйін бақылау мүмкіндігіне және осылайша «KEGOC» АҚ-мен өзара әрекет етуге мүмкіндік алды.

Қызметтерді ұсынуға қатысты заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған айыппұлдар 2019 жылы болған жоқ.

419-1

## Желінің сенімділігі


Қазақстан Республикасы үшін электр энергетикасының маңызы зор, себебі еліміздегі металлургия мұнай мен газ өндіру сияқты негізгі салалар энергияны өте көп қажет етуімен сипатталады. Сәйкесінше, Қазақстан өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігі және халықтың тіршілік ету сапасы көбінесе тұтынушыларды энергиямен сапалы жабдықтауға байланысты.

2019 жылы «KEGOC» АҚ электр желілерінде 211 авариялық ажыратулар болды (бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 22%-ға аз): 138 жағдайда желінің тұрақты жұмысы автоматты түрде қайта іске қосу (АҚІ) құрылғыларының сәтті жұмыс істеп кетуімен сақталды, ал 73 жағдайда сәтсіз АҚІ нәтижесінде ажыратылды.

2019 жылы Компанияда 42 технологиялық бұзылыс тіркелді, олардың барлық 42-сі II дәрежелі істен шығу болып табылады. Көрсеткіш 2018 жылға қарай 14%-ға түсті. I дәрежелі авариялар мен істен шығулар болған жоқ.



## Технологиялық бұзылыстарды жіктеу белгілері бойынша бөлу



- 59,5% ● Табиғат апатының әсері
- 11,9% ● Жасау ақаулары
- 11,9% ● Бөгде тараптар мен ұйымдардың әсері
- 9,5% ● Жіктелмеген басқа да себептер
- 4,8% ● Монтаждау ақаулары
- 2,4% ● Жобалау ақаулары



2019 жылы электр жеткізу желілерінде 32 технологиялық бұзылыс болды. ӘЖ-дегі технологиялық бұзылыстардың жалпы санының 6-уы ӘЖ элементтерінің зақымдануымен орын алды.

Өткен жылы қосалқы станцияларда 10 технологиялық бұзылыс болды. ҚС-дағы технологиялық бұзылыстардың жалпы санының 4-еуі негізгі жабдықтың зақымдануымен болды.

Электр нергиясының жиынтық толымсыз босатылуы 2019 жылы 52%-ға төмендеді және 2018 жылғы 274,18 мың кВт•сағ қарағанда 132,1 мың кВт•сағ құрады. Электр энергиясының толымсыз босатылуы негізінен табиғат апатының әсер етуіне байланысты технологиялық бұзушылықтар бойынша болды.

Желінің сенімділік деңгейін бағалау үшін халықаралық тәжірибеде SAIDI, SAIFI көрсеткіштері қолданылады:

Желінің сенімділігін бағалау үшін Компанияда Даму стратегиясымен SML және WWP индикаторлары белгіленді. SML көрсеткішінің мәні 2019 жылы 0,52 минутты құрады, ал WWP — 99,64%, бұл 2018 жыл қорытындысы бойынша мәндерден жоғары және осындай шетелдік электр желілік компаниялардың сенімділік көрсеткіштері мәндерінің деңгейіне сәйкес келеді.

# 99,64%

индикатор WWP


## SAIDI

(System Average Interruption Duration Index — ажыратудың орташа ұзақтығы) — орташа алғанда жүйедегі минутпен есептегенде бір жылда болған бір ажыратуды сипаттайды.



## SAIFI

(System Average Interruption Frequency Index — бұзылыстардың жүйеде пайда болуының орташа жиілігі) — тұтынушыларды электрмен жабдықтау үзілістерінің орташа жиілігін сипаттайды.




# Инвестициялық қызмет

Компанияның Инвестициялық қызметі, соның ішінде іске асырылатын және іске асыруға қарастырылатын инвестициялық жобалар, БЭЖ және ҰЭТ жұмыс сенімділігін арттыру, желілердің өткізу қабілеттерін арттыру және энергия тиімділігін арттыру бойынша стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Компанияда инвестициялық қызметті басқарудың портфельдік тәсілі мен ірі және маңызды инвестициялық жобаларды басқарудың бірыңғай жүйесі ендірілді. Портфельдік және жобалық басқару шеңберінде әдіснамалық база құрылды, тиімділікті бағалауға, ірі және маңызды инвестициялық жобаларды таңдауға бірыңғай тәсілдер, сонымен қатар жоспарланған нәтижелерге қол жеткізгенге және жобалық қуатқа шығуға дейінгі бүкіл өмірлік циклы ішінде іске асыру және солар бойынша шешімдер қабылдау бойынша сатылы жүйе ендірілді.

2019 жылғы есептік кезеңде «KEGOC» АҚ «Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр торабын күшейту» және «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ» және «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ӘЖ-сін қайта құру» ірі инвестициялық жобаларын іске асырудың тиімді тұжырымдамасын таңдау бойынша жұмыс аяқталды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі аталған жобаларды іске асыруға көшуді мақұлдады, негізгі параметрлері бекітілді.



**2019 жылы мына жобалар іске асырыла бастады:****«Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының электр желісін күшейту» жобасы**

Қазақстан БЭЖ Батыс аймағының тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін және өткізу қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Жоба Қазақстан Республикасының батыс облыстары арасындағы электр желілерін күшейтуді болжамдайды және Орал-Атырау-Теңіз транзитінде 220 кВ электр желілерінің өткізу қабілетін екі есеге арттыруға мүмкіндік береді. (100 МВт-тан бастап 200 МВт-қа дейін).

**2019 жылдың соңында жоба бойынша тендерлер қорытындысы бойынша жобалау-іздістіру жұмыстарына 11 шарт жасалды. Игерілгені 82,14 млн теңгені құрады.**

**«КЕГОС» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ» филиалдарының 220-500 кВ ЭЖ-ні қайта құру» жобасы**

Электр жеткізу желілерінің техникалық сипаттамаларын қалпына келтіру, олардың ресурстарын ұзарту/кем дегенде 30 жылдық перспективаға электр энергиясын жеткізу шарттарын жақсарту мақсатында 220-500 кВ-тық 27 ЭЖ-ні қайта құруды көздейді және үлкен жобаның бірі болып табылады.

**2019 жылы тендерлердің қорытындылары бойынша жобалар бойынша мердігерлік ұйымдармен кешенді жұмыстарды жүзеге асыруға 3 шарт, жұмыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу шарты жасалды. Мердігерлер ЖСҚ әзірлеу және ЭЖ-ні қайта құру объектілеріне материалдар жеткізу бойынша жұмыстарды бастады. 2019 жылы 4 132,85 млн. теңге сомасына күрделі қаржы салымы игерілді.**

**«Түркістан қаласын сырттан электрмен жабдықтау схемасын күшейту» жобасы**

Жоба шеңберінде Түркістан қаласында жаңа 220 кВ ҚС салу жоспарланып отыр. Ол қолданыстағы 220кВ желіге қосылған. Жаңа ҚС Түркістан энергия торабын қосымша электрмен жабдықтау орталығын қамтамасыз етеді. Осының есебінен жергілікті электр тарату торабын дамыту үшін жағдай жасалуда, желінің қажетті өткізу қабілеттілігі қамтамасыз етілуде.

**Игерілгені 41,85 млн теңгені құрады. Жобаның ТЭН-і әзірленіп, «Мемсараптама» РМҚ оң қорытындысы алынды.**

2019 жылы «Солтүстік — Шығыс — Оңтүстік транзитінің 500 кВ ӘЖ-сін салу», «500 кВ «Шүлбі ГЭС (Семей) — Ақтоғай — Талдықорған — Алма» ӘЖ-ні салу» жобасы бойынша күрделі қаржы салымдарының игерілуі 2 644,87 млн теңгені, соның ішінде кредит үшін капиталдандырылатын сыйақы — 2 124,22 млн теңгені және инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде құрылысқа жұмсалатын шығыстар 520,65 млн теңгені құрады.

2019 жылы «Павлодар энергия торабының Қазақстан БЭЖ-бен байланысын күшейту» жобасы табысты аяқталды. Жоба бойынша күрделі қаржы салымдарының игерілуі құрылыс-монтаждау жұмыстары бойынша 580,49 млн. теңгені құрады. Нәтижесінде 110 кВ Павлодар ҚС-да жаңа 220 кВ АТҚ салынды; ұзындығы 57,122 км жаңа 220 кВ «ЕАК» — Промышленная АҚ ӘЖ» салынды; «ЕЭК» АҚ ӘЖ-дағы 220 кВ АТҚ-да жаңа ұяшық салынды; «110 кВ Ж-3077 «ЕЭК» АҚ ЭС» — Павлодар» ӘЖ 220 кВ кернеуге ауыстырылды; 500кВ «ЕМАЭС-1-«ЕЭК» АҚ ӘЖ-дегі найзағайдан қорғайтын арқансым найзағайдан қорғайтын арқансымға (НАОК) кіріктірілген талшықты-оптикалық байланыс желісіне ауыстырылды. Барлық объектілер мерзімінде пайдалануға берілді.

«Ұлттық электр тораптарын жаңғырту, II кезең» жобасы толық іске асырылды. Жоба бойынша игеру 220 кВ Түлкібас — Бурное (т) ӘЖ-ні салу бойынша 292,58 млн теңгені құрады. Ірі жобаның 2-кезегін іске асыру шеңберінде ұзындығы 61,3 км

220 кВ Түлкібас-Бурное (т) салынды. Объект пайдалануға берілді. Жоба Кентау — Қаратау және Шымкент — Жамбыл транзитінің 220 кВ ӘЖ-ні, 500 кВ Ж-5169 Шымкент — Жамбыл ӘЖ-ні жөндеуге шығаруға байланысты проблемаларды алып тастауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл Қазақстан Республикасының оңтүстік өңіріне электр энергиясын жеткізудің өткізу қабілеттілігін арттырды. Бұл жобаны іске асырғанға дейін кернеуі 220 кВ Қызылсай-тартым, Түлкібас-тартым және Бурное-тартым тартымдық қосалқы станцияларында бір жақты қоректендіру болды, бұл электрлендірілген поездарды электрмен қамтамасыз ету сенімділігін төмендетті. 220 кВ Түлкібас–Бурное ӘЖ-ні іске қосқан соң жоғарыда көрсетілген тартымдық қосалқы станциялар электрмен жабдықтауды екі тәуелсіз бағыттар бойынша жүзеге асырады.

Жергілікті және пилоттық жобалар бойынша 1 033,48 млн теңге игерілді. «Кеңейтілген бизнес-процестер үшін автоматтандырылған ақпараттық-басқарушы жүйелерді ендіру» және «Корпоративтік контенттерді басқарудың бірыңғай жүйесін құру ((ЕСМ)» жобалары бойынша жұмыстар жүргізілуде және Қазақстан ҰЭТ-та WAMS жүйесін құру үшін жабдықтар жеткізілді.

Нұр-Сұлтан қаласында 240 орындық балабақша салу бойынша жұмыстар аяқталды. «Объектіні Нұр-Сұлтан қаласының коммуналдық меншігіне қабылдау туралы» қаулы қабылданды.

# ҒЗТКЖ

EUB

Электр энергетикалық сала консервативтік сала болып табылады: негізгі жабдықтың қызмет көрсету мерзімі бірнеше он жылдықты құрайды, сала технологияларды жаңалау уақытының ұзақтығымен сипатталады және ұзақ мерзімде өтелетін бірталай инвестицияны талап етеді. Сонымен қатар, басқа салалардан айырмашылығы электр энергетикалық сектор компаниялары ҒЗТКЖ деңгейінің төмен болумен сипатталады. Дегенмен ҒЗТКЖ басқару барлық жетекші халықаралық электр энергетикалық компаниялардың тиімді өсуін қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады.

Өзінің дамуы үшін ҒЗТКЖ-ның маңыздылығын түсіне отырып, «KEGOC» АҚ құрылған кезден бастап, 2028 жылға дейінгі стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізумен айналысады.

## Компанияның ҒЗТКЖ саласындағы негізгі мақсаттары:

- Компанияның технологиялық дамуы үшін басымдылығы мен өзектілігін есепке ала отырып, ҒЗТКЖ жасау мен жоспарлау процестерін құру, жүйелендіру және дамыту;
- ғылыми-техникалық өнімді әзірлеуге және пайдалануға байланысты процестердің өзара тиімді іс-қиымылын қамтамасыз ету;
- ҒЗТКЖ нәтижелерін өндірістік бизнес-процестердің тиімділігі мен сапасын арттыру үшін ендіру.

Компаниядағы ҒЗТКЖ басқару жөніндегі қызмет «KEGOC» АҚ тапсырысы бойынша орындалатын ҒЗТКЖ ұйымдастыру, жоспарлау, есепке алу, орындалуын бақы-

лау және қабылдауға бірыңғай талаптарды белгілейтін тиісті ішкі құжаттармен реттеледі. ҒЗТКЖ Компанияның практикалық қызметінде ғылыми-техникалық міндеттердің басым бағыттары тізбесін анықтаудан бастап әзірлеу нәтижелерін Компанияның тәжірибелік жұмысында қолданудың нақты әсерін бағалау мен есепке алуға дейінгі барлық өмірлік циклін қамтитын процесс ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта «KEGOC» АҚ технологиялық жарақтандырылу көрсеткіштері бойынша әлемдегі озық электр желілік компаниялар деңгейінде тұр және Қазақстан Республикасының электр энергетикалық саласында инновацияларды ендірудің басты драйверлері болып табылады. Компанияның перспективалық дамуы халықаралық тәжірибелерді зерттеуге және зияткерлік желілер (Smart Grid) бөлігінде әлемдегі электр энергетикасының негізгі трендтеріне негізделеді.

Компанияның «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында Smart Grid элементтерін ендіруі бірнеше жобалар арқылы жүзеге асырылады. Атап айтқанда, бұл ауыспалы процестерді мониторингтеу (WAMS/WACS) / оларды басқару жүйесін ендіру және «БЭЖ жұмыс режимдерін басқарудың аварияға қарсы және режимдік автоматикасының орталықтандырылған жүйесін ендіру». Соңғы аталғаны, өз кезегінде, екі компоненттен тұрады: аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі (ААОЖ) және жиілік пен қуатты автоматты реттеу жүйесі (ЖҚАР).

WAMSWACS — бұл энергия жүйесінің сенімді және тұрақты жұмысын қамтамасыз ететін ертерек ескертудің жетіл-



дірілген технологиясы. WAMS құраушы энергия жүйесінің әртүрлі нүктелерінде жұмыс режимін динамикалық мониторингтеу мақсатында уақыт бойынша синхрондалған энергия жүйесінің негізгі параметрлерінің жоғары жиілікті өлшемдеріне негізделген негізгі параметрлердің кең ауқымды жүйесі болып табылады. WACS — аварияның алдын алу үшін WACS векторлық өлшемдерін қолданатын және онлайн режимде тұтынушыларды ажыратуға немесе генераторларды жүктемеден босатуға әсер етуге мүмкіндік беретін кең ауқымды басқару жүйесі. Сонымен қатар, WACS жүйесі мүмкін болған жағдайда энергия жүйесіндегі авариялардан кейін жекелеген өңірлерді бірден автоматты түрде іске қосуға мүмкіндік береді.

WAMSWACS жобасын іске асыру WAMS өлшемдері негізінде бірқатар қосалқы станциялардан және электр станцияларынан келіп түсетін ақпаратты өңдеуге мүмкіндік береді.

Бұзушылықтарды анықтаған кезде электрлік режим автоматты түрде ұйғарынды шектерге ендірілетін болады. Бұл еліміздің БЭЖ-дің жұмыс істеу сенімділігін арттырып, авариялық жағдайда тұтынушылардың ажыратылу санын азайтып қана қоймай, сонымен қатар электр жеткізу желілерінің өткізу қабілетін анағұрлым толық пайдалануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, WAMSWACS ендірумен Солтүстік — Шығыс — Оңтүстік электр жеткізу желісі қабілетінің статистикалық орнықтылығы бойынша өткізу қабілеті шамамен 200 МВт-қа артады деп күтілуде.

ААОЖ-ды іске қосу жергілікті орталықтан аварияға қарсы басқаруға көшіре отырып, Қазақстан энергия жүйесіндегі аварияға қарсы процестерді персоналдың қатысуынсыз нақты уақыт режимінде реттеуге мүмкіндік береді. Яғни, ААОЖ Қазақстан БЭЖ-дің жұмыс істеу сенімділігін тіптен басқа деңгейге көтереді.

Қазақстан БЭЖ мен Ресей БЭЖ шекарасындағы қуат ағындары сальдосының жоспардағы мәндерден ауытқуларын нөлге келтіру мақсатында ЖҚАР жүйесі аталған процестерді автоматтандырады. Бұл өндіру мен тұтынудың жоспарлы теңгерімінің ауытқуын азайтады және транзиттік желінің жоспарлы емес қуат ағындарымен қосымша жүктелуін болдырмауға мүмкіндік береді.

Санамалап көрсетілген жүйелерді іске қосу қазіргі заманғы «ақылды» технологияларды ендіру жолымен еліміздің электр энергетикалық жүйесін жаңғырту міндетін шешуге көмектеседі.

General Electric Company компаниясымен серіктестікте «Синхрофазорлық технологиялар негізінде мониторингтеу жүйесі (WAMS)» жобасының алғашқы компоненті іске асырылды, 14 объектіде PMU (Phasor Measurement Unit) құрылғылары және ЖО ҰДО мен Алматы ӨДО-да мамандандырылған БЖ орнатылды. 2019 жылы «WACS алгоритмдерін әзірлеу және автоматикасын жасау» жобасының екінші компонентіне кірісті.

USAID және Азия даму банкі халықаралық ұйымдарының ЖЭК-тің гранттық бағдарламасы аясында ЖЭК-ті дамытуды қоса алғанда, электрлік режимдерді есептеу және жүйелік жоспарлау үшін қазіргі заманғы Power Factory (DigSILENT) және PLEXOS бағдарламалық кешендері орнатылды.

Компания «Қазақстанның энергетикалық саласын технологиялық жаңғырту және инновациялық дамыту» өндірістік сектор консорциумы шеңберінде өткізілетін «Қазақстан БЭЖ 220–500 кВ жүйеаралық электр желілерінің статикалық және динамикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ұлттық маңызы бар электр станциялары генераторларының АРВ реттеу тиімділігін зерттеу» ғылыми-зерттеу жұмысын жалғасатыратын болады.

«Инженерный центр «ОРГРЭС» ЖШҚ-мен (Ресей Федерациясы) бірлесе 500 кВ ЭЖЖ-де электр энергиясының ысыраптарын азайту бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жалғасатын болады. Оның мақсаты «KEGOC» АҚ көптеген электр энергиясы ысырабы анықталған 500 кВ ЭЖЖ-де электр энергиясы ысыраптарының азаю себептерін анықтау және сол бойынша негізді шараларды әзірлеу болып табылатын 500 кВ ЭЖЖ-дағы электр энергиясы ысыраптарын азайту бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жалғасады.

## «KEGOC» АҚ бизнесін цифрлы трансформациялау бағдарламасы

«KEGOC» АҚ Бизнесі цифрлы трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде 2019 жылы мына жобаларды іске асыру аяқталды:

- жедел қызметке сатып алуды санатты басқару ендірілді, бұл жерде санаттық сатып алу стратегияларын қолдану сатып алу процестерін ұйымдастыруды оңтайландыруға мүмкіндік берді;
- төлемдерді басқару тиімділігін және клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыру үшін тұтынушылармен есеп айырысудың биллингтік жүйесі ендірілді;
- АТК сервистерін ұсыну қолжетімділігін, сапасы мен жылдамдығын арттыру үшін АТ басқарудың нысаналы моделі ендірілді;
- Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін компанияның барлық ақпараттық жүйелеріне кеңейту талаптарын құру үшін ақпараттық қауіпсіздіктің нысаналы моделі ендірілді.

Өткен жылы құрамына 12 жоба және Компания мен оның негізгі акционерінің стратегиялық бастамаларын іске асыруға бағытталған іс-шаралар кіретін Бағдарлама жобалары портфелі жаңартылды.

Компания үшін маңыздылардың бірі «Кәсіпорын процестерін ендіру» жобасы

болып табылады. Оны іске асыру нәтижесінде Компанияның негізгі процестерін бірыңғай механизмге біріктіретін Бірыңғай ақпараттық жүйе құрылған болады. Жоба процестерді барынша автоматтандыруды және бизнестің негізгі бағыттарын өзара біріктіруді қамтамасыз етеді.

Бұл жоба екі кезеңмен іске асырылады: кәсіпорынның базалық процестерін ендіру және кеңейтілген нысаналы процестерді ендіру.

2019 жылы базалық процестерді ендіру бойынша негізгі жұмыстар аяқталды. Тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану шеңберінде өнімді жүйелер белгіленді, бұл жүйелерде пайдаланушылар барлық операцияларды жүзеге асырды, анықтама-лықтар, негізгі мәліметтер дайындалып, ұсынылды, пайдаланушы рөлдері құрылды және пайдаланушылардың рөлдеріне берілді, лауазымдар үшін өкілеттіктер белгіленді, бастапқы жүктеу үшін мәліметтер дайындалды. Өнімді жүйелерде есепке алу кезеңдеріндегі операциялар көрсетілді, есептік кезең жабылды, есептілік жасалды. Пайдаланушылар нұсқаулықтары әзірленді, пайдаланушылардың үш деңгейі іске қосылды, анықталған ақаулар жойылды.

2020 жылы ескішіл процестерді автоматтандыратын және қаржы-экономикалық блок, кадрлық іс-жүргізу және өндірістік қызмет бағыттары бойынша есептілікті қолмен жасайтын көптеген қызметкерлердің жұмысын жақсартатын есептер мен нысандарды ендіру бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

Кеңейтілген нысаналы бизнес-процестерді ендіру шеңберінде олардың бірқатар моделдерін ендіру жоспарлануда. 2019 жылы кеңейтілген бизнес-процестердің нысаналы моделдерін жаңарту жүзеге асырылды, техникалық дизайн жүргізілді, біріктіру бөлігінде жобалық шешімдер орындалды, тұжырымдама мен тестілеу жоспары дайындалды. Кеңейтілген процестерді ендіру және бүкіл процестерді іске асыру бойынша жұмыстар 2020 жылы аяқталады деп болжамдалуда.

Цифрлы трансформациялаудың негізгі жобалары арасында «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына кіретін «Қазақстан Республикасы БЭЖ-дің режимдерін басқаруды автоматтандыру» цифрландыру жобасын ерекше атап кету қажет.

Жоба шеңберінде мыналар жоспарланады:

- жергіліктен ААОЖ-ға ауысу;
- ЖҚАР жүйесін ендіру;
- Wide-Area Measurement & Control Systems (WAMS/WACS) синхрофазорлық технологиялары негізінде мониторингтеу және басқару жүйесін ендіру.

2019 жылы ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысын алған ААОЖ және ЖҚАР жүйелерін ендіру жобалары бойынша жобалау-сметалық құжаттама әзірленді. WAMS/WACS жобасы бойынша «Алматы энергетика және байланыс университеті» ҰАҚ-мен WACS басқару жүйесі жұмысының алгоритмдерін әзірлеуге шарт жасалды.

2020 жылы мынадай іс-шараларды өткізу жоспарланды:

- құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындаумен және ААОЖ жүйесін пайдалануға берумен жұмыстарды жеткізушімен «Аварияға қарсы автоматика жүйесін жаңғырту» шартын жасау;
- құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындап, ААОЖ жүйесін ендіре отырып, жұмыстарды жеткізушімен «Жиілік пен қуат ағындарын автоматты реттеу жүйесін жаңғырту» шартын жасау;
- WACS жүйесі жұмысының әзірленген алгоритмдері бойынша мердігердің есебін бекіту және WACS жүйесін жеткізуге шарт жасау.

Қалған жобаларды және бағдарлама іс-шараларын іске асыру бекітілген күнтізбелік кестелерге сәйкес жүргізілуде.

Технологиялық даму және бизнесті цифрландыру шеңберінде Компания өндірістік процестерді дамыту бойынша болжамдарымен және ұсыныстарымен, «жылдам жеңістер» жөніндегі идеяларымен бөлісетін, Компанияның проблемаларын шешетін, сонымен бірге айтарлықтай қаржылық салымдар талап етпейтін және қаржылық нәтиже әкелетін белсенді және бей-жай қарамайтын қызметкерлерді тартуға тырысады.

Бағдарлама іске асырыла бастағаннан Компания оның жобаларында 400-ден астам қызметкерлерді қатыстырды. Бұл бағытта жобалар мен өзгерістерді басқару саласындағы қызметкерлердің құзыреттерін арттыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Жобалау командасының әрбір мүшесі Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуіне өз қосатын үлесін түсінетіндей персоналды жобалау қызметіне тарту жалғасуда. Ол үшін өзгерістерді басқару бойынша іс-шаралар жүргізу, мүдделі тараптармен өзара әрекет ету, кедергілерді азайту, үздіксіз байланыспен қамтамасыз ету, ендірілетін процестер мен жүйелерді пайдаланушыларды оқыту, сонымен қатар табысты нәтижелерді тарату және бекіту үшін орта құрылды.

# Ақпараттық саясат және қауіпсіздік

Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында, ақпаратты ашу және қорғау тәсілдері мен қағидаттарын белгілейтін ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты, сонымен қатар мүдделі тараптарға ашылатын ақпараттар тізбесін уақтылы ашып тұрады. Компания ақпаратты қол жеткізу санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану талаптарын, соның ішінде коммерциялық және қызметтік құпиядан тұратын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар шеңберін белгілейді және оның құпиялығын қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

Ішкі құжаттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық ақпарат уақтылы ашылады.

Ақпараттық қауіпсіздік саласында әлемде болып жатқан жағдайға байланысты Бизнесі трансформациялау бағдарламасы аясында Компания «Ақпараттық қауіпсіздіктің (АҚ) нысаналы моделін ендіру» жобасын іске асырды: АҚ нысаналы процестері әзірленді және ендірілді, АҚ оқиғалары мен жағдайларын мониторингтеу және талдау жүйесі (SIEM) ендірілді, сонымен қатар АҚ дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді. Бағдарлама орта мерзімді перспективада АҚ-ны дамытудың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі бағыттары айқындайды.

АҚ-ны дамытудың 2018-2022 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде сыртқы тәуелсіз ұйым технологиялық жүйе-

лердің қорғалуына талдау жүргізу мақсатында еңуге тестілеу жүргізді.

Сонымен қатар, мынадай ақпараттық жүйелер ендірілді:

- 1) артықшылықты пайдаланушыларды бақылау жүйесі;
- 2) сымсыз желіні пайдаланушыларды авторизациялау жүйесі;
- 3) сыртқа шығып кетуін болдырмау жүйесі.

Маусымның 25-і мен 27-сі аралығында TUV NORD компаниясы БМЖ қадағалау аудиті шеңберінде ақпараттық қауіпсіздік жүйесін ISO27001 халықаралық стандартына сәйкестігі нысанына сыртқы аудит жүргізді. Аудит нәтижесінде сәйкестік сертификаты алынды.

Компания «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» жобасын іске асыруға кірісті. Бұл жоба «Самұрық-Қазына» АҚ тобының 6 портфельдік компанияларын қамтиды және мына міндеттерден тұрады:

- Компанияның ақпараттық жүйелерін жасау және «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық қауіпсіздіктің жедел бірыңғай орталығына қосу жолымен «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялары тобының Киберситін құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
- АҚ-ны қамтамасыз ету процестерін дамыту бойынша іс-шараларды, сонымен қатар енуді бақылау, ауытқуларды басқару және технологиялық жүйе периметрін қорғау жөніндегі ақпараттық жүйелерді ендіруді іске асыру жолымен Компанияның киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету деңгейін арттыру.

Сонымен қатар, Бизнесіні трансформациялау бағдарламасының «Кеңейтілген процестер» жобасы шеңберінде енді басқару процесін іске асыру мақсатында SAP жүйесінде SAP GRC Access Control жүйесін ендіру жүргізілуде.

«KEGOC» АҚ «Цифрлы Жаз» бағдарламасына белсенді қатысқанын, соның шеңберінде Компанияда 2 студент тағылымдамадан өтіп, бағдарлама қорытындысы бойынша АҚ бөліміне 1 тағылымгер жұмысқа қабылданғанын атап кету қажет.

## Тарифтік саясат

«KEGOC» АҚ қызметі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңымен реттеледі, соған сәйкес «KEGOC» АҚ ұсынатын мынадай қызметтері табиғи монополиялар саласына жатады:

- ҰЭТ желілері арқылы электр энергиясын жеткізу;
- электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру;
- электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру.

«KEGOC» АҚ өзінің құрылған кезінен бастап реттелетін қызметтердің тарифтік саясатын жетілдіру жұмыстарын жүзеге асырады, тарифтік саясатты жетілдіру бойынша тиісті ұйымдардың жұмысына белсенді түрде қатысады.

Заңнамаға сәйкес «KEGOC» АҚ-да Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетіне (ТМРК) табиғи монополиялар саласына жататын реттелетін қызметтерге тарифтерді бекітуге (қайта қарауға) өтінім беру жұмысы жүзеге асырылуда.

Компанияның тарифтері «шығындар плюс тіркелген пайда» әдісі бойынша белгіленеді, соған сәйкес Компания белгілі бір уақыт кезеңіне тариф белгілеу мақсатында операциялық және қаржылық шығыстардың тиісті бағасына және капиталдың кірістілігінің әділ нормасына сүйенеді.

2013 жылы «KEGOC» АҚ тарифтердің шекті деңгейлерін бекітуге көшті. Тарифтердің шекті деңгейлерін есептеу қағидаттары тарифтердің шекті деңгейлері қатарынан бірнеше жыл мерзіміне бекітілетінін қоспағанда, жыл сайынғы тарифтердің есебіне ұқсас. Тарифтердің шекті деңгейлері Компанияға өзінің мүмкіндіктерін ұзақ кезеңге жоспарлауға мүмкіндік береді, ал акционерлердің Компания туралы өте толық ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

Қолданыстағы рәсімдерге сәйкес «KEGOC» АҚ ТМРК-ға «KEGOC» АҚ-ның ұзақ мерзімді кезеңге арналған реттелетін қызметтері тарифтерінің шекті деңгейін және тарифтік сметаларын бекіту туралы өтініммен жүгінген болатын. Қарау қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ реттелетін қызмет тарифтері мен тарифтік сметаларының шекті деңгейлері 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі бес жылдық кезеңге бекітілді.



теңге кВт/сағ	2016	2017	2018*	2019**	2020
электр энергиясын жеткізу	2,080	2,246	2,496	2,496	2,797
электр энергиясын желіге босату мен тұтынуды техникалық диспетчерлендіру	0,231	0,234	0,237	0,237	0,306
электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру	0,084	0,086	0,088	0,088	0,098

\* «KEGOC» АҚ ТМРК-мен келісу бойынша 2018 жылғы 1 тамыздан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңге электр энергиясын желіге босатуды техникалық диспетчерлендіру қызметтері тарифтерінің шекті деңгейлерін 5%-ға (0,2482-ден 0,237 теңге/кВт•сағ дейін) және электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру бойынша 3,4%-ға (0,091-ден 0,088 теңге/кВт•сағ дейін) төмендетті.

\*\* «KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі бекіткен электр энергиясы құнын төмендету туралы шешімін, сонымен қатар көрсетілетін реттелмелі қызметтер көлемінің артуын есепке ала келе, ТМРК-мен келісім бойынша тұтынушылар үшін тарифтердің бекітілген шекті деңгейлерін 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы деңгейлерге дейін төмендету туралы шешім қабылдады.

Компания мақсаты тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін күшейту, тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалардың алдында қызметінің әділдігін қамтамасыз ету болып табылатын реттелетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну бойынша қызмет туралы жария тыңдалымдар жүргізеді. Жария тыңдалымдарды өткізудің негізгі қағидаттары Компания қызметінің жариялығы, ашықтығы және тұтынушылар мүдделерінің теңгерімін сақтау болып табылады.

102-44

## Сатып алу тәжірибесі

2019 жылы «KEGOC» АҚ-да сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлесі) елу және одан көп пайызы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі — Сатып алу қағидалары) сәйкес жүзеге асырылды. Сатып алу процесіне мыналар кіреді: сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту; жеткізушіні таңдау; сатып алу туралы шарт жасау және орындау.

Қорда әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілікке іріктеу моделі, яғни әлеуетті жеткізушілерді біліктілік өлшемдернің талаптарына сәйкестігі нысанына бағалау процесі ендірілді. Бұл тапсырыс берушінің қызметінде құны мен тағайындалуын есепке ала отырып, белгіленетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу, олардың сыни деңгейін анықтау сапасын жақсартады. Әлеуетті жеткізушілерді алдын ала біліктілікке іріктеудің негізгі қағидаттары мыналар:

- әлеуетті жеткізушілерге алдын ала біліктілікке іріктеу жүргізу рәсіміне қатысу үшін теңдей мүмкіндіктер беру;

- сатып алу тиімділігін арттыру;
- әлеуетті жеткізушілерді сапалық, техникалық және пайдалану сипаттамаларын дамытуға және жақсартуға, шығындарды азайтуға бағыттау;
- жеткізушінің алдын ала біліктілікке іріктеуден өткен кезде ұсынылған құжаттар мен ақпаратқа жауапкершілігі.

Алдын ала біліктілікке іріктеу жүргізген кезде әлеуетті жеткізушінің мынадай біліктілік өлшемдеріне, соның ішінде әлеуметтік өлшемдеріне сәйкестігі деңгейі анықталады:

- 1) құқықтық құраушы және әлеуетті жеткізушінің шарттық жұмысын ұйымдастыру;
- 2) әлеуетті жеткізушінің ресурстары;
- 3) тауарлардың, жұмыстардың, қызметтердің сапасын қамтамасыз ету;
- 4) экология, қауіпсіздік және еңбекті қорғау.

Компанияның жеткізушілері бұл «KEGOC» АҚ негізгі қызметінің орындалуын қамтамасыз ету үшін тауарларды жеткізетін, жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін ұйымдар (Қазақстан Республикасының резиденттері, сонымен қатар резидент еместері) болды. Компанияның жеткізушілері Сатып алу қағдаларына сай «Самұрық-Қазына» АҚ сенімсіз әлеуетті жеткізушілері тізбесінде және (немесе) Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімінде және (немесе) Жалған кәсіпорындар тізбесінде тұрған ұйымдар болған емес. Сонымен қатар ашық тендер тәсілімен және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алуды жүргізген кезде Компания сатып алулар тек мынадай жекелеген санаттар арасында ғана өткізілуін қарастырды:

- Қордың Тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарларды өндірушілер;

- сатып алынатын тауарды өндіретін және Қордың Мүгедектер ұйымы тізілімінде тұрған мүгедектер ұйымдары (жеке тұлғалар — кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедектер).

Сонымен қатар, ашық тендер тәсілімен сатып алуларды өткізген кезде Сатып алу қағдаларына сәйкес, қайтарылмаған өтінімдерді тендерлік комиссия әлеуетті жеткізушіден тендерлік құжаттамадағы өлшемдерге сай бағаны төмендетуге (болған жағдайда) алынған қосымша баға ұсынысын есепке ала отырып, бағалайды және салыстырады. Бұл ретте әлеуетті жеткізушінің баға ұсынысының жалпы/қорытынды бағасы бағалауға жатады. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған жағдайда, Қордың Тауар өндірушілері тізілімінде тұрған сатып алынатын тауардың тауар өндірушілеріне, сонымен қатар нарықтағы жұмыс тәжірибесіне артықшылық беріледі.

Ұйым тартатын жеткізушілердің жалпы саны және жеткізілім тізбегінде жеткізушілердің бағалау саны, жеткізушілерге жүргізілген төлемдердің бағалық ақшалай құны ашық тендер және баға ұсыныстарын сұрату тәсілдерімен сатып алу қорытындылары бойынша белгіленеді. Бір көзден тәсілімен сатып алу бойынша жеткізушілерге жүргізілген төлемдердің бағалық ақшалай құны сатып алу жоспарларында көзделген сомадан аспауы тиіс.

2019 жылы тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі 50%-ды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудағы үлесі 73%-ды құрады.

**«KEGOC» АҚ 2019 жылы сатып алуы,**  
еншілес ұйымдарды есепке алғанда

Сатып алу түрі	Сума, млн теңге
Тауарлар	46 098,58
Жұмыстар	11 389,14
Қызметтер	8 847,87
<b>Барлығы</b>	<b>66 335,59</b>

## Қаржы-экономикалық көрсеткіштер талдауы

Кірістер туралы есептің талдауы

Көрсеткіш, млн теңге	2017	2018	2019	2019/2018
<b>Шоғырландырылған кірістер</b>	<b>178 134,8</b>	<b>194 194,0</b>	<b>275 338,5</b>	<b>41,8%</b>
Негізгі қызметтен болған кірістер	152 379,8	175 797,4	263 162,1	49,7%
Негізгі емес қызметтен болған кірістер	25 755,0	18 396,7	12 176,5	-33,8%
<b>Шоғырландырылған шығыстар</b>	<b>135 493,1</b>	<b>143 169,2</b>	<b>225 067,5</b>	<b>57,2%</b>
Өзіндік құны	89 399,4	113 000,0	200 256,7	77,2%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	13 142,4	7 777,7	8 964,4	13,6%
<b>Салық салғанға дейінгі пайда</b>	<b>42 641,7</b>	<b>51 024,8</b>	<b>50 271,0</b>	<b>-1,5%</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	9 760,4	10 981,9	9 522,0	-13,3%
<b>Таза пайда</b>	<b>32 881,3</b>	<b>40 042,9</b>	<b>40 749,0</b>	<b>1,8%</b>

2019 жылы кірістердің өсуі 2018 жылға қарағанда 41,8%-ды құрады. Шоғырландырылған кірістер 2019 жыл қорытындысы бойынша 81,2 млрд теңгеге дейін өсіп, 275,4 млрд теңгені құрады.

Өсім бірінші кезекте негізгі қызметтен түскен кірістердің 49,7%-ға, 263,16 млрд теңгеге дейін артуына байланысты. Бұл электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қы-

змет көрсетуден түскен 67,7 млрд. теңгені құрайтын кірістермен (2019 жылғы қаңтардан бастап қуат нарығының жұмыс істеуі аясында «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС кірістері) негізделген. Сонымен қатар, сатымдық электр энергиясын сатудан болған кірістер 19,8 млрд теңгеге өсті. Өндірілген ЖЭК түскен кірістердің, электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан түскен кірістер өскені байқалады. Бұл ретте реттелетін қызметтер бойынша кірістер төмендеді.

Негізгі емес қызметтен болған кірістер 33,7%-ға, 12,2 млрд теңгеге дейін төмендеді. Төмендеу бағамдық айырмашылықтан болған кірістердің, сонымен қатар негізгі құралдардың құнсыздануынан болған залалды қалпына келтіруден түсетін кірістердің төмендеуі салдарынан болды.

Шоғырландырылған шығыстар 2019 жылы 57,2%-ға, немесе 81,9 млрд теңгеге өсті. Өзіндік құны 200,3 млрд теңгеге дейін 77%-ға немесе 87,3 млрд теңгеге артты. Өзіндік құнының артуы электр қуатының дайындығын қолдау қызметтерін сатып алу бойынша 58,3 млрд теңгені құрайтын шығыстарына (2019 жылғы қаңтардан бастап қуат нарығының жұмыс істеуі аясында «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС кірі-

стері) байланысты. Сонымен қатар, сатымдық электр энергиясының өзіндік құны 20,5 млрд теңгеге өсті. Осыдан басқа ЖЭК өндірген электр энергиясын сатып алу, негізгі құралдарға жүргізілген қайта бағалау салдарынан амортизациялық аударымдар бойынша шығыстар, шығыстарды жалпы әкімшілік шығыстардан қайта жіктеу нәтижесінде негізгі және қосалқы өндіріс мүлігіне салық бойынша, теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында Ресей Федерациясының энергия жүйелерінен электр энергиясын сатып алу бойынша шығыстар, өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары өсті. Бұл ретте, электр энергиясының технологиялық шығыстары (ысырап), үшінші тараптың желілері бойынша электр энергиясын жеткізу шығыстары азайды.

Жалпы және әкімшілік шығыстар 8,8 млрд теңгеге дейін, 13,6%-ға өсті. Салық бойынша шығыстарды өзіндік құнға қайта жіктеу себепті салық және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстардың азайғаны байқалады. Сонымен бірге қызметтақыны индекстеуге байланысты шығыстар, сонымен қатар басқа да кезең шығыстары артты.

Жыл қорытындысы бойынша таза пайда кірістер мен шығыстардың салыстырмалы түрде өсуі салдарынан 2018 жылға қарағанда 40,75 млрд теңге деңгейінде болды және 1,8%-ға өсті.

#### Жоспар-факт талдауы

Көрсеткіш, млн теңге	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	2019 ж/ф
<b>Шоғырландырылған кірістер</b>	<b>194 194,0</b>	<b>309 801,4</b>	<b>275 338,5</b>	<b>-11,1%</b>
Негізгі қызметтен болған кірістер	175 797,4	305 681,6	263 162,0	-13,9%
Негізгі емес қызметтен болған кірістер	18 396,7	4 119,8	12 176,5	195,6%
<b>Шоғырландырылған шығыстар</b>	<b>143 169,2</b>	<b>273 803,9</b>	<b>225 067,5</b>	<b>-17,8%</b>
Өзіндік құн	113 000,0	242 773,2	200 256,7	-17,5%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	7 777,7	18 585,1	8 964,4	-51,8%

2019 жыл қорытындысы бойынша шоғырландырылған кірістер жоспардағыдан 11% төмен болды.

Негізгі қызметтен түсетін кірістердің жоспарлы көрсеткішке қарағанда 14%-ға төмендеуі реттелетін қызмет көрсетуден болған кірістің, электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуден болған кірістің және «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС өндірген ЖЭК, сатымдық электр энергиясын сатудан болған кірістің, сонымен қатар «Узбекэнерго» АҚ тарапынан электр энергиясын сатып алудың болмауы себепті сатымдық электр энергиясын сатудан болған кірістің төмендеуі нәтижесінде болды. Бұл ретте электр энергиясының нақты мемлекетаралық сальдо-ағындарының жоспардағыдан сағаттық ауытқу көлемдерін өтеу мақсатында электр энергиясын сатудан және қуатты реттеу бойынша қызметті іске асырудан болған кірістер бойынша жоспар артығымен орындалды.

Негізгі емес қызметтен түскен кірістің айтарлықтай өсуі оң бағамдық айырмашылықтан болған кірістердің, сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді берешегінің әділ құнының өзгеруінен болған кірістердің, сонымен қатар басқа ұйымдарға үлестік қатысу үлесінен (қауымдастырылған кәсіпорындардың пайа үлесі) болған кірістердің

өсуімен байланысты.

Шоғырландырылған шығыстар жоспардағыдан шамамен 18%-ға төмен болды. Ең бірінші кезекте ауытқуы өзіндік құнының жоспардағыдан 17,5%-ға төмендеуімен байланысты. Төмендеуі негізінен нақты көлемдері мен бағасының (қуат нарығының жұмысы шеңберінде «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС шығыстары) төмендеуі салдарынан, сонымен қатар ЖЭК өндірген электр энергиясын сатып алу шығыстарының төмендеуі салдарынан электр қуатының дайындығын қолдау қызметтерін сатып алу шығыстары бойынша, электр энергиясының технологиялық шығысын (ысырабын) өтеу шығыстары бойынша, үшінші тараптардың желілері арқылы электр энергиясын жеткізу шығыстары, теңгерімсіздіктерді өтеу мақсатында Ресей Федерациясының энергия жүйесінен электр энергиясын сатып алу шығыстары, «Узбекэнерго» АҚ тарабының электр энергиясын келісім шартсыз алуын өтеу үшін электр энергиясын сатып алу шығыстары бойынша болды.

Жалпы және әкімшілік шығыстардың айтарлықтай төмендеуі салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстардың өзіндік құнға қайта жіктелуі, ақпараттық жүйелерді техникалық қолдау шығындары, коммуналдық шығыстар мен басқа да кезең шығыстары бойынша шығыстардың төмендеуі салдарынан орын алды.

## Коэффициенттер талдауы

### Негізгі индикаторлар

Көрсеткіш	2017 жыл (факт)	2018 жыл (факт)	2019 жыл (жоспар)	2019 жыл (факт)
<b>1-деңгейлі стратегиялық ҚНҚ</b>				
ROACE,%	6,54	7,16	5,77	7,47
EBITDA, млн теңге	72 951	81 222	74 252	88 513
<b>Кредиттік келісімдермен белгіленген ковенанттар</b>				
Ағымдағы өтімділік коэффициенті, кем дегенде 1	2,23	1,25	1,96	2,19
<b>«Самұрық- Қазына» АҚ белгілеген ковенанттар</b>				
Борыш/EBITDA, көп дегенде 3,50	2,22	2,00	1,91	1,70
Борыш/Капитал, көп дегенде 1,00	0,43	0,34	0,30	0,31

2019 жыл ішінде қаржылық тұрақтылық пен ковенанттар бойынша нормативтер бұзылған жоқ. Сонымен қатар, «KEGOC» АҚ қаржылық емес ковенанттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

### Құрылған және бөлінген экономикалық құн

«KEGOC» АҚ қызметінің экономикалық құраушының Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де маңызды стратегиялық мәні бар, «KEGOC» АҚ акционерлері мен инвесторлары үшін ұзақ мерзімді құнының өсуіне бағытталған.

Бизнес-жоспар мен бюджетті қалыптастыру және бекіту рәсімдері (соның ішінде Компания объектілерін салу, қайта құру және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды іске асыруға күрделі қаржы салымдары жоспары) «KEGOC» АҚ Бизнес-жоспарын (Даму жоспарын) және бюджеттерін әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және орындалуын монито-

рингтеу қағидаларымен регламенттеледі. Бизнес-жоспар шоғырландырылған түрде, яғни ЕҰ жоспарларын қоса алғанда, 5 жылдық кезеңге өзгермелі негізде әзірленеді. Бизнес-жоспарды іске асыру үшін жылдық бюджет бекітіледі. Бизнес-жоспардың орындалу мониторингін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі тоқсан сайынғы негізде жүзеге асырады.

Тұрақты қаржылық нәтижелік Компанияға негізгі стейкхолдерлер алдындағы міндеттерін уақтылы және толық көлемде орындауға мүмкіндік береді:

- қызметкерлерге жалақы төлеу және әлеуметтік қолдау көрсету бойынша;
- акционерлерге дивидендтер төлеу бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру және ҰЭТ-тың жұмыс істеу сапасы мен сенімділігін арттыру бойынша;
- жеткізушілермен уақтылы есеп айырысу бойынша;
- салықтарды төлеу бойынша.

### Экономикалық құнды бөлу

Көрсеткіш, млн теңге	2017	2018	2019
<b>Жалпы капиталдандыру</b>	<b>535 956,40</b>	<b>634 752,89</b>	<b>632 163,54</b>
меншік капиталы	374 167,60	472 693,80	481 838,02
қарыз капиталы	161 788,80	162 059,09	150 325,51
<b>Мемлекеттен алынған қарыздар</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	
<b>Құрылған экономикалық құн</b>	<b>156 957,00</b>	<b>185 017,94</b>	<b>275 338,49</b>
негізгі емес қызметтен болған кірістер	152 379,82	175 797,39	263 162,07
қаржылық кірістер	3 593,21	4 951,34	4 171,53
басқа да кірістер	983,98	4 269,22	8 004,89
<b>Бөлінген экономикалық құн</b>	<b>143 973,38</b>	<b>176 346,50</b>	<b>260 222,43</b>
еңбекақы төлеу шығыстары	19 074,97	21 048,03	22 699,12
салықтар мен мемлекеттік бюджетке алымдар бойынша шығыстар	16 611,48	18 553,89	19 110,84
капитал жеткізушілеріне төлем	24 421,65	35 233,94	40 842,53
қайырымдылық және демеушілік көмек	—	—	—
басқа да операциялық шығындар	76 862,34	92 442,60	177 185,20
басқадай операциялық емес шығындар	7 002,94	9 068,04	384,74
<b>Бөлінетін экономикалық құн</b>	<b>12 983,62</b>	<b>8 671,44</b>	<b>9 107,14</b>



## Теңгерім талдауы

Көрсеткіш, млн теңге	2017	2018	2019	2019/2018
Айналымнан тыс активтер	539 978,4	698 081,7	659 175,9	-5,6%
Айналым активтері	88 969,3	57 769,0	97 111,0	68,1%
<b>Барлығы активтер</b>	<b>628 947,7</b>	<b>755 850,7</b>	<b>756 987,7</b>	<b>0,2%</b>
Капитал	374 167,6	472 693,8	481 838,0	1,9%
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	214 952,9	236 958,6	230 808,2	-2,6%
Қысқа мерзімді міндеттемелер	39 827,3	46 198,3	44 341,5	-4,0%
<b>Барлығы капитал мен міндеттемелер</b>	<b>628 947,7</b>	<b>755 850,7</b>	<b>756 987,7</b>	<b>0,5%</b>


Компанияның активтері 2019 жылдың соңында 756,99 млрд теңгені құрады және 2018 жылға қарай 0,5%-ға өсті. Теңгерім құрылымының 87%-ы ұзақ мерзімді активтерге тиесілі, олар көбінесе негізгі құралдармен берілген. Жыл қорытындысы бойынша ұзақ мерзімді активтер 659,2 млрд теңгеге дейін, 5,6%-ға немесе 38,9 млрд теңгеге қысқарды. Теңгерімнің 13%-ын қысқа мерзімді активтер құрайды. 2019 жылы олар жылдың соңына қарай 97,1 млрд теңгеге дейін, 68,1%-ға немесе 39,3 млрд теңгеге өсті. 25,2 млрд теңгеге өсуі қаржылық активтер бөлігінің ұзақ мерзімдіден қысқа мерзімдіге ауысуына байланысты. Сонымен қатар, сауда дебиторлық берешек сомасы 12,6 млрд теңгеге өсті және ақшалай қаражат пен олардың баламалары 2,1 млрд теңгеге артты.


Капитал 2019 жылдың соңында 481,8 млрд теңгені құрады — 2018 жылға қарағанда 1,9%-ға немесе 9,1 млрд теңгеге өсті. Өсуі бөлінбеген пайданың артуына байланысты. Теңгерім құрылымындағы капитал үлесі 63%-ды құрады.

Жыл қорытындылары бойынша міндеттемелер 275,1 млрд теңгені құрады және 2018 жылға қарағанда 2,8%-ға немесе 8 млрд теңгеге төмендеді. Міндеттемелердің 84%-ы ұзақ мерзімді, 16%-ы — қысқа мерзімді. Ұзақ мерзімді міндеттемелер 25%-ы қарыздармен және 36%-ы орналастырылған облигациялармен, 39%-ы — кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелермен берілген. Қысқа мерзімді міндеттемелер 53%-ға қысқа мерзімді берешекпен берілген.

## Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау

«KEGOC» АҚ-да 2007 жылдан бастап тәуекелдерді басқару жүйесі ендіріліп, жұмыс істейді. Бұл жүйе тәуекелдерді басқарудың жалпы қабылданған концептуалдық моделдері, Тридвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті әзірлеген «Ұйым тәуекелдерін басқару. Біріктірілген модель» COSO ERM (COSO) және «Самұрық-Қазына» АҚ талаптары негізінде құрылды.








Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі (ТБКЖ) тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, оларды бағалауға және «KEGOC» АҚ стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне теріс әсер ететін тәуекелдерді басқару жөніндегі шараларды жасауға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі құрауышы болып табылады.

### Тәуекелдерді басқару процесі



Қолданыстағы ТБКЖ мақсаты «KEGOC» АҚ қызметіне ішкі және сыртқы теріс факторлардың әсер ету дәрежесін шектеу жолымен қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары мыналар:

- Компания басшылығының тәуекелдерді басқаруға қатысуы;
- тәуекелдерді басқару жүйесін тұрақты жетілдіру;
- Компания қызметкерлерін тәуекелдерді басқару саласында оқыту және олардың арасында білім алмасудың үздіксіздігі;
- есептеме беру мен тәуекелдердің күшеюі кезіндегі ашықтық және әділдік.

Тәуекел-менеджмент Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Ішкі аудит қызметінің,

құрылымдық бөлімшелердің – тәуекелдер иелерінің, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қатысуымен жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, міндеті Компания тәуекелдерін басқару мәселелері бойынша «KEGOC» АҚ Басқармасына ұсынымдар дайындау болып табылатын Тәуекелдер жөніндегі комитет өз жұмысын жүзеге асыруда. 2019 жылы Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитеттің 6 отырысы өткізілді.

«KEGOC» АҚ өз қызметін бизнеспен байланысты, стратегиялық тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, құқықтық тәуекелдер және комплаенс тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең спектрін есеп-

ке алумен жүзеге асырады. Компанияның 2020 жылға арналған тәуекелдер тізіліміне тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері бойынша 49 тәуекел енгізілді. Әрбір тәуекел бойынша оларды басқару іс-шаралары әзірленді, тәуекелдердің иелері белгіленді. Компания Басқармасына және Директорлар кеңесіне тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептемені ұсыну жолымен негізгі тәуекелдердің динамикасына және оларды азайту бойынша іс-шаралардың орындалуына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

### Есептік жыл үшін «KEGOC» АҚ анағұрлым маңызды және өзекті тәуекелдері:

Негізгі тәуекел	Тәуекел деңгейі	Өзгеріс	Тәуекелдерді басқару
Еңбек қызметіне байланысты жазатайым жағдайлардың туындау тәуекелі	Жоғары	Өзгермеді	Компанияның қызметінде персонал қауіпсіздік техникасы қағидаларын, жол қозғалысы қағидаларының бұзылуы салдарынан өндірісте жазатайым жағдайлардың туындау тәуекеліне бейім. «KEGOC» АҚ-да осындай тәуекелді азайту мақсатында басшы қызметкерлерге және қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларға оқыту жүргізілуде, жүргізушілерді қиын жағдайларда автокөлікті қауіпсіз басқаруға үйрету жүргізілуде, персоналды қауіпсіз жұмыс істеу тәсілдеріне үйрету мақсатында бейне роликтер мен слайдтар әзірленіп, ЖЭТ филиалдарына ұсынылады, алдағы уақытта анықталған бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды әзірлеумен қауіпсіздік және еңбекті қорғау техникасы бойынша бұзушылықтарды анықтау мақсатында жедел ауыстырып-қосу және жөндеу жүргізу процесін, электр тораптарын пайдалануды ұйымдастыру, еңбекті қорғау мен өрт қауіпсіздігін ұйымдастыру, техникалық жай-күйін тексеру және бұзушылықты анықтау, мамандандырылған ұйымның филиалдарда еңбек жағдайы бойынша өндірістік объектілер бойынша аттестаттау жүргізу процестерін бейне жазбаға тіркеу, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласында шетелдік және отандық компаниялар тәжірибесін зерттеу және талдау жүзеге асырылады.
Валюталық тәуекел	Ірі	Өзгермеді	АҚШ доллары айырбастау бағамының және басқа да валюталардың теңгеге қатысты ауытқуы Компания бизнесіне, оның қаржылық жағдайына және жұмыс нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін, себебі Компанияның кірістері теңгемен беріледі, ол уақытта Компанияның қарыз капиталы мен сыйақылар бойынша шығыстарының көп бөлігі АҚШ доллары мен еуроға беріледі. Валюталық тәуекелді реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ ақшалай қаражатты депозиттерге шетел валютасында орналастырады.
Активтердің бұзылу тәуекелдері	Жоғары	Өзгермеді	Бұл тәуекел табиғат апатының әсерінен, ҚС мен электр желілері жабдықтарының зақымдануы немесе тозуы, персоналдың қате әрекеті, электр объектілерінде ақаудың болуына байланысты емес бөгде тұлғалар мен басқа да факторлардың әсері салдарынан орын алуы мүмкін. Активтердің бұзылу тәуекелін реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ-да нормативтік құжаттардың талаптарына сай электр желілік объектілерде жөндеу-пайдалану жұмыстары жүргізіледі, өндірістік процесс барысында ақаулар анықталып, жойылады, қажеттілігі бойынша активтер қайта құрылып, жаңартылады, біліктілікті арттыру курстарында персонал жөндеу жұмыстарының әдістері мен технологияларына оқытылады, халықпен және ұйымдармен Электр тораптары объектілерінің күзет аймақтарын және осындай аймақтардың шекараларында орналасқан жер телімдерін пайдаланудың ерекше жағдайларын белгілеу жүзеге асырылады.
Көрсетілетін жүйелік қызмет көлемдерінің бизнес-жоспарда көрсетілгеннен төмендеу тәуекелі	Ірі	Артты	Бұл тәуекел елдегі электр энергиясын өндіру-тұтынудың жалпы төмендеуі, электр энергиясын тұтынудың төмендеуі, экономикалық дағдарыс, заңнамалық базаның өзгеруі, форс-мажорлық жағдайлар (табиғат апаттары және т.б.) салдарынан болуы мүмкін. «KEGOC» АҚ-да тәуекелді реттеу мақсатында электр энергиясы мен қуатының бекітілген болжамдық теңгерімі негізінде электр энергиясын өндіру-тұтыну көлемдерінің өсуі/төмендеуі динамикасын есепке ала отырып, жүйелік қызметтер көлемін алдағы кезеңдерге болжамдау жүргізілуде.

«KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі Компанияда жыл сайынғы негізде ТБКЖ тиімділігіне бағалау жүргізеді.

## Корпоративтік басқару

### Корпоративтік басқару қағидаттары

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару қағидаттары мыналар:


- органдар арасында міндеттерді айқын бөлуге негізделген корпоративтік басқарудың тиімді жүйесі;
- акционерлердің құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету;
- акционерлер үшін теңдей жағдай;
- тұрақты даму және мүдделі тараптардың корпоративтік басқарудағы рөлі;
- ақпаратты ашу және айқындық;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқармасы қызметінің тиімділігі.





# Компанияны басқару құрылымы

102-18




## Акционерлік капитал

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны — 260 000 000 дана, оның ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ атынан ірі акционерге 234 000 001 акция (90% плюс бір акция), 25 998 609 акция (9,9995%) миноритарлық акционерлерге тиесілі, қалған 1 390 дана акцияларын (0,0006%) «KEGOC» АҚ сатып алды.

2019 жылы акциялармен маңызды мәмілелер және Компанияның орналастырылған акцияларының бес және одан көп пайызын иеленетін акционерлер құрамында өзгерістер болған жоқ.

102-10

### «KEGOC» АҚ акцияларының нарықтық бағаларының өзгеруі (теңге)



Деректер көзі — Қазақстан қор биржасы ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)).

## Акционерлердің жалпы жиналысы

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның жоғары органы болып табылады және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қоғамның Жарғысына және «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады және құқықтарын іске асырады.

2019 жылы Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруға 3 рет бастама жасады. Атап айтқанда мынадай мәселелер қаралды:

- «KEGOC» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- «KEGOC» АҚ жылдық және жарты жылдық қаржылық есептілігін, таза кірісті бөлу тәртібін бекіту, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жөнінде шешім қабылдау және бір жай акцияға есептегенде дивидендтер мөлшерін бекіту;
- акционерлердің «KEGOC» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты берген өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;
- аудиторлық ұйымды белгілеу туралы;
- «KEGOC» АҚ Есеп комитетінің сандық құрамына өзгерістер енгізу туралы.

## Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеу кезінде акционерлердің мүдделерін сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыру мен оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген акционерлердің құқықтарын қатаң сақтау мен құрметтеуге негізделеді. Дивидендтер төлеу шарттары: Компанияда есептік кезеңде таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі.

Акционерлерге дивидендтер төлеу кезі бұл «KEGOC» АҚ-ның ҚЕХС-ға сәйкес жасалған

шоғырландырылған қаржылық есептемесі негізінде есептелетін тиісті қаржы жылындағы немесе жарты жылдағы таза кіріс немесе бөлінбеген пайда болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржы жылындағы немесе жарты жылдықтағы таза кірісті бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстарды дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге жіберілетін сома таза кірістің кем дегенде 40%-ын құрауы тиіс екеніне сүйенеді. Бір жыл қорытындылары бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Компанияның жылдық қаржылық есептемесін бекіткеннен кейін қабылдайды. Жарты жылдық қорытындылар бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акци-

ялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептемесіне аудит жүргізгеннен кейін 3 ай ішінде қабылдауы мүмкін.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсынысын қарай келе өз қарауы бойынша «KEGOC» АҚ жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ бір жай акциясына есептегенде дивидендтердің мөлшерін бекітеді, сонымен қатар дивидендтер төлене бастайтын күнді белгілейді.

### Дивиденд тарихы

Дивидендтер есептелген кезең	2016 жыл		2017 жыл		2018 жыл		2019 жыл
	бірінші жарты жылдыққа	бір жылға	бірінші жарты жылдыққа	бір жылға	бірінші жарты жылдыққа	бір жылға	бірінші жарты жылдыққа
Бір акцияға есептегенде дивиденд мөлшері, теңге	24,93	53,06	48,4	88,53	80,53	54,53	67,17
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңге	13 795 526		23 017 677		35 115 412		17 464 106
Дивидендтерді төлеуге жұмсалған ҚЕХС бойынша таза пайда үлесі, %	40%	50%	70%	70%	80%	87,6%	77,3%
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Общее собрание акционеров АО «KEGOC»						
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған эмитенттің басқару органының жиналысы өткізілген күн	2016 жылғы 28 қазан	2017 жылғы 12 мамыр	2017 жылғы 26 қазан	2018 жылғы 27 сәуір	2018 жылғы 30 қараша	2019 жылғы 3 мамыр	2019 жылғы 25 қазан
Дивидендтер алуға құқығы бар тұлғалар тізімі жасалған күн	2016 жылғы 13 қараша	2017 жылғы 22 мамыр	2017 жылғы 6 қараша	2018 жылғы 14 мамыр	2018 жылғы 11 желтоқсан	2019 жылғы 14 мамыр	2019 жылғы 4 қараша

## Миноритарлық акционерлердің құқықтары

Компаниядағы корпоративтік басқару барлық акционерлерге әділ қарым-қатынасты және теңдей құқықты қамтамасыз ететіндей құрылған. Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері қолданыстағы заңнамаға сай белгіленеді. Акционерлердің құқықтарына Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның жарғысында және ақпаратты ашу сәтіндегі ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты уақтылы алу; акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және өз құзыретіндегі мәселелер бойынша дауыс беру; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеуге, оның мүшелерін тағайындауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сонымен қатар сыйақы мөлшерін және оны төлеу шарттарын белгілеуге қатысу; айқын және ашық дивидендтік саясат негізінде Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен белгіленетін мөлшерде және мерзімде дивиденд алу кіреді, бірақ бұлармен шектелмейді.

# Директорлар кеңесінің құрамы

(2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



## Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

### Білімі:

Алматы қаласы, Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, механик, қолданбалы математик (1987-1992 жылдар); Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресей халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Москва қаласы, Экономика магистрі (2011-2013 жылдар); Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (Duke University's Fuqua School of Business бірлескен бағдарлама), Астана қ., «Іскери әкімшілік ету» магистрі (2013-2015 жылдары); Стэнфорд Университеті, Жоғары бизнес мектебі, Stanford Executive Program (SEP) (2016 жыл).

**1970 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

«KEGOC» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен 2018 жылғы 2 қарашада (№ 10 хаттама) тағайындалды.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.

### Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:

- **2018 жылдан бастап (тамыз) — «Самұрық-Қазына» АҚ** Активтерді басқару және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры;
- **2018 жыл (шілде) мен 2018 жыл (тамыз) — «KAZENERGY»** Қазақстан Мұнай-газ және Энергетикалық Кешен Ұйымдары Қауымдастығы» ЗТБ;
- **2012 жыл (қаңтар) және 2018 жыл (мамыр) — «Самұрық-Энерго» АҚ** Басқарма төрағасы.

### Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:

«Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді басқару және жекешелендіру жөніндегі басқарушы директоры, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

### Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:

- Қазақстан жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі (2015 жыл);
- экономика ғылымдарының докторы (2015 жыл);
- Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының шетелдік мүшесі (2010 жыл);
- экономика ғылымдарының кандидаты (2002 жыл).





**1946 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

2016 жылғы 28 қазанда (№ 5 хаттама) және 2018 жылғы 27 сәуірде (№ 8 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалды.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.**

### **Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің және Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі

#### **Білімі:**

Алматы қ., В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, «Инженер-электрик» мамандығы бойынша (1968 жыл), Карол Мартин Гаттон Бизнес және экономика колледжінің Бизнес және менеджмент орталығы, Кентукки университеті, АҚШ (1996 жыл).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2004-2016 жылдары** — «КОРЭМ» АҚ Басқарма төрағасы.

«Становление рынка электрической энергии в Казахстане» монографиясының авторы. ҰЭТ-ты қалыптастыруға, бірегей ЭЖЖ мен 1150-500 кВ қосалқы станцияларды және электр энергиясының ірі өндірушілері — Ақсу МАЭС, Екібастұз МАЭС ендіруге қатысушы. Теңіз мұнай-газ кен орнын электрмен сырттан жабдықтау схемасын; ҰЭТ-ты жаңғырту бағдарламасын және оны іске асыруды; Қазақстандағы электр энергиясы мен қуаты нарығының жобасын, 1995 жылғы алғашқы Электр энергетикасы туралы заңды; Қазақстанның электр энергиясы нарығының жұмысына қатысты барлық нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеу мен ендіруге қатысушы.

#### **Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:**

техникалық ғылымдардың кандидаты.



**1953 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматшасы.**

2016 жылғы 28 қазанда (№ 5 хаттама) және 2018 жылғы 27 сәуірде (№ 8 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиыналысының шешімдерімен тағайындалды.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.**

### **Егімбаева Жанна Дачерқызы**

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің және Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитетінің мүшесі

#### **Білімі:**

С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті «Заңгер» мамандығы бойынша.

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2016–2019 жылдары** — «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-да кеңесші;
- **2016–2019 жылдары** — тәуелсіз директор — «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің мүшесі;
- **2017 жылдан бастап** — «Қазақстан инжиниринг ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
- **2016 жылдан бастап** — «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі;
- **2011–2016 жылдары** — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесі Басшысының орынбасары.

#### **Басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысуы:**

«СК Қазақстан инжиниринг» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



**1949 жылы дүниеге келген, Франция азаматы.**

2015 жылғы 30 сәуірде (№1 хаттама) және 2018 жылғы 27 сәуірде (№8 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен тағайындалды.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.**

**Доминик Фаш**

тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің және Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшесі

**Білімі:**

Сорбонна университеті, Франция (1972 жыл), инженер дипломы, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей. CNRS Ұлттық ғылыми зерттеулер орталығы, Париж, Франция, Электр және механика жоғары мектебімен бірлескен Сорбонна университеті.

**Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі және басқа ұйымдардың басқару органдарына қатысу:**

- **2016 жылдан бастап** — «RTF» жауапкершілігі шектеулі қоғамы Директорлар кеңесінің төрағасы;
- **2013 жылдан бастап** — София-Антиполис Технопарк Директорлар кеңесінің мүшесі, Франция;
- **2008–2013 жылдары** — Директорлар кеңесінің төрағасы, EnelOGK-5 президенті.

SophiaAntipolis технопарк шеңберіндегі бірқатар ғылыми және инновациялық іс-шаралардың, конференциялар мен фестивальдердің негізін қалаушы, Еуропалық энергетикалық форумды өткізетін ClubdeNice ұйымының негізін қалаушы.



**1955 жылы дүниеге келген, Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің және Польша Республикасының азаматы.**

2015 жылғы 30 сәуірде (№1 хаттама) және 2018 жылғы 27 сәуірде (№8 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдері бойынша тағайындалды.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.**

### **Януш Биалек**

тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің және Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитетінің төрағасы, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі

### **Білімі:**

Варшава Технология Университеті, Польша — электр техникасы саласындағы магистр (1977 жыл), инженерия саласындағы ғылымдардың докторы (PhD) (1980 жыл).

### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2018 жылдан бастап** — Ньюкасл университетінің (Ұлыбритания) және Сколково ғылым және технологиялар институтының (Ресей) профессоры;
- **2014–2018 жылдары** — «Сколтех» энергетикалық жүйелер жөніндегі зерттеу орталығының директоры, Сколково ғылым және технология институты, Ресей;
- **2009–2014 жылдары** — Дарем университетінің Инженерлік және есептеу ғылымдары мектебінің профессоры және ғылыми жетекшісі, Ұлыбритания.

### **Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:**

Инженерия саласындағы ғылымдардың докторы (PhD) (1980 жыл).



**1970 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

2018 жылғы 24 тамызда (№ 9 хаттама) «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен тағайындалды.

**«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.**

### **Кұдабаев Ермек Әскербекұлы**

тәуелсіз директор, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі

#### **Білімі:**

Москва болат және қорыту институты — МБжәнеҚИ; инженер-экономист (1987-1993 жылдары); Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты — ҚМЭБИ, Іскери Әкімшілік ету Мастері (MBA) (1994-1996 жылы); Қазақстан Республикасының сертифицирталған бухгалтері (1988 жыл); Қазақстан Республикасының сертифицирталған аудиторы (2000 жыл); сертифицирталған бухгалтер-практик (САР) (2002 жыл); бухгалтерия және аудит жөніндегі халықаралық сертифицирталған жүйесі бойынша сертифицирталған бухгалтер және қаржыгер (ACCA), Лондон, Ұлыбритания (2004 жыл).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2016 жылдан бастап** — «Intelligent Consulting Solutions» ЖШС Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;
- **2013-2016 жылы** — «KazPetroDrilling» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.



### **Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы**

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

#### **Білімі:**

Алматы энергетикалық институты — мамандығы «Электр тораптары мен жүйелері», инженер-электрик (1986 жыл);  
Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті — экономика бакалавры (2007 жыл).

#### **1964 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.**

2011 жылғы 31 мамырда (№ 24/11 хаттама),  
2012 жылғы 8 мамырда (№ 21/12 хаттама)  
«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімдерімен;  
2015 жылғы 30 сәуірде (№1 хаттама), 2018 жылғы 27 сәуірде (№ 8 хаттама)  
«KEGOC» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдерімен тағайындалды.

«KEGOC» АҚ және оның ЕҰ акцияларын иеленбейді.

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2011 жылдан бастап** — «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы;
- **2009-2011 жылдары** — «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» «KEGOC» АҚ вице-президенті;
- **2008-2009 жылдары** — «KEGOC» АҚ атқарушы директоры

#### **Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:**

DBA бағдарламасы бойынша докторант, 6D052000 «Іскери әкімшілік ету» мамандығы («Алматы Менеджмент Университет» БМ).

**«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің өкілеттік мерзімі жалпы алғанда «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы сәуірде аяқталатын өкілеттік мерзімімен сәйкес келеді.**




**Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті**

Директорлар кеңесінің мүшелері	Сәтқалиев А.М.	Қажиев Б.Т.	Тиесов С.А.	Егімбаева Ж.Д.	Доминик Фаш	Януш Биалек	Құдабаев Е.А.
Саладағы жұмыс тәжірибесі / жалпы жұмыс өтілі, жыл	19/28	34/34	52/52	3,5/48	48/48	40/40	1/27
<b>Негізгі құзіреттіліктер</b>							
<b>Сала бойынша білімі</b>							
Саладағы өндірістегі жұмыс өтілі							
Саланы терең білуі							
Техникалық дағдылар/ тәжірибе							
<b>Арнайы дағдылар мен тәжірибе</b>							
Қаржылық сауаттылық							
Қаржыларды терең білуі							
Маркетингті терең білуі							
Әлеуметтік және экологиялық мәселелер бойынша терең білімі							
<b>Менеджмент және құқықтану саласындағы жұмыс тәжірибесі</b>							
Корпоративтік басқару							
Трансформация							
IPO жүргізу тәжірибесі							
Стратегияны әзірлеу және іске асыру							
Халықаралық тәжірибе							


**Директорлар Кеңесі мүшелерінің біліктіліктері теңгерімі, адам саны**




**Директорлар Кеңесінің гендерлік құрамы, адам саны**



**Директорлар Кеңесінің жас бойынша құрылымы, адам саны**



**Директорлар Кеңесінің тәуелсіздігі, адам саны**



## Іріктеу және тағайындау

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды Акционерлердің жалпы жиналысы анық және айқын рәсімдер негізінде, кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелері немесе оның толық құрамы жаңа мерзімге қайта сайланған кезде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі ескеріледі.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде барлық мүдделі акционерлерге адал көзқарас пен тұрақты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғам мүдделері үшін тәуелсіз, дұрыс және тиімді шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім тепе-теңдігі сақталуы керек. Директорлар кеңесінің мүшелері мен Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың өз

функцияларын жүзеге асыруға қажетті жұмыс тәжірибесі, дағдылары, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері және мінсіз беделі болуы керек.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 7–11 адамды құрауы тиіс. Тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны кем дегенде 30 пайыз, бірақ Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 50 пайызынан аспайды.

Директорлар кеңесінің мүшелері 3 жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар қызмет нәтижелері қанағаттандырған жағдайда 3 жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесінің құрамына жекелеген жағдайларды қоспағанда, қатарынан 9 жылдан астам сайлана алмайды.

## Тәуелсіз директорлар

Корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибесі мен «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі құрамына үш тәуелсіз директор кіреді: Доминик Фаш, Януш Биалек, Құдабаев Ермек Әскербекұлы. Директорлар тәуелсіз болып танылады, себебі олар:

- «KEGOC» АҚ үлестес тұлғалары болып табылмайды және оны Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде болған емес (Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда);
- «KEGOC» АҚ үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;

- «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғаларымен немесе «KEGOC» АҚ ұйымдары — үлестес тұлғаларымен бағынысты байланыста емес және оны «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде аталған тұлғаларға бағынысты болмаған;
- аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде «KEGOC» АҚ аудитіне қатыспайды және оны Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде осындай аудитке қатыспаған;
- Компания органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне тағайындар алдындағы үш жыл ішінде болған емес;
- мемлекеттік қызметкер болып табылмайды.


## Директорлар кеңесінің қызметі

2019 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 10 отырысы, олардың ішінде 9 күндізгі және 1 сырттай отырыс өткізілді.

### 2019 жылы Директорлар кеңесі отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	Қатысуы										%
	25.01	28.02	29.03	03.05	24.05	07.06	29.06	28.08	25.10	30.11	
<b>Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы</b> Директорлар кеңесінің төрағасы	+	+	+	+	+	+	⊕	+	⊕	+	100
<b>Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы</b> Басқарма төрағасы	+	+	+	+	+	+	+	+	⊕	+	100
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Егімбаева Жанна Дачерқызы</b> «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Доминик Фаш</b> тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	⊕	+	+	+	+	100
<b>Януш Биалек</b> тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Құдабаев Ермек Әскербекұлы</b> тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	⊕	+	+	-	-	80

⊕ Бейнеконференция сеансы режимінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысу.

**Директорлар кеңесінің 2019 жылғы отырыстарында қаралған мәселелер, %**

## Директорлар кеңесінің комитеттері

Белсенді талқылау алаңын құру және жеке мәселелерді егжей-тегжейлі талдау үшін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі жанында 4 комитет жұмыс істейді.



## Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитеттің құзыретіне «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне мына мәселелер бойынша ұсынымдар жасау кіреді:

- Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін (соның ішінде, қаржылық есептеменің толықтығы мен дұрыстығын) бақылаудың тиімді жүйесін орнату;
- Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сонымен қатар корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау;
- тәуелсіз сыртқы және ішкі аудитті, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету процесін бақылау.

Комитет 4 адамнан тұрады: Комитет төрағасы және екі мүшесі тәуелсіз директорлар болып табылады, сондай-ақ Комитетке Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның саясаты мен көзқарастары негізінде ұсыныстар беретін, дауыс беру құқығы жоқ сарапшы.

## Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің 2019 жылы оның отырыстарына қатысуы

Комитет мүшелері	Қатысуы									%
	25.01	28.02	28.03	02.05	06.06	29.06	27.08	24.10	30.11	
<b>Құдабаев Ермек Әскербекұлы</b> тәуелсіз директор	+	+	⊕	+	⊕	+	+	-	-	78
<b>Доминик Фаш</b> тәуелсіз директор	+	+	+	+	⊕	+	+	+	+	100
<b>Януш Биалек</b> тәуелсіз директор	⊕	+	+	⊕	+	+	+	+	+	100
<b>Сатжан Салтанат</b> дауыс беруге құқығы жоқ сарапшы	-	+	+	-	-	+	+	-	-	56

⊕ Бейнеконференция сеансы режимінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, Комитет отырыстарына қатысу.

2019 жылы Аудит жөніндегі комитет күндізгі нысанда 9 отырыс өткізді, онда 54 мәселе, соның ішінде мына мәселелер қаралды:

### ішкі аудит:

- Ішкі аудит қызметінің 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары;
- Ішкі аудит қызметі басшысының 2019 жылға арналған ҚНК (Мақсат картасы);
- Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы жылдық және тоқсандық есептер;
- Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмысын және қызметақысын бағалау;
- Ішкі аудит қызметінің 2020 жылға арналған бюджеті;

### сыртқы аудит:

- сыртқы аудитор «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның 2018 жылғы қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есебі;
- сыртқы аудитор «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның 2019 жылғы бірінші жартыжылдықтағы аралық қаржылық есептілік аудитінің нәтижелері бойынша есебі;
- «Эрнст энд Янг» ЖШС-ның 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған бір жылдағы қаржылық есептілік аудиті жоспары;

### ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару:

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесіндегі ішкі нормативтік құжат-



тар, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтырулар;

- тәуекелдер жөніндегі тоқсандық есептер;
- Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, «KEGOC» АҚ-ның Негізгі тәуекелдерді, тәуекел-аппетитті, төзімділік деңгейін және негізгі тәуекелдер бойынша негізгі тәуекел көрсеткіштерін басқару жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары;
- Кепілдіктер картасын бекіту;

#### қаржылық есептілік:

- «KEGOC» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігі, таза кірісті бөлу тәртібі, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және бір қарапайым


акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар;

- «KEGOC» АҚ-ның 2019 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдағы аралық қаржылық есептілігі, «KEGOC» АҚ-ның таза кірісін бөлу тәртібі және «KEGOC» АҚ-ның 2019 жылғы бірінші жарты жылдықтағы бір жай акциясына есептегенде дивидендтер мөлшері туралы ұсыныстар;

#### комплаенс:

- комплаенс-офицер лауазымына кандидаттар;
- комплаенс-офицердің 2019 жылға арналған ҚНҚ (Мақсат картасы);
- комплаенс-офицердің қызметі туралы тоқсан сайынғы есептер.

#### 2019 жылы Аудит жөніндегі комитет қараған мәселелер құрылымы



#### Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесу органы ретінде оған мына мәселелер бойынша ұсынымдар беру арқылы көмектесу үшін құрылды:

- Басқарма құрамына, тәуелсіз директорға, корпоративтік хатшы мен омбудсменге кандидаттарды сайлау және тағайындау;
- директорларға, Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшыға және омбудсменге құрылымдық және ашық сыйақы беру жүйесін енгізу;

- директорларға, Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшыға Компанияның мақсаттарына, міндеттері мен ағымдағы жағдайына, сондай-ақ қызмет түрі мен көлемі бойынша осыған ұқсас компаниялардың сыйақы деңгейіне сәйкес сыйақы төлеу;
- тиімді кадрлық саясатты, еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін, сонымен қатар қызметкерлерді әлеуметтік қолдауды, кәсіби дамыту мен оқытуды, қызмет-

керлерге әлеуметтік қолдау көрсетуді, оның ішінде ішкі нормативтік құжаттарды келісу бойынша ұсыныстарды қамтамасыз ету.

Комитет құрамына 4 адам кіреді, олардың 2-еуі — тәуелсіз директорлар, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі және дауыс беру құқығы жоқ сарапшы. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

### 2019 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы

Комитет мүшелері	Қатысуы									%
	24.01	28.02	28.03	02.05	06.06	29.06	27.08	24.10	30.11	
<b>Януш Биалек</b> Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	⊕	⊕	+	⊕	+	+	+	+	+	100
<b>Құдабаев Ермек</b> <b>Әскербекұлы</b> Комитет мүшесі, тәуелсіз директор	+	+	+	+	⊕	+	+	-	-	78
<b>Егімбаева Жанна</b> <b>Дачерқызы</b> Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ төрағасы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Кәрімов Дәулет</b> <b>Сәбитұлы</b> Комитет мүшесі, дауыс беруге құқығы жоқ сарапшы	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

⊕ Бейнеконференция сеансы режимінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, Комитеттің отырыстарына қатысу.


2019 жылы Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің 9 күндізгі отырысы өткізілді, 33 мәселе, соның ішінде мына мәселелер қаралды:

- аға тәуелсіз директор, Басқарма төрағасы лауазымына кандидатты сайлау туралы;
- Басқарма мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату туралы;
- Атқарушы дирекцияның ұйымдық құрылымы мен қызметкерлерінің жалпы санындағы өзгерістер туралы;
- Директорлар кеңесі мүшелерін кәсіби дамыту бағдарламасы туралы;

- Басқарма мүшелеріне, омбудсменге және корпоративтік хатшыға арналған ҚНК және олардың нысаналы мәндері (Мақсат картасы) туралы;
- Басқарма төрағасына, Басқарма мүшелеріне, корпоративтік хатшыға, омбудсменге, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен комплаенс-офицерге еңбекақы және сыйлықақы беру қағидалары туралы, Компания қызметкерлерін әлеуметтік қолдау қағидалары туралы және Басқарма төрағасы мен мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін

- мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары туралы;
- корпоративтік хатшыға және омбудсменге сыйақы төлеу туралы;
- корпоративтік хатшының калибрлеу сессиясын өткізу туралы;
- Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығын және пул менеджментін жоспарлау туралы;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеттің жұмыс жоспары туралы және Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет туралы ереженің жаңа редакциясы туралы;
- корпоративтік хатшы мен омбудсменге еңбекақы төлеу жүйесі мен қызметақы жүйесі туралы;
- Директорлар кеңесі тағайындайтын «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің, Басқарма мүшелерінің және басқа қызметкерлерінің басқа ұйымдарда жұмыс істеу және/немесе лауазымдарды атқару мүмкіндігін Директорлар кеңесінде бекіту қағидалары туралы;
- басшы қызметкерлердің ҚНҚ мотивациялық карталары бойынша ұсыныстар берілді.

#### Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет 2019 жылы қарастырған мәселелер құрылымы



#### Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет

102-18

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесу органы ретінде мына мәселелер бойынша ұсынымдар беру арқылы көмек көрсету үшін құрылды:

- қызметтің, стратегиялық жоспарлаудың, орта мерзімді бизнес-жоспардың басым бағыттары;
- инвестициялық бағдарламаларды және ірі инвестициялық жобаларды іске асыру;
- корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- тұрақты дамуды басқару, тұрақты даму қағидаларын айқындау және алға жылжыту, «KEGOC» АҚ-да тұрақты даму мәдениетін қалыптастыру жүйелері;
- Бизнесіні трансформациялау бағдарламасын іске асыру.

Комитет құрамына 4 адам кіреді, олардың 2-еуі — Тәуелсіз директорлар, 1-еуі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі және Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның саясаты мен көзқарастарына сүйене отырып, Комитетке ұсынымдар беретін дауыс беру құқығы жоқ сарапшы. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

### 2019 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару жөніндегі комитет отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы туралы мәлімет


Комитет мүшелері	Қатысуы							%
	25.01	28.02	28.03	06.06	27.08	24.10	29.11	
<b>Януш Биалек</b> Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Доминик Фаш</b> Комитет мүшесі, тәуелсіз директор	+	+	+	⊕	+	+	+	100
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	+	100
<b>Кәрімов Дәулет Сәбитұлы</b> Комитет мүшесі, дауыс беруге құқығы жоқ сарапшы	+	+	+	+	+	+	+	100

⊕ Бейнеконференция сеансы режимінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, Комитет отырыстарына қатысу.

2019 жылы Комитеттің 7 күндізгі отырысы өткізілді, онда 35 мәселе, соның ішінде мына мәселелер қаралды:

- Бизнес-жоспар (Даму жоспары) және өндірістік ҚНК мәндерінің жоспарланған деңгейін және Бизнес-жоспардың көрсеткіштерін барынша іске асыруға арналған түзету іс-шаралары жоспары;
- Даму стратегиясына толықтырулар және тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпаратты қамтитын Даму стратегиясының орындалуы туралы есептер;
- Бизнесіні трансформациялау бағдарламасының жол картасы;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары, оның орындалуы туралы есептер, сондай-ақ Корпоративтік басқару кодексі қағидаттарының сақталуы/сақталмауы туралы есеп;
- ірі жобалардың параметрлері мен көрсеткіштері;
- ірі инвестициялық жобаларды іске асыру туралы есептер;
- Жылдық есеп және тұрақты даму туралы есеп;
- Ақпараттық-телекоммуникациялық кешенді дамыту стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар туралы.

### 2019 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару комитеті қарастырған мәселелер құрылымы



### Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

102-18

Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесу органы ретінде оған мына мәселелер бойынша, соның ішінде Қоғамның тұрақты даму мәселелері бойынша ұсыныстар беру арқылы көмектесу үшін құрылды, атап айтқанда:

- өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету саясаты мен рәсімдері;
- «KEGOC» АҚ-ның стратегиялық ҚНЖ және қауіпсіздік пен еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және осы саладағы мақсаттарға қол жеткізу бөлігіндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу;
- қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау бөлігінде тұрақты даму;
- ақпараттық саясат және қауіпсіздік.

Комитет құрамына 4 адам кіреді, олардың 1-еуі — тәуелсіз директор, 2-еуі — «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері және Компанияның ірі акционері ретіндегі «Самұрық-Қазына» АҚ-ның саясаты мен пайымдарына сүйене отырып, Комитетке ұсынымдар беретін дауыс беру құқығы жоқ сарапшы. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.

**2019 жылы Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттің отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы**

Комитет мүшелері	Қатысуы						%
	28.02	02.05	06.06	26.06	27.08	29.11	
<b>Доминик Фаш</b> Комитет төрағасы, тәуелсіз директор	⊕	+	⊕	⊕	+	+	100
<b>Тиесов Сүйіншілік Әмірхамзаұлы</b> Комитет мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	100
<b>Егімбаева Жанна Дачерқызы</b> Комитет мүшесі «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі	+	+	+	+	+	+	100
<b>Кәрімов Дәулет Сәбитұлы</b> Комитет мүшесі, дауыс беруге құқығы жоқ сарапшы	+	+	+	+	+	+	100

⊕ Бейнеконференция сеансы режимінде техникалық байланыс құралдарын қолдана отырып, Комитет отырыстарына қатысу.

2019 жылы Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің 6 күндігі отырысы өткізілді, онда 10 мәселе қаралды, соның ішінде:

- «KEGOC» АҚ қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі тұрақты есебі және Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп;
- биіктікте жұмыс істеген кезде еңбекті қорғау жөніндегі ішкі құжатты жетілдіру бойынша ұсынымдар туралы; биікке өрмелеу жұмыстарына жіберілген адамдарды биікте қауіпсіз жұмыс істеу әдістеріне қосымша үйрету жөнінде;


көлік құралдарының жүргізушілерін көлік құралдарын жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге және пайдалануға байланысты жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау талаптары бойынша қосымша оқыту туралы;

- Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитеті және Директорлар кеңесі мүшелеріне жалпы алғанда «KEGOC» АҚ қызметіне байланысты барлық төтенше жағдайлар фактісі туралы тез арада хабарлау тәжірибесін күшейту туралы;
- ақпараттық қауіпсіздіктің осал тұстары мен тәуекелдерін талдау туралы.

Комитет төрағасы 2019 жылғы тамыз айында «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ» филиалының еңбек ұжымымен кездесу өткізді, онда қызметкерлер еуропа елдеріндегі қауіпсіздік және еңбекті қорғау туралы, атом энергетикасы және басқалары туралы көптеген сұрақтар қойды.



### 2019 жылы Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет отырыстарына оның мүшелерінің қатысуы туралы мәлімет



## Кәсіби даму

Директорлар кеңесі жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелеріне арналған лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жоспарын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз етеді. Директорларды оқытуға ақпараттық жиналыстар, тренингтерге, форумдарға, конференцияларға және жұмыс топтарына қатысу кіреді. Директорларға өз міндеттерін орындауда көмектесу үшін оларға қажетті ақпаратты уақтылы беру рәсімдері көзделген.

2019 жылы «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС Директорлар кеңесінің мүшелері үшін «Тәуекелдерді басқару» тақыры-

бында семинар өткізді. «Human Growth Kazakhstan» ЖШС «Энергетикалық компаниядағы, SAP ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріндегі киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» тақырыбында семинар өткізді. «ПрайсуотерхаусКуперс Такс энд Эдвайзори» ЖШС Директорлар кеңесі мүшелері үшін «Стратегия, энергетикалық компанияның тұрақты даму мәселелері» және «Еңбекті қорғау және өрт қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау қағидаттарына жеке адалдығын көрсететін практикалық құралдар» тақырыбында семинар өткізді.

Өткен жылы Аудит жөніндегі комитет мүшелері Қордың Сыртқы аудиторды таңдау жөніндегі бірыңғай комиссиясының отырысына қатысты.

Директорлар кеңесінің мүшелері «KEGOC» АҚ қызметкерлері Алматыда өткізген мынадай тақырыптарды талқылауға қатысты:

1) «Электр энергетикасы саласын дамытудағы жаңа трендтерді есепке ала отырып, Ұлттық электр торабын дамытудың перспективалары туралы»;

2) «KEGOC» АҚ-да ФЗТКЖ бойынша қызмет туралы»;

3) «ЖЭК-ті дамыту және қуат нарығын енгізу туралы»;

4) «KEGOC» АҚ-тың тұрақты дамуы, «озық тәжірибелерді» қарау;

5) «Ендірілген жаңалықтар мен құралдар туралы хабардар етумен 2017–2019 жылдары «KEGOC» АҚ өндірістік қауіпсіздігі және еңбекті қорғау»;

6) «Тәуекелдерді басқару функциясының бағыныстылығына талдау»;

7) «Тұтыну және жүйелік қызметтер көлемдерін талдау».

2019 жылғы маусымда Директорлар кеңесінің мүшелері «Самұрық-Қазына» АҚ ұйымдастырған «Корпоративтік басқару арқылы қосымша құнды арттыру» тақырыбындағы Директорлар форумына қатысты.

Тамызда «KEGOC» АҚ «Алматы ЖЭТ» филиалының (Алматы облысы) 500 кВ «Алма» ҚС-ға барумен Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің көшпелі отырысы өткізілді, қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау комитетінің филиалдың өндірістік қызметкерлерімен кездесуі өткізілді.

2019 жылғы 29 қарашада «KEGOC» АҚ кадрлық резервінің мүшелерімен Директорлар кеңесінің жыл сайынғы отырысы өткізілді.

## Корпоративтік басқару кодексінің сақтау

Компанияның корпоративтік басқару кодексі «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі негізінде қабылданды. Корпоративтік басқару кодексінің мақсаты корпоративтік басқаруды жетілдіру, басқарудың айқындығын қамтамасыз ету және тиісінше корпоративтік басқару стандарттарын сақтауды растау болып табылады.

Компаниядағы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын талдау Компанияның есептік жылы Компанияға қолданылатын Корпоративтік басқару кодексінің барлық ережелерін сақтайтындығын көрсетті. 2019 жылы Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерінің сақталуы туралы есеппен тасыну үшін мына сілтемені басыңыз:

[www.kegoc.kz/ru/investoram-i-akcioneram/raskrytie-informacii/godovye-otchety/2019-0](http://www.kegoc.kz/ru/investoram-i-akcioneram/raskrytie-informacii/godovye-otchety/2019-0)

## Мүдделер қайшылығы

«KEGOC» АҚ Мінез-құлық кодексіне және «KEGOC» АҚ-ның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мүдделер қайшылығын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес мүдделер қайшылығын болдырмау акционерлер мен «KEGOC» АҚ-ның, оның қызметкерлерінің мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады. Компанияның барлық қызметкерлері өздеріне (немесе өздерімен байланысты адамдарға) де, басқаларға да қатысты емес мүдделер қайшылығы туындауы мүмкін жағдайлардың алдын-алуы керек. «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғаларының ешқайсысы өзін тағайындауға, сайлауға, қайта сайлауға және сыйақы төлеуге байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

Сонымен қатар, мүдделер қайшылығының алдын алу және реттеу мақсатында «KEGOC» АҚ лауазымды тұлғалары жасауында мүдделігі бар мәмілелер бойынша шешім қабылдауға қатыспайды. Мысалы, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері — «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері Қор компанияларымен жасалған мәмілелер бойынша талқылауға және дауыс беруге қатыспайды. Бұдан басқа, Компанияның жеткізушілерімен және тұтынушыларымен шартқа қол қоятын тұлғалардың үлестестігінің болуы нысанына жасалған шарттарға мониторинг жүргізіледі.

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес

10-ҚАҒИДАТ

БҰҰ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

«KEGOC» АҚ барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимылда кез келген түрдегі сыбайлас жемқорлыққа және жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықтарды жасыруға төзбеушілік саясатын ұстанады. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты істерге тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жұмыстан босатылады және жауапқа тартылады.

«KEGOC» АҚ өзінің күнделікті қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтайды және кез келген нысандағы және түрдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы ымырасыз күреске бағытталған барынша ұйымдастыру және практикалық қадамдар жасайды.

Атап айтқанда, Директорлар кеңесі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына қарсы іс-қимылдың және олардың туындау тәуекелін бақылау тәртібі мен рәсімін айқындайтын «KEGOC» АҚ қызметіндегі Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы және өзге де заңнамасының бұзылу тәуекелдерін басқару саясатын бекітті. «KEGOC» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру аясында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған профилактикалық жұмыстарға көп көңіл бөлінеді. Осылайша, «KEGOC» АҚ қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру үшін тоқсан сайын Атқарушы дирекцияның құрылымдық бөлімшелеріне, филиалдарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары мен стандарттары бойынша түсіндірме ақпараттық материалдар жіберіледі.

2019 жылы «KEGOC» АҚ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, үш жұмыс тобы құрылып, бұл топтар үш бағыт бойынша – сатып алу саласында; қызметкерлерді жалдау, бағалау, жылжыту және жұмыстан босату кезіндегі тәуекелдер; басқа да бизнес-процестердің тәуекелі бағыттары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және алдын-алу жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар әзірленді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту мақсатында Қоғам қызметкерлері мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласындағы Департаментінің өкілдері арасында кездесу өтті.

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жеткізушілермен жасалған үлгі

шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасын, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, салық салу және коммерциялық құпия мен басқа да құпия ақпарат саласындағы заңнаманы сақтау туралы, сондай-ақ қызмет нәтижелерінің экологияға, экономика мен қоғамға теріс әсерін азайту және болдырмау, мұндай әсерді тоқтату немесе болдырмау бойынша шараларды қабылдау қажеттілігі туралы ережелер бар.

«Самұрық-Қазына» АҚ-да «KEGOC» АҚ-ны қоса алғанда, портфельдік компаниялардың стейкхолдерлерімен қызу желі жұмысы ұйымдастырылды. «KEGOC» АҚ барлық мүдделі тұлғаларға нақты немесе болжамды заң бұзушылықтарға, реттеу талаптарына, сонымен қатар сыбайлас жемқорлық пен этика мәселелері бойынша ішкі саясат пен рәсімдерге қатысты өз алаңдаушылықтары туралы хабарлау мүмкіндігі беріледі. Оларға құпия және жасырын түрде хабарлама жіберу мүмкіндігі беріледі. Бұл ретте құпиялық сақталуына және аты-жөнін көрсетпеуге кепілдік беріледі, өтініштер 100% қаралады. Сенім телефонының жұмыс уақыты: тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн.

2019 жылы «KEGOC» АҚ-ға сенім телефонына 7 шағым түсті. Барлық шағымдар бойынша мұқият тергеу жүргізілді: өтініштердегі фактілер расталмады.

102-44

2019 жылы комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг жүргізді, оның нәтижелері «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне ұсынылады. 2019 жылы Компанияда Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері болған жоқ.

205-2 205-3



## Атқарушы орган

«KEGOC» АҚ ағымдағы қызметіне басшылық етуді «KEGOC» АҚ қызметінің басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған мәселе бойынша шешімдер қабылдайтын алқалық атқарушы орган — Басқарма жүзеге асырады.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «KEGOC» АҚ Жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне және «KEGOC» АҚ Басқармасы туралы ережеге сәйкес әрекет етеді.

Қоғамның Басқарма төрағасын тағайындау (сайлау) және өкілеттігін мерзімінен

бұрын тоқтату Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне кіреді. Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін (төрағадан басқа) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады және әлеуетін, кәсіби шеберлік пен құзыретті бағалаудағы ашықтық, нақтылық қағидаттарына негізделген. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі «KEGOC» АҚ Басқарма құрамын 5 адам етіп белгіледі, олардың 100% Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылады.



## Басқарма құрамы

(2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша)



### Қажиев Бақытжан Төлеуқажыұлы

«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы

#### Білімі:

Алматы энергетикалық институты, «Электр желілері мен жүйелері» мамандығы бойынша (1986 жыл), Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Экономика» мамандығы бойынша (2007 жыл), «Алматы Менеджмент Университеті» БМ «Іскери әкімшілік ету» мамандығы бойынша іскери әкімшілік ету докторы (2018 жыл).

**1964 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі 33 жыл.**

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді

#### Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:

- **2011 жылғы 31 мамырдан бастап «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы.**





**1968 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 19 жыл.**

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді

### **Жазықбаев Бақытхан Медеғалиұлы**

Өндіріс жөніндегі басқарушы директор, 2017 жылғы ақпаннан бастап Басқарма мүшесі

#### **Білімі:**

Т.Рысқұлов атындағы Қазақ мемлекеттік басқару академиясы «Маркетинг және коммерция» мамандығы бойынша (1994 жыл), С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті «Электр энергетикалық жүйелері мен желілері» мамандығы бойынша (2005 жыл).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2018 жылғы сәуірден бастап** — өндіріс жөніндегі басқарушы директор;
- **2017 жылғы ақпан — 2018 жылғы сәуір** — Өндірістік активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- **2015 жылғы желтоқсан — 2017 жылғы ақпан** — «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

өндірістік активтерді пайдалану, жөндеу, қызмет көрсету бойынша қызметті жоспарлау; активтерге қызмет көрсету нормативтерін қоса алғанда, активтерді басқару бойынша саясатты және рәсімдерді әзірлеу; ЖЭТ филиалдарының орта мерзімді даму бағдарламасын әзірлеу және іске асыру; ЖЭТ филиалдарының сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету; релелік қорғау және қосалқы станцияларды автоматтандыру құралдарын пайдалану және жаңғырту, өндірістік метрологиялық қамтамасыз ету.



**1955 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 42 жыл.**

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

### **Қуанышбаев Әскербек Досайұлы**

Стратегия және даму жөніндегі басқарушы директор, 2011 жылғы сәуірден бастап Басқарма мүшесі

#### **Білімі:**

Алматы энергетикалық институты, «Өнеркәсіп кәсіпорындары мен қалаларды электрмен жабдықтау» мамандығы бойынша (1977 жыл), экономикалық ғылымдардың кандидаты, экономика доценті.

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2018 жылғы сәуірден бастап** — стратегия және даму жөніндегі басқарушы директор;
- **2017 жылғы ақпан — 2018 жылғы сәуір** — Технологиялық даму жөніндегі басқарушы директор;
- **2015 жылғы желтоқсан — 2017 жылғы ақпан** — Басқарма төрағасының ҰЭТ-ты дамыту және корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: «KEGOC» АҚ техникалық саясатын басқару; ҰЭТ-ты дамыту, ҰЭТ-ты дамыту жобалары бойынша жоспарлар мен жобаларды, техникалық-экономикалық зерттеулерді, техникалық-экономикалық негіздемелерді әзірлеу; 7 жылдық перспективаға Қазақстан БЭЖ электр қуаты мен электр энергиясының болжамды теңгерімдерін әзірлеу; энергетика саласында біріктірілген бірлестіктермен және ұйымдармен ынтымақтастық; ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар; ҰЭТ-тегі электр энергиясының технологиялық шығысын (ысыраптарын) мониторингтеу, талдау және нормалау; ЖЭК-ті пайдалануды дамыту саласындағы қызметті үйлестіру; Жүйелік оператордың келісімі бойынша Қазақстан БЭЖ-ге технологиялық қосылу, электр станцияларының қуатын беру схемалары, тұтынушыларды сырттан электрмен жабдықтау схемалары, желіге қосуға арналған техникалық шарттарды келісу мен беру мәселелері бойынша жұмыстарды үйлестіру.



**1976 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі 22 жыл.**

**«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді**

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» Бақылау кеңесінің төрағасы және «Батыс транзит» АҚ қауымдастырылған ұйымы Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

### **Ботабеков Айбек Төлеубекұлы**

Қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор, 2009 жылдан бастап Басқарма мүшесі.

#### **Білімі:**

Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Халықаралық экономикалық қатынастар» мамандығы бойынша (1997 жыл), «Назарбаев университеті» (2016 жыл), іскери әкімшілік ету магистрі.

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2017 жылғы ақпаннан бастап** — «KEGOC» АҚ қаржы және есепке алу жөніндегі басқарушы директор;
- **2009 жылғы маусым — 2017 жылғы ақпан** — «KEGOC» АҚ экономика жөніндегі басқарушы директоры.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, баға белгілеу, «KEGOC» АҚ бағалы қағаздарының KASE ресми тізімінде болу процесіне басшылық ету және үйлестіру; «KEGOC» АҚ миноритарлық акционерлерімен және бағалы қағаздардың басқа да ұстаушыларымен өзара іс-қимыл; «KEGOC» АҚ шоғырландырылған аудиттелген жылдық қаржылық есебін дайындау, қаржы институттарымен, аудиторлық компаниялармен ынтымақтастық, басқарушылық есептеме жүйесі.



**1979 жылы дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы, саладағы жұмыс өтілі — 15 жыл.**

«KEGOC» АҚ және оның еншілес ұйымдарының акцияларын иеленбейді

«Энергоинформ» АҚ  
Директорлар кеңесінің және «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС Бақылау кеңесінің мүшесі болып табылады.

### **Сафуани Төлеген Есенқұлұлы**

Құқықтық қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, 2017 жылғы маусымнан бастап Басқарма мүшесі

#### **Білімі:**

Қазақ мемлекеттік Заң академиясы «Құқықтану» (2000 жыл) мамандығы бойынша, Қазақ технология және бизнес университеті «Мемлекеттік және жергілікті басқару», экономика ғылымдарының магистрі (2013 жыл), «Алматы Менеджмент Университет» БМ, Іскери әкімшілік ету магистрі (2018 жыл).

#### **Соңғы бес жылдағы жұмыс өтілі:**

- **2017 жылғы маусымнан бастап** — «KEGOC» АҚ Құқықтық сүйемелдеу және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры;
- **2012 жылғы сәуір — 2017 жылғы маусым** — «KEGOC» АҚ Заң департаментінің директоры.

#### **«KEGOC» АҚ-дағы функциялары:**

«KEGOC» АҚ-дағы функциялары: құқықтық мәселелер, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, корпоративтік басқару, қызметтің үздіксіздігі мен БМЖ жүйелерін ендіру мен жетілдіру; экономикалық, техникалық және ақпараттық қауіпсіздік; кінәраттық-талап ету жұмысы; корпоративтік басқару рейтингін алу және сақтап тұру.


## Басқарма қызметі туралы есеп

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, адалдық, әділдік, адалдық, жауапкершілік, кәсібилік, байқампаздық және тұрақтылық болып табылады.

2019 жылы «KEGOC» АҚ Басқармасының 31 отырысы өткізілді, онда 239 мәселе қаралды. «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің құзыретіне жататын және Басқарма алдын ала қарастырған мәселелерден басқа бірқатар негізгі шешімдер қабылданды:

- Компанияның 43 ішкі құжаттарына өзгерістерді бекіту/енгізу бойынша;
- Тәуекелдер жөніндегі комитеттің қызметі туралы есептер қаралды, сонымен қатар Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді;
- жасалуында мүдделілік бар мәмілелер бойынша — Басқарма құзыреті шегінде;
- Бизнесі трансформациялау бағдарламасы мәселелері бойынша;
- кадр саясаты мәселелері бойынша.

## Басқарма қараған мәселелер құрылымы



## Басқарма жанындағы комитеттер

Алқалық шешімдерді алдын ала қарау, қабылдау және «KEGOC» АҚ Басқармасына жетекшілік ететін мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау үшін Компанияда консультативтік-кеңесу органдары құрылды:

- Инвестициялық комитет,
- Тәуекелдер жөніндегі комитет,
- Бюджет комитеті,
- Кадрлық даму жөніндегі комитет,
- Дебиторлармен және кредиторлармен жұмыс жөніндегі комитет,
- Тауарлы-материалдық қорлармен жұмыс жөніндегі комитет.

Сонымен қатар, Компанияда тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері бойынша, «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесін (БМЖ) әзірлеу, ендіру, оның жұмыс істеуі бойынша және менеджмент жүйелерінің нәтижелігін үнемі жақсарту бойынша жұмысты ұйымдастыру және қамтамасыз ету үшін Компанияда «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы басшылық ететін консультативтік-кеңесу органы — Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі құрылды.

Үйлестіру кеңесіне барлық басқарушы директорлар, еншілес ұйымдардың басшылары кіреді. Үйлестіру кеңесінің тұрақты даму мәселелеріндегі негізгі міндеттері тұрақты даму саласындағы қағидаттарды ілгерілету және сақталуын қамтамасыз ету, жоспарлаудың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету, тұрақты даму саласындағы басқару мәселелері жөніндегі іс-шаралар мониторингіне жауапкершілік белгілеу, сонымен қатар стейкхолдерлерге ұсынылатын тұрақты даму саласындағы ақпараттың мазмұнын анықтау болып табылады.

102-18

## Мүдделілігі бар мәмілелер

«KEGOC» АҚ есептік жылы жалпы сомасы 42,9 млрд теңгені құрайтын жасалуында мүдделелік бар 136 мәміле (оның ішінде «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен 7 мәміле, «KEGOC» АҚ Басқармасының шешімімен 2 мәміле) жасады. Ірі келісімдер жасалған жоқ.

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі жабдыққа жедел және пайдалану бойынша қызмет көрсету жұмыстарын ұйымдастыру шарттарына қол қою арқылы жасалуында мүдделілік бар мына мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдады:

1) «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ» филиалы мен «Батыс транзит» АҚ арасында (500 кВ «Өлке» ҚС және 220 кВ «Өлке-Қазхром 1» мен «Өлке-Қазхром 2» ӘЖ электр жеткізу желілері 220 кВ АТҚ);

2) «KEGOC» АҚ «Ақтөбе ЖЭТ» филиалы мен «Батыс транзит» АҚ (500 кВ «Өлке» ҚС мен 500 кВ «Жітіқара-Өлке» ӘЖ электр жеткізу желілері 500 кВ АТҚ);

3) «KEGOC» АҚ «Сарыбай ЖЭТ» филиалы мен «Батыс транзит» АҚ (500 кВ «Жітіқара» ҚС мен 500 кВ «Жітіқара-Өлке» ӘЖ электр жеткізу желілері 500 кВ АТҚ);

4) «KEGOC» АҚ «Батыс ЖЭТ» филиалы мен «Тенгизшевройл» ЖШС (220 кВ «Құлсары» ҚС (10 кВ 2 ұяшық);

5) «KEGOC» АҚ «Орталық ЖЭТ» филиалы мен «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС (220 кВ «Балқаш» ҚС (110 кВ 2 ұяшық);

6) «KEGOC» АҚ «Орталық ЖЭТ» филиалы мен «Казахстанско-Китайский Трубопровод» ЖШС (500 кВ «Ағадыр» ҚС (Т-2 трансформаторы, 220 кВ 1 ұяшық, 35 кВ 6 ұяшық, 10 кВ 5 ұяшық);

7) «KEGOC» АҚ «Оңтүстік ЖЭТ» филиалы мен «Казахстанско-французское совместное предприятие «Катко» ЖШС (220 кВ «Шолақ-Қорған» ҚС (110 кВ 2 ұяшық).



## Менеджментті бағалау және сыйақы

«KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің, Директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және корпоративтік хатшысының қызметін бағалау қағидаларына сәйкес, Директорлар кеңесінің қызметін бағалауды Директорлар кеңесі өз күшімен жылына бір рет және басқа тарапты тартумен кем дегенде үш жылда бір рет жүргізеді. Бағалау (өзін өзі бағалау немесе тәуелсіз тарапты тартумен) «Самұрық-Қазына» АҚ әзірлеген Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесі негізінде жүзеге асырылады.

2017 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ тәуелсіз консультантпен бірлесе отырып, Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалауды көздейтін «KEGOC» АҚ-дағы корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностика жүргізді. Диагностикалау нәтижесі бойынша «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» бөлімі «ВВ» деңгейінде, яғни барлық маңызды аспектілерде белгіленген өлшемдердің көпшілігіне сәйкес келетін деңгейде бағаланды. Бұл ретте корпоративтік басқару-

ды, сонымен қатар Директорлар кеңесінің тиімділігін бұдан әрі жетілдіру мақсатында Компанияға іске асыру үшін үш жылдық кезеңге (2018-2020 жылдар) ұсынымдар берілді.

2018 жылы тәуелсіз консультант ұсынымдарды іске асыру нәтижелерін бағалады, «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» бөлімінің жаңартылған рейтингі «ВВ» деңгейінде сақталды, бұл ретте бөлімнің жекелеген компоненттері бойынша ілгерілеу байқалады.

Бағалауды, соның ішінде 2019 жылғы нәтижелер бойынша бағалауды «Самұрық-Қазына» АҚ 2020 жылы өткізуді жоспарлауда.

Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларына және Директорлар кеңесінің төрағасы мен Директорлар кеңесінің мүшелері арасында

жасалған шарттарға сәйкес өз міндеттерін орындау кезеңінде Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде функцияларын жүзеге асыруға байланысты шығыстары өтеледі және сыйақы төленеді.

Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы екі бөліктен тұрады:

- 1) Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жылдық тіркелген сыйақы;
- 2) Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша Директорлар кеңесі комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысқаны немесе төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне — «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдеріне Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша жылдық тіркелген сыйақы төленеді, комитет отырыстарына қатысқаны үшін қосымша сыйақы төлеу қарастырылмаған.

Директорларға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруына, тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс жерлерге, Қазақстан өткізілетін жиналыстарына баруына байланысты шығыстары (Қазақстан Республикасында жол жүру, тұру, тәуліктік ақы, телефон байланысы (ұялы байланыстан басқа) және директорлардың қызметін жүзеге асыруға байланысты басқа да қызметтер) өтеледі.

Егер директорлар Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланған сәттен бастап, есеп беру кезеңінде, ауруына байланысты отырыстарға қатыспағанын қоспағанда, өткізілген Директорлар кеңесінің барлық күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысса, жылдық тіркелген сыйақы төленбейді.

Есептік кезең аяқталғанға дейін директордың өкілеттігі тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын) жағдайда директорға сыйақы төленеді және Директорлар кеңесінің құрамында нақты болған кезеңдегі шығыстары өтеледі.

Басқарма төрағасы мен мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі қызметақыдан және бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақыдан тұрады. «KEGOC» АҚ-ның бір жылдағы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы аудиттелген қаржылық есептілік негізінде қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері бекітілгеннен кейін «KEGOC» АҚ-ның бюджетінде осы мақсаттарға көзделген ақшалай қаражат шегінде төленеді.

Есептік жылда шоғырландырылған қорытынды табыстың болуы сыйақы төлеудің негізгі шарты болып табылады. Басқарма төрағасы мен мүшелерінің қызметін бағалау кезінде «KEGOC» АҚ стратегиялық мақсаттарын «KEGOC» АҚ Басқармасының әрбір мүшесіне арналған ҚНҚ карталары түрінде «KEGOC» АҚ бизнес-процестері/қызметінің бағыттары бойынша нақты көрсеткіштерге жатқызу арқылы әзірленетін мотивациялық корпоративтік және функционалдық ҚНҚ қолданылады.

**Негізгі мотивациялық ҚНК**

1-стратегиялық мақсат		2-стратегиялық мақсат		3-стратегиялық мақсат	
WWP	↑	EBITDA	↑	LTIFR	↓
Электр энергиясының технологиялық шығысы желіге босату көлемінен %	↓	Таза активтердің құны (NAV)	↑	Корпоративтік басқару рейтингі	↑
ЭЖЖ-дегі технологиялық бұзылыстардың саны	↓	Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің нысаналы мәндеріне қол жеткізу	↑	Еңбекті қорғауды басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	↑
Толымсыз жеткізілген электр энергиясы	↓	Төленген дивидендтер	↑	Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспардың іс-шараларын орындау	↑
Қазақстан ҰЭТ-те WAMS жобасын іске асыру	↑	Трансформациялаудың жол картасы	↑		
Мақұлданған ұтымгерлік ұсыныстар саны	↑				

↑ — көрсеткіш полярлығы: көтеру қажет

↓ — көрсеткіш полярлығы: төмендету қажет

Есептік жылдағы бекітілген ҚНК орындалу қорытындылары бойынша есептік кезеңде кем дегенде 5 ай нақты жұмыс істеген Басқарма мүшелерінде 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы алу құқығы болды. Жоспарланған кезеңге сыйақының шекті деңгейін Директорлар кеңесі бекітеді.

Осылайша, 2019 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне төленген жалпы сома 312,42 млн. теңгені құрады (2018 жылы — 346,25 млн. теңге).

# Корпоративтік басқаруды дамыту саласындағы жоспарлар

«KEGOC» АҚ корпоративтік басқару жүйесін әзірленген Жоспарға сәйкес жетілдіру мақсатында Компания бұдан әрі де күш салуды жалғастырады:

- отырыстарды оңтайлы жоспарлау, отырыстарға арналған материалдардың сапасын арттыру, Директорлар кеңесі мен комитеттерді мәмілелер мен инвестицияларды мониторингтеу, тұрақты даму мәселелеріне көбірек тарту арқылы Директорлар кеңесі мен Басқарманың тиімділігін арттыру;
- қызметкерлерді оқыту және тәуекел-мәдениетін арттыру жолымен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру, екінші қорғаныс желісінің бөлімшелері мен ІАҚ арасындағы қызметті үйлестіру жолымен ІАҚ қызметін тиімді жоспарлау үшін;
- Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттағы тиімді саясаты арқылы тұрақты даму саласындағы қызметтің тиімділігі, еңбекті қорғау, іскери этиканы сақтау жүйесін бұдан әрі жетілдіру үшін;
- корпоративтік сайттың мазмұны мен дизайнын қайта қарау, Компанияның қызметін жариялауда мүдделі тараптардың пікірін есепке алу, корпоративтік есептілікті жетілдіру арқылы ашықтықты арттыру.

## Корпоративтік этика

«KEGOC» АҚ қызметін қалыптасатыру негізін қалайтын құндылықтар бұл оның қызметкерлерінің адалдығы, сенімділігі мен кәсібилігі, олардың еңбегінің тиімділігі, өзара қол ұшын беруі, бір-біріне, мүдделі тұрғаларға және жалпы алғанда қоғамға деген құрметі болып табылады.

«KEGOC» АҚ Мінез-құлық (іскери этика) кодексі өз алдына іскери және әлеуметтік мінез-құлық бойынша базалық қағидалардың, қағидаттар мен құндылықтардың, стандарттардың, ішкі, сонымен қатар сыртқы корпоративтік қарым-қатынастардың жоғары этикалық нормалары жиынтығын, сонымен қатар Компанияның қызметкерлер, акционерлер, іскери әріптестер, мемлекет пен қоғам алдындағы әлеуметтік жауапкершілігін білдіреді.

Мінез-құлық кодексі корпоративтік этика мен іскери мінез-құлықтың жалпыға бірдей қабылданған нормалары және корпоративтік басқарудың озық тәжірибелерін айқындайтын құжаттар негізінде әзірленді. Мінез-құлық кодексі Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарында қолданылады. Оны сақтау атқарып жатқан лауазымына қарамастан Компанияның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

**102-16**

Мінез-құлық кодексінің мақсаты капиталдандыруды арттыруға және Компания мәртебесін, қаржылық тұрақтылық пен тиімділікті нығайтуға бағытталған міндетті түрде сақталуы тиіс іскери мінез-құлық және этика қағидаларын анықтауда болып табылады. Мінез-құлық кодексі әрбір қызметкер Компания қызметінің нәтижелері мен дәрежесіне деген жауапкершілікті сезіне алатындай және сонымен қатар еңбек міндеттерін орындаған кезде Компанияның өзіне назар аударатынына сенімді болатындай жұмыс атмосферасын қалыптастыруға арналған. Мінез-құлық кодексі — барлық қызметкерлер кәсібилер командасының мүшесі болып табылатын озық компания құру құралдарының бірі.

Этикалық және комплаенс талаптарға берілгендік және оларды сақтау — Компанияда жұмыс істейтін немесе оның мүддесін білдіретін кез келген адамның жауапкершілігі. Мінез-құлық кодексінің бұзу Компанияның жұмысы мен беделіне нұсқан келтіріп, тәртіптік жауапкершілікке әкелуі мүмкін. Мінез-құлық кодексінің белгілі бір бөлімдерін сақтамау сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық болып табылатынын және жеке әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке әкелуі мүмкін екенін атап өту маңызды.

Компанияның әрбір қызметкері Мінез-құлық кодексінің талаптарын орын-

дауға міндетті. Сонымен қатар Компанияның барлық қызметкерлері ықтимал бұзушылықтарды болдырмауға және қолда бар байланыс арналарын пайдалана отырып, олар туралы уақтылы хабарлауға жауапты. Бұл ретте жалған хабарлама жіберуге арналған байланыс арналарын қолдануға тыйым салынады. Іскери этиканың бұзылғаны туралы хабарлама хабарлаушы үшін теріс салдарға әкелмейді.

Лауазымды тұлғаларды қоса алғанда, Компанияның барлық қызметкерлерін Мінез-құлық кодексінің ережелерімен таныстыру жұмысқа қабылданған кезде, оған өзгерістер енгізген кезде тұрақты түрде жүргізіліп отырады.

Компанияда омбудсмен тағайындалды, оның міндеттерінің бірі қызметкерлердің және лауазымды тұлғалардың Мінез-құлық кодексінің сақтауын қамтамасыз ету және қажет болған жағдайда оның ережелерін түсіндіру болып табылады. Омбудсмен жұмысының негізгі қағидалары бұл тәуелсіздік, бейтараптық пен әділдік, құпиялық пен бейресмилік болып табылады. «KEGOC» АҚ филиалдары қызметкерлерінің омбудсмен институтын құру мақсаты, оның негізгі функциялары, қызметінің қағидалары туралы, сонымен қатар жаңа Мінез-құлық кодексінің нормаларын мүлтіксіз сақтау қажеттілігі туралы көзбен көріп, танысуы үшін Кодексті кез келген бұзушылықтар туралы хабарлауға арналған байланыс арналары көрсетілген «Омбудсмен қызметі туралы» және «Мінез-құлық кодексі — біздің іс-әрекеттеріміздің негізі» атты ақпараттық парақтар әзірленіп, «KEGOC» АҚ барлық объектілерінде, сонымен бірге филиалдардың ҚС-да орналастырылды. Сонымен қатар Компания қызметкерлері үшін «Омбудсменге өтініштер беруге арналған жәшігі» бар «Омбудсмен бұрышы» ақпараттық стенді орнатылған.

Омбудсмен Компанияның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін қоса алған

да, Компанияның әрбір қызметкеріне омбудсмен институтын тағайындау мақсаттарын, оның рөлі мен іскери этика қағидаттарын сақтау қажеттігін түсіндіре отырып, электрондық почта арқылы хабарлама жіберді.

2019 жылы омбудсмен барлық ЖЭТ филиалдары мен 48 ҚС-ға барып, ұжыммен кездесті. Қызметкерлердің назарына Мінез-құлық кодексінің мақсаттары мен міндеттері туралы түсіндіріп, «Этикалық мінез-құлық», «Сыртқы коммуникация және әлеуметтік желілер», «Жалдау мен еңбектің теңдей жағдайлары», «Кемсіту мен қысымшылыққа тыйым салу», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Мүдделер қайшылығы», «Комплаенс» сияқты бөлімдерге толық тоқталып өтті. Қызметкерлерге байланыс арналары (қызу желі, омбудсмен, комплаенс-офицер телефондары) жіберіліп, Компания қызметкерлерінің міндеттері және Мінез-құлық кодексінің сақталмау салдары түсіндірілді. Өтініш білдіргендерді омбудсмен жеке қабылдады.

Ұжымда іскери этика нормаларының сақталуын, сонымен бірге моральдық-психологиялық ахуалды бақылау мақсатында омбудсмен «Сарыбай ЖЭТ», «Ақтөбе ЖЭТ», «Ақмола ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ» және «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдарының қызметкерлері арасында жасырын сауалнама жүргізді.

Филиал қызметкерлеріне жүргізілген жасырын сауалнама нәтижелерін талдау ұжымның филиалдардағы моральдық-психологиялық ахуал туралы пікірі жақсы екендігін көрсетті. Қызметкерлер ұжымдағы жағдайды еңбек етуге ыңғайлы

деп бағалайды, басшылықтың көмегі мен қолдауына сенім арта алады, өзара сенім бар, ұжымда жаңа қызметкерлердің бейімделуіне көмектесу қалыптасқан. Тікелей басшылар қарамағындағы қызметкерлермен өзара әділ қарым-қатынаста, оларға қысым жасалмайды. Қызметкерлердің жұмыс істеу үшін маңызды шешімдер қабылдауға қатысу құқығы танылады, олардың лауазымдық міндеттері шеңберінен тыс тапсырмаларды орындауға талап қойылмайды. Филиалдардың қызметкерлері қайшылық туындаған жағдайда қайда жүгінуге болатыны туралы хабардар етілген.

412-1

2019 жылы «Ақтөбе ЖЭТ», «Сарыбай ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ», «Орталық ЖЭТ» және «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдарында комплаенс-офицермен және Басқарма төрағасымен бірлесе «Энерготехпрофсоюз» ҚБ «Мінез-құлық кодексі — біздің іс-қимылдарымыздың негізі» тақырыбында семинар-тренингтер өткізді. Семинар-тренинг өткізілген уақытта филиалдардың қызметкерлері (50-70-тен 100 адамға дейінгі фокус-топтар) Мінез-құлық кодексінің барлық бөлімдері мен Компанияның кәсіподақ ұйымының қызметі туралы толық ақпарат алды.

Компания қызметкерлерімен ықтимал дауларды болдырмау және алдын алу мақсатында Компанияның ішкі нормативтік құжаттары мен рәсімдерін түсіндіру бойынша жұмыс тұрақты түрде жүргізіледі, еңбек проблемаларын бірыңғай түсіну мен шешуге бағытталған іс-шаралар жүргізіледі, әлеуметтік-еңбек дауларын шешу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы өткізіледі.

# Ішкі аудит қызметі

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) 2006 жылы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен құрылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша ІАҚ бекітілген штаты 8 адамды құрайды.

ІАҚ миссиясы «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесіне тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруде жүйелік тәсілдерді енгізе отырып, Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және дұрыс ақпарат беру арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша өз міндеттерін орындауда қажетті көмек көрсетуде болып табылады.

ІАҚ қызметі мына құжаттармен реттеледі:

- Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі туралы ереже;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен «KEGOC» АҚ-да ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалар;
- «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы бекіткен ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары.
- ІАҚ Жылдық аудиторлық жоспары.

2019 жылға арналған барлық аудиторлық тапсырмалар ІАҚ қызметінің негізгі мақ-

саты мен миссиясы есепке алына отырып, жоспарланды. Ішкі аудитті жоспарлаған кезде тәуекелге бағытталған тәсіл қолданылды, яғни жоспарға енгізу үшін басымдылық теріс оқиғалардың туындауына көбірек ұшырайтын бизнес-процестерге берілген.

ІАҚ 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспары «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді. Жоспармен 15 тапсырманы орындау көзделген. ІАҚ орындаған аудиторлық тапсырмалардың тақырыбы «KEGOC» АҚ филиалдарын кешенді тексеруді, жоспарлау бойынша бизнес-процестер аудитін, жеткізілімдер тізбегін, HR-процестерді, ақпараттық технологияларды дамыту мен басқаруды, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесін бағалауды және т.б. қамтыды. Барлық тапсырмалар орындалды.

Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит жөніндегі комитетінің тапсырмасын, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ Ішкі аудит қызметінің Қор тобының компанияларында синергетикалық аудит жүргізу жөніндегі бастамаларын іске асыру шеңберінде «KEGOC» АҚ Ішкі аудит қызметі 2019 жылы «Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы» АҚ-дағы ақпараттық қауіпсіздік аудиті» аудиторлық тапсырмасына қатысты.



## Сыртқы аудитор

«KEGOC» АҚ 2019 жылғы қаржылық есептеменің сыртқы аудиті бойынша аудиторлық қызметтерді жеткізушіні таңдауды Аудиторлық ұйымды таңдау бойынша бірыңғай комиссия «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беруші акцияларының елуден көп пайызы (қатысу үлесі) «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларға және «KEGOC» АҚ Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімі (2019 жылғы 3 мамырдағы № 13 хаттама) негізінде жүзеге асырды. Қазақстан Республикасы Аудиторлар Палатасының кәсіби ұйымының мүшесі, тәу-

елсіз аудиторлық ұйым — «Эрнст энд Янг» ЖШС-мен шарт жасалды. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2012 жылдан бастап «KEGOC» АҚ қаржылық есептемесін жүзеге асырады.

Бір аудиторлық ұйымға аудит жүргізу кезінде тәуелсіздікті сақтау мақсатында және Компанияның Сыртқы аудит жөніндегі саясатына сәйкес бұдан кейінгі бес жыл ішінде аудит бойынша әріптес ауыстырылады. Аудитордың негізгі әріптесі соңғы рет 2018 жылы ауыстырылды. 2019 жылы қаржылық есептілік аудиті бойынша қызмет көрсеткені үшін сыйақы сомасы ҚҚС-ны есепке алғанда 44,41 млн теңгені құрады. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылы «KEGOC» АҚ аудиторлық емес қызмет көрсетпеді.





## Кадрлық әлеует

4-ҚАҒИДАТ

БҰҰ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

6-ҚАҒИДАТ

БҰҰ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ8 ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС  
ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА-  
ЛЫҚ ДАМУ

«KEGOC» АҚ кадрлық әлеуеті Компанияның даму табысын анықтайтын маңызды стратегиялық фактор болып табылады. «KEGOC» АҚ адами ресурстар менеджменті Корпоративтік басқару кодексінің, Мінез-құлық (іскери этика) кодексінің, біріктірілген менеджмент жүйесінің, Кадр саясатының, «KEGOC» АҚ персоналын мотивациялау саласындағы ішкі құжаттардың қағидаттары негізінде жүзеге асырылады.



Компанияның Кадр саясаты жоғары нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған тиімді корпоративтік мәдениет, меритократия, әлеуметтік-еңбек қатынастарын жақсарту жөніндегі іс-шараларды іске асыру арқылы «KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыруды қамтамасыз ететін зияткерлік және кәсіби ресурсты қалыптастыруға бағытталған.

Бұл ретте адами ресурстарды басқару қызметкерлерді әлеуметтік қолдау мен экономикалық тиімділік және олардың мүдделерін есепке алу арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған.

«KEGOC» АҚ Даму стратегиясын іске асыру үшін Кадр саясаты алдында мынадай мақсаттар тұр:

- қызметкерлерді іздестіру мен іріктеуді, оқыту мен дамытуды, қызметкерлердің қызметін бағалау мен сыйақыларды басқаруды қоса алғанда, меритократия қағидаттарына берілгендігін қамтамасыз ету;
- нысаналы корпоративтік мәдениетті дамыту;
- дарындарды және мәнсап жоспарын басқару жүйесін жетілдіру;
- Компанияның табысты қызмет етуіне себеп болатындай әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу;
- білім сабақтастығы және білім алмасу саясатын сақтау;
- мамандарды цифрлы технологияларды қолдануға үйрету.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша Компания қызметкерлерінің (ЕҒ есепке алғанда) тізім бойынша саны 4 819 адамды құрады.

102-7


«KEGOC» АҚ халықаралық деңгейде және Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген адам құқықтарын қолдайды және құрметтейді. 2019 жылы «KEGOC» АҚ-да адам құқықтарын бұзуға, нәсілі, жынысы, тілі, діні, жыныстық ұстанымы немесе гендерлік ерекшелігі бойынша кемсітуге байланысты бір де бір жағдай тіркелген жоқ. «KEGOC» АҚ өз қызметінде балалар еңбегі мен мәжбүрлі еңбекті қолданбайды.

406-1


2019 жылы «KEGOC» АҚ омбудсменіне әлеуметтік және еңбек қатынастары мәселелері бойынша (сыйақы төлеу, жеңілдіктер қолдану, өңірлік коэффициентті қолдану, қалқандағы жұмысы үшін үстеме ақылар, медициналық сақтандыру) 7 өтініш келіп түсті. Талдау жүргізілгеннен кейін екі өтініш бойынша шағымдар өтініш берушілердің пайдасына қанағаттандырылды. Қалған бес өтініш білдіруші бойынша түсініктемелері бар негізделген жауаптар берілді. Сонымен бірге, 2019 жылы Компания қызметкерлері тарабынан еңбек заңнамасын сақтамағаны туралы талап арыздар берілген жағдай анықталмады.

102-44

Қызметкерлер саны, адам



Персоналдың білімі бойынша құрылымы




- 65% жоғары
- 23% арнайы орта
- 12% орта

5-ҚАҒИДАТ  
БҰҒ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ




**Қызметкерлердің жас бойынша құрылымы, жас**



- 20% ● 31-ге дейін
- 29% ● 31-40
- 23% ● 41-50
- 24% ● 51-60
- 4% ● 61-ден жоғары

**Персоналдың санаттары бойынша құрылымы**




- 14% ● басшылар,
- 45% ● мамандар,
- 1% ● қызметшілер,
- 40% ● жұмысшылар

**Персоналдың жұмыс өтілі бойынша құрылымы**




- 15% ● 1 жылға дейін
- 11% ● 1 жылдан 3 жылға дейін
- 8% ● 3 жылдан 5 жылға дейін
- 19% ● 5 жылдан 10 жылға дейін
- 17% ● 10 жылдан 15 жылға дейін
- 10% ● 15 жылдан 20 жылға дейін
- 20% ● 20 жылдан жоғары

**Қызметкерлердің ұлт бойынша құрылымы**




- 69% ● қазақтар
- 21% ● орыстар
- 3% ● украиндықтар
- 2% ● татарлар
- 1% ● немістер
- 4% ● басқалар

**Жұмыспен қамту түрі бойынша құрылымы**




- 97% ● тұрақты
- 3% ● уақытша

**Қызметкерлердің гендерлік белгісі бойынша құрылымы**



- 73% ● Ерлер
- 27% ● Әйелдер

**Өңірлер бойынша персонал  
құрылымы**



# Персонал құрылымы

Көрсеткіш	Бар-лығы	Үлес, %	ӘП	ӨП	Басшы лауазымдар	Басшылықтағы үлесі %
<b>Тізім бойынша саны</b>	<b>4819</b>	<b>100</b>	<b>761</b>	<b>4058</b>	<b>692</b>	<b>100</b>
<b>Жынысы</b>						
Ерлер	3502	72.7	295	3207	604	87.3
Әйелдер	1317	27.3	466	851	88	12.7
<b>Ұлттық белгілері бойынша топтар</b>						
Қазақтар	3304	68.6	645	2659	472	68.2
Орыстар	1017	21.1	77	940	147	21.2
Украиндықтар	156	3.2	8	148	23	3.3
Татарлар	88	1.8	10	78	13	1.9
Басқалары	254	5.3	21	233	37	5.3
<b>Жасы бойынша топтар</b>						
30 жасқа дейін	949	19.7	85	864	27	3.9
30-дан 50 жасқа дейін	2505	52.0	537	1968	423	61.1
50 жастан жоғары	1365	28.3	139	1226	242	35.0

405-1

## Қызметкерлерді жалдау саласындағы саясат

## 3-ҚАҒИДАТ

## БҰҰ ҒАЛАМ-ДЫҚ ШАРТЫ

Компанияның кадр саясаты қағидаттарының бірі құзыреттіліктің моделі мен лауазымға қойылатын талаптарға негізделген іріктеудің айқын және ашық өлшемдері, конкурстық рәсімдердің сақталуы, қабылданатын шешімдердің негізділігі, персоналды жалдаған кезде дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін әрбір лауазым үшін релевантты кандидаттарды бағалау әдістемесін қолдану, қысымшылықтың болмауы, барлық кандидаттарға кәсіби, ашық және құрметпен қарау арқылы меритократия қағидаттары негізінде ашықтық пен айқындық болып табылады. Бос лауазымға орналасу кезінде ішкі кандидаттар

сабақтастық бағдарламаларын іске асыру, дарындарды басқару және кадрлық резерв негізінде басымдыққа ие.

Жұмысқа қабылдау кезінде Компания жаңа қызметкерлерге мүмкіндігінше тезірек бейімделуге көмектесуге, олардың лауазымға кірісуін тездетуге тырысады. Ұйымның мақсаттарымен, оның қызметінің ерекшеліктерімен, сондай-ақ Компанияның негізгі қағидаларымен және қызметкерлерден күтілетін болжаммен тұрақты түрде таныстырылып отырады. Бейімделу барысында қызметкерлер қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамадан да өтеді.


«KEGOC» АҚ барлық үміткерлерге олардың ұлттық және нәсілдік тегіне, жынысына, жасына, отбасылық және әлеуметтік жағдайына және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан тең мүмкіндіктер ұсынады.

406-1

Жергілікті тұрғындардан (Қазақстан Республикасының азаматтары) жалданған жоғары деңгейлі басшылардың («KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері) үлесі 2019 жылы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша 83%-ды құрайды.

202-2


**Персоналдың тұрақтамауы, %**




«KEGOC» АҚ-да кадрлардың тұрақтамауының қорытынды мәні 2019 жылы 7,4%-ды құрады, белгіленген бастапқы мәні «10%-дан аспайды». Сонымен қатар, кадрлар тұрақсыздығы ерлер арасында — 7,5%, әйелдер арасында — 7,0% құрады. Компаниядан кеткен ерлердің орташа еңбек өтілі 2019 жылы 8,4 жыл (399 адам), әйелдер — 5,9 жыл (169 адам) болды.

401-1

**2019 жылғы персонал динамикасы, адам**



### 2019 жылы Компаниядан кеткен «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің жұмыс істеу ұзақтығы



### Жуық арадағы 5 және 10 жылда зейнетке шыға алатын қызметкерлер, персонал санының %

Көрсеткіш, млн теңге	ӘБП	ӨП	Барлығы
2020–2024 жылдар кезеңінде зейнетке шыға алатындар (жуық арадағы 5 жылда)	0,89%	10%	<b>10,89%</b>
2020–2029 жылдар кезеңінде зейнетке шыға алатындар (жуық арадағы 10 жыл ішінде)	1,56%	19,38%	<b>20,94%</b>

EU15

## Мотивациялау жүйесі

Компания қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Ұжымдық шартқа, еңбек шарттарына, еңбекақы төлеу және сыйақы беру бойынша ішкі құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

Компанияда сыйақы жүйесі мынаны қамтиды:

- базалық бөлігі (жалақы, қосымша ақы мен үстемеақы);
- ауыспалы бөлігі (қызмет нәтижелері бойынша сыйақы, бір реттік сыйақы, басшы және басқарушы қызметкерлердің сыйақылары);

- қызметкерлерді әлеуметтік қолдау;
- материалдық емес сыйақы.

2009 жылғы 1 мамырдан бастап Компания қызметкерлерінің қызметақылары/ тарифтік мөлшерлемелері қызмет нәтижелерін бағалау нәтижелері бойынша орта есеппен 6%-ға көтерілді. Қызметақы деңгейін референттік нарық медианасы деңгейіне келтіру мақсатында 2019 жылғы 1 желтоқсаннан бастап нақты қызметақыны 8,3% -ға арттыру және ауыспалы бөлігін азайту мақсатында жалақы жүйесі өзгертілді.

## «KEGOC» АҚ-дағы еңбек ақы төлеу жүйесі

Материалдық сыйақы		Материалдық емес сыйақы
Базалық бөлігі	Айнымалы бөлігі	Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау
(жалақы, қосымша ақы және үстеме ақы)	(қызмет нәтижелері бойынша сый-ақылар, бір реттік сыйақылар, басшы және басқарушы қызметкерлердің сыйақылары)	

Компанияда еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан «KEGOC» АҚ филиалдарының ер және әйел қызметкерлерінің еңбегі үшін теңдей сыйақы, сонымен қатар ер және әйел қызметкерлеріне еңбекақы белгілеген кезде бірыңғай тәсіл көзделген. 2019 жылы «KEGOC» АҚ қызметкерлерінің қызметақылары Қазақстан Республикасында белгіленген ең аз жалақыдан артық болды.

«KEGOC» АҚ қызметкерлерінің бастапқы деңгейдегі қалыпты жалақысының Қазақстан Республикасында 2019 жылға белгіленген ең аз жалақыға қатысы.

2019 жылы Қазақстан Республикасындағы ең аз жалақы мөлшері, теңге	2019 жылы «KEGOC» АҚ компаниялары тобындағы ең аз жалақы мөлшері*, теңге	Ауытқу, %
42 500*	60 400**	142,1%

\* «2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы № 197-VI заңына сай 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап белгіленген ең аз жалақы мөлшері.

\*\* Жалақының ең аз мөлшері дегеніміз бұл еншілес ұйым «Энергоинформ» АҚ кезекші әкімшісінің қызметақысын білдіреді.

202-1

## Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау

«KEGOC» АҚ тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, бейілділікті арттыру мақсатында Компания қызметкерлеріне мынадай әлеуметтік қолдау көрсетеді: жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын берген кезде сауықтыруға арналған материалдық көмек, мерейтойлық күнге, бала тууына байланысты, қызметкердің, қызметкердің отбасы мүшелерінің

және «KEGOC» АҚ есебінде тұрған зейнеткердің қайтыс болуына байланысты материалдық көмек, қызметкердің және мүгедек балаларының, бала күнінен мүгедек қызметкердің мүгедектік тобы мен жасына қарамастан, медициналық емделуіне ақы төлеу. Зейнеткерлік жастағы қызметкерлерге зейнетке шығар кезде өтемақы төленеді, сонымен қатар Компанияның есебінде тұрған зейнеткерлерге жыл сайын Энергетик күні кәсіби мерекесіне біржолғы материалдық көмек төленеді.

Компанияның қызметкерлерді әлеуметтік қолдау қызметі мына ішкі құжаттармен реттеледі:

- Ұжымдық шарт;
- «KEGOC» АҚ 2018-2028 жылдарға арналған кадр саясаты;
- Қызметкерлерге әлеуметтік қолдау көрсету қағидасы;
- Қызметкерлердің еңбегін марапаттау және тану қағидасы.

2019 жылы Компания «KEGOC» АҚ қаражаты есебінен 128,3 млн. теңге жалпы сомасына үйді жалға алу шығыстарын ішінара төлеп беру жолымен 147 қызметкердің баспана мәселесін шешуге көмектесті. 10 қызметкер Ақтөбе және Алматы қалаларында «Samruk-Kazyna Construction» АҚ талаптары бойынша кейінен сатып алатын мүмкіндікпен тұрғын үйді алуға үміткерлер болды. Бүгінгі таңда Компания қызметкерлері мен «Samruk-Kazyna Construction» АҚ арасында жасалған кейіннен сатып алу мүмкіндігімен тұрғын үйді сатып алу шарты ресімдеу сатысында тұр.

2019 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша «KEGOC» АҚ-ның 140 қызметкері сіңірген ерекше еңбегі үшін мемлекеттік және салалық наградамен ынталандырылды.

Есептік кезеңде «KEGOC» АҚ және оның ЕҰ-ның 3 384 қызметкері ауырған жағдайда ерікті медициналық сақтандыру жүйесімен қамтылды, қызмет сомасы 172,7 млн. теңгені құрады.

«KEGOC» АҚ кадрлық резерві бойынша жұмыс толығымен жүзеге асырылуда. 196 адамнан тұратын кадрлық резерв құрылды. 2019 жылы 204 бос лауазымдар үшін кадрлық резерв құрылды, олардың ішінде 10-ы кадрлық резервке кіретін қызметкерлермен толықтырылды. 2019 жылғы қарашада «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері «KEGOC» АҚ «Білімдерді басқару» тақырыбында Компанияның белсенді қызметкерлерімен жыл сайынғы кездесу өткізді.

«KEGOC» АҚ-ның кадрлық саясатының негізгі көрсеткіштерінің бірі бұл «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр комитетінің шешімімен мақұлданған Персоналдың қатысуын зерттеуді анықтау әдіснамасына сәйкес ӘБП қызметкерлеріне жүргізілген сауалнама және онлайн-сауалнама нәтижелері бойынша есептелетін персоналдың қатысу индексі және «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр комитетінің шешімімен бекітілген Әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау жөніндегі әдіснамаға сәйкес өндірістік персонал арасында анықталатын әлеуметтік тұрақтылық рейтингі болып табылады. 2019 жылы персоналды қатыстыру индексі 74%-ды, ал әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 90%-ды құрады.

# Персоналды дамыту



«KEGOC» АҚ персоналды оқыту мен дамыту процесіне үлкен мән береді және мына қағидаттарды басшылыққа алады:

- оқытудың тиімділігі және нәтижелілікке бағытану, Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешу;
- оқыту мен дамудың озық сипаты — Компанияны дамытудың стратегиялық мақсаттарын қолдау;
- орындылығы — оқыту бағдарламаларын таңдау қызметкерлердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес;
- даму жүйесінің біртұтастығы, оқытудың үздіксіздігі және жүйелілігі.

«KEGOC» АҚ-да процестің үздіксіздігін қамтамасыз ететін персоналды оқытудың мына негізгі түрлері қолданылады:

- өз бетінше оқу (өздігінен білім алу);
- өндірісте ұймыдастырылған оқыту (өндірістік-техникалық оқу);
- мамандандырылған оқу орындарының біліктілікті арттыру курстарында өндірістен қол үзіп, қысқа мерзімді оқу.

Компанияда персоналды оқыту қазіргі заманғы оқыту әдістерінің бүкіл спектрі — бизнес-практикумдар, семинарлар, тренингтер, тағылымдамалар, біліктілікті арт-

тыру, кәсіби даярлау мен қайта даярлау бағдарламалары, форумдар, конференциялар түрлерін қолданумен өткізіледі.

Есептік жылы 2560 қызметкер оқыды, бұл қызметкерлердің тізімдік санынан 46%-ды құрайды. Оқытудың орташа жылдық саны 1 қызметкерге 25,3 сағатты құрады, соның ішінде ӘБП қызметкерлері үшін — 18,9 сағат, ӨП қызметкерлері үшін — 26,3 сағат. Бір ер қызметкерге оқыту сағаттарының орташа саны — 25,9 сағат, әйел қызметкер үшін — 21,3 сағат. Жалпы оқыту сағаттарының саны 108 133 сағатты құрады, соның ішінде бір ер қызметкер үшін орташа оқыту сағаты — 93 877 сағат, әйел қызметкер үшін — 14 256 сағат; ӘБП — 12 275 сағат, ӨП — 95 858 сағат.

404-1


«KEGOC» АҚ-ның 2019 жылы оқуға жұмсаған нақты шығындары 256,97 млн теңгені немесе жоспардан 68,7 %-ды құрады, бұл 2018 жылы орындалғаннан 22,1 %-ға төмен.

# Персоналды бағалау

Қызметкерлердің біліктілік білімі мен іскерлік қасиеттерін 2019 жылы Қоғам белгілеген талаптарға сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша филиалдардың 711 қызметкері немесе Қоғам персоналының тізім бойынша санының 14,7% аттестаттаудан өтті. Жүргізілген аттестаттау нәтижелері бойынша персоналдың 100%-ы белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келді.


404-3

Аттестаттаудан өткендердің  
гендерлік құрылымы



74% ● Ерлер  
26% ● Әйелдер

Аттестаттаудан өткендердің  
санаттар бойынша құрылымы



11% ● ӘБП  
89% ● ӨП

Сонымен қатар, 2019 жылы филиалдарда қызметті бағалау жүйесі енгізілді (Атқарушы дирекцияның қызметкерлері 2017 жылдан бастап бағаланады). 2019 жылы «KEGOC» АҚ-ның Қоғам қызметкерлерінің 2018 жылғы қызметіне кешенді бағалау жүргізілген қызметкерлер саны 2 038 адамды немесе Компания қызметкерлерінің тізім бойынша санының 42,3%-ын құрады, оның ішінде 1336 ер қызметкер (65,6%) және 702 әйел қызметкер (34,4%); ӘБП-нің 495 қызметкері (24,3%) және 1543 ӨП қызметкері (75,7%).

404-3



# ҰЖЫМДЫҚ шарт

1-ҚАҒИДАТ

БҰҒ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

2-ҚАҒИДАТ

БҰҒ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

«KEGOC» АҚ бірлестік еркіндігін қолдайды және қызметкерлердің ұжымдық шарттарды жасау құқықтарын таниды.

Ұжымдық шарт оған қосылу рәсімін, еңбек тәртібін, соның ішінде қызметкерлердің әлеуметтік демалыс кезіндегі демалыс уақытын, еңбекақы төлеу, еңбек қауіпсіздігі мен қызметкерлердің денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету, әлеуметтік кепілдер мен өтемақылар беруді реттеу мәселелерін көздейді, қызметкерлерді қолдау және кадрлық әлеуетті дамыту, медициналық сақтандыру және қызметкерлердің мәдени-көпшілік бос уақыттарын қолдау жөніндегі шараларды нақтылайды. Сонымен қатар онда Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңдестірілген адамдарға және Компанияның есебінде тұрған ардагер-энергетиктерге қатысты мәселелер көрсетілді.

403-4

Ұжымдық шарт жұмыспен қамтылу түріне қарамастан, «KEGOC» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне (100%) қолданылады. Ұжымдық шарттың талаптарына сәйкес жұмыс беруші қызметкерді еңбек жағдайының өзгергені туралы кем дегенде 15 күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етуі тиіс. Қызметкерлердің саны немесе штаты қысқаруына байланысты еңбек шартын бұзған кезде қызметкерлерді ескертудің ең аз мерзімі Компанияның Ұжымдық шартында көрсетілген және Қазақстан Республикасы Еңбек кодексіне сәйкес бір айды құрайды.

102-41 402-1

2003 жылы құрылтайшылар жиналысының шешімімен «KEGOC» АҚ қызметкерлері мүшелері болып табылатын Қазақстан энергетикалық саласы қызметкерлерінің кәсіби одағы құрылды. 2015 жылы «Кәсіби одақтар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес ол «Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі ретінде тіркелді және мүшелік ұйым ретінде «Қазақстан еңбек конфедерациясы» республикалық кәсіподақтар бірлестігіне кіреді.

«Энерготехникалық сала қызметкерлерінің салалық кәсіби одағы» ҚБ-ға мүшелік ұйымдар ретінде мыналар кіреді:

- «Жетісу энергетиктері» жергілікті кәсіподағы (кәсіподақтың 2 000 мүшесі),
- «КОРЭМ» АҚ қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы (кәсіподақтың 28 мүшесі).

Кәсіподақ өндірістік-салалық қағидат бойынша құрылған және тек қана Компания қызметкерлері үшін ғана емес, барлық энергетикалық сала кәсіпорындарының, оқу және жобалау институттарының қызметкерлері, зейнеткерлер және тіпті мердігерлер үшін де ашық. Қазіргі уақытта кәсіподаққа 700 адам кіреді. Кәсіподақ «Қазақстан еңбек конфедерациясы» республикалық кәсіподақтар бірлестігінің мүшелік ұйымы болып табылады. Біздің кәсіподақ Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің «Кәсіби одақтар туралы» Қазақстан Республикасының заңы мен Еңбек кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

жөніндегі жұмыс тобының мүшесі болып табылады. Ол сонымен қатар Қазақстан Республикасы ҰЭМ ұлттық байланыс орталығына кіреді.

Салалық кәсіподақтың негізгі функциялары мыналар болып табылады:

- өз мүшелері мен мүшелік ұйымдардың еңбек және әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін білдіру, қорғау;
- салалық деңгейде әлеуметтік әріптестік жүйесін дамытуға көмектесу;
- салалық келсім мен ұжымдық шарт жасаған кезде әлеуметтік әріптестік тарабында болу.

Кәсіподақ сонымен қатар еңбекақы төлеу шарттарына, қызметкерлерді материалдық ынталандыру нысандарына, тәртіптік жазалауға дейінгі еңбек тәртібін сақтауға әсер етеді. Кәсіподақ еңбек туралы заңнаманы сақтауды бақылауға, кепілдіктер мен өтемақыларды, жеңілдіктер мен т.б. сақтауға және іске асыруға арналған.

2019 жылы кәсіподақ Қазақстан Республикасы электр энергетикасы саласындағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеу және әлеуметтік серіктестік жөніндегі салалық комиссия жұмысына белсенді қатысты.

2019 жылы кәсіподақ мүшелері мен олардың отбасы мүшелерінің демалысын ұйымдастыруда біршама жұмыстар жүргізілді — 700-ден астам адам «Энергоинформ» оқу орталығында, Бұқтырма су қоймасында және Баян-Ауылда демалды. Кәсіподақ

мүшелері Қазақстанның шипажайларында емделді.

Кәсіподақ Компанияның спорттық жұмысына назараударады, себебі «Самұрық-Қазына» АҚ спартакиадасына 130-дан астам адам қатысты.

Кәсіподақ мүшелерінің Компанияның филиалдарына жүйелі түрде барумен «KEGOC» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі кеңесінің жұмысына қатысуы бірқатар проблемаларды анықтауға және оларды жою жөнінде шешім қабылдай отырып, бірқатар проблемаларды қарауға мүмкіндік береді. Бұл мақсатқа кәсіподақ қажетті қаражат бөлді.

## Еңбекті қорғау

Еңбек қауіпсіздігін және қызметкерлердің денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету Компанияның негізгі басымдықтары болып табылады. Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, технологиялық операцияларды орындау кезінде жарақат алуды азайту, қызметкерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайын жақсарту, сонымен қатар зиянды және қолайсыз факторлардың әсерін азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.





«KEGOC» АҚ қауіпсіздік мәдениеті деңгейін арттыру бойынша қауіпсіздікті және тұрақты дамуды басқарудың озық тәжірибелерін іске асырады және «Еңбекті қорғау мен өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру бағдарламасы» аясында тұрақты түрде өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша ішкі нормативтік құжаттар әзірлейді және оларға уақытылы түзетулер енгізеді.

Компанияда ISO 45001:2018 талаптарына сәйкес келетін Денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті жүйесі (ДҚЕҚҚМЖ) қызмет атқарады. ДҚЕҚҚМЖ мақсаты «KEGOC» АҚ саясатына сәйкес нәтижелілікті қамтамасыз

ету және еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді жақсарту, сонымен қатар тиісті тәуекелдерді басқару болып табылады.

«KEGOC» АҚ-да қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы сұхбат алаңы тоқсан сайын өткізілетін жиналыстарда шешімдер қабылдайтын Қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңес болып табылады.

2019 жылы жұмыс орындарын аттестаттаудың жылдық жоспары орындалып, әрбір жұмыс орнындағы еңбек жағдайларын еңбекті қорғау ережелері мен нормаларының талаптарына сәйкес келтіру бойынша іс-шаралар қабылданды. ЖЭТ филиалдарының



объектілерінде өріс кернеулігі, шу мен дiрiл өлшендi, жұмыс орындарындағы қызметкерлердiң денсаулығына әсер ететiн зиянды және қолайсыз факторлар анықталды, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша iс-шаралар жоспарлары әзiрленiп, iске асырылды, тиiстi жеңiлдiктер белгiлендi.

Қызметкерлердiң денсаулығын бақылау үшiн мерзiмдi медициналық тексерулер және ауысым алдындағы медициналық куәландырулар жүргiзiлiп отырады.

Қызметкерлер қажеттi жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етiлген.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердi еңбек (қызметтiк) мiндеттерiн орындау кезiнде жазатайым жағдайлардан мiндеттi сақтандыру жүзеге асырылды.

«KEGOC» АҚ тәуекелдердi азайтуға және Компания қызметкерлерiнiң қауiпсiз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге бағытталған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген барлық қажеттi шараларды жүзеге асырады.


«KEGOC» АҚ-да қызметкерлердiң қауiпсiз еңбек жағдайларын ұйымдастыру деңгей-

iн бағалау үшiн Lost Time Injury Frequency Rate (LTIFR) коэффициентi немесе уақытша еңбекке жарамсыздықпен жарақат алу, соның iшiнде еңбек қызметiне байланысты өлiм жағдайлары жиiлiгiнiң коэффициентi қолданылады. Әлемдiк тәжiрибеде LTIFR бұл еңбектi қорғау және өнеркәсiптiк қауiпсiздiк саласындағы компаниялардың жұмыс iстеу тиiмдiлiгiнiң негiзгi көрсеткiшi болып табылады. Көрсеткiш компаниядағы жиынтық атқарылған жұмыс уақытына (Work Hours, WH) жатқызылған және 1 млн адам/сағ нормаланған жұмыс уақытының (LTI) ысыраптары жағдайларының санын көрсетедi. Компанияның қатардағы қызметкерлерiнен бастап, топ-менеджерлерiне дейiн еңбек қауiпсiздiгi қағидаттарын ұстануы, қауiпсiз еңбек жағдайын жақсарту жөнiнде iс-шаралар өткiзу бойынша бiрлескен iс-қимыл арқасында соңғы бiрнеше жылда Компания алғаш рет жарақат алудың «нөлдiк» деңгейiне қол жеткiздi және LTIFR мәнi 2019 жылы «0» құрады (2018 жылы – 0,29).

403-2

Компания қызметкерлерiнiң 2019 жылы еңбек қызметiне байланысты өлiмге өкелетiн және жарақаттану жағдайлары болған жоқ. Компания қызметкерлерiнде кәсiптiк аурулар анықталған жоқ.

### Еңбек қауiпсiздiгi көрсеткiштерi



# Мердігерлік ұйымдармен жұмыс

«KEGOC» АҚ объектілерінде мердігерлік ұйымдар жұмыс жүргізген кезде Компания қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін жауапкершілік алады. «KEGOC» АҚ мердігерлік ұйымдарымен жасалатын шарттарына Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының және «KEGOC» АҚ жұмыстарды орындау және қызмет көрсету саласындағы ішкі құжаттары талаптарының толық сақталуы бойынша міндеттемелер енгізіледі.

Жұмыс басталар алдында мердігерлік ұйымдармен нұсқамалық кеңес өткізіледі. Жұмысқа кіргізу жұмыс орнында жүргізіледі. Мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкерлері үшін жұмысқа кіргізер алдында нұсқама жүргізіледі. Атап айтқанда, жұмыстарға жауапты жетекшілер электр қондырғылары бойынша нұсқама өткізеді. Күнделікті кіргізген кезде нысаналы нұсқама жүргізіледі, онда қауіпсіздік шаралары, Компания объектілерінде бар қауіпті және зиянды өндірістік факторлар көрсетіледі.

Жұмыс істеп тұрған электр қондырғыларында жұмыс істеу үшін наряд іссапарға жіберілетін персоналға және құрылыс-монтаждау ұйымдарының (ҚМҰ) персоналына нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес беріледі. Егер ҚМЖ жүргізу үшін өндірістік қауіп бар немесе болуы мүмкін арнайы қоршалған жер бөлінген болса, қауіптілігі жоғары жұмыс жүргізуге рұқсатнама-акт беріледі.

Жұмыс орнын дайындаған кезде техникалық іс-шаралар орындалады: қажетті ажырату жұмыстары жүргізіледі, тыйым салатын плакаттар ілінеді, ток жүргізілетін бөліктерде кернеулердің болмауы тексеріледі, олар жерге қосылуы тиіс, жерге қосқыш орнатылады, қалған кернеулі ток жүргізілетін бөлік қоршалады, қоршауларда қауіпсіздік плакаттары ілінеді. Ауысым кезінде ҚС жедел персоналы іссапарға келген қызметкердің және ҚМҰ персоналының жұмыс орындарын аралап, тексереді.

Компанияның өндірістік объектілерінде жұмыстарды орындаған, қызмет көрсеткен кезде «KEGOC» АҚ мердігерлік ұйымдар персоналының Қазақстан Республикасының құқықтық актілері мен «KEGOC» АҚ ішкі құжаттарының талаптарын сақтауы бойынша ішкі бақылау жүргізеді және қауіпсіздік пен еңбекті қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдардың қызметін бағалайды.

EU18



# Төтенше жағдай және апат кезіндегі іс-қимыл жоспары

Компанияда бизнестің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (ҚҮҚ) енгізілді, оның аясында ҚҮҚ жоспарларын әзірлеуді қажет ететін бизнес-процестерді/қосалқы процестер анықталады.

Өндірістік қызметтің бизнес-процестері үшін ҚҮҚ жоспарлары ретінде аварияларды жою жоспары (АЖЖ), ірі көлемді ТЖ жою үшін АД мен оның филиалдарына тән ТЖ жою бойынша іс-қимылдар жоспары (ТЖ бойынша жоспар), қалған қызмет бағыттары үшін әрбір күрделі бизнес-процесс бойынша ТЖ жоспарлары қабылданады.

ПЛА авариялық жағдай туындаған кезде іс-әрекеттің нысанын, көлемін және реттілігін, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету және іске асыру жауапкершілігін белгілейтін ұйымдық-өкімдік құжатты білдіреді. ПЛА тастілеуі тұрақты түрде өртке қарсы және аварияға қарсы жаттығулар түрінде өткізіледі.

ТЖ бойынша жоспарда ТЖ пайда болу қаупі туындаған кезде және оның салдарын жойған кезде жұмыстың орындалу мерзімі мен уақытын көрсете отырып, қабылданған шаралар көрсетіледі. Компания-

ның объектілерінде ТЖ ең көп тараған түрі өртке қарсы іс-шараларды сақтамау салдарынан өрттің орын алуынан болуы мүмкін. Сонымен қатар ТЖ бойынша жоспарға адамның қайтыс болуы қаупін тудыратын, айтарлықтай мүліктік залал келтіретін немесе басқа да ауыр зардаптарға соқтыратын лаңкестік актілердің туындау қаупі кезіндегі шараларды қамтиды. Компания қызметкерлерін ТЖ жағдайлар туралы хабардар ету және оларды жою үшін ТЖ жоспарының бөлігі болып табылатын байланыс, хабардар ету және өрт сөндіру жоспарлары қолданысқа енгізіледі.

Ықтимал ТЖ жою бойынша іс-қимылдарға дайындығын тексеру үшін Компания жыл сайынғы республикалық командалық-штабтық оқуларға қатысады, жергілікті жерде (Оңтүстік, Шығыс, Батыс) нысаналық жаттығулар мен сейсмикалық жаттығулар жүргізеді. Бұл жаттығуларда жоспарларды әзірлеудің толықтығы, азаматтық қорғаныс құрылымдарының үйлесімділігі, АЭТ-те авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген кезде күштер мен құралдар іс-қимылы тексеріледі.

## Компанияның 2019 жылғы азаматтық қорғаныс және ТЖ саласындағы іс-шаралары

Іс-шараның атауы	Нақты орындалғаны
Республикалық командалық-штабтық жаттығулар	2
Штабтық жаттығулар	12
Объектілік жаттығулар	4
Азаматтық қорғаныс құрамаларымен тактикалық-арнайы оқулар	1
Сейсможаттығулар	15
АҚ және ТЖ бойынша республикалық, облыстық курстардағы оқулар	14

2019 жылы «KEGOC» АҚ-да өрт қауіпсіздігі сапасын арттыру саласында бірқатар жұмыстар атқарылды. Атап айтқанда, Өрт қауіпсіздігі ережелерін (ӨҚЕ) бұзушылықтарды анықтау және уақтылы жою мақсатында «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламентінің 336-тармағы талаптарын орындау үшін филиал басшыларының бұйрықтары бойынша өрт-техникалық комиссиялары мен ерікті өрт сөндіру құрамалары құрылды, сонымен қатар өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты адамдар тағайындалды.

Филиалдардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерімен жұмыстың жоспар-кестесіне сәйкес мыналар орындалды:

- автоматты өрт сөндіру қондырғыларын тексеру;
- автоматты өрт дабылы қондырғыларын тексеру;
- өртке қарсы жаттығулары;
- өртке қарсы нұсқамалар;
- қызметкерлерді өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша 14 сағат көлемінде оқыту.

Филиалдың барлық өндірістік, қосалқы және қызметтік үй-жайларында «KEGOC» АҚ объектілеріндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулық пен ӨҚҚ талаптарына сәйкес қызметкерлердің дұрыс және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету үшін белгіленген өртке қарсы қауіпсіздік режимі сақталады.

Әрбір объектіде өрт болған кезде адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, әрбір жарылыс-өрт қауіпі және өрт қауіпі бар учаске үшін өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтар әзірленді.

Барлық ҚС-да өрт сөндіру кезіндегі персоналдың іс-қимылдарының жедел карталары әзірленді және бекітілді.

ҚС-дағы өрт қауіпсіздігін және өрттің алдын-алуды бақылайтын профилактикалық топ-тардың жұмысы бекітілген жоспарлар бойынша жүргізіледі.

Өртке қарсы жүйелер мен қондырғылар, өртке қарсы сумен жабдықтау жүйелері, үй-жайлардың, ғимараттар мен құрылыстардың басқа қорғаныс құралдары үнемі жарамды күй-де ұсталып, тексеріліп тұрады.



## Еңбекті қорғау саясатын дамыту

2019 жылғы 25 желтоқсанда «KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы ғимаратында «Самұрық-Қазына» АҚ Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитетінің VI отырысы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Энерго» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «ҚазАтомПром» ҰАК» АҚ және басқа порт-фельдік компаниялардың басшыларының қатысуымен өтті.

Жоғарыда аталған комитеттің негізгі мақсаты алдыңғы қатарлы халықаралық салалық тәжірибені енгізу арқылы Қордың портфельдік компанияларында ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ сала-сындағы менеджмент жүйесін халықаралық салалық стандарттар деңгейіне дейін жақсарту, сонымен қатар Қордың портфельді компаниялары ішінде тәжірибе мен тәсілдер алмасу болып табылады.

Отырыс барысында Қордың ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы саясаты мен стратегиясын қалыптастыру мәселелері талқыланды. Осы саладағы көшбасшылық және мәдениетті арттыру бойынша міндеттер қойылып, негізгі мәселелер бойынша бірқатар шешімдер қабылданды. Сонымен қатар, менеджменттің тиімділігін бағалау жүйесін қабылдау маңызды мәселе болып табылады.

2019 жылғы 27 сәуірде «KEGOC» АҚ тарихында алғаш рет Компания қызметкерлері арасында KEGOC ENBEK RUN-2019 марафоны өтті. Спорттық іс-шаралар жыл сайын 28 сәуірде атап өтілетін халықаралық мереке — Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне арналды. Ма-рафонға қатысуға ниет білдірген Компанияның барлық қызметкерлері 5 және 10 шақы-рымдық қашықтықта өз мүмкіндіктерін сынай алды.



# Қоршаған ортаны қорғау

7-ҚАҒИДАТ

БҰҰ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

8-ҚАҒИДАТ

БҰҰ ҒАЛАМ-  
ДЫҚ ШАРТЫ

## Қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясат

«KEGOC» АҚ қоршаған ортаны қорғау қызметін өзінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарайды. Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау — «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының негізгі қағидаты.





«KEGOC» АҚ Экологиялық саясатының мақсаты бұл қоршаған ортаға теріс әсерді барынша азайту, экологиялық қауіпсіздіктің деңгейін арттыру, Қазақстан ҰЭТ-ын дамыту кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету үшін жауапкершілік, энергияны үнемдеу және Компания қызметінде табиғи және энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану болып табылады. «KEGOC» АҚ басшылығы өзіне Экологиялық саясатқа сәйкес қабылданған тұрақты түрде жақсарту және ластанудың алдын алу бойынша міндеттемелерін іске асыру, сонымен қатар «KEGOC» АҚ-ның қатысы бар өз экологиялық аспектілері бөлігіндегі қолданылатын заңнамалық және басқа да талаптарға сәйкестік үшін жауапкершілік қабылдайды. Компанияның әрбір қызметкері, сонымен қатар Компания мүдделеріне жұмыс істейтін мердігер ұйымдардың қызметкерлері «KEGOC» АҚ Экологиялық саясатымен таныстырылды.

Компанияда экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) ендірілді және ол ISO 14001 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігіне сертификатталды. ЭМЖ «KEGOC» АҚ біріктірілген менеджмент жүйесі шеңберінде жұмыс істейді. Компанияның өндірістік және шаруашылық қызметінің экологиялық аспектілеріне әсерін арттыруға мүмкіндік беретін жаңа басқару тәсілдерін қолдану оны ендіру мен жұмыс істеуінің негізгі мақсаты болып табылады. Экологиялық аспектілерді басқару «KEGOC» АҚ-да тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің элементі болып табылады.

Тиімді басқару үшін 2019 жылға «KEGOC»

АҚ экологиялық аспектілер тізілімдері әзірленді. Аспектілерді анықтаған кезде Компания қызметінің барлық экологиялық әсерінің компоненттері (энергия үнемдеу, су, топырақ, шығарындылар, қалдықтар) талданады. Экологиялық аспектілерді басқару жөніндегі іс-шаралар Компанияның 2019 жылға арналған экологиялық бағдарламасымен белгіленген. 2019 жылғы маңызды экологиялық аспектілер ретінде «құрамында ПХД бар ықтимал полихлорландырылған дифенилдер», «трансформатор майы» және «пайдаланылған трансформатор майы» анықталды. «Құрамында ПХД болуы мүмкін қалдықтар» аспектісінің маңыздылығы бұл полихлорландырылған дифенил Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай зиянды зат (қауіпсіздіктің қызыл деңгейі) болуымен негізделген. «Пайдаланылған трансформатор майы» және «трансформатор майы» аспектілерінің маңыздылығы май толтырылған жабдықтың болуына байланысты.

2019 жылы «KEGOC» АҚ-ға қатысты қаржылық және қаржылық емес санкциялар, экологиялық заңнама мен нормативтік талаптардың орындалмағаны үшін салынған айыппұлдар болған жоқ.

307-1

Компанияға қоршаған ортаға әсерге байланысты шағымдар келіп түскен жоқ.

102-44

# Атмосфералық ауаны қорғау

Нормативтерге сай, ЖЭТ филиалдарында зиянды заттар шығарындыларының (ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған) стационарлық көздері белгіленген. Стационарлық көздерден болатын шығарындыларды мониторингтеу мақсатында ЖЭТ филиалдарында 2019 жылы операциялық мониторинг (өндірістік процесс мониторингі) — жабдықтың әрбір бірлігінің жұмыс уақыты сағаттарының саны және материалдар шығысы есепке

алынды. Мамандандырылған ұйымдар өндірістік экологиялық мониторинг жүргізген кезде есептеу жолымен немесе зертханалық өлшемдер жүргізумен стационарлық көздерден болатын шығарындылар айқындалады.

2019 жылы стационарлық көздерден ластайтын заттардың жаппай шығарындылары көлемі 9,45 т (белгіленген норматив — 13,57 т) құрады.

## 2019 жылы стационарлық көздерден болған шығарындылар

«KEGOC» АҚ «ЖЭТ» филиалдары	Стационарлық көздерден болған шығарындылар, т/жыл	
	норматив	Факт
«Ақмола ЖЭТ»	0,93	0,72
«Ақтөбе ЖЭТ»	1,14	0,12
«Алматы ЖЭТ»	0,73	0,72
«Шығыс ЖЭТ»	1,42	1,42
«Батыс ЖЭТ»	0,94	0,35
«Сарыбай ЖЭТ»	0,68	0,68
«Солтүстік ЖЭТ»	1,23	0,16
«Орталық ЖЭТ»	5,18	5,18
«Оңтүстік ЖЭТ»	1,32	0,10
<b>Барлығы:</b>	<b>13,57</b>	<b>9,45</b>

Осылайша, стационарлық көздерден болатын ластайтын заттардың жаппай шығарындылары (нормативтерге қатысты) 30 %-ға азайды. Шығарындылардың азаюы («Ақмола ЖЭТ», «Ақтөбе ЖЭТ», «Алматы ЖЭТ», «Батыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ», «Оңтүстік ЖЭТ» филиалдары) мамандандырылған ұйымдар жүргізген өндірістік экологиялық мониторинг нәтижелерімен расталды.

«Климаттың өзгеруі туралы» БҰҰ Негіздемелік конвенциясының, Киот хаттамасының, Париж келісімінің және Қазақстан Республикасы экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, 2019 жылы ЖЭТ филиалдарында Компанияның қызметі шеңберінде қоршаған ортаға шығарылған парниктік газдарға түгендеу жүргізілді. Стационарлық көздерден, стационарлық



көздерге теңдестірілген мобилдік көздерден болған шығарындылар есебі жасалды. Аймақтық экология департаменттеріне 2019 жылғы парниктік газдарды түгендеу туралы есептер жіберілді және тіркелді.

102-12

«Мемлекеттік реттеу объектілері болып табылатын парниктік газдар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес көміртектің қос тотығы (CO<sub>2</sub>), метан (CH<sub>4</sub>), азоттың

шала тотығы (N<sub>2</sub>O), перфторкөміртектен (ПФК) осындай болып табылады. Стационарлық көздерден шығарылған парниктік газдарды түгендеу нәтижелері бойынша шығарындылар жылына көміртектің қос тотығы баламасында 137,91 тоннаны құрайды, осыған байланысты «KEGOC» АҚ Парниктік газдардың шығарындыларына квота бөлу жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған ұлттық жоспарға сай парниктік газдарды квоталау бойынша талаптарға ілінбейді.

#### 2019 жылы «KEGOC» АҚ стационарлық көздерінен болған парниктік газдар шығарындылары көлемі

CO <sub>2</sub> , тонна	CH <sub>4</sub> , көміртек қос тотығы тонна баламасында	N <sub>2</sub> O, көміртек қостотығы тонна баламасында	Шығарындылардың жалпы көлемі көміртек қостотығы тонна баламасында
137,86	0,00175	0,05161	137,91

«Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сай жылжымалы көздерден болған шығарындылар есептелмейді, есептемеде пайдаланылған отын көлемі көрсетіледі. Автокөлік атмосфераға шығарылатын пайдаланылған газдарының улылығы мен түтіндігіне тексерілді.

Компания өз қызметінде климаттың өзгеруіне әсер ететін озонды бұзатын заттарды шығаруды жүзеге асырмайды.

EU5

# Қалдықтарды басқару

Өндіріс қалдықтары ҚС жабдықтарын пайдалану, жөндеу және жаңғырту кезінде пайда болады. «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасының экологиялық кодексіне және «KEGOC» АҚ-да қалдықтарды басқару» ұйым стандартына сай жүзеге асырылады.

«KEGOC» АҚ-да барлық қалдықтар мыналарға байланысты бөлінген:

1) түріне қарай: тіршілік процесінде пайда болатын өндірістік және коммуналдық (қатты тұрмыстық қалдықтар);

2) қауіптілік деңгейіне байланысты (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сай):

- «жасыл» — G индексі (қауіпсіз);
- «янтарь түсті» — A индексі (қауіпті);
- «қызыл» — R индексі (қауіпті).

Қалдықтар тізбесі және олардың қауіптілік деңгейі қажеттілігіне қарай жаңартылады.

ЖЭТ филиалдары жыл сайын қалдықтарды шыққан жері бойынша түзілу процестерінің сипаттамасын, оның сандық және сапалық көрсеткіштерін, олармен жұмыс істеу ережесін, оларды бақылау әдістерін, бұл қалдықтардың қоршаған ортаға әсерінің түрлерін, қалдықтарды өндірушілер туралы мәліметтерді қоса алғанда, қалдықтардың әрбір түрі үшін паcпорт әзірлейді немесе оны түзетеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен қауіпсіз жұмыс істеу үшін ЖЭТ филиалдарында оларды уақытша қауіпсіз және бөлек сақтауға арналған жерлер белгіленген, қалдықтарды экспликациясы бар объектілердің аумағында орналастыру карта-схемасы дайындалды, бұдан әрі жою үшін уақтылы әкету қамтамасыз етіледі.

## «KEGOC» АҚ бөлімшелеріндегі қалдықтар көлемі

Көрсеткіш, тонна	2019 ж.
«жасыл» индекс G	2 538,3
«янтарь түстес» индекс A	218,7
«қызыл» индекс R	—
<b>Барлығы</b>	<b>2 757,0</b>

2019 жылы «Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Жойылуы қиын органикалық ластауыштармен және олар құрамында бар қалдықтармен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес (Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген) «KEGOC» АҚ ҚС жабдығында ПХД анықтау бойынша жұмыс жалғастырылды. ЖЭТ филиалдары құрамында ПХД бар жабдықты есепке алу тізілімін жаңартты, тізілім қоршаған ортаны қорғау жөніндегі аумақтық органдарға белгіленген мерзімде тапсырылды.

2019 жылы «KEGOC» АҚ «Ақмола ЖЭТ», «Ақтөбе ЖЭТ», «Алматы ЖЭТ», «Шығыс ЖЭТ», «Солтүстік ЖЭТ» филиалдарындағы май толтырылған жабдықта ПХД болуына зертханалық талдаулар жоспарланды және жүргізілді, олардың қорытындылары бойынша ПХД табылмады.

## Су объектілеріне әсер

Су Компанияның технологиялық процесінде пайдаланылмайды. «KEGOC» АҚ-да суды қолдану деңгейі шамалы, пайдаланылатын су көздеріне айтарлықтай әсер етпейді. Суды тұтыну және су бұру ЖЭТ филиалдарының мамандандырылған ұйымдармен жасаған шарттарына сәйкес жүргізіледі. Су объектілеріне және топыраққа лақтырындылар жүзеге асырылмайды. «KEGOC» АҚ-ның 7 филиалының объектілерінде артезиандық сумен жабдықтау бар, ұңғымалар алынған рұқсаттарға сай пайдаланылады. Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес мамандандырылған ұйымдармен жасалған шарттар бойынша ұңғымалардың тоғандарындағы жер асты суларына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Компанияның объектілеріндегі май толтырылған жабдықта пайдаланылатын трансформаторлық май, сонымен қатар суды

шаруашылық қажеттіліктерге пайдалану нәтижесінде пайда болған ағын сулар су объектілері мен топырақты ластаудың ықтимал көзі болып табылады. «KEGOC» АҚ жабдығын таңдаған кезде басым өлшемдердің бірі оның экологиялылығы болып табылады, майлы ажыратқыштарды элегазды және вакуумды ажыратқыштарға ауыстыру жоспарлы түрде жүргізіліп отыр, бұл ЖЭТ филиалдарының ҚС-да пайдаланылатын трансформаторлық май көлемін азайтуға мүмкіндік береді. Майсыз жабдықты қолдану сенімділікті, істен шыққанға дейін жұмыс істеуді, төзімділікті, өрт қауіпсіздігін арттырады, жерасты сулары мен топырақтың ластануын болдырмайды. Май толтырылған жабдық май қабылдайтын қондырғылармен немесе табандықтармен жарақталған, бұл майдың топыраққа енуін болдырмайды. Май жинағыштардың аунатқыштары тұрақты түрде тексеріліп отырады.

## Инвестициялық жобалардың іске асыру барысындағы табиғатты қорғау іс-шаралары

Компания жобаларды, соның ішінде инвестициялық жобаларды іске асырған кезде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне көшенді түрде қарайды. Жобаларды іске асыру тәуекелдерін талдау үшін әлеуметтік және экологиялық тәуекелдерді талдауды қоса алғанда, PESTEL талдауы пайдаланылады. Жүргізілген қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері есепке алынып, қоршаған орта мен адам денсаулығына зияны неғұрлым аз нұсқа қабылданады. Жобалардың тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау жобаларды іске асырудың барлық кезеңдерінде және тұрақты негізде жүзеге асырылады. Атмосфералық ауаға, жерүсті және жерасты суларына, ландшафтарға, жер ресурстары мен топырақ жамылғысына, биоалуантүрлілік және басқаларға әсері бағаланады.

Электр желілік объектілерді жобалау кезеңінде экологиялық тәуекелдерді басқару үшін оларды елді мекендерден және күзетілетін табиғи аумақтардан шалғай аумақтарда орналастырады. ӨЖ трассалары негізінен дала және шөлейт жерлер арқылы өтеді, ӨЖ үшін орман жолдарын тазарту қызметін жүзеге асырған кезде азайту іс-шараларын қамтитын Қоршаған ортаға әсер етуді бағалау (ҚОӘБ) жобасы әзірленеді. Компанияның қызметі туралы экологиялық ақпараттың ашықтығы және қол жетімділігі мақсатында ҚОӘБ жобалары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

102-11




# Энергия тиімділігі

«KEGOC» АҚ-ның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша негізгі міндеті тұтыналатын энергия ресурстары көлемін азайту, соның ішінде «KEGOC» АҚ объектілерінің жеке қажеттіліктеріне энергия ресурстары шығындарын азайту есебінен, электр энергиясын ҰЭТ арқылы жеткізу кезінде электр энергиясының техникалық ысыраптарын азайту, энергия шығындарын бақылау механизмдерін жетілдіру және Компания объектілерін электр энергиясы мен басқа да отын-энергетикалық ресурстарды есепке алу құралдарымен жабдықтау, есепке алу құралдарының деректері негізінде ақпаратты жинау процесін ұйымдастыру.

Компанияда Энергия үнемдеу және Компанияның энергия тиімділігін арттыру жөніндегі 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді. Оны іске асыру нәтижесі бойынша энергетикалық ресурстарды тұтынудың төмендеуі жоспарлы түрде 4 351 тонна шартты отын мөлшерінде болады деп күтіледі, бұл қаржылық баламада 215,1 млн. теңгені құрайды.

## «KEGOC» АҚ 2019 жылғы техникалық ысыраптары құрылымы



Компанияның энергия тұтынуы екі құрауыштан тұрады: энергия тұтынудың негізгі үлесін құрайтын жеткізуге жұмсалатын электр энергиясының технологиялық шығысы (ысырап) және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған тұтыну.

## Ұлттық электр торабы арқылы электр энергиясын жеткізуге жұмсалатын технологиялық шығыс

Қазақстанның электр энергетикалық жүйесі негізінен Солтүстік аймақта қуатты энергия көздерінің шоғырлануымен және ел аумағының үлкен болуы себепті ұзыннан ұзақ транзиттік электр жеткізу желілерінің (шамамен 1 000 км) болуымен сипатталады (транзиттердің негізгі бағыттары Қазақстанның Солтүстігі — Оңтүстігі, Павлодар облысы — Ақтөбе облысы) — бұл ел аумағының үлкен болуымен байланысты және электр энергиясының техникалық шығысы (техникалық ысыраптары) деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. «KEGOC»

АҚ-дағы техникалық ысыраптар көршілес мемлекеттердің энергия жүйелерінің жұмыс режимдеріне (электр энергиясының транзиті, экспорты мен импорты) және климаттық жағдайларына байланысты.

2019 жылы электр энергиясын желіге босатудан болған техникалық ысырап 2,869 млрд. кВт•сағ немесе 6,4%-ды құрады.

EU12

## Энергия тұтынуды қасқарту

2019 жылы отын-энергетикалық ресурстарын тұтыну, ГДж<sup>1</sup>

302-1

<b>Электр энергиясы</b>	<b>10 502 753</b>
<b>Жылу энергиясы</b>	<b>87 399</b>
<b>Отын</b>	<b>120 470</b>
<b>соның ішінде</b>	
мотор бензині	53 935
дизелді отын	62 911
табиғи газ	3 314
сұйытылған газ	310
<b>Барлығы</b>	<b>10 710 622</b>

<sup>1</sup> Джоульмен есептегенде халықаралық бірлік жүйесі қолданылды, СИ.

Электр желілері арқылы жеткізуге жұмсалатын электр энергиясының технологиялық шығысын азайту жөніндегі іс-шаралар энергия тұтынуды қысқарту тұрғысынан анағұрлым әсер етеді.

Сонымен қатар электр энергиясының технологиялық ысыраптары дегеніміз бұл электр желілері арқылы электр энергиясын жеткізген кезде орын алған, сымдар мен электр жабдықтарындағы физикалық процестермен негізделген электр энергиясының ысырабы болып табылады және

сәйкесінше, электр желілеріндегі электр энергиясының ысырабын азайту бойынша іс-шараларды жоспарлау мен өткізудің негізгі мақсаты электр энергиясының техникалық ысыраптарының нақты мәндерін олардың оңтайлы деңгейлеріне дейін жеткізу болып табылады.

Электр энергиясы ысырабын азайту бойынша іс-шараларды орындау нәтижесінде 2019 жылы электр энергиясы шығынының азаюы 4,8 млн. кВт сағ құрады.

2019 жылы электр энергиясы ысыраптарын азайту жөніндегі іс-шаралар

302-4

Іс-шара	Іс-шаралардан болатын нәтиже	
	млн кВт•сағ	ГДж
Аз жүктемелер режимінде желілердің ажыратылуы	0,390	1 404
Аз жүктемелер режимінде күштік трансформаторлардың ажыратылуы	4,394	15 818
<b>Барлығы «KEGOC» АҚ бойынша</b>	<b>4,784</b>	<b>17 222</b>

## Қайырымдылық және демеушілік

---

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры Қордың компаниялар тобының Қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы болып табылады және Қор мен барлық портфельдік компаниялардың атынан елдің әлеуметтік маңызды мәселелерін шешуге бағытталған қайырымдылық жобалары мен бағдарламаларын іске асырады.





«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры қызметінің маңызды бағыттары мыналар:

1) әлеуметтік маңызы бар жобалар:

- әлеуметтік және медициналық сектордағы адамдарға, қоғамдастықтарға көмек;
- мәдени қоғамдастықтың дамуы, өнерге және туған мәдениетке деген сүйіспеншіліктің жандануы;
- әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарды нығайту, халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға көмексету;
- Қазақстанның өңірлік бастамаларын дамытуға бағытталған жобаларды қолдау;

2) әлеуметтік және беделді жобалар:

- әлемдік аренада елдің беделін көтеретін және инвестициялық тартымдылықты арттыруға ықпал ететін жобаларды іске асыру;
- бейінді шаралар мен сұхбат алаңдарына қатысу;
- әлеуметтік-имидждік жобаларды қолдау;

3) «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы қатысатын өңірлердегі әлеуметтік инвестициялар;

4) корпоративтік еріктілік.

Сонымен қатар, 2019 жылы «Алматы ЖЭТ» филиалының Жастар кеңесі Алматы облысындағы № 1 балалар үйіне көмек көрсету мақсатында қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Жиналған қаражатқа техника, сынып бөлмелері мен ұйықтайтын бөлмелерді жөндеуге арналған құрылыс материалдары, оқу жылына арналған кеңсе тауарлары, жеке жабдықталған рюкзактар, жемістер мен шайға арналған тәттілер сатып алынды. Сонымен қатар McDonalds мейрамханасында мерекелік дастархан ұйымдастырылды. Балалар көптеген жағымды эмоциялар алды. Балалар үйінің ұжымы біздің қызметкерлерге жылы лебіздерін білдіріп, балалардың қолымен жасалған бұйымдарды ұсынды.

Жеңіс күнін мерекелеу құрметіне, Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен оларға теңестірілген адамдарға және Энергетик күні кәсіби мерекесі қарсаңында «KEGOC» АҚ-ның есебінде тұрған, жұмыс істемейтін зейнеткерлерге материалдық көмек көрсетіледі. Осы мақсатта 2019 жылы 62,2 млн теңге мөлшерінде қаржылық көмек көрсетілді.

## Байланыс

**«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы»  
(Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «КЕГОС» АҚ**

**Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,  
Тәуелсіздік даңғ., 59-ғимарат**

Тел.: +7 (7172) 69-38-24, 69-02-03

Факс: +7 (7172) 69-04-55

E-mail: kegos@kegos.kz

Web: www.kegos.kz

102-3

**Инвесторлармен байланыс  
жөніндегі департамент**

Көккөзова Қалила Танатқызы

Тел.: +7 (7172) 69-02-92

E-mail: kokkozova@kegos.kz

**Комплаенс-офицер**

Аманбеков Ғалым Берлібекұлы

Тел.: +7 (7172) 69-07-70

E-mail: amanbekov@kegos.kz

**Омбудсмен**

Рахимов Ришат Ахметұлы

Тел.: +7 (7172) 69-05-31

E-mail: rakhimov@kegos.kz

**«КЕГОС» АҚ Жылдық есебі  
бойынша сұрақтар үшін**

**Корпоративтік даму департаменті**

Арпабекова Жанар Бақытбекқызы

Тел.: +7 (7172) 69-04-34

E-mail: arpabekova@kegos.kz

**АУДИТОР**

«Эрнст энд Янг» ЖШС,

Қазақстан Республикасы, 050060,

Алматы қ., Өл-Фараби даңғ., 77/7

(«Есентай тауэр»)

Тел.: +7 (727) 258-59-60

Факс: +7 (727) 258-59-61

E-mail: almaty@kz.ey.com

**ТІРКЕУШІ**

«Бағалы қағаздардың орталық  
депозитарии» АҚ,

Қазақстан Республикасы, 050051,

Алматы қ., «Самал-1» шағын ауданы, 28

Тел.: +7 (727) 262-08-46, 355-47-60

E-mail: ccmail@kacd.kz, csd@kacd.kz

102-53

## Глоссарий

<b>АҚ</b>	акционерлік қоғам
<b>АҚ</b>	ақпараттық қауіпсіздік
<b>АД</b>	«KEGOC» АҚ Атқарушы дирекциясы
<b>ААОЖ</b>	аварияға қарсы автоматиканың орталықтандырылған жүйесі
<b>ӘБП</b>	әкімшілік-басқару персоналы
<b>БЭЖ</b>	Біртұтас электр энергетикалық жүйе
<b>БМЖ</b>	біріктірілген менеджмент жүйесі
<b>БАҚ</b>	бұқаралық ақпарат құралдары
<b>БҰҰ</b>	Біріккен Ұлттар Ұйымы
<b>ГЭС</b>	Гидроэлектростанция
<b>ҒЗТҚЖ</b>	ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелер
<b>ЕҚ</b>	еңбекті қорғау
<b>ЕҰ</b>	еншілес ұйымдар
<b>ЖҚАР</b>	жиілік пен қуат ағынын автоматты реттеу
<b>ЖЖ</b>	жоғары вольттық желілер
<b>ЖЭК</b>	жаңартылатын энергия көздері
<b>ЖО ҰДО</b>	«KEGOC» АҚ «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» филиалы
<b>ЖЭК жөніндегі ҚЕО</b>	«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы есеп айырысу орталығы» ЖШС
<b>ЖЭТ</b>	«KEGOC» АҚ «Жүйеаралық электр желілері» филиалдары
<b>ЖШС</b>	жауапкершілігі шектеулі серіктестік
<b>ЖЭО</b>	жылу электр орталығы
<b>Компания</b>	«KEGOC» АҚ
<b>«KEGOC» АҚ</b>	«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) «KEGOC» акционерлік қоғамы
<b>кВт•сағ</b>	киловатт-сағат
<b>кВ</b>	киловольт
<b>КҚ</b>	кәсіби қауіпсіздік

<b>КҚДСМЖ</b>	Кәсіби қауіпсіздік және денсаулық сақтау менеджменті жүйесі
<b>ҚНК</b>	қызметтің негізгі көрсеткіші (-тері)
<b>ҚЕХС</b>	қаржылық есептеменің халықаралық стандарттары
<b>ҚҚС</b>	қосымша құн салығы
<b>ҚОҚ</b>	қоршаған ортаны қорғау
<b>ҚС</b>	қосалқы станция
<b>ҚМЖ</b>	құрылыс-монтаждау жұмыстары
<b>Қор</b>	«Самұрық-Қазына» АҚ
<b>ҚОӘБ</b>	қоршаған ортаға әсерді бағалау
<b>МАЭС</b>	мемлекеттік аудандық электр станциясы
<b>МВА</b>	мегавольт-ампер
<b>МВт</b>	мегаватт
<b>ӨП</b>	өндірістік персонал
<b>ӨДО</b>	өңірлік диспетчерлік орталық
<b>ӨЭК</b>	өңірлік электр желілік компания
<b>ПХД</b>	полихлордефинил
<b>«Самұрық-Қазына» АҚ</b>	«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
<b>ТОБЖ</b>	талшықты-оптикалық байланыс желісі
<b>ТМРК</b>	Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу комитеті
<b>ТМД</b>	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
<b>ТБЖ</b>	тәуекелдерді бсқару жүйесі
<b>ТЭН</b>	техникалық-экономикалық негіздеме
<b>ҰЭТ</b>	Ұлттық электр торабы
<b>Филиалдар</b>	«KEGOC» АҚ ЖЭТ және ЖО ҰДО филиалдары
<b>ХҚИ</b>	Халықаралық қаржы институттары
<b>ІАҚ</b>	Ішкі аудит қызметі
<b>ІНҚ</b>	Ішкі нормативтік құжаттар
<b>ЭЖЖ</b>	электр жеткізу желілері
<b>ЭҚР ПУЛ</b>	Қазақстанның электр қуаты резервтерінің пулы
<b>ЭМЖ</b>	экологиялық менеджмент жүйесі

# Қосымшалар

---







# 1-қосымша.

## Есеп туралы

Осы «KEGOC» АҚ-ның 2019 жылғы есебі тұрақты даму саласындағы жұмысты қоса алғанда, барлық негізгі бағыттар бойынша Компания қызметіне кешенді шолуды білдіреді. Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы ақпарат «KEGOC» АҚ оны он бір жыл бойы (2009 жылдан бастап) дәстүрлі ұсынып келе жатқан түрде және көлемде берілген. Компания жыл сайын тұрақты даму туралы ақпаратты шығару тәжірибесін жалғастыруда.

102-52

«KEGOC» АҚ-ның бұған дейінгі тұрақты даму саласындағы 2018 жылғы есебін «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесі бекітті және 2019 жылғы маусымда жарияланды. Компанияның барлық есептері «KEGOC» АҚ-ның ресми сайтында орналастырылған.

102-51

«KEGOC» АҚ сыртқы тәуелсіз тарапты 2011 жылдан бастап Есепте берілген ақпараттың GRI стандарттарына сәйкестігін растау үшін жыл сайын тартып отырды. Алайда Компанияның алғаш рет эксперимент ретінде Жылдық есеп пен Тұрақты даму туралы есепті бір есепке біріктіруге тырысуы себепті, осы 2019 жылғы есепке аудит жүргізу үшін тәуелсіз тарапты тартпайды. «KEGOC» АҚ алдағы уақытта мүмкіндігіне қарай тұрақты даму туралы есептемені тәуелсіз куәландыру тәжірибесін жалғастыратын болады.

102-56

Бұның алдындағы есеппен салыстырғанда тұрақты даму мәнмәтінінде есептеме

шекараларында өзгерістер болған жоқ; «KEGOC» АҚ осы Есепті жалпы корпоративтік деңгейде дайындады — осы Есепте берілген деректер «KEGOC» АҚ еншілес ұйымдарының — «Энергоинформ» АҚ және «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС мәліметтерін қамтиды.

102-45 | 102-49

Осы Есепке енгізілген тұрақты даму туралы ақпарат GRI («Сәйкестіктің негізгі нұсқасы») стандарттарына сәйкес дайындалды және Компанияның 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алған кезеңдегі тиісті қызметін сипаттайды.

## Тұрақты даму мақсаты (ТДМ)

Осы есепте «KEGOC» АҚ-ның БҰҰ Ғаламдық шарты қағидаттарын ұстанатынын растайтын ақпарат, сонымен қатар Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған күн тәртібі аясында 2015 жылы БҰҰ-ға мүше барлық мемлекеттер қабылдаған тұрақты даму мақсаттары бойынша жұмыс туралы ақпарат бар.

102-12 | 102-54 | 102-50

Біз кез-келген бизнестің ТДМ-ге қол жеткізуіне қосатын басты үлесі — жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерінде, салықтар және әлеуметтік-экономикалық дамуда, сонымен қатар экологияға қамқорлықпен қарауда болып табылады. Сонымен қатар, нақты және ұзақ мерзімді оң өзгерістерге біздің қоршаған ортаға әсерімізді (кең мағынада) басқаруды, мақсатты әрекет етуді, негізгі ойыншылармен және мүдделі тараптармен ынтымақтастықты және біздің күш-жігерімізді кеңейтуді есепке алумен ғана қол жеткізуге болады.

Біз әрбір жылда өз қызметімізбен тығыз байланысы бар нақты ТДМ-мен жұмыс туралы хабарлап тұрамыз. Сонымен қатар, біз жағдайды өзгерту үшін басымдылығы өте жоғары салаларға талдау жүргіземіз. Біз қай жерде теріс әсер болатынын қарастырамыз, сонымен қатар мүдделі тараптармен бірге жағымды өзгерістер жасаудың бірегей мүмкіндіктері бар бағыттарды іздейміз. Бағалау шеңберінде біздің құн құру тізбегіміз үшін мақсаттар мен міндеттердің өзектілігі, біздің жауапкершілікпен және тұрақты дамуға талпынысымызға сәйкестік, бізде өзгерістерді ынталандыру үшін дағдыларымызды, құзыреттеріміз бен ресурстарымызды пайдалана білу қабілетіміздің болуы және біздің мүдделі тараптар үшін мәселелердің маңыздылығы сияқты факторлар талданады.

Төменде жұмыс жүргізілген осы жылға арналған негізгі ерекше ТДМ көрсетілген.



**Бөлім: «Персоналды дамыту»**  
128 бет.

**Бөлім: «Энергия тиімділігі»**  
148 бет.

**Бөлім: «Кадрлық әлеует»**  
118 бет.

**Бөлім: «Өндірістік қызмет»**  
46, 50 бет.

**БҰҰ Ғаламдық шарты қағидаттарының сақталуы туралы**

<b>Ғаламдық шарт қағидаттары</b>	<b>бет</b>
<b>Адам құқығы саласындағы қағидаттар</b>	
<b>1-қағидат.</b> Искери орта халықаралық деңгейде жарияланған адам құқығын қорғауды қолдауы және құрметтеуі тиіс.	130
<b>2-қағидат.</b> Искери ортаның адам құқығының бұзылуына қатысы болмауы тиіс.	130
<b>Еңбек қатынастары саласындағы қағидаттар</b>	
<b>3-қағидат.</b> Искери орта бірігу еркіндігін және ұжымдық шарттар жасау құқығын нақты тануды қолдауы тиіс.	123
<b>4-қағидат.</b> Искери орта мәжбүрлі және міндетті еңбектің барлық нысандарын жою үшін әрекет етуі тиіс.	118
<b>5-қағидат.</b> Искери орта балалар еңбегін пайдалануды түбірімен жою үшін әрекет етуі тиіс.	120
<b>6-қағидат.</b> Искери орта жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жою үшін әрекет етуі тиіс.	118
<b>Қоршаған ортаны қорғау саласындағы қағидаттар</b>	
<b>7-қағидат.</b> Искери орта сақттық қағидаттарына негізделген экологиялық мәселелерге деген көзқарасты қолдауы тиіс.	140
<b>8-қағидат.</b> Искери орта қоршаған ортаның жай-күйіне жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолдануы тиіс.	140
<b>9-қағидат.</b> Искери орта экологиялық қауіпсіз технологияларды дамыту мен таратуға көмектесуі тиіс.	148
<b>Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қағидаттар</b>	
<b>10-қағидат.</b> Искери орта бопсалау мен пара алушылықты қоса алғанда, жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы тұруы тиіс.	99

## Есепті жасау қағидаттары

Тұрақты даму саласындағы қызмет туралы есептемеге жататын Жылдық есеп бөлігін дайындаған кезде Компания мынадай қағидаттарды ұстанады:

<b>Маңыздылық</b>	«KEGOC» АҚ Есепке Компанияның экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін маңызды әсерін көрсететін тақырыптарды енгізеді. «KEGOC» АҚ-ның тұрақты дамуы саласындағы ашып көрсетуге арналған өте өзекті тақырыптарды айқындау үшін маңыздылыққа, соның ішінде сыртқы және ішкі стейкхолдерлерге: «KEGOC» АҚ тұтынушыларына, қызметкерлеріне, акционерлеріне жүргізілген сауалнама негізінде талдау жасалды.
<b>Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл</b>	Компания «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген электрондық почта мен телефондар арқылы жіберілетін хабарламалар мен жарияланымдарды қоса алғанда, әртүрлі арналар арқылы тұрақты даму саласындағы есептерді жариялау нәтижелері бойынша кері байланыс алып отырады. Жиналған түсіндірмелер мен тілектер кезекті есепті дайындаған кезде ескеріледі.
<b>Тұрақты даму мәнмәтіні</b>	Есептегі мәліметтер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құрауыштарды қоса алғанда, «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде белгіленген тұрақты даму мәнмәтінінде берілген. «KEGOC» АҚ Даму стратегиясында тұрақты даму саласындағы мақсаттар, міндеттер, негізгі бастамалар мен стратегиялық ҚНҚ айқындалған, 2019 жылы оларға қол жеткізілгені туралы ақпарат осы Есепке енгізілді.
<b>Толықтығы</b>	Осы Есеп саланың ерекшелігін есепке ала отырып, экономикаға, қоршаған орта мен қоғамға барлық айтарлықтай әсерлері бойынша барлық «Жүйеаралық электр тораптары» филиалдарының (ЖЭТ филиалдары), «Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы» (ЖО ҰДО) филиалының, Ақарушы дирекцияның, еншілес ұйымдардың (ЕҰ) қызметтері туралы ақпараттан тұрады. Ақпараттың қайталануын болдырмау үшін бірқатар жағдайларда «KEGOC» АҚ интернет-сайтына немесе қолжетімді жария құжаттарға сілтеме жасалады.
<b>Теңгерімділік</b>	Осы Есепте «KEGOC» АҚ қызметі нәтижелілігінің оң және теріс тақырыптары көрсетілген. Осы есепте ашып көрсетілген жеке-ленген көрсеткіштер соңғы үш жылдағы динамикамен берілген.
<b>Салыстырмалылық</b>	Осы Есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған, бұл мүдделі тұлғаларға «KEGOC» АҚ қызметін басқа ұйымдардың қызметтерімен салыстыруға мүмкіндік береді.
<b>Дәлдік пен сенімділік</b>	Осы Есепте ұсынылған ақпарат Есептің экономикаға қатысты бөлімдерін дайындаған кезде құжатпен расталған деректер негізінде жинақталды, ҚЕХС-қа сәйкес жасалған аудиттелген қаржылық есептемелер пайдаланылды.
<b>Уақтылық</b>	Осы Есеп жоспарлы сипатта дайындалған, есептік жылдан кейінгі жылдың екінші тоқсанында жарияланады.
<b>Айқындылық</b>	«KEGOC» АҚ осы Есептің көптеген мүдделі тұлғалардың кең ортасында түсінікті және қолжетімді болуын қамтамасыз етуге тырысады.

## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және маңыздылықты бағалау


Компанияның стратегиялық мақсаттарына жеткізу үшін:

- стейкхолдерлермен өзара іс-қимылдың тиімді жұмыс істейтін саясатының болуы;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өзара тиімді ынтымақтастыққа қол жеткізу,
- стейкхолдерлердің Даму стратегиясын іске асырудағы барлық нақты тәуекелдерді барынша азайту және жою бойынша Компанияның қабылдаған шараларын түсінуіне қол жеткізу;
- мүдделі тараптар үшін Компания қызметі туралы сенімді ақпарат көзін құру және стейкхолдерлердің нысаналы топтарына «KEGOC» АҚ қызметі туралы шынайы ақпаратты жедел жеткізуді қамтамасыз ету.

«KEGOC» АҚ Компанияның барлық құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп анықталған мүдделі тараптар (стейкхолдерлер) тобын, сондай-ақ олардың Компанияның Даму стратегиясының мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі дәрежесін және бес балдық шкала бойынша Компания қызметінің оларға әсер ету дәрежесін анықтады. Сонымен бірге, талдау қорытындыларын шығарған кезде «сарапшылардың», яғни стейкхолдерлердің нақты топтарымен тікелей өзара әрекет ететін құрылымдық бөлімшелердің пікірлеріне ерекше назар аударылды.

«KEGOC» АҚ олармен үнемі ашық сұхбаттасады және «KEGOC» АҚ қызметі туралы, оның ішінде тұрақты даму саласындағы ақпараттарды үнемі жариялайды. Компания Стейкхолдерлер картасын, өзара іс-қимылдың негізгі арналарын анықтайтын Коммуникациялық стратегияны, сонымен қатар жыл сайын Даму стратегиясын іске асыруды қолдау мақсатында барлық мүдделі тараптармен байланыс жоспарын бекітті.

### Стейкхолдерлер картасы



## Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

102-40 102-42 102-43

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл қағидаттары	Өзара іс-қимыл арналары
<b>1. Акционерлер</b>	<p>Компанияның акционерлермен өзара іс-қимыл жөніндегі қызметі «KEGOC» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде және Жарғысында бекітілген акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.</p>	<p>Компанияның жылдық және аралық есептемесін, акционерлердің жалпы жиналыстарын, корпоративтік оқиғалар, мәмілелер туралы ақпаратты, акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу туралы ақпаратты, инвестициялық қауымдастықпен кездесулер өткізу туралы ақпаратты жариялау, өтініштерге жауаптар. 2019 жылғы 1 қаңтар мен 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде акционерлерден «KEGOC» АҚ және оның лауазымдық тұлғаларының іс-қимылдарына қатысты шағымдар түспеді.</p>
<b>2. Қаржыландыру топтары</b>	<p>Компания инвесторларға қатысты өз қаржылық міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды және өзара сенімге негізделген ұзақ мерзімді өзара іс-қимылға ұмтылады.</p>	<p>Компанияның жылдық және аралық есептемесін жариялау, мерзімдік есептемені ХҚИ-ға жіберу және қарыз қаражаттарын тарту арқылы іске асырылатын жобалар шеңберінде ХҚИ делегацияларының сұраулары, кездесулері, миссиясы мен сапарлары бойынша ақпаратты жариялау, ақпаратты веб-сайтта орналастыру.</p>
<b>3. Билік органдары және бақылаушы органдар</b>	<p>«KEGOC» АҚ Қазақстан Республикасының стратегиялық объектісі және табиғи монополиялар субъектісі бола отырып, мемлекет алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді, құқықтық және этикалық міндеттемелерді орындауға, сонымен қатар заңнама нормаларын сақтауға тырысады.</p>	<p>Тұрақты есептеме, құқықтық актілерді, бағдарламалық және салалық құжаттарды әзірлеуге қатысу, жұмыс кездесулері, сұрауларға жауаптар, жедел кеңестер.</p>
<b>4. Кәсіби және сараптамалық ұйымдар, қоғамдық ұйымдар, БАҚ</b>	<p>«KEGOC» АҚ интеграцияны тереңдету тетіктеріне және Қазақстан Республикасы мен одан тысқары жерлердегі электр энергетикасын дамытудың үйлестірілген стратегиясын әзірлеуге назар аудара отырып, халықаралық, өңірлік және республикалық салалық ұйымдардың мүшесі мен қатысушысы болып табылады. Компания жеделдік, шынайылық, қолжетімділік және теңгерімділік қағидаттарына сүйене отырып, өзара іс-қимыл мен ақпаратты ашу есебінен БАҚ-та бедел капиталы мен оң имиджін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.</p>	<p>Электр энергетикалық ұйымдардың қызметіне, бағдарламалық және салалық құжаттар мен бастамаларды әзірлеуге белсенді қатысу, инвестициялық жобалар бойынша қоғамдық тыңдалымдарды өткізу; қызмет туралы ақпаратты веб-сайтта, БАҚ-та ашып көрсету, сұрауларға жауаптар, брифингтер, баспасөз конференцияларын өткізу.</p>
<b>5. Жеткізушілер</b>	<p>Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру кезінде Компания мына қағидаттарды негізге алады: сатып алу процестерінің жариялылығы мен ашықтығы; сапалы тауарлар, жұмыстар, қызметтер сатып алу; барлық әлеуетті жеткізушілерге мүгедектер ұйымдарын қолдаған жағдайда теңдей мүмкіндіктер ұсыну; әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік; қабылданатын шешімдерді бақылау және оларға жауапкершілік; сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын барынша азайту.</p>	<p>Шарттық міндеттемелерді орындау, тендерлік құжаттамалардың жобаларын әлеуетті жеткізушілермен алдын ала талқылау, сатып алу қызметі туралы хабардар ету.</p>

102-44

Стейкхолдерлер	Өзара іс-қимыл қағидаттары	Өзара іс-қимыл арналары
<b>6. Тұтынушылар</b>	Компанияда тұтынушыға назар аудару қағидаты ендірілген және сақталады, тұтынушылардың талаптарын айқындау және орындау тетігі құрылып, қамтамасыз етілген.	Тұтынушылардың қанағаттануын бағалау, көпшілік тыңдалымдар, тұтынушылар алдындағы жыл сайынғы есеп, тұтынушылармен кездесулер, қатысу өңірлері бойынша бос қуаттарға қол жеткізу рәсімі мен болуы веб-сайтта жариялау тұрақты жүргізіліп отырады.
<b>7. Персонал</b>	Компания өз қызметкерлерін құрметтейді және бағалайды, персоналдың қажеттілігі мен мұқтаждықтарын назарға алады, персонал үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын, еңбекақы мен әлеуметтік жеңілдіктерді төлеудің лайықты деңгейін, кәсіби оқыту мен дамуды қамтамасыз етуге тырысады.	Менеджменттің ұжыммен өткізетін жыл қорытындысы мен алдағы жылға арналған жоспарлар бойынша есептік кездесулері, қызметкерлердің өзекті мәселелер бойынша пікірін сұрау, ішкі портал арқылы ақпарат беру және кері байланыс, қызметкерлердің әлеуметтік тұрақтылығы мен қатыстырылу деңгейі рейтингін жыл сайын зерттеу, омбудсмен институты, қызу желі.
<b>8. Еншілес ұйымдар</b>	Компания корпоративтік басқарудың тиімді тетіктеріне негізделген еншілес ұйымдарды теңгерімді дамытуға тырысады.	Өзара іс-қимыл корпоративтік рәсімдер шеңберінде өткізіледі. «KEGOC» АҚ ЕҰ басқару органдарында өкілдер арқылы басқаруды жүзеге асырады, ЕҰ қызметіне әдіснамалық қолдау көрсетеді.
<b>9. Шектес мемлекеттердің энергия жүйелері</b>	Қазақстан Республикасы мен шектес мемлекеттердің қатарлас жұмысын қамтамасыз ету үшін Компания Ресей Федерациясымен және Орталық Азия елдерімен өзара пайдалы және тиімді ынтымақтастыққа ұмтылады.	Тұрақты негізде кездесулер өткізу (ОА ҰЭК, ТМД Электр энергетикалық кеңесі, Еуразиялық экономикалық одақ және басқалар), энергия жүйелері жұмысының режимдері мен нормативтік құжаттаманы келісу.

## Маңыздылықтың талдауы

Компания Жылдық есепте мүдделі тұлғалар үшін өзекті және маңызды ақпаратты көрсетуге тырысады. Осы Жылдық есепті әзірлеу үшін «KEGOC» АҚ тұрақты даму саласындағы ашып көрсетілетін тақырыптардың маңыздылығына талдау жүргізді. Маңызды тақырыптарды айқындаған кезде Компанияны басқару ерекшеліктерін, Компанияның экономикалық тиімділігі, адам құқығын сақтау, Компанияның қоғамға және экологияға әсері мәселелерін қамтитын барынша толық тізім салалық ерекшелік есепке алына отырып, қаралды. Сонымен бірге осы Жылдық есепте ашу үшін барынша өзекті тақырыптарды айқындау мақсатында сырттағы стейкхолдерлерге — «KEGOC» АҚ қызметтерін тұтынушыларға (48 ұйым), ішкі стейкхолдерлерге — Компания қызметкерлеріне (165 адам), сонымен қатар акционерлерге (109 адам) 5 баллдық шкала бойынша сауалнама-бағалау жүргізілді. Стейкхолдерлерге жүргізілген сауалнама нәтижесі негізінде «KEGOC» АҚ стейкхолдерлерін қызықтыратын және оларға әсер ететін (4,0 жоғары бағасы бар) 17 тақырып анықталды. Бұл тақырыптарды Тұрақты даму және БМЖ жөніндегі үйлестіру кеңесі бағалады және осы Жылдық есепте ашып көрсету үшін маңызды болып белгіленді.



**Маңыздылық матрицасы**

Осылайша, осы Есепте ашылатын маңызды тақырыптардың тізімі мыналарды қамтиды:

102-47

**Экономикалық тақырыптар:**

201 Экономикалық нәтижелік  
202 Нарықта болу  
205 Жемқорлыққа қарсы күрес  
EU8 ҒЗТКЖ  
EU 12 Энергия жүйесінің тиімділігі

412 Адам құқықтарының сақталуын бағалау  
EU21 Табиғат апатына/төтенше жағдайға қарай іс-қимыл және әрекет ету жоспары  
419 Заңнама талаптарына сәйкестік  
EU 28-29 Қол жетімділік

**Экологиялық тақырыптар:**

302 Энергия  
307 Экологиялық талаптарға сәйкестігі

2018 жылғы Тұрақты даму туралы есепте ашып көрсетілген тақырыптармен (аспектілермен) салыстырғанда, «Дайындық және білім», «Алуан түрлілік және теңдей мүмкіндіктер», «Адам құқықтарының сақталуын бағалау» тақырыптарын стейкхолдерлер маңызды болып белгілеген, ал «Сыбайлас жемқорлыққа кедергі», «Денсаулық және тұтынушы қауіпсіздігі» тақырыптары 2019 жылғы жылдық есепте ашып көрсету үшін маңыздылығын тоқтатты.

102-44 102-49

**Әлеуметтік тақырыптар:**

401 Жұмыспен қамту мәселелері  
402 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы  
403 Денсаулық және қауіпсіздік  
404 Дайындық және білім  
405 Алуан түрлілік және теңдей мүмкіндіктер  
406 Қысымшылықты болдырмау

## 2-қосымша. Индикаторлар

### Кадрлық әлеует

404-1 | 404-3

Көрсеткіш	Өлшем бірл.	2017	2018	2019	2019/2018	2019/2018,%
<b>Кадрлық көрсеткіштер</b>						
Қызметкерлердің тізім бойынша саны	адам	4731	4797	4819	22	0,5%
<b>соның ішінде:</b>						
Ерлер	адам	3463 (73,2%)	3499 (72,9%)	3502 (72,7%)	3	0,1%
Әйелдер	адам	1268 (26,8%)	1298 (27,1%)	1317 (27,3%)	19	1,5%
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	88	85	90	5	5,9%
Персоналдың қатыстырылу индексі	%	69	69	74	5	7,2%
<b>Даму және оқу</b>						
Бір қызметкерге есептегенде оқу сағаттарының орташа жылдық саны	сағат	39,2	37,9	25,2	-12,7	-33,5%
<b>соның ішінде:</b>						
Ерлер	сағат	38,8	39,8	25,9	-13,9	-34,9%
Әйелдер	сағат	41,3	41,7	21,3	-20,4	-48,9%
ӘБП	сағат	44,2	48,0	18,9	-29,1	-60,6%
ӨП	сағат	38,3	36,2	26,3	-9,9	-27,3%

### Жалдау шарты және жынысы бойынша бөліп көрсетумен қызметкерлердің жалпы саны, адам, 31.12.2019 ж.

102-8

Бөлімше	Толық жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, адам			Толық емес жұмыс күні жұмыс істейтіндер, адам			Барлығы
	барл.	ерл.	әйел	барл.	ерл.	әйел	барл.	ерл.	әйел	
«Ақмола ЖЭТ»	577	468	109	-	-	-	5	4	1	582
«Ақтөбе ЖЭТ»	254	204	50	-	-	-	-	-	-	254
«Алматы ЖЭТ»	472	389	83	5	5	-	-	-	-	477
«Шығыс ЖЭТ»	295	233	62	-	-	-	2	2	-	297
«Батыс ЖЭТ»	227	178	49	39	39	-	-	-	-	227
«Сарыбай ЖЭТ»	426	349	77	-	-	-	1	1	-	427
«Солтүстік ЖЭТ»	384	283	101	-	-	-	6	5	1	390
«Орталық ЖЭТ»	403	322	81	6	6	-	3	3	-	412
«Оңтүстік ЖЭТ»	435	361	74	-	-	-	1	1	-	436
ЖО ҰДО	90	53	37	-	-	-	2	-	2	92
Атқарушы дирекция	384	194	190	-	-	-	2	-	2	386
«Энергоинформ» АҚ	786	419	367	6	2	4	10	-	10	802
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	37	20	17	-	-	-	-	-	-	37
<b>Барлығы</b>	<b>4 770</b>	<b>3 473</b>	<b>1 297</b>	<b>56</b>	<b>52</b>	<b>4</b>	<b>32</b>	<b>16</b>	<b>16</b>	<b>4 819</b>

**Жұмыспен қамту түрі және жынысы бойынша бөліп көрсетумен қызметкерлердің жалпы саны, адам, 31.12.2019 ж.**

102-8

Бөлімше	Тұрақты қызметкерлер, адам			Уақытша қызметкерлер*, адам			Барлығы
	барлығы	ерл.	әйел	барлығы	ерл.	әйел	
«Ақмола ЖЭТ»	546	453	93	36	19	17	582
«Ақтөбе ЖЭТ»	250	201	49	4	3	1	254
«Алматы ЖЭТ»	461	388	73	16	6	10	477
«Шығыс ЖЭТ»	291	232	59	6	3	3	297
«Батыс ЖЭТ»	221	176	45	6	2	4	227
«Сарыбай ЖЭТ»	421	350	71	6	-	6	427
«Солтүстік ЖЭТ»	381	288	93	9	-	9	390
«Орталық ЖЭТ»	407	329	78	5	2	3	412
«Оңтүстік ЖЭТ»	426	358	68	10	4	6	436
ЖО ҰДО	92	53	39	-	-	-	92
Атқарушы дирекция	366	191	175	20	3	17	386
«Энергоинформ» АҚ	798	421	377	4	-	4	802
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	37	20	17	-	-	-	37
<b>Барлығы</b>	<b>4 697</b>	<b>3 460</b>	<b>1 237</b>	<b>122</b>	<b>42</b>	<b>80</b>	<b>4 819</b>

\* Уақытша қызметкерлер дегеніміз бұл Компанияға уақытша бос лауазымдық орынға қабылданған (ішкі ауысудан басқа) қызметкерлерді білдіреді.

**Өңірлер мен жынысы бойынша бөліп көрсетумен жұмыс күшінің жалпы саны, адам, 31.12.2019 ж.**

102-8

Бөлімше	олардың ішінде	
	ерлер	әйелдер
«Ақмола ЖЭТ»	472	110
«Ақтөбе ЖЭТ»	204	50
«Алматы ЖЭТ»	394	83
«Шығыс ЖЭТ»	235	62
«Батыс ЖЭТ»	178	49
«Сарыбай ЖЭТ»	350	77
«Солтүстік ЖЭТ»	288	102
«Орталық ЖЭТ»	331	81
«Оңтүстік ЖЭТ»	362	74
ЖО ҰДО	53	39
Атқарушы дирекция	194	192
«Энергоинформ» АҚ	421	381
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	20	17
<b>Барлығы</b>	<b>3 502</b>	<b>1 317</b>

## Персонал тұрақсыздығы құрылымы

401-1

Бөлімше	01.01.2019 жай-күй бойынша жұмыста болғаны			31.12.2019 жай-күй бойынша жұмыста			01.01.2019 – 31.12.2019 аралығындағы тұрақтамау		
	бар-лығы	соның ішінде		бар-лығы	соның ішінде		бар-лығы	соның ішінде	
		ерлер	әйелдер		ерлер	әйелдер		ерлер	әйелдер
Атқарушы дирекция	381	198	183	386	194	192	7.61	20.62	9.38
ЖО ҰДО	92	55	37	92	53	39	6.52	9.26	2.63
«Ақмола ЖЭТ»	571	468	103	582	472	110	8.32	8.94	5.63
«Ақтөбе ЖЭТ»	253	204	49	254	204	50	5.51	5.88	4.04
«Алматы ЖЭТ»	477	393	84	477	394	83	7.72	7.12	10.78
«Шығыс ЖЭТ»	299	233	66	297	235	62	5.67	6.41	3.13
«Батыс ЖЭТ»	224	175	49	227	178	49	10.62	11.90	6.12
«Сарыбай ЖЭТ»	420	345	75	427	350	77	4.25	4.60	2.63
«Солтүстік ЖЭТ»	388	290	98	390	288	102	6.39	6.92	5.00
«Орталық ЖЭТ»	421	333	88	412	331	81	4.29	4.22	4.73
«Оңтүстік ЖЭТ»	434	358	76	436	362	74	2.30	1.94	4.00
«Энергоинформ» АҚ	811	432	379	802	421	381	12,01	13,36	9,74
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	26	14	12	37	20	17	40.63	35.29	48.28
<b>Барлығы</b>	<b>4 797</b>	<b>3 498</b>	<b>1 299</b>	<b>4 819</b>	<b>3 502</b>	<b>1 317</b>	<b>7.36</b>	<b>7.73</b>	<b>7.48</b>

\* Тұрақтамау көрсеткіші «Самұрық-Қазына» АҚ әдістемесі бойынша есептелген, соған сай өз еркімен жұмыстан кеткен қызметкерлер саны ғана есепке алынады. Тұрақтамауды есептеген кезде мынадай қызметкерлер есепке алынбайды: «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялары тобы шегінде тараптарға байланысты емес жағдайлар бойынша, жұмыс берушінің бастамасы бойынша, еңбек шарты мерзімінің бітуі бойынша, қызметкерлер саны қысқартылған жағдайда, еңбек шарты тоқтатылған жағдайда, қызметкердің сайлаулы жұмысқа (лауазымға) ауысуына немесе оның лауазымға тағайындалуына байланысты еңбек шарты бұзылған жағдайда.

## Компанияның жалданған қызметкерлері және жұмыстан кеткен қызметкерлері саны

404-1

Көрсеткіш	2017		2018		2019/2018		2019/2018,%	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
<b>Жалданған қызметкерлердің жалпы саны барлығы</b>	<b>447</b>	<b>9,45</b>	<b>523</b>	<b>10,9</b>	<b>590</b>	<b>12,24</b>	<b>67</b>	<b>12,8%</b>
<b>жасы бойынша</b>								
30 жасқа дейін	235	4,97	256	5,34	261	5,42	5	1,9%
31-ден 50 жасқа дейін	174	3,68	226	4,71	250	5,19	24	10,6%
51 жас және одан жоғары	38	0,8	41	0,85	79	1,64	38	92,7%
<b>жынысы бойынша</b>								
Ерлер	289	6,11	361	7,53	404	8,38	43	11,9%
Әйелдер	158	3,34	162	3,38	186	3,86	24	12,9%
<b>өңірлер бойынша</b>								
Атқарушы дирекция	77	1,63	52	1,08	59	15,28	7	13,5%
«Ақмола ЖЭТ»	58	1,23	61	1,27	83	14,26	22	36,1%
«Ақтөбе ЖЭТ»	22	0,47	20	0,42	21	8,27	1	5,0%
«Алматы ЖЭТ»	43	0,91	63	1,31	49	10,27	-14	-22,2%
«Шығыс ЖЭТ»	21	0,44	42	0,88	30	10,10	-12	-28,6%
«Батыс ЖЭТ»	29	0,61	31	0,65	31	13,66	0	0,0%
«Сарыбай ЖЭТ»	30	0,63	25	0,52	35	8,20	10	40%
«Солтүстік ЖЭТ»	41	0,87	32	0,67	36	9,23	4	12,5%
«Орталық ЖЭТ»	23	0,49	49	1,02	27	6,55	-22	-44,9%

Көрсеткіш	2017		2018		2019/2018		2019/2018,%	
	адам	%	адам	%	адам	%	адам	%
«Оңтүстік ЖЭТ»	24	0,51	19	0,4	29	6,65	10	52,6%
ЖО ҰДО	6	0,13	8	0,17	10	10,87	2	25,0%
«Энергоинформ» АҚ	101	2,13	109	2,27	153	19,08	44	40,4%
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	5	0,11	12	0,25	27	72,97	15	125,0%
<b>Жұмыстан кеткен қызметкерлердің жалпы саны барлығы</b>	<b>444</b>	<b>9,38</b>	<b>457</b>	<b>9,53</b>	<b>568</b>	<b>11,79</b>	<b>111</b>	<b>24,3%</b>
<b>жасы бойынша</b>								
30 жасқа дейін	116	2,45	111	2,31	168	3,49	57	51,4%
31-ден 50 жасқа дейін	161	3,4	203	4,23	223	4,63	20	9,9%
51 жас және одан жоғары	167	3,53	143	2,98	177	3,67	34	23,8%
<b>жынысы бойынша</b>								
Ерлер	285	6,02	326	6,8	395	8,20	69	21,2%
Әйелдер	159	3,36	131	2,73	173	3,59	42	32,1%
<b>өңірлер бойынша</b>								
Атқарушы дирекция	44	0,93	44	0,92	54	13,99	10	22,7%
«Ақмола ЖЭТ»	60	1,27	62	1,29	72	12,37	10	16,1%
«Ақтөбе ЖЭТ»	26	0,55	20	0,42	20	7,87	0	0,0%
«Алматы ЖЭТ»	40	0,85	46	0,96	49	10,27	3	6,5%
«Шығыс ЖЭТ»	15	0,32	28	0,58	32	10,77	4	14,3%
«Батыс ЖЭТ»	27	0,57	29	0,6	28	12,33	-1	-3,4%
«Сарыбай ЖЭТ»	33	0,7	29	0,6	28	6,56	-1	-3,4%
«Солтүстік ЖЭТ»	36	0,77	31	0,65	34	8,72	3	9,7%
«Орталық ЖЭТ»	34	0,72	36	0,75	36	8,74	0	0,0%
«Оңтүстік ЖЭТ»	23	0,49	14	0,29	27	6,19	13	92,9%
ЖО ҰДО	24	0,51	8	0,17	10	10,87	2	25,0%
«Энергоинформ» АҚ	107	2,26	104	2,17	162	20,20	58	55,8%
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	2	0,04	6	0,13	16	43,24	10	166,7%
<b>Кадрлардың тұрақтамауы жалпы</b>	<b>—</b>	<b>4,57</b>	<b>—</b>	<b>5,2</b>	<b>—</b>	<b>7,4</b>	<b>2,2</b>	<b>42,3%</b>

**Анасы жағынан/әкесі жағынан демалыс алған және демалыстан шыққан қызметкерлер саны, 31.12.2019 ж.**

404-1

Атауы	Бала күтімі бойынша демалыс алғандар	олардың ішінде		Бала күтімі бойынша демалыстан шыққандар	олардың ішінде	
		әйелдер	ерлер		әйелдер	ерлер
АД	14	13	1	11	11	—
ЖО ҰДО	4	4	—	4	4	—
Ақмола ЖЭТ	12	12	—	1	1	—
Ақтөбе ЖЭТ	—	—	—	2	2	—
Алматы ЖЭТ	8	8	—	5	5	—
Шығыс ЖЭТ	1	1	—	3	3	—
Батыс ЖЭТ	4	4	—	5	5	—
Сарыбай ЖЭТ	5	5	—	2	2	—
Солтүстік ЖЭТ	4	4	—	4	4	—
Орталық ЖЭТ	3	3	—	3	3	—
Оңтүстік ЖЭТ	5	5	—	8	8	—
Энергоинформ	15	15	—	5	5	—
ҚЕО	—	—	—	—	—	—
<b>БАРЛЫҒЫ</b>	<b>75</b>	<b>74</b>	<b>1</b>	<b>53</b>	<b>53</b>	<b>—</b>

## Зейнетке шығуға құқығы бар қызметкерлер саны

EU15

Бөлімше	Барлығы, адам	2020-2024 жж. кезеңінде зейнетке шыға алатын қызметкерлер саны			2020-2029 жж. кезеңінде зейнетке шыға алатын қызметкерлер саны			Зейнетке шыға алатын қызметкерлер%	
		барлығы	соның ішінде		барлығы	соның ішінде		кезеңде	кезеңде
			ӘП	ӨП		ӘП	ӨП	2020-2024 жж.	2020-2029 жж.
«Ақмола ЖЭТ»	582	74	4	70	142	7	135	12,71	24,40
«Ақтөбе ЖЭТ»	254	29	1	28	55	1	54	11,42	21,65
«Алматы ЖЭТ»	477	55	5	50	95	7	88	11,53	19,92
«Шығыс ЖЭТ»	297	32	3	29	62	4	58	10,77	20,88
«Батыс ЖЭТ»	227	14		14	45	1	44	6,17	19,82
«Сарыбай ЖЭТ»	427	47	2	45	65		65	11,01	15,22
«Солтүстік ЖЭТ»	390	59	1	58	111	2	109	15,13	28,46
«Орталық ЖЭТ»	412	48	2	46	105	2	103	11,65	25,49
«Оңтүстік ЖЭТ»	436	78	5	73	130	7	123	17,89	29,82
ЖО ҰДО	92	1		1	7		7	1,09	7,61
Атқарушы дирекция	386	16	16		40	40		4,15	10,36
«Энергоинформ» АҚ	802	71	3	68	151	3	148	8,85	18,83
«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС	37	1	1		1	1		2,70	2,70
<b>Барлығы</b>	<b>4 819</b>	<b>525</b>	<b>43</b>	<b>482</b>	<b>1 009</b>	<b>75</b>	<b>934</b>	<b>10,89</b>	<b>20,94</b>

## Өндірістік көрсеткіштер

EU1 EU3 EU4 EU28 EU29 102-7

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2017	2018	2019	2019/2018	2019/2018,%
<b>Өндірістік көрсеткіштер</b>						
Белгіленген өндірістік қуат, бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бойынша бөліп көрсетумен	MBA	36 660,05	36 660,05	38 246,05	1 586,00	4,3%
<b>соның ішінде:</b>						
1150 кВ ҚС	MBA	9 384,10	9 384,10	9 384,10	—	0,0%
500 кВ ҚС	MBA	16 111,50	16 111,50	17 447,5	1 336,00	8,3%
220 кВ ҚС	MBA	11 136,25	11 136,25	11 391,25	255,00	2,3%
110 кВ ҚС	MBA	5,00	5,00	—	-5,00	-100%
35 кВ ҚС	MBA	23,20	23,20	23,20	—	0,0%
Әуелік және жерасты электр жеткізу желілері реттеу режимдері бойынша (тізбектері бойынша) бөліп көрсетумен	км	25 707,25	26 775,27	26 900,91	125,64	0,5%
<b>соның ішінде:</b>						
1150 кВ	км	1 421,23	1 421,23	1 421,23	—	0,0%
500 кВ	км	7 403,25	8 287,98	8 287,98	—	0,0%
330 кВ	км	1 864,09	1 864,09	1 863,28	-0,81	0,0%
220 кВ	км	14 511,05	14 693,99	14 816,35	122,36	0,8%
110 кВ	км	352,84	352,84	352,84	—	0,0%
35 кВ	км	44,13	44,13	44,13	—	0,0%
35 кВ төмен	км	110,66	111,01	115,10	4,09	3,7%
Электр энергиясын тұтынушылар саны (шарттар саны)	шт.	606	656	757	101	15,4%

Көрсеткіш	Өлш. бірл	2017	2018	2019	2019/2018	2019/2018,%
Электр энергиясын берудегі кідірістер жиілігі — SAIFI		0,02	0,03	0,03	0	0,0%
Электр энергиясын берудегі кідірістердің орташа ұзақтығы — SAIDI	минут	0,09	0,18	0,01	-0,17	-94,4%
Жүйелік минуттар ысырабы — SML	минут	1,04	1,11	0,52	-0,59	-53,2%
Жүйенің кідіріссіз жұмыс уақытының пайызы — WWP пайызы	%	98,98	98,78	99,64	0,86	0,9%
<b>Көрсетілген қызметтер көлемі</b>						
Электр энергиясын жеткізу	млрд кВт•сағ	42,74	44,71	43,97	-0,74	-1,7%
Техникалық диспетчерлендіру	млрд кВт•сағ	93,61	97,65	97,06	-0,59	-0,6%
Электр энергиясын өндіру-түтыну теңгерімін ұйымдастыру	млрд кВт•сағ	174,54	183,36	188,77	5,41	3,0%

**Экономикалық көрсеткіштер**

201-1 201-4 202-2

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2017	2018	2019	2019/2018	2019/2018
<b>Экономикалық көрсеткіштер</b>						
<b>Жалпы капиталдандыру</b>	<b>млн теңге</b>	<b>535 956,40</b>	<b>634 752,89</b>	<b>632 163,54</b>	-2 589,35	-0,4%
меншік капиталы	млн теңге	374 167,60	472 693,80	481 838,02	9 144,22	1,9%
қарыз капиталы	млн теңге	161 788,80	162 059,09	150 325,51	-11 733,58	-7,2%
<b>Мемлекеттен алынған қаражат</b>	<b>млн теңге</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>—</b>	<b>—</b>
<b>Құрылған экономикалық құн</b>	<b>млн теңге</b>	<b>156 957,00</b>	<b>185 017,94</b>	<b>275 338,49</b>	90 320,55	48,8%
негізгі қызметтер түскен кірістер	млн теңге	152 379,82	175 797,39	263 162,07	87 364,68	49,7%
қаржылық кірістер	млн теңге	3 593,21	4 951,34	4 171,53	-779,81	-15,7%
басқадай кірістер	млн теңге	983,98	4 269,22	8 004,89	3 735,67	87,5%
<b>Бөлінген экономикалық құн</b>	<b>млн теңге</b>	<b>143 973,38</b>	<b>176 346,50</b>	<b>260 222,43</b>	83 875,93	47,6%
еңбек ақы төлеу шығыстары	млн теңге	19 074,97	21 048,03	22 699,12	1 651,09	7,8%
салықтар және мемлекеттік бюджетке алымдар бойынша шығыстар	млн теңге	16 611,48	18 553,89	19 110,84	556,95	3,0%
капитал жеткізушілерге төлемдер	млн теңге	24 421,65	35 233,94	40 842,53	5 608,59	15,9%
қайырымдылық және демеушілік көмек	млн теңге	—	—	—	—	—
басқа да операциялық шығындар	млн теңге	76 862,34	92 422,60	177 185,20	84 742,60	91,7%
басқадай операциялық емес шығындар	млн теңге	7 002,94	9 068,04	384,74	-8 683,30	-95,8%
<b>Бөлінетін экономикалық құн</b>	<b>млн теңге</b>	<b>12 983,62</b>	<b>8 671,44</b>	<b>9 107,14</b>	435,70	5,0%
жергілікті елді мекен өкілдері қатарынан жалданған ұйым қызметі жүзеге асырылатын маңызды өңірлердегі жоғары деңгейлі басшылардың үлесі	%	69	83	83	—	—



## Заңнаманың және нормативтік талаптардың сақталуы

205-3 419-1 307-1

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2017	2018	2019
Расталған жемқорлық жағдайлары және қабылданған іс-қимылдар*	-	0	0	0
Маңызды айыппұлдардың ақшалай сомасы және заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	млн теңге	10,891	0	0
<b>олардың ішінде:</b>				
Өнім мен қызметтерді ұсынуға қатысты заңнама мен нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай берілуі	млн теңге	10,891	0	0
Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	млн теңге	0	0	0

\* 2019 жылы қызметкерлер сыбайлас жемқорлық үшін жұмыстан босатылған немесе тәртіптік жазаға тартылған, сыбайлас жемқорлыққа байланысты бұзушылықтар салдарынан іскери әріптестермен келісім шарт бұзылған оқиғалар, сонымен қатар 2018 жылы Компанияға немесе оның қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қатысы бар сот істері болған жоқ.

## Экологиялық көрсеткіштер

EU12 302-1 302-4

Көрсеткіш	Өлш. бірл.	2017	2018	2019	2019/2018	2019/2018,%
<b>Энергия тұтыну</b>						
Энергияны жеткізу және бөлу кезіндегі ысыраптың пайызы*	%	6,2	6,3	6,4	0,1	1,6%
Ысыраптарды азайту (энергия үнемдеу) бойынша іс-шаралардан болатын әсер	ГДж	16 920	16 560	17222	662	4,0%
Ұйым ішінде энергияны тұтыну	ГДж	10 376 121	10 780 276	10 710 622	-69 654	-0,6%
<b>соның ішінде:</b>						
электр энергиясы	ГДж	10 165 701	10 570 491	10 502 753	-67 738	-0,6%
жылу энергиясы	ГДж	84 568	90 375	87 399	-2 976	-3,3%
отын	ГДж	125 852	119 410	120 470	1 060	0,9%
<b>соның ішінде</b>						
мотор бензині	ГДж	55 112	53 680	53 935	255	0,5%
дизельді отын	ГДж	63 725	61 712	62 911	1 199	1,9%
табиғи газ	ГДж	7 015	3 716	3 314	-402	-10,8%
сұйытылған газ	ГДж	—	302	310	8	2,6%
<b>Шығарындылар</b>						
Стационарлық көздерден ластайтын заттардың жаппай шығарындысы	тонна	15,81	11,41	9,45	-1,96	-17,2%
«KEGOC» АҚ стационарлық көздерінен парниктік газдардың шығарындылары көлемі	көміртегі қос- тотығы тонна баламасында	143,085	143,085	137,913	-5,17	-3,6%
<b>соның ішінде:</b>						
CO <sub>2</sub>	тонна	143,017	125,451	137,860	12,41	9,9%
CH <sub>4</sub>	көміртегі қос- тотығы тонна баламасында	0,002	0,0019	0,0018	-0,00010	-5,3%
N <sub>2</sub> O	көміртегі қос- тотығы тонна баламасында	0,066	0,0575	0,05161	-0,00589	-10,2%

\* Электр энергиясын жеткізген кезде оны желіге босатудан болған техникалық ысыраптар

## Еңбекті қорғау көрсеткіштері

403-2 | ЕУ21

Көрсеткіш	2017	2018	2019
<b>Еңбек қауіпсіздігі және денсаулықты қорғау көрсеткіштері</b>			
<b>Өндірістік жарақаттану коэффициенті</b>	<b>0,03</b>	<b>0,07</b>	<b>0</b>
<b>Өңірлер бойынша:</b>			
Атқарушы дирекция	0	0	0
«Ақмола ЖЭТ»	0	0,20	0
«Ақтөбе ЖЭТ»	0,44	0,45	0
«Алматы ЖЭТ»	0	0	0
«Шығыс ЖЭТ»	0	0	0
«Батыс ЖЭТ»	0	0	0
«Сарыбай ЖЭТ»	0	0	0
«Солтүстік ЖЭТ»	0	0	0
«Орталық ЖЭТ»	0	0	0
«Оңтүстік ЖЭТ»	0	0	0
ЖО ҰДО	0	0	0
<b>Кәсіптік аурулар коэффициенті</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Ысырап болған күндер коэффициенті</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Жұмыс орнында болмау коэффициенті</b>	<b>4821,9</b>	<b>7855,9</b>	<b>4085,5</b>
<b>өңірлер бойынша:</b>			
Атқарушы дирекция	5 839,2	12 717,1	4 652,2
«Ақмола ЖЭТ»	4 649,5	4 999,8	4 481,1
«Ақтөбе ЖЭТ»	2 627,1	3 264,0	3 148,8
«Алматы ЖЭТ»	5 742,1	10 440,8	2 343,1
«Шығыс ЖЭТ»	6 149,5	14 902,6	5 218,8
«Батыс ЖЭТ»	5 709,6	8 545,9	4 049,2
«Сарыбай ЖЭТ»	3 740,2	6 118,7	3 599,2
«Солтүстік ЖЭТ»	4 666,8	5 733,7	4 234,9
«Орталық ЖЭТ»	5 780,1	10 595,1	6 214,5
«Оңтүстік ЖЭТ»	3 091,0	7 907,6	2 935,3
ЖО ҰДО	6 776,5	19 256,3	4 895,0
<b>Кісі өліміне әкелген жағдайлар саны</b>	<b>1*</b>	<b>1**</b>	<b>0</b>
<b>АҚ және ТЖ саласындағы оқытулар, жаттығулар мен оқулар</b>			
Республикалық командалық-штабтық жаттығулар	4	4	2
Штабтық жаттығулар	11	11	12
Объектілік жаттығулар	11	11	4
Азаматтық қорғаныс құрамаларымен арнайы тактикалық оқулар	11	11	1
Сейсмикалық жаттығулар	20	16	15
АҚ және ТЖ бойынша республикалық, облыстық курстарда оқу	56	42	14

\* 2017 жылы «Ақмола ЖЭТ» филиалында өлімге әкелген 1 жазатайым жағдай болды.

\*\* 2018 жылы «Ақмола ЖЭТ» филиалында өлім жағдайына әкелген 1 жазатайым жағдай болды.

## 3-қосымша. «KEGOC» АҚ еншілес ұйымдары



### «Энергоинформ» АҚ

Миссиясы — үздік әлемдік тәжірибелер мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, Қазақстан БЭЖ (Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесі) ақпараттық-телекоммуникациялық кешенінің сенімді жұмысын және тиімді дамуын қамтамасыз ету. Жалғыз акционері «KEGOC» АҚ болып табылады.

Негізгі қызметі — «KEGOC» АҚ ақпараттық-телекоммуникациялық кешеніне, соның ішінде ЭКЕАЖ, SCADA, ЭТН, АБЖ, ЖЖ, РРЖ, СБЖ, КҚЖ, АТС, ТОБЖ, ПОС мен корпоративтік сервистеріне қызмет көрсету.

«Энергоинформ» АҚ Жарғылық капиталы — 2 179,7 млн теңге. Шығарылған акцияларының саны 700 000 дананы құрайды, бір акцияның номиналды құны 10 000 теңгеге тең. Орналастырылған акциялардың саны — 217 970 дана.

«Энергоинформ» АҚ кірістері 2019 жылы 4 797,1 млн теңгені, соның ішінде негізгі қызметтен болған кірістері 4 667,7 млн теңгені құрады. 2018 жылмен салыстырғанда кірістер 12,6%-ға немесе 537 млн. теңгеге артты.

2019 жылғы нәтижелер бойынша таза кіріс 614,6 млн теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен (413 млн. теңге) 201,6 млн. теңгеге немесе 48,8%-ға жоғары.



«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 12 тамыздағы шешіміне сәйкес құрылды және Астана қ. Әділет департаменті Сарыарқа ауданының Әділет басқармасында 2013 жылғы 27 тамызда тіркелді.

Жалғыз құрылтайшысы және жалғыз қатысушысы «KEGOC» АҚ болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 1281 Қаулысымен және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 357 бұйрығымен «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС ЖЭК-ті пайдалану бойынша объектілер өндірген электр энергиясын орталықтан сатып алу мен сатуды жүзеге асыратын ЖЭК-ті қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы ретінде белгіленді. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 7 қыркүйектегі № 256 бұйрығымен «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызмет көрсетуді және электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Бірыңғай сатып алушы болып белгіленді.

### **«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы» ЖШС**

2019 жылы «ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС 50 ЖЭК объектілерінен электр энергиясы сатып алынды, 60 шартты тұтынушыларға электр энергиясын сату жүзеге асырылды. ЖЭК электр энергиясын сатып алу/сатудың жалпы көлемі 1 348 млн кВт сағ құрады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күй бойынша қуат нарығы жұмысының нәтижелері бойынша:

- қуат нарығының тұтынушыларымен электр қуатының жүктеме көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша 236 шарт жасалды, энергия өндіруші ұйымдардан электр қуатын сатып алудың нақты көлемі 92 212 МВт\*айды құрады;
- 34 энергия өндіруші ұйымдармен электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметті сатып алу туралы 51 шарт жасалды, тұтынушылар үшін электр қуатын сатудың нақты көлемі 115 898 МВт\*айды құрады.

«ЖЭК жөніндегі ҚЕО» ЖШС кірістерінің жалпы сомасы 2019 жыл қорытындысы бойынша 112 709 млн теңгені құрады. Шығыстар 100 472 млн теңгені құрады. 2019 жыл қорытындысы бойынша таза кіріс 9 783 млн теңгені құрады.

## 4-қосымша. GRI құрамын көрсеткіш

102-55

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
<b>GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)</b>				
	<b>102-1</b>	Ұйымның атауы	14	
	<b>102-2</b>	Қызмет түрлері, брендтер, өнім және қызмет	14	
	<b>102-3</b>	Штаб-пәтердің орналасуы	153	
	<b>102-4</b>	Қызмет географиясы	26-27	
	<b>102-5</b>	Меншік сипаты және ұйымдық-құқтық нысан	14	
	<b>102-6</b>	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар:		
		— географиялық бөліктер	26-27	
		— қызмет көрсетілетін салалар	14	
		— тұтынушылар мен бенефициарлар санаттары	46	
	<b>102-7</b>	Ұйым ауқымы:		
		— қызметкерлердің жалпы саны	23	
		— бөлімшелердің жалпы саны	25	
		— кірістер	63	
		— қарыз және меншік капиталында бөліп көрсетумен жалпы капитал	67	
		— жеткізілетін өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің көлемі	4	
	<b>102-8</b>	Қызметкерлер туралы ақпарат		
		— жалдау туралы шарттар және жынысы бойынша бөліп көрсетумен қызметкерлердің жалпы саны	166	
		— жұмыспен қамтылу түрі және жынысы бойынша бөліп көрсетумен тұрақты қызметкерлердің жалпы саны	167	
		— штаттық және штаттан тыс қызметкерлерге, сонымен қатар жынысы бойынша бөліп көрсетумен жұмыс күшінің жалпы саны	-	Компанияда штаттан тыс қызметкерлер жоқ
		— өңірлер және жынысы бойынша бөліп көрсетумен жұмыс күшінің жалпы саны	167	
		Есептіліктің жалпы элементіне салалық толықтыру		
		— жұмысқа орналасу түрі, еңбек келісімі және реттеу режимі бойынша бөліп көрсетумен мердігерлік ұйымдардың (мердігерлердің, қосалқы мердігерлердің, тәуелсіз мердігерлердің) қызметкерлерінің жалпы саны	—	Компанияның объектілерінде әртүрлі бағыттағы жұмыс түрлерін жүргізетін мердігерлік/қосалқы мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері саны туралы ақпаратты жинаудың қиындығына байланысты қазіргі уақытта ақпаратқа қолжетімсіз

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
<b>GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)</b>				
	<b>102-9</b>	Жеткізілімдер тізбегі	40-41	Тауарларды, қызметтер мен тауарларды жеткізушілермен барлық өзара қарым-қатынастар Қордың Сатып алу қағидаларына сәйкес жасалған шарттармен (келісімдермен) реттеледі және шарттарға өзгерістер енгізу/бұзу талаптарын көздейді
	<b>102-10</b>	Ауқымының, құрылымы мен меншігінің айтарлықтай өзгеруі	—	2019 жылы ауқымы, құрылымы мен меншігі өзгерген жоқ
	<b>102-11</b>	Сақтық қағидаларын қолдану	68	
	<b>102-12</b>	Сыртқы тараптар әзірлеген, ұйымдар ұстанатын немесе қолдайтын экономикалық, экологиялық және әлеуметтік хартиялар, қағидаттар мен басқа да бастамалар	19-21	
	<b>102-13</b>	Қауымдастықтарға қатысу	19-21	
	<b>102-14</b>	«KEGOC» АҚ Басқарма төрағасының сөзі	9-11	
	<b>102-16</b>	Ұйымның құндылықтары, қағидаттары, стандарттары мен мінез-құлық нормалары	112	
	<b>102-18</b>	Ұйымның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлері бойынша шешім қабылдауға жауапты корпоративтік басқарудың жоғары басқару органының комитеттерін қоса алғанда, ұйымды басқару құрылымы	74	
	<b>102-40</b>	Мүдделі тараптар тобының тізімі	162	
	<b>102-41</b>	Ұжымдық шартпен қамтылған барлық қызметкерлердің пайызы	130	
	Есептіліктің жалпы элементіне салалық толықтыру			
		Елдері мен реттеу режимі бойынша бөліп көрсетумен ұжымдық шарттар қолданылатын есеп беретін ұйымдарда жұмыс істейтін мердігерлік ұйымдар (мердігерлер, қосалқы мердігерлер, тәуелсіз мердігерлер) қызметкерлерінің пайызы	—	Қолданылмайды. Компанияның ұжымдық шарты мердігердің, қосалқы мердігердің және тәуелсіз мердігердің қызметкерлерін қамтымайды
	<b>102-42</b>	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу қағидаттары	162	
	<b>102-43</b>	Ұйымның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылына көзқарасы	163-164	
	<b>102-44</b>	Ұйыммен өзара іс-қимыл шеңберінде мүдделі тараптар көтерген негізгі тақырыптар мен қауіптер, сонымен қатар ұйымның осы негізгі тақырыптар мен қауіптерге қарай әрекет етуі	163-164	
	<b>102-45</b>	Есептілігі ұйымның есептілігіне енгізілген заңды тұлғалар	25	
	<b>102-46</b>	Есептің мазмұнын және тақырыптардың шегін белгілеу әдістемесі	164-165	
	<b>102-47</b>	Маңызды тақырыптар тізімі	165	
	<b>102-48</b>	Бұған дейінгі есептерде жарияланған көрсеткіштерді қайта тұжырымдаудың барлық нәтижелері	—	Бұған дейінгі есептерде жарияланған көрсеткіштердің қайта тұжырымдамасы жоқ

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
<b>GRI 102: Жалпы ақпарат (2016)</b>				
	<b>102-49</b>	Өткен есептік кезеңдермен салыстырғанда тақырыптардың шегі мен ауқымын айтарлықтай өзгерту	—	Есепті қамтуда маңызды өзгеріс болған жоқ
	<b>102-50</b>	Есептік кезең	158	
	<b>102-51</b>	Алдыңғы есеп жарияланған күн	158	
	<b>102-52</b>	Есептілік циклы	158	
	<b>102-53</b>	Есеп бойынша өтініштер үшін байланысатын тұлғалар	153	
	<b>102-54</b>	Есепті GRI стандарттарына «сәйкес» дайындау нұсқасы	158	
	<b>102-55</b>	GRI индекс-кестесі	176	
	<b>102-56</b>	Есептемені сырттан куәландыруды қамтамасыз етуге қатысты ұйым тәжірибесі	158	
	Есептеменің жалпы салалық ерекше элементтері			
	<b>EU1</b>	Белгіленген өндірістік қуат, бастапқы энергия көздері мен реттеу режимдері бойынша бөліп көрсетумен	170-171	
	<b>EU2</b>	Бастапқы энергия көздері мен реттеу режимі бойынша бөліп көрсетумен таза энергияны өндіру	—	Қолданылмайды. «KEGOC» АҚ энергия өндіруші ұйым болып табылмайды.
	<b>EU3</b>	Электр энергиясын тұтынушылардың саны	170-171	
	<b>EU4</b>	Реттеу режимі бойынша бөліп көрсетумен әуелік және жерасты электр жеткізу желілерінің ұзындығы	170-171	
	<b>EU5</b>	Парниктік газдар шығарындылары схемасы бойынша бөліп көрсетумен CO <sub>2</sub> E шығарындыларының немесе баламасының квоталарын бөлу	144	
<b>Айырықша элементтер</b>				
<b>GRI 200: Экономикалық тақырып (2016)</b>				
<b>Экономикалық нәтижелік</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы мен шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Маңызды тақырыптарға менеджмент саласындағы көзқарас	66	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласындағы маңызды тақырыптарға көзқарасты бағалау	109	
GRI 201: Экономикалық нәтижелік (2016)	<b>201-1</b>	Құрылған және таратылған тікелей экономикалық құн	66, 171	
	<b>201-4</b>	Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	171	
<b>Нарықта болу</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірмелер	164-165	
	<b>103-2</b>	Маңызды тақырыптарға менеджмент саласындағы тәсілдер	120	
	<b>103-3</b>	Маңызды тақырыптарға менеджмент саласындағы тәсілдерді бағалау	109	
GRI 202: Нарықта болу (2016)	<b>202-1</b>	Әртүрлі жыныстағы қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі қалыпты жалақысы деңгейінің ұйым қызмет ететін маңызды өңірлердегі белгіленген ең төменгі жалақыға ара қатынасы	126	
	<b>202-2</b>	Жергілікті елді мекен өкілдері қатарынан жалданған ұйым қызметі жүзеге асырылатын өңірлердегі жоғары деңгейлі басшылардың үлесі	171	



GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
<b>Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	99-100	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (2016)	<b>205-2</b>	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясаттары мен әдістері туралы хабардар ету және оларға оқыту	100	
	<b>205-3</b>	Расталған жемқорлық жағдайлары және қабылданған іс-қимылдар	100	
<b>ҒЗТҚЖ</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	55	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI G4 ҒЗТҚЖ:	<b>EU8</b>	Ғылыми-зерттеу қызметі және тікелей шығыстар және ғылыми-зерттеу интымақтастығы салаларында зерттеулер мен әзірлемелердің сенімділігіне және оларды дамытуға жұмсалған шығыстар.	55-57	
<b>Салалық айырықша тақырып: Жүйенің тиімділігі</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	148	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI G4 EU: Жүйенің тиімділігі	<b>EU12</b>	Энергияны жеткізген және бөлген кездегі ысыраптардың пайызы	172	
<b>GRI 300: Экологиялық тақырыптар (2016)</b>				
<b>Энергия</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	148	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 302: Энергия (2016)	<b>302-1</b>	Ұйым ішінде энергия тұтыну	149	
	<b>302-4</b>	Энергия тұтынуды қасқарту	149	
<b>Экологиялық талаптарға сәйкестік</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	140	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 307: Экологиялық талаптарға сәйкестік (2016)	<b>307-1</b>	Маңызды айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	142	

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
<b>GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар (2016)</b>				
<b>Жұмыспен қамту</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	118	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 401: Жұмыспен қамту (2016)	<b>401-1</b>	Жаңадан жалданған қызметкерлердің жалпы саны мен пайызы, сонымен қатар кадрлардың тұрақтамауы жас топтары, жынысы мен өңірлері бойынша бөліп көрсетумен	168	
	<b>Көрсеткішке салалық толықтыру</b>			
	<b>401-1</b>	Есептік кезеңде жұмыстан кеткен қызметкерлердің жұмыста болуының орташа ұзақтығы, жынысы және жас топтары бойынша бөліп көрсетумен	125	
	Салалық айырықша көрсеткіштер			
	<b>EU15</b>	Келесі 5 және 10 жыл ішінде зейнетке шығуға құқығы бар қызметкерлер пайызы санаттары мен өңірлері бойынша бөліп көрсетумен	170	
<b>EU18</b>	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша оқудан өткен мердігерлік және қосалқы мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің пайызы	136		
<b>Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	118	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 402: Жұмыспен қамту (2016)	<b>402-1</b>	Жедел өзгерістер туралы хабарламаның ең аз мерзімдері	130	
<b>Денсаулық және қауіпсіздік</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	132	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік (2016)	<b>403-2</b>	Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулардың деңгейі, жоғалтқан күндер коэффициенті және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сонымен қатар жұмысқа байланысты өлімге әкелген жағдайлардың жалпы саны, өңірлер және жынысы бойынша бөліп көрсетумен	135	
	<b>403-4</b>	Кәсіподақтармен ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін көрсету	130	
<b>Оқыту және білім беру</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	128	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 404: Оқыту және білім беру (2016)	<b>404-1</b>	Бір қызметкерге есептегенде оқыту сағаттарының орташа жылдық саны қызметкерлердің жынысы және санаттары бойынша бөліп көрсетумен	166	

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
GRI 404: Оқыту және білім беру (2016)	<b>404-3</b>	Нәтижелігіне және мәнсабының дамуына мерзімді бағалау жүргізілетін қызметкерлер үлесі, қызметкерлердің жынысы мен санаттары бойынша бөліп көрсетумен	129	
<b>Алуан түрлілік және теңдей мүмкіндіктер</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	120	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 405: Алуан түрлілік және теңдей мүмкіндіктер (2016)	<b>405-1</b>	Ұйымның басшылық органдарының құрамы мен персоналының негізгі санаттары жынысы, жас топтары, азшылық топтарына және басқа да алуан түрлілік белгілеріне тиесілік бойынша бөліп көрсетумен	123	
<b>Қысымшылыққа жол бермеу</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	120	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 406: Қысымшылыққа жол бермеу (2016)	<b>406-1</b>	Қысымшылық жағдайының жалпы саны және түзету іс-қимылдары	120	
<b>Адам құқықтарының сақталуын бағалау</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	120	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI 412: Адам құқықтарының сақталуын бағалау (2016)	<b>412-1</b>	Адам құқықтарының сақталуына немесе адам құқығына байланысты әсерге бағалау жүргізілген бөлімшелердің жалпы саны және пайызы	114	
<b>Салалық айырықша тақырып:</b> <b>Іс-қимыл жоспары және табиғат апаты жағдайына/төтенше жағдайларға әрекет ету жоспары</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	137	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI G4 EU Іс-қимыл жоспары және табиғат апаты жағдайына /төтенше жағдайларға әрекет ету: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер	<b>EU21</b>	Күтпеген жағдайларға арналған жоспарлау шаралары, табиғат апаты жағдайына/төтенше жағдайларға арналған іс-қимылдар жоспары және оқу бағдарламалары мен қалпына келтіру шаралары жоспары	137	
<b>Заңнама талаптарына сәйкестік</b>				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	49	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	

GRI стандарты	Нөмірі	Мазмұны	Беті	Ескертпе
GRI 419: Заңнама талаптарына сәйкестік (2016)	<b>419-1</b>	Заңнаманың және нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай сомасы және қаржылық емес санкциялардың жалпы саны	172	
		Өнім мен қызмет ұсынуға және пайдалануға қатысты заңнаманың және нормативтік талаптардың сақталмағаны үшін салынған маңызды айыппұлдардың ақшалай берілуі	50	

## Салалық айырықша тақырып:

**Қолжетімділік**

GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсілдер туралы мәліметтер (2016)	<b>103-1</b>	Тақырыптардың маңыздылығы және олардың шегі туралы түсіндірме	164-165	
	<b>103-2</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсіл	50	
	<b>103-3</b>	Менеджмент саласында маңызды тақырыптарға қолданылатын тәсілді бағалау	109	
GRI G4 EU: Қолжетімділік	<b>EU28</b>	Электр энергиясын берудегі кідірістер жиілігі	51, 170	
	<b>EU29</b>	Электр энергиясын берудегі кідірістердің орташа ұзақтығы	51, 170	

## **5-қосымша.**

# **Шоғырландырылған қаржылық есептілік**

*2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол жылы аяқталған жыл үшін, тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебімен*

<b>Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі</b>	<b>184</b>
<b>Шоғырландырылған қаржылық есептілік</b>	<b>190</b>
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	190
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	192
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	193
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	195
<b>Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер</b>	<b>196</b>



«Эрнст энд Янг» ЖШС  
Әл-Фараби д-лы, 77/7  
«Есентай Тәуэр» ғимараты  
Алматы қ., 050060  
Қазақстан Республикасы  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»  
пр. Аль-Фараби, д. 77/7  
здание «Есентай Тәуэр»  
г. Алматы, 050060  
Республика Казахстан  
Тел.: +7 727 258 59 60  
Факс: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

Ernst & Young LLP  
Al-Farabi ave., 77/7  
Esentai Tower  
Aimaty, 050060  
Republic of Kazakhstan  
Tel.: +7 727 258 59 60  
Fax: +7 727 258 59 61  
www.ey.com

## Тәуелсіз аудитордың есебі

«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ-ның акционерлеріне, аудиторлық комитеті мен басшылығына

### Пікір

Біз «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

### Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне* (тәуелсіздіктің халықаралық стандарттарын қоса) (бұдан әрі - БХЭСК Кодексі) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

### Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген әрбір мәселеге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстінде келтіріледі.



Біз есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

<b>Аудиттің шешуші мәселелері</b>	<b>Тиісті шешуші мәселе аудитіміздің барысында қалайша қарастырылды</b>
<p><b>Электр қуаттылығының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуден түсімді тану</b></p> <p>Бұл мәселе 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының энергия жүйесінің теле-теңдігін қамтамасыз ету үшін құрылған қуат нарығын енгізуге байланысты аудиттің негізгі мәселелерінің бірі болды. Бұл мәселеге операциялардың үлкен көлеміне байланысты ерекше назар аударылды, атап айтқанда орташа өлшенген тариф бойынша 230-дан астам тұтынушыға қызмет көрсетуге байланысты болды. Топ алатын түсім мөлшерін есептеу, сатылған қуат көлеміне қатысты басқарушылық бағалауына байланысты болады.</p> <p>Топтың жаңа қызмет түрін есепке алу туралы ашылуы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 3-ескертпесінде көрсетілген.</p>	<p>Біз келесі электр энергетикасы нарығын енгізу туралы ақпаратты, оның ішінде Топ басшылығынан алынған қосымша түсініктемелер мен тиісті нормативтік-құқықтық базаны зерделедік. Біз түсімді тануға қатысты қолданылатын есеп саясатын бағаладық. Біз есеп айырысу кезеңіндегі түсімдерді есептеу кезінде пайдаланылған электр энергиясының көлемдерін сатып алушылармен келісілген электр қуатының нақты максималды мөлшері туралы актілермен салыстырдық. Және де біз электр қуатының жүктемені алуға дайындығын қамтамасыз ету үшін қызметтер бағасын есептеуді талдадық. Біз Топтың осы қызмет бойынша түскен кірістеріне қатысты ақпараттардың ашылуына талдау жасадық.</p>
<p><b>Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері (бұдан әрі - ЖЭК) өндіретін электр энергиясын сату шарттарындағы Топтың рөлі</b></p> <p>Бұл мәселе сатудан түскен түсімнің маңыздылығын және ЖЭК электр энергиясын сатып алуға жұмсалған шығындардың, сондай-ақ электр энергиясын сатуды есепке алу принципал немесе агент рөлін жан-жақты талдауды және Топтың шартты тұтынушыларға сатқан кезде электр энергиясына бақылау алатындығын анықтау кезінде басшылықтың маңызды пікірлерін қолдануды талап ететіндігіне байланысты аудиттің негізгі мәселелерінің бірі болды.</p>	<p>Біз жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясын сатудан түскен кірісті тануға қатысты қолданылатын есеп саясатын қарастырдық. Біз кірісті мойындау процесіне қатысты ішкі бақылауды тексердік. Біз Қазақстан Республикасындағы жаңартылатын энергия нарығы туралы ақпаратты, оның ішінде Топ басшылығынан және тиісті нормативтік-құқықтық базадан алынған қосымша түсініктемелермен таныстық. Біз сондай-ақ Топтың жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр қуатын бақылауды иеленетін Топ</p>





<p>Топтың ЖЭК өндірілген электр энергиясын сатудан түскен түсімді есепке алу туралы пікірлері 4-ескертпеде шоғырландырылған қаржылық есептілікке енгізілген.</p>	<p>басшылығының ұстанымдарын талдадық. Біз Топтың жаңартылатын энергия көздерімен өндірілетін электр энергиясын сатудан түскен кірісті есепке алу туралы шешімдерінің ашылуын талдадық.</p>
<p><b><i>Есепке алудың ақпараттық жүйесінің өзгерісі</i></b> 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап Топ бухгалтерлік есептің жаңа ақпараттық жүйесін енгізді.</p> <p>Бухгалтерлік есептің жаңа ақпараттық жүйесін енгізу мәселесі аудиттің негізгі мәселелерінің бірі болып саналады, өйткені бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесі қаржылық есептілігінің жасау үшін қаржылық ақпаратты өңдеу және қалыптастыру үшін негіз болып табылады.</p> <p>Есепке алудың ақпараттық жүйесін өзгертуі жаңа процестерді, бақылауды және өкілеттік берудегі өзгерістерді, сонымен қатар операциялық және қаржылық ақпаратты бұрынғы жүйеден жаңаға енгізуің қамтиды.</p>	<p>Біз Топ басшылығымен жаңа жүйеге енгізілген өзгерістерді, сондай-ақ тиісті процестерді, қаржылық ақпаратты қабылдау мен өңдеуге айтарлықтай әсер ететін өзгерістерге ерекше назар аударып, талқыладық. Сонымен қатар біз қаржылық деректерді жаңа есепке алу ақпараттық жүйесіне ауыстырудың дұрыстығын тексердік. Біз жаңа жүйеде Топ басшылығы белгілеген жалпы бақылаудың, оның ішінде қол жеткізуді және өзгертуді басқаруды басқарудың құрылымы мен операциялық тиімділігін бағалау процедураларын өткіздік. Біз жоғарыда аталған процедураларды аяқтау үшін өзіміздің IT-мамандарымызды тарттық.</p>

#### **Топтың 2019 жылғы Жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат**

Басқа да ақпаратқа Жылдық есепте қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді.

Топтың 2019 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтымайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.



### **Шоғырландырылған қаржылық есептілікке қатысты басшылықтың және аудиторлық комитеттің жауапкершілігі**

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Аудиторлық комитет Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

### **Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі**

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;



Біз аудиторлық комитеттің назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындымызда хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады. Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты жетекші, - Адиль Сыздықов.

### „Эрнст энд Янг“ ЖШС



Адиль Сыздықов  
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы  
№ МФ - 0000172 біліктілік куәлігі

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.  
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2020 жылғы 28 ақпан



Гульмира Турмагамбетова  
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің  
Бас директоры

Қазақстан Республикасында аудиторлық  
қызметпен айналысуға арналған  
мемлекеттік лицензия: сериясы МФЮ - 2,  
№ 0000003, Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде  
берген



**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Активтер</b>			
<b>Айналымнан тыс активтер</b>			
Негізгі құралдар	6	<b>651.570.990</b>	667.936.367
Материалдық емес активтер		<b>1.411.900</b>	1.472.307
Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	6	<b>1.485.220</b>	1.018.989
Кейінге қалдырылған салық активтері	26	<b>53.436</b>	3.760
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	7	<b>1.862.241</b>	1.107.867
Байланысты тараптардан ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	27	<b>840.324</b>	929.162
Басқа да қаржы активтері, ұзақ мерзімді бөлік	11	<b>1.951.795</b>	25.609.268
Басқа да ұзақ мерзімді активтер		–	4.017
		<b>659.175.906</b>	698.081.737
<b>Айналымдағы активтер</b>			
Қорлар	8	<b>2.134.157</b>	2.291.378
Сауда дебиторлық берешек	9	<b>21.901.834</b>	9.251.847
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлем		<b>698.928</b>	791.934
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		<b>922.475</b>	1.541.679
Басқа да ағымдағы активтер	10	<b>739.483</b>	528.622
Басқа да қаржы активтері, қысқа мерзімді бөлік	11	<b>45.260.710</b>	20.127.229
Пайдалануға шектелген ақша қаражаты	12	<b>4.274.085</b>	4.175.576
Ақша қаражаты мен оның баламалары	13	<b>21.179.282</b>	19.060.700
		<b>97.110.954</b>	57.768.965
Берілуге арналған активтер		<b>700.861</b>	–
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>756.987.721</b>	<b>755.850.702</b>

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Ескерт.</b>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Капитал және міндеттемелер</b>			
<b>Капитал</b>			
Жарғылық капитал	14	<b>126.799.554</b>	126.799.554
Меншікті сатып алынған акциялар	14	<b>(930)</b>	(930)
Активтерді қайта бағалау резерві	14	<b>310.369.243</b>	310.840.187
Басқа резервтер		<b>–</b>	(37.081)
Бөлінбеген пайда		<b>44.670.157</b>	35.092.074
		<b>481.838.024</b>	472.693.804
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар, ұзақ мерзімді бөлік	15	<b>56.925.610</b>	62.881.150
Облигациялар, ұзақ мерзімді бөлік	16	<b>83.671.184</b>	83.660.104
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	26	<b>89.995.249</b>	90.170.202
Мемлекеттік субсидия, ұзақ мерзімді бөлік		<b>59.543</b>	89.972
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме, ұзақ мерзімді бөлік	27	<b>156.661</b>	157.175
		<b>230.808.247</b>	236.958.603
<b>Қысқа мерзімді міндеттемелер</b>			
Қарыздар, қысқа мерзімді бөлік	15	<b>6.083.377</b>	11.420.710
Облигациялар, қысқа мерзімді бөлік	16	<b>3.645.344</b>	4.097.122
Сауда және басқа да кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бөлік	17	<b>23.389.482</b>	22.645.297
Құрылыс бойынша міндеттеме	18	<b>683.430</b>	683.430
Шарт бойынша міндеттемелер		<b>2.167.885</b>	1.734.670
Мемлекеттік субсидия, қысқа мерзімді бөлік		<b>30.430</b>	30.430
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме, қысқа мерзімді бөлік	27	<b>262.882</b>	36.323
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешек	19	<b>3.371.344</b>	2.144.441
Табыс салығы бойынша берешек		<b>723.620</b>	1.123
Төленуге жататын дивидендтер		<b>56</b>	2.750
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	20	<b>3.983.600</b>	3.401.999
		<b>44.341.450</b>	46.198.295
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>275.149.697</b>	283.156.898
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>		<b>756.987.721</b>	755.850.702
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)</b>	14	<b>1.848</b>	1.812

**ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл* (қайта есептелгені)
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім	21	<b>263.162.073</b>	175.797.386
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	22	<b>(200.256.677)</b>	(113.000.234)
<b>Жалпы пайда</b>		<b>62.905.396</b>	62.797.152
Жалпы және әкімшілік шығыстар	23	<b>(8.834.207)</b>	(7.777.658)
Өткізу шығыстары		<b>(382.278)</b>	(284.688)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс	6	–	3.342.507
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	6	<b>28.364</b>	266.291
Операциялық пайда		<b>53.717.275</b>	58.343.604
Қаржылық кірістер	24	<b>4.171.530</b>	4.951.337
Қаржылық шығыстар	24	<b>(9.200.695)</b>	(3.862.511)
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	25	<b>469.129</b>	(5.865.654)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	7	<b>774.374</b>	325.786
Күтілетін несие залалдарына резервті есептеу	9, 10, 11, 12, 13	<b>(134.370)</b>	(2.931.750)
Басқа да кірістер		<b>724.097</b>	334.637
Басқа да шығыстар		<b>(250.366)</b>	(270.638)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>		<b>50.270.974</b>	51.024.811
Табыс салығы бойынша шығыстар	26	<b>(9.522.004)</b>	(10.981.936)
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>40.748.970</b>	40.042.875
<b>Акцияға пайда</b>			
Бас компанияның жай акцияларының ұстаушыларына келетін жылғы базалық және бөлінген пайда (теңгемен)	14	<b>156,73</b>	154,01
<b>Бір жылғы пайда</b>		<b>40.748.970</b>	40.042.875
<b>Басқа да жиынтық кіріс</b>			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе залал құрамында қайта жіктелуге жатпайтын басқа да жиынтық кіріс</i>			
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс		–	113.259.316
Пайда салығының әсері		–	(22.651.864)
Пайда салығын шегере отырып, келесі кезеңдерде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеуге жатпайтын таза өзге де жиынтық кіріс		–	90.607.452
Пайда салығын шегере отырып, бір жылғы басқа да жиынтық кіріс		–	90.607.452
<b>Пайда салығын шегере отырып, бір жылғы жиынтық кіріс жиыны</b>		<b>40.748.970</b>	130.650.327

\* Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және сол жылы аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған түзетулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2ескертпеде келтірілген.



**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
<b>Операциялық қызмет</b>			
Салық салынғанға дейінгі пайда		50.270.974	51.024.811
<b>Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер</b>			
Тозу және амортизация		34.348.949	26.755.934
Қаржылық шығыстар	24	9.200.695	3.862.511
Қаржылық кірістер	24	(4.171.530)	(4.951.337)
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	25	(469.129)	5.865.654
Ескірген қорларға резервті есептеу/(қалпына келтіру)	23	67.532	(398.750)
Негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс	6	–	(3.342.507)
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	6	(28.364)	(266.291)
Күтілетін несиелер залалдарына резервті есептеу		134.370	2.931.750
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	7	(774.374)	(325.786)
Мемлекеттік субсидиядан кіріс		(58.305)	(28.468)
Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің шығуынан болатын залал		108.015	168.174
<b>Айналымдағы капиталға түзетулер</b>			
Қорлардағы өзгеріс		89.689	(17.194)
Сауда-дебиторлық берешектегі өзгеріс		(12.725.280)	(1.915.564)
Басқа дебиторлық берешектің және берілген аванстардың өзгеруі		(255.298)	310.559
Өтелуге жататын ҚҚС және басқа да салықтар бойынша алдын ала төлемдегі өзгеріс		93.006	178.286
Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер		8.327.628	989.715
Шарт бойынша міндеттемелердегі өзгеріс		433.215	(313.745)
Қаржылық жалдау бойынша міндеттемелердің өзгеруі		189.810	–
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешектегі өзгеріс		1.229.811	1.197.834
Өзге де ағымдағы міндеттемелердегі өзгеріс		472.010	(27.047)
<b>Операциялық қызметтен болған ақша ағындары</b>		<b>86.483.424</b>	<b>81.698.539</b>
Төленген пайыздар		(2.536.865)	(2.987.933)
Төленген купондық сыйақы		(8.687.000)	(9.209.500)
Банк кепілдіктері бойынша комиссияс төлеу		(894.908)	–
Төленген табыс салығы		(8.093.869)	(9.502.696)
Алынған пайыздар		3.380.005	4.315.484
<b>Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары</b>		<b>69.650.787</b>	<b>64.313.894</b>

**АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
<b>Инвестициялық қызмет</b>			
Депозиттік шоттардан алу		31.924.115	36.509.577
Депозиттік шоттарды толықтыру		(32.329.832)	(27.404.147)
Самұрық-Қазынаньң облигацияларын сатып алу	11	–	(25.545.272)
Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу (ҚР Ұлттық банкінің ноттары, ҚР ҚМ вексельдері)		(8.459.310)	(5.356.676)
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу (ҚР Ұлттық банкінің ноттары, ҚР ҚМ вексельдері)		7.953.341	5.400.000
Пайдаланылуы шектелген ақша қаражатындағы өзгеріс		(9.352)	(310.921)
Ақша қаражатының басқа да қаржы активтеріне қайта жіктелуі		–	(2.860.231)
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді өткізуден түскен түсім		196.498	203.960
Негізгі құралдарды сатып алу		(24.541.643)	(32.977.830)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(177.828)	(336.653)
Негізгі құралдарды сатып алуға пайдаланылған жобалық қаражатты қайтару	6	–	267.056
DSFK эмитентінің облигацияларды сатып алуы	11	22.141	12.971
Казинвестбанк пен Эксимбанк Қазақстанға қаражатты ішінара қайтару		95.075	–
Қауымдасқан компаниядан түскен дивидендтер	7	20.000	–
Қызметкерлерге берілген қарыздарды өтеу		2.092	7.716
<b>Инвестициялық қызметке пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(25.304.703)</b>	<b>(52.390.450)</b>
<b>Қаржылық қызмет</b>			
Дивидендтерді төлеу		(31.644.640)	(31.368.769)
Қарыздарды өтеу		(10.517.957)	(9.217.048)
<b>Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары</b>		<b>(42.162.597)</b>	<b>(40.585.817)</b>
<b>Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс</b>		<b>2.183.487</b>	<b>(28.662.373)</b>
Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері		(54.765)	154.386
Ақша қаражаты мен оның баламаларына күтілетін несие залалдарына резервті есептеуден болған әсер	13	(10.140)	(9.096)
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		19.060.700	47.577.783
<b>31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары</b>	<b>13</b>	<b>21.179.282</b>	<b>19.060.700</b>

**КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

<i>Мың теңгемен</i>	<b>Жарғылық капитал</b>	<b>Активтерді қайта бағалау резерві</b>	<b>Меншікті сатып алынған акциялар</b>	<b>Басқа резервтер</b>	<b>Бөлінбеген пайда</b>	<b>Жиыны</b>
<b>2018 жылғы 1 қаңтарға</b>	126.799.554	220.858.720	(930)	(170.701)	26.680.917	374.167.560
9 ХҚЕС-ті алғаш рет қолданудан болған әсер	–	–	–	–	(886.271)	(886.271)
<b>2018 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелген)</b>	126.799.554	220.858.720	(930)	(170.701)	25.794.646	373.281.289
Есепті кезеңдегі пайда	–	–	–	–	40.042.875	40.042.875
Пайда салығын шегере отырып, негізгі құралдарды қайта бағалаудан түскен кіріс (6-ескертпе)	–	90.607.452	–	–	–	90.607.452
<b>Жиынтық кіріс жиыны</b>	–	90.607.452	–	–	40.042.875	130.650.327
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (14-ескертпе)	–	(625.985)	–	–	625.985	–
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	–	–	(31.371.432)	(31.371.432)
Облигациялар бойынша резерв амортизациясы	–	–	–	133.620	–	133.620
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>	126.799.554	310.840.187	(930)	(37.081)	35.092.074	472.693.804
Есепті кезеңдегі пайда	–	–	–	–	<b>40.748.970</b>	<b>40.748.970</b>
<b>Жиынтық кіріс жиыны</b>	–	–	–	–	<b>40.748.970</b>	<b>40.748.970</b>
Активтерді қайта бағалау резервін көшіру (14-ескертпе)	–	<b>(470.944)</b>	–	–	<b>470.944</b>	–
Дивидендтер (14-ескертпе)	–	–	–	–	<b>(31.641.831)</b>	<b>(31.641.831)</b>
Облигациялар бойынша резерв амортизациясы	–	–	–	<b>37.081</b>	–	<b>37.081</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>126.799.554</b>	<b>310.369.243</b>	<b>(930)</b>	–	<b>44.670.157</b>	<b>481.838.024</b>

# Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

## 1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«Электр Желілерін Басқару жөніндегі Қазақстан Компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Компания» немесе «KEGOC») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі № 1188 Қаулысына сәйкес «Қазақстанэнерго» бұрынғы Ұлттық энергетика жүйесі активтерінің бір бөлігін беру арқылы құрылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның негізгі акционері «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») болып табылды (90 пайыз оған қоса бір акция). Самұрық-Қазына Қазақстан Республикасы Үкіметінің бақылауында.

2014 жылы Компания Қазақстан Қор Биржасында акциялардың 10 пайызын минус бір акцияны орналастырды.

KEGOC компаниясы Қазақстанда электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтерін көрсететін ұлттық компания болып табылады. Мемлекет тағайындаған жүйелік оператор ретінде Компания орталықтандырылған оперативтік-диспетчерлік басқаруды жүзеге асырады, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен параллельді жұмысты қамтамасыз етеді, энергия жүйесінде теңгерімді қолдап отырады, жүйелік қызметтерді көрсетеді және электр қуатының көтерме нарығының субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алады, сондай-ақ электр қуатын ұлттық электр желісі (бұдан әрі – «ҰЭЖ») арқылы беріп, оған техникалық қызмет көрсетеді және пайдалануға дайындық күйінде ұстап отырады. ҰЭЖ шағын станциялардан, бөлу құрылғыларынан, өңіраралық және (немесе) мемлекетаралық электрді беру желілерінен және кернеуі 220 киловольт әрі одан жоғары болатын электр станцияларының электр қуатын беретін электрді беру желілерінен тұрады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі еншілес ұйымдарда қатысу үлесі болды:

Компания	Қызмет	Қатысу үлесі	
		2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
«Энергоинформ» АҚ (бұдан әрі – «Энергоинформ»)	КЕГОС қызметін ақпараттық қамсыздандыру	100%	100%
«Жаңартылатын энергия көздерін қолдау бойынша есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС (бұдан әрі – «ЖЭК бойынша ЕҚО»)	Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне жеткізілген электр қуатын орталықтандырылған сатып алу және сату; электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерін сатып алу және электр қуатының электр қуаттылығы нарығында жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету қызметтерін орталықтандырылған көрсету.	100%	100%

Компания мен оның еншілес ұйымдары бұдан әрі бірлесіп «Топ» деп аталады.

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінеді (5-ескерте):

- *Электр қуатын беру және ілеспе қолдау көрсету. Электр қуатын беру Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі № 272-І Заңымен (бұдан әрі – «Заң») реттеледі, өйткені Топ электр қуатын беру, желіге беретін техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну мен электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету аясында табиғи монополист болып табылады. Заңға сай, Топтың электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу және электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерге тарифтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті (бұдан әрі – «Комитет») бекітеді.*
- *Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады, оны енгізудің негізгі мақсаты – бұл Қазақстан Республикасының энергия жүйесінің баланстық сенімділігін қамтамасыз ету. Баланстық сенімділік дегеніміз энергия жүйесінің электр қуатына тұтынушылық сұранысын кез келген уақыт сәтінде қанағаттандыру қабілеті.*
- *Сатып алынатын электр қуатын өткізу Сатып алынатын электр қуатын өткізу сегментіне Қазақстан Республикасының Үкіметі ЖЭК секторын дамыту жағдайларын жасау мақсатында құрған жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – «ЖЭК») секторы кіреді. ЖЭК секторы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңымен реттеледі.*

Компанияның бас кеңсежайы мына мекенжайда тіркелген: Қазақстан Республикасы, Z00T2D0, Нұр-Сұлтан қ., Тәуелсіздік даңғылы, 59-шы ғимарат.

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компания Басқармасының төрағасы мен бас бухгалтері 2020 жылғы 28 ақпанда бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – «ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан – «ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, қайта бағаланған құны бойынша көрсетілген негізгі құралдардың кейбір кластарын және есеп саясатында және осы аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде көрсетілгендей әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін қоспағанда, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес дайындалды. Шоғырландырылған қаржылық есептілік теңгемен көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

### Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қаржылық есептіліктері кіреді. Егер Топ инвестициялау объектісіне қатысудан болатын кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшыраған жағдайда бақылау жасалады немесе мұндай кірісті алуға құқығы, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан болатын ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқығы бар;
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру көпшілігі бақылаудың болуымен негізделеді деп болжануда. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес ұйымға бақылауды алған кезде еншілес ұйымның шоғырлануы басталады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес ұйымның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Басқа да жиынтық кірістің (БЖК) пайдасы немесе залалы және әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес ұйымға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымның үстінен бақылаудан айырылып қалса, ол:

- еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелерін мойындауды тоқтатады (оның ішінде оған жататын гудвилді);
- бақыланбайтын қатысу үлестерінің баланстық құнын мойындауды тоқтатады;
- капиталда көрсетілген жинақталған бағамдық айырмаларды мойындау тоқтатады;
- алынған сыйақының әділ құнын мойындайды;
- қалған инвестицияның әділ құнын мойындайды;
- операцияның нәтижесінде пайда болған артық шығуды немесе дефицитті пайданың немесе зиянның құрамында мойындайды;
- бұрын БЖК құрамында танылған компоненттердегі бас компанияның үлесін Топ тиісті активтердің немесе міндеттемелердің тікелей шығарылуын жүзеге асырғандай етіп ХҚЕС-тің нақты талаптарына сәйкес пайда мен залалдың немесе бөлінбеген пайданың құрамында қайта жіктейді.

### Салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында алдыңғы есепті кезең үшін салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу амалдары орындалды. Қайта жіктеуден болған әсер келесі кестеде ұсынылған:

Мың теңгемен	Бұрын ұсынылған- дай	Қайта жіктеулер және түзетулер	Ескерт.	Түзетілген
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп</b>				
Көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	(105.840.194)	(7.160.040)	[1]	(113.000.234)
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(14.937.698)	7.160.040	[1]	(7.777.658)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>69.957.192</b>	<b>(7.160.040)</b>		<b>62.797.152</b>

[1] 2019 жылы Топ өндірістік активтер мүлігіне салынатын салық шығыстарын Жалпы және әкімшілік шығыстар құрамынан Көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының құрамына қайта жіктеді. Бұл қайта жіктеу Топтың таза пайдасына әсерін тигізбеді.



### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

#### Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ «Жалдау» 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданды. Қаржылық есептіліктің бұл стандартын қолданумен негізделген өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған.

2019 жылы стандарттарға кейбір басқа түзетулер және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген түсіндірулер алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

#### 16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп қоспайды: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет түрлендірілген ретроспективті қолдану әдісін пайдалана отырып 2019 жылғы 1 қаңтарда қолданды. Стандартқа өту кезінде Топ шарт бүтіндей немесе оның жеке құрамдастары 2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау шарты болып табылатындығын қайталап талдауға мүмкіндік бермейтін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Осының орнына Топ бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолданды. Сондай-ақ Топ солар бойынша жалдау мерзімі жалдаудың басталу күніне 12 айдан артық емес мерзімді құрайтын және сатып алу опционын (қысқа мерзімді жалдау) қамтитын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ солар бойынша базалық активтің төмен құны бар (төмен құны бар активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді (4-ескертпе).

#### «Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты ерекше талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді қарастырмайды:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастырма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Топ әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Топ пайда салығын есептеу қағидаларына қатысты белгісіздікті анықтау кезінде елеулі пайымдауды қолданады. Топ өз қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асыратындықтан, бұл түсіндіруді қолдану оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ете алатындығын саралады.

Түсіндіруді қолдану кезінде Топ трансферттік баға белгілеуге қатысты қандай да бір белгілі емес салық түсіндірмесінің бар екендігін саралады. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының түрлі юрисдикциялардағы салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерін тексере алады. Топ салық заңнамасының талаптарын орындайтындығын ескере отырып және трансферттік баға белгілеудің қолданылатын практикасын талдауына сүйене отырып, Топ салық органдары қолданатын салық түсіндірмелерінің (оның ішінде оның еншілес ұйымдары қолданатын түсіндірмелер) қабылдануы ықтимал болып табылады деген тұжырымға келді. Бұл түсіндіру Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер*

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы («ақша ағындары» критерийлері) және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан «ақша ағындарының» критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### **Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)**

*28 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»*

Түзетулер, ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕС-те (IFRS) күтілетін несие залалдарының моделі қолданылады.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса «Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» 28 ХҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топ қауымдасқан ұйымдағы инвестицияларды есепке алу үшін үлестік қатысу әдісін қолданады.

*23 ХБЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»*

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қарыз алулар бойынша шығындарға қатысты қолдануы тиіс. 23 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді қолданудан болған әсер туралы ақпарат 16-ескертпе ашылып көрсетілген.

*3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»*

Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың көрсетілген кезеңдерде ұқсас операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

*11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»*

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

## 12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс. Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

---

## Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде 2019 жылғы 31 желтоқсанға шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды олардың күшіне ену күнінен бастап қолдануға ниет білдіріп отыр.

### 17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) шығарды, ол сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт аттас 4 ХҚЕС (IFRS) стандартын ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кешірек басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Көрсетілген жаңа стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Ұйым 17 ХҚЕС-тің (IFRS) алғаш рет қолданылу күніне немесе соған дейін 9 ХҚЕС (IFRS) пен 15 ХҚЕС (IFRS) қолданады деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл стандарт Топқа қатысты қолданылмайды.

### Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері

2018 жылғы наурызда ХҚЕС жөніндегі Кеңес Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздерінің жаңа редакциясын шығарды. Атап айтқанда, активтер мен міндеттемелердің жаңа анықтамалары және кірістер мен шығыстардың нақтыланған анықтамалары енгізілуде. Құжаттың жаңа редакциясы міндетті қолданылу үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан кейінгі жылдық кезеңдерден бастап күшіне енеді. Көрсетілген жаңа редакция шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

### «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзету стандартпен енгізілетін бизнестің ұғымына нақтылауды енгізеді. Түзету 2020 жылғы 1 қаңтардан кейін жасалатын бизнесті немесе активтер топтарын сатып алу операциялары үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Түзету ол алғаш рет қолданылған күннен кейін орын алатын операциялар мен басқа да оқиғалардың көрсетілуіне қатысты перспективті түрде қолданылғандықтан, түзету өту күніне шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді.

### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

#### **Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)**

*«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер*

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. 1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын енгізеді.

1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін бастап қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Маңыздылықты айқындауға түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

*«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) «Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондар реформасы» деп аталатын түзетулер*

2019 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондар реформасы» деп аталатын «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Қабылданған түзетулер хеджирлеуді есепке алуға қойылған бірқатар талаптарды орындаудан босатуды білдіреді, олардың орындалуы эталондық пайыздық мөлшерлемені реформалау нәтижесінде туындайтын белгісіздіктің күшіне орай хеджирлеудің есепке алынуының тоқтап қалуына әкеп соқтыра алады. Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

*«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзету – «Қаржылық міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу»*

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық міндеттемелерді қысқа- және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу» деп аталатын «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ мерзімділер немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

Топ қолданыстағы стандарттарға, соларға қатысты мүмкін болатын жоғарыда көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер бойынша мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жоқ.

---

#### **Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу**

Қаржылық жағдай туралы есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;

- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі.

Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін 12 (он екі) айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде 12 (он екі) айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімділер ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

---

## Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын әрбір есепті күнге әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері және солардың әділ құны олардың қалдық құнынан айтарлықтай ерекшеленгенде, әділ құны бойынша қаржылық емес активтер (ҰЭЖ активтері) ретінде бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат 28-ескертпеде ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағалайды, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің мүдделерінде әрекет етеді деп болжанады. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең үздік және барынша тиімді тәсілмен пайдалану арқылы не болмаса оны бұл активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын нарыққа басқа қатысушыға сату нәтижесінде экономикалық пайданы шығара алу мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясының шеңберінде жіктеледі:

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Әділ құнды бағалау (жалғасы)

- 1-деңгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарықтық баға белгілеулері.
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде қайта бағаланатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Топ әрбір есепті кезеңнің соңына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактісін айқындайды. Топтың қаржы жөніндегі басшылығы ҰЭЖ активтері мен сату үшін қолда бар бағасы белгіленбейтін қаржы активтерінің әділ құнын мерзімді бағалау үшін, сол сияқты қолданылуына қарай активтердің әділ құнын бір мезгілде бағалау үшін саясат пен рәсімдерді айқындайды.

ҰЭЖ активтерінің құнын бағалау үшін сырттан бағалаушылар тартылады. Сырттан бағалаушыларды тарту туралы шешімді қаржы жөніндегі басшылық жыл сайын қабылдап отырады. Іріктеу критерийлері ретінде нарықты білу, бедел, тәуелсіздік және кәсіпқой стандарттарға сәйкестік қолданылады. Сыртқы бағалаушылармен талқылағаннан кейін қаржы жөніндегі басшылық бағалаудың қандай әдістемесі мен бастапқы деректері әрбір жағдайда пайдаланылуы тиіс екендігі жөнінде шешім қабылдайды.

Әрбір есепті күнге қаржы жөніндегі басшылық өзінің есеп саясатына сәйкес қайталап талдау және қайталап бағалау қажет болатын активтер мен міндеттемелердің құнындағы өзгерістерді талдайды. Мұндай талдаудың шеңберінде қаржы жөніндегі басшылық бағалау кезінде пайдаланылған ақпаратты шарттармен және басқа да орынды құжаттармен салыстыру арқылы соңғы бағалау кезінде қолданылған негізгі бастапқы деректерді тексереді.

Қаржы жөніндегі басшылық және Топтың сыртқы бағалаушылары жасалған өзгерістердің негізділігін айқындау мақсатында есеп саясатына сәйкес негізгі құралдардың қайта бағаланатын класы бойынша әрбір активтің әділ құнының өзгерісін тиісті сыртқы дерек көздерімен салыстырады.

Қаржы жөніндегі басшылық және сыртқы бағалаушылар бағалау кезінде қолданылған негізгі жорамалдарды талқылайды.

Әділ құн туралы ақпаратты ашып көрсету мақсатында Топ активтер мен міндеттемелерді олардың сипатының, оларға тән сипаттамалар мен тәуекелдердің, сондай-ақ жоғарыда көрсетілгендей әділ құн көздерінің иерархиясында қолданылатын деңгейдің негізінде жіктеді.

---

#### Шетел валютасындағы операциялар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі теңгемен берілген. Сондай-ақ теңге Топтың бас компаниясының функционалды валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валютасындағы операциялар бастапқыда операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағамы бойынша олардың функционалдық валютасында Топ компанияларымен ескеріледі.



Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валюта-ның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі.

Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын барлық бағамдық айырмалар, Топтың таза инвестициясының шетелдік бөлімшеге хеджирлеуін қамтамасыз ететін монетарлық баптарды қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады. Олар пайда мен залалдарда мойындалғанда таза инвестицияның шығу сәтіне дейін басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Монетарлық емес баптарды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар баптың әділ құны (яғни баптар бойынша бағамдық айырмалар, өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылған әділ құнның өзгерісінен болған кірістер немесе шығыстар да тиісінше өзге де жиынтық кіріс немесе пайда немесе залал құрамында танылады) өзгерісі нәтижесінде болған кірістерді немесе шығыстарды тану қағидаттарына сәйкес есептеледі.

Топ елеулі мәмілелерді жасаған шетел валюталарының айырбас бағамдары былайша көрсетілген:

<i>Кезең соңындағы айырбас бағамы (теңгеге)</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
1 АҚШ доллары	<b>381,18</b>	384,2
1 еуро	<b>426,85</b>	439,37
1 ресей рублі	<b>6,17</b>	5,52

<i>Бір жылғы орташа айырбас бағамы (теңгеге)</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
1 АҚШ доллары	<b>382,87</b>	344,76
1 еуро	<b>428,63</b>	406,65
1 ресей рублі	<b>5,92</b>	5,5

## Негізгі құралдар

Негізгі құралдар, ҰЭЖ активтерін қоспағанда, жинақталған амортизацияны және олар болған жағдайда құнсыздандудан болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға негізгі құралдардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді.

Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Негізгі құралдар (жалғасы)

Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ҰЭЖ активтері қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсыздану шығындарын шегере отырып әділ құны бойынша бағаланады. Қайта бағалау қайта бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнынан айтарлықтай ерекшеленбейді дегендегі сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті жиілікпен жүзеге асырылады.

Қайта бағалаудан болған құн өсімі БЖК құрамында көрсетіледі және бұрын жасалған қайта бағалаудың салдарынан пайда немесе зиян құрамында танылған дәл осы активті қайта бағалаудан болған зиянда қалпына келтіретін бөлікті қоспағанда, капитал құрамына кіретін активтерді қайта бағалау резервін ұлғайтуға жатады. Қайта бағалаудан болған залал, бұрын қайта бағалау резервінің құрамында мойындалған дәл сол актив бойынша оң қайта бағалауды тікелей азайтатын бөлігін қоспағанда, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады. Актив істен шыққан жағдайда, бұл активке тікелей жататын қайта бағалау резервінің бір бөлігі активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайданың құрамына аударылады.

Амортизация активтердің пайдалы қызметін бағалау мерзімінің ішінде желілік әдіспен былайша есептеледі:

Ғимараттар	60 жыл
<b>ҰЭЖ активтері</b>	
Электрді тарату желілері	50 жыл
Ғимараттар	10-30 жыл
Шағын станциялардың құрал-жабдығы	12-30 жыл
<b>Көлік және басқа да негізгі құралдар</b>	
Басқа да машиналар мен құрал-жабдықтар	7-25 жыл
Көлік құралдары	11 жыл
Компьютерлер және деректерді өңдеу бойынша басқа да құрал-жабдық	4-10 жыл
Интерьер және шаруашылық мақсаттағы заттар	7 жыл
Өзге негізгі құралдар	3-15 жыл

Жер амортизацияланбайды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ұлттық негізгі қорлар жіктеушісіне енгізілген өзгерістердің салдарынан «ҰЭЖ ғимараттары» класынан «ҰЭЖ-дің машиналары мен құрал-жабдығы» бөлініп шықты. Осыған орай, Топ «ҰЭЖ ғимараттары» класының атауын қаржылық есептілік мақсатында «ҰЭЖ активтері» класы болып өзгертті. Пайдалы қолдану мерзімдері және негізгі құралдарды тарату құны әрбір жылдық есепті кезеңнің аяғында талданады және қажетіне қарай түзетіледі.

Егер күтілген жағдайлар бұрынғы жорамалдардан ерекшеленетін болса, өзгерістер 8 ХҚЕС (IAS) «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» сәйкес бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер ретінде ескеріледі. Бұл бухгалтерлік бағалау жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын негізгі құралдардың қалдық құны мен негізгі құралдардың тозу сомасына айтарлықтай әсер ете алады.

Негізгі құралдар нысандарын тану ол есептен шығарылғанда немесе оның пайдаланылуы немесе есептен шығарылуынан болашақ экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Активтерді тану тоқтатылғанда туындайтын кез келген кірістер немесе залалдар (есептен шығарудан түскен түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептелетін) активті тану тоқтатылған есепті жылда пайда немесе зиян құрамына енгізіледі.

---

## Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, Топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті кезеңдегі пайда мен зияндарда көрсетіледі.

Топтың материалдық емес активтеріне, ең бастысы, компьютерлік бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді. Материалдық емес активтер активтерді 3 жылдан 20 жылға дейін пайдалы қолданудың бағалау мерзімі ішінде желілік әдіспен амортизацияланады.

---

## Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Егер осындай белгілер орын алса немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тексеру талап етілсе, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды. Активтің немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің (ААЖБ) өтелетін құны – бұл сатуға арналған шығындарды шегергенде, (ААЖБ) активінің әділ құны және (ААЖБ) активін пайдаланудан болатын құндылық. Өтелетін құн негізінен басқа активтер немесе активтер тобы жасайтын ағындардан тәуелсіз ақша қаражатының ағындарын актив жасаған жағдайда ғана жеке актив үшін анықталады. Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны оның өтелетін құнынан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдалану құндылығын бағалау кезінде келешек ақша ағымдары салық салынғанға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконтталады, әрі ол ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активке тән тәуекелдерді көрсетеді. Сату шығындарын шегере отырып әділ құнды айқындау кезінде тиісті бағалау үлгісі пайдаланылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

Топ құнсыздану сомасын Топтың жеке активтер жатқызылатын әрбір ААЖБ үшін жеке дайындалатын пайдалану құндылығына сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Бұдан да ұзақ кезеңдер үшін бесінші жылдан кейін болжамды келешек ақша ағындарына қатысты қолданылатын ұзақ мерзімді өсім үрдістері есептеледі.

Қайта бағалау өзге де жиынтық кірісте танылған бұрынғы қайта бағаланған ҰЭЖ активтерін қоспағанда құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан (қорлардың құнсыздануын қосқанда) болатын залалдар. Мұндай активтердің құнсыздануы бұрын танылған қайта бағалау сомасының шегінде басқа да жиынтық кірісте танылады. Топ әрбір есепті күнге, гудвилді қоспағанда, активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Егер мұндай белгі бар болса, Топ активтің немесе ААЖБ-ның өтелетін құнын есептейді. Құнсызданудан болған бұрын мойындалған шығындар, егер құнсызданудан болған соңғы шығын мойындалған уақыттан бастап активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылған бағалауда өзгеріс болған жағдайда ғана, қалпына келтіріледі. Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсызданудан болған залал деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнның осылайша қалпына келтірілуі, актив қайта бағаланған құны бойынша танылған жағдайларды қоспағанда, пайда мен зияндарда танылады. Мұндай жағдайларда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

#### Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсызданудан келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды. Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсы-

здану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

---

## **Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау**

### ***Қаржы активтері***

#### *Бастапқы тану және бағалау*

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттер, пайдаланылуы шектелген ақша қаражаты, басқа жа қаржы активтері, сауда және басқа да дебиторлық берешек, бағасы белгіленетін және белгіленбейтін қаржы құралдары кіреді.

Қаржы активтері бастапқыда танылған кезде тиісінше амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері; пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері; басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктеледі.

Қаржы активі амортизацияланған құны бойынша ескеріледі, егер мына екі критерий сақталған болса:

- 1) бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- 2) шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты несиелік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.

Егер жоғарыда аталған критерийлердің кем дегенде біреуі сақталмаған болса, қаржы активі әділ құны бойынша өлшенеді.

Топтың амортизацияланған құны бойынша ескерілмейтін қаржы активтері әділ құны бойынша ескеріледі.

Қаржы активі басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескеріледі, егер мына екі критерий сақталған болса:

- 1) бизнес-модельдің мақсаты барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін, сол сияқты қаржы активін сату арқылы қаржы активін ұстап қалу болып табылады; және
- 2) шарттық ақша ағындары тек пайыздық сыйақы мен негізгі борыш бойынша төлемдермен ғана білдірілген. Сыйақы ақшаның уақытша құны мен белгілі бір уақыт кезеңінде өтелуге жататын негізгі борышпен байланысты несиелік тәуекел үшін ақы төлеуді білдіреді.

Топ қаржы активтерін пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескереді, олар амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша көрсетілген жағдайларды қоспағанда.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)

##### Қаржы активтері (жалғасы)

###### Кейінгі бағалау

Кейіннен қаржы активтері амортизацияланған құны бойынша немесе Топтың қаржы активтерін басқару бойынша бизнес-модельдеріне негізделе отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы немесе пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Бизнес-модельді Топ басшылығы айқындайды.

###### Мойындауды тоқтату

Қаржы активінің (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөлігі немесе ұқсас қаржы активтері тобының бір бөлігі) мына жағдайларда баланста танылуы тоқтатылады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе; не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу барлық құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, жаңа актив Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде танылады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы теңгерімдік құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

###### Күтілетін несие залалдарын мойындау

Топ, егер несие залалы бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, амортизацияланған құны бойынша және бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резервін мойындайды. Топ басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активінің баланстық құнын азайтпай, бағалау резервін басқа да жиынтық кірістің құрамында мойындайды.

Қаржы активі бастапқы танылған сәттен бастап сол бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюының жоқтығын айқындау кезінде Топ күтілетін несие залалдары сомасының өзгеруіне емес, несие құралының қолданылу мерзімінің бойынша дефолттың орын алу тәуекелінің өзгеруіне сүйенеді.

Егер шартта көзделген қаржы активі бойынша ақша ағындары қайта қаралған немесе түрлендірілген болса және қаржы активінің мойындалуы тоқтамаса, Топ қаржы құралы бойынша несие тәуекелінің айтарлықтай өзгергенін мыналарды са-лыстыру арқылы бағалайды:

- 1) есепті күнгі жағдай бойынша дефолттың орын алу тәуекелін бағалау (түрлендірілген шарттық талаптардың негізінде);
- 2) бастапқыда мойындау кезінде дефолттың орын алу тәуекелін бағалау (бастапқы түрлендірілмеген шарттық талаптардың негізінде).

Егер несие тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы орын алмаса, Топ қаржы активі бойынша залалдарға бағалау резервін мыналарды қоспағанда 12 айлық күтілетін несие залалдарына тең сомада мойындайды:

- 1) сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері;
- 2) сауда дебиторлық берешекті немесе «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» 15 ХҚЕС (IFRS) қолданылу аясына қатысы бар операциялардың салдарынан туындайтын шарт бойынша активтерді; және
- 3) жалдау бойынша дебиторлық берешекті.

(1) – (3) тармақтарда көрсетілген қаржы активтері бойынша Топ залалдар резервін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарының сомасында бағалайды.

Егер алдыңғы есепті кезеңде Топ қаржы құралы бойынша залалдардың бағалау резервін бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең болатын сомада бағалайды, бірақ ағымдағы күнгі жағдай бойынша несиелік тәуекелдің айтарлықтай ұлғаюы жоқ екендігін айқындайды, сол сияқты ағымдағы есепті күнге Топ бағалау резервін 12 айлық күтілетін несие залалдарына тең сомада бағалауы тиіс.

Топ құнсызданудан болған пайда немесе залал ретінде залалдардың бағалау резервін түзетуге қажетті соманы есепті күнгі жағдай бойынша күтілетін несие залалдарының сомасына дейін мойындайды.

Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері бойынша Топ құнсызданудан болған залалды қалпына келтіру ретінде, тіпті егер бүкіл мерзім бойына болған күтілетін несие залалдары бастапқы мойындау кезінде есепті ақша ағындарына қосылған күтілетін несие залалдарының өлшемінен кем болса да, бүкіл мерзім бойына болған күтілетін несие залалдарының қолайлы өзгерістерін мойындайды.

#### *Күтілетін несие залалдарын бағалау*

Топ қаржы құралы бойынша күтілетін несие залалдарын мыналарды көрсететін тәсілмен бағалайды:

- 1) ықтималдылықты ескере отырып алынған және таразыланған ықтимал нәтижелердің диапазонын бағалау арқылы айқындалған соманы;
- 2) ақшаның уақытша құнын;
- 3) есепті күнге қолжетімді болатын өткен оқиғалар, ағымдағы талаптар мен болжамды келешек экономикалық талаптар туралы негізделген және расталатын ақпаратты.

Күтілетін несие залалдарын бағалау кезінде қарастырылатын ең ұзақ кезең – бұл Топ несиелік тәуекелге ұшырағыш болатын шарт бойынша ең ұзақ кезең (ұзарту опциондарын ескере отырып).

Қарыз, сол сияқты қарыздарды беру міндеттемесінің пайдаланылмаған компоненті кіретін қаржы құралдары бойынша, Топтың шартта көзделген қарыздың өтелуін талап ету және қарыздарды беру бойынша міндеттеменің пайдаланылмаған компонентінің күшін жою мүмкіндігі Топтың хабарламаны берудің шарттық мерзімімен несиелік залалдар тәуекеліне ұшырағыштығын шектемейді. Мұндай қаржы құралдары бойынша Топ несиелік залалдарды несиелік тәуекелге ұшырағыштықтың бүкіл мерзіміне бағалайды және күтілетін несиелік залалдар Топтың несиелік тәуекелдерді басқару қызметінің нәтижесінде, тіпті егер мұндай кезең шарт бойынша ең ұзақ кезеңнен асып кетсе де, азаймайды.



### **3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)**

#### **Қаржы құралдары – бастапқы мойындау және кейіннен бағалау (жалғасы)**

##### ***Қаржы активтері (жалғасы)***

##### ***Күтілетін несиелер залалдарын бағалау (жалғасы)***

Бастапқыда танылған сәттен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюымен негізделген күтілетін несиелер залалдарын бүкіл мерзім бойына мойындау мақсатына қол жеткізу үшін несиелік тәуекелді ұжымдық негізде айтарлықтай ұлғайтуды бағалау, мысалға, несиелік тәуекелдің топ немесе қаржы құралдарының шағын тобы бойынша едәуір ұлғаюына нұсқайтын ақпаратты талдау арқылы бағалау қажет болып қалуы мүмкін. Бұл несиелік тәуекел айтарлықтай ұлғайған жағдайда Топтың бүкіл мерзім бойынша күтілетін несиелер залалдарын мойындау мақсатына қол жеткізуіне, тіпті егер несиелік тәуекелдің бөлек құрал деңгейінде айтарлықтай ұлғаюының расталуы қолжетімсіз болса да, кепілдігін береді.

##### ***Қаржылық міндеттемелер***

##### ***Бастапқы тану және бағалау***

Бастапқы мойындау кезіндегі қаржылық міндеттемелер пайда немесе зиян, несиелер мен қарыздар немесе тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланып отырған қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда оларға мәміле бойынша тікелей байланысты шығындар шегеріліп қарыздар, несиелер мен кредиторлық берешек болған жағдайда әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелері сауда және басқа да кредиторлық берешекті, несиелер мен қарыздарды және шығарылған облигацияларды қамтиды.

##### ***Кейінгі бағалау***

Қаржылық міндеттемелерді одан кейінгі бағалау олардың жіктелуіне былайша тәуелді болады:

##### **Несиелер мен қарыздар**

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы өтелім есептелуіне қарай пайда мен зияндарда танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамына енгізіледі.

##### **Сауда және басқа да кредиторлық берешек**

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

### Тануды тоқтату

Қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады. Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың баланстық құндағы айырмасы жиынтық шығын туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

---

### Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

---

### Қорлар

Қорлар ФИФО әдісі бойынша ескеріледі.

Қорлар қос көлемнің ең азы бойынша бағаланады: сатып алу құны және өткізудің таза құны.

Өткізудің таза құны, өндірісті аяқтауға жұмсалатын болжамды шығыстарды және өткізуге бағаланған шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызметтің барысында сатудың болжамды бағасы ретінде айқындалады.

---

### Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктер мен кассадағы ақшалай қаражат және бастапқы өтеу мерзімі 3 (үш) ай немесе одан аз болатын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің мақсаттары үшін ақша қаражаты мен оның баламалары жоғарыдағы анықтамаға сай ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттерден тұрады.

---

### Пайдалануға шектелген ақша қаражаты

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ХҚҚДБ») және Еуропалық Қайта құру және Даму Банкімен (бұдан әрі – «ЕҚҚДБ») қол қойылған жобаларды қаржыландыру жөніндегі несие келісімдеріне сәйкес Топ борышқа қызмет көрсетуге қажетті банк шоттарын ашты. Осы банк шоттарында көрсетілген ақша қаражаты пайыздар мен негізгі борыш бойынша жоспарлы төлемдерді жүзеге асыру үшін ғана пайдалана алады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Пайдалануға шектелген ақша қаражаты (жалғасы)

Егер ақша қаражаты қандай да бір тәсілмен есепті күннен бастап 12 (он екі) айға дейінгі кезеңде пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты қысқа мерзімді активтер ретінде жіктеледі және тиісінше шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетіледі. Егер ақша қаражаты есепті күннен бастап 12 (он екі) айдан астам кезеңге пайдалануда шектелген болса, мұндай ақша қаражаты ұзақ мерзімді активтердің құрамында көрсетіледі.

#### Резервтер

Егер Топтың бұрын болған оқиғаның нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемесі (заңгерлік немесе тәжірибеден туындайтын) болса, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайданың әкетілуі ықтимал болып табылса және мұндай міндеттеме сомасының сенімді бағасы алынуы мүмкін болғанда, резервтер мойындалады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

#### Түсімді мойындау

Егер Топтың экономикалық пайданы алуы ықтимал деп бағаланса және егер түсім төлемнің жасалу уақытына қарамастан сенімді түрде бағалай алынса, түсім мойындалады. Пайда шартта анықталған төлем ережелері ескеріліп және салықтар немесе баждар шегеріліп, алынған немесе алуға жататын сыйақылардың әділ бағасы бойынша бағаланады. Топ пайда алуы көздейтін өзі жасаған шарттарды өзі принципал ма әлде агент пе дегенді анықтау мақсатында белгілі бір өлшемдерге сәйкес талдайды. Топ ол барлық мұндай шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

Топ, өзі болжағандай, аталған тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуға құқығы болатын өтемақы сомасында тұтынушыларға уәде етілген қызметтердің көрсетуін көрсету үшін түсімді мойындайды.

Топ, түсім мойындалған кезде, келесі қадамдарды жасайды:

- 1) шартты тұтынушымен сәйкестендіру;
- 2) шарт шеңберінде орындалуға жататын міндеттемені сәйкестендіру;
- 3) мәміле бағасын айқындау;
- 4) мәміле бағасын шарт шеңберінде орындалуға жататын бөлек міндеттер арасында бөлу;
- 5) шарт шеңберінде орындалуға жататын міндеттің орындалу сәтіне (немесе шамасына қарай) түсімді мойындау.

Көрсетілген қызметтерден түскен кірістер қызметтердің көрсетілуіне қарай танылады. Топ өндірушілерден электр қуатын көтерме әрі ірі тұтынушыларға дейін жеткізу бойынша, желіге берудің техникалық диспетчерлеу бойынша қызмет көрсетуден және электр қуатын тұтынудан, өндірісті теңестіруді ұйымдастыру бойынша және электр қуатын тұтыну бойынша қызмет көрсетуден, сондай-ақ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен электр қуаты ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтерінен және басқа да қызметтерден кіріс алады.

Электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру/тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтері бойынша кірісті есептеуге арналған тарифтерді Комитет бекітеді.

Электр қуатының шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен ағымының шарттық көлемдерін қамтамасыз ету қызметтері бойынша кірістер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Бірыңғай энергия жүйелерінің параллельді жұмысын қамтамасыз ету шаралары туралы» Келісімдердің негізінде жасалған шарттардың талаптарына сәйкес танылады.

Сондай-ақ 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында қуаттылық нарығының енгізілуімен Топ электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетеді. Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуден түскен түсім көрсетілген қызметтер көлеміне сүйене отырып ай сайын танылады. Әрбір нақты сатып алушы үшін электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтің көлемі тиісті ай үшін максималды, бір айда электр қуаттылығын тұтынудың нақты максималды мәні туралы актіде көрсетілген тұтынудың электр қуаты болып табылады.

#### *Пайыздық кіріс*

Амортизацияланған құн және әділ құны бойынша ескерілетін ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бойынша ескерілетін барлық қаржы құралдары бойынша пайыздық кіріс немесе шығыс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып мойындалады, әрі ол қаржы құралын болжамды пайдалану мерзімінің бойында немесе егер бұл орынды болса, қаржы активінің немесе міндеттеменің таза баланстық құнына дейінгі ұзақ емес кезеңнің ішінде күтілетін келешек төлемдерді немесе ақша қаражатының түсімдерін дәл дисконттайды. Пайыздық кіріс жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады.

---

### **Қарыздар бойынша шығындар**

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

---

### **Жалдау**

Мәміле жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау шарттық қолданылуының басталу күніне мәміле мазмұнын талдауға негізделеді. Мұндай талдаудың шеңберінде шарттық орындалуы нақты активті немесе активтерді пайдалануға тәуелділігін және мұндай мәміленің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы өтетіндігін белгілеу қажет.

#### *Топ жалға алушы ретінде*

Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүлктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталданады немесе егер бұл сома аз болып қалса, ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады. Жалдау төлемдері өтелмеген міндеттеме сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржылық шығыстар мен жалдау бойынша міндеттеменің негізгі сомасының азаюы арасында бөлінеді. Қаржылық шығыстар тікелей пайдада және зияндарда көрсетіледі.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Жалдау (жалғасы)

*Топ жалға алушы ретінде (жалғасы)*

Жалға алынған актив активтің пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде амортизацияланады. Дегенмен егер Топқа жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығы өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив келесі кезеңдердің ең қысқасының ішінде амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің есепті мерзімі және жалдау мерзімі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

#### Зейнетақы міндеттемелері

Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Топ жинақтаушы зейнетақы қорларына аударымдар ретінде жұмысшылардың жалақысынан 10% мөлшерінде, бірақ айына 212.500 теңгеден артық емес мөлшерде (2018 жылы: 212.130 теңге) төлемдерді жасайды. Зейнетақы қорларына төленетін төлемдер жұмыскерлердің жалақысынан ұсталады және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдармен бірге олардың пайда болу сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте еңбекақыны төлеу бойынша жалпы шығыстарға қосылады. Топтың зейнетақы төлемдері бойынша қандай да бір басқа міндеттемелері жоқ.

#### Ағымдағы табыс салығы

Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша салық активтері мен міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төленуге болжанатын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – Топ өз қызметін жүзеге асыратын және салық салынатын пайданы алатын елдерде есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнамалар.

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында мойындалады. Басшылық соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай резервтерді құрады.

#### Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі гудвилді, активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде, бизнесті біріктіру емес мәмілелер барысында пайда болады және операцияларды жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға әсер етпейді;

- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестермен инвестициялармен байланысты салық салынатын уақыт айырмашылықтарына қатысты егер уақыт айырмасының уақыттың азайып бөлінуін бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- шегерілетін уақыт айырмасына жататын мерзімі кейінге қалдырылған салық активі бизнесті біріктіру салдарынан тумаған болса және ол операцияны жасау кезінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайдаға немесе залалдарға да әсер етпейтін активті немесе міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде туындаса;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпорындарға қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте пайдаланылады және соған қарсы уақыт айырмалары қолданылуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген айтарлықтай ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік береді деген едәуір ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қабылданған немесе нақты қабылданған есепті күнгі жағдай бойынша салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде актив өткізіледі, ал міндеттеме өтеледі деген есепті жылда қолданатын болады деп болжанатын салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан бекітілген ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын компанияға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

---

## **Дивидендтер**

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

## **Шартты міндеттемелер мен шартты активтер**

Шартты міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

### 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ (жалғасы)

#### Шартты міндеттемелер мен шартты активтер (жалғасы)

Шартты активтер шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындалмайды, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептілікте ашылады.

### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есепті кезеңнің аяғында есептілікте ұсынылатын түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер мен активтер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Дегенмен осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік соған қатысты осы сияқты жорамалдар мен бағалаулар қабылданған активтің немесе міндеттеменің баланстық құнына келешекте елеулі түзетулерді талап етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

#### Бағалау мәндері мен жорамалдар

Келесі қаржы жылының ішінде активтер мен міндеттемелердің баланстық құнында елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін есепті күнге келешек туралы негізгі жорамалдар мен белгісіздік пайымдауларының басқа да негізгі дерек көздері төменде қарастырылады: Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

#### Негізгі құралдарды қайта бағалау

Топ 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҰЭЖ активтерін қайта бағалады. Топ ҰЭЖ әділ құнын бағалау үшін «Делойт ТСФ» ЖШС аккредитацияланған тәуелсіз бағалаушыны тартты.

Қайта бағаланған ҰЭЖ активтері активтің табиғатына, сипаты мен соған тән тәуекелдерге сүйене отырып 13 ХҚЕС-ке (IFRS) сай активтердің бір класын білдіреді. ҰЭЖ активтерінің әділ құнын анықтауға арналған бастапқы деректер әділ құн иерархиясында 3-деңгейге жатады (қадағаланбайтын бастапқы деректер).

2017 жылдың қорытындылары бойынша Комитет электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау мен өндірісті теңестіруді және электр қуатын тұтынуды ұйымдастыру бойынша қызметтерге арналған тарифтердің ұлғаюын бекітті. Тарифтердің өсуі 113.259.316 мың теңге сомасында басқа да жиынтық кіріс құрамына қосылған кейбір активтерді қайта бағалау құнының өсуіне және 22.651.864 мың теңге сомасында тиісінше кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің өсуіне, сондай-ақ 3.342.507 мың теңге сомасында пайда мен зияндарға қосылған бұрын қайта бағаланған кейбір активтер құнының өсуіне әкеп соқтырды.



ҰЭЖ активтерінің әділ құны шығынды әдіспен айқындалды. Шығынды әдіс активтердің сирек мамандырылуына орай және тарихи тұрғыдан бұл активтер ешқашан сатылмағандығына орай қолданылды. Шығынды әдістің шеңберінде жинақталған тозудың барлық түрлерін шегере отырып негізгі құралдарды ауыстырудың толық құны есептелген ауыстыру құнын немесе қалпына келтіру құнын айқындау әдісі, сондай-ақ аналогтар бойынша есеп айырысу әдісі, үлес көрсеткішінің әдісі және бұрынғы шығындарды индексациялау әдісі қолданылды.

Өтемақының есептелген ағымдағы құны кейіннен ақша ағындарын дисконттау үлгісінің негізінде айқындалған өтелетін құнмен салыстырылды. Ақша ағындары бюджеттен келесі 5 (бес) жылға алынады.

Бағалау нәтижесінде 527.147.904 мың теңге мөлшеріндегі сома 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша ҰЭЖ активтерінің әділ құны ретінде танылды.

Әділ құнды бағалау кезінде 2018 жылы келесі негізгі жорамалдар қолданылды:

Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)	11,82%
Ұзақ мерзімді өсу қарқыны	3,6%
Негізгі активтің қалған қызмет ету мерзімі	40 жыл

Дисконттау мөлшерлемесінің 0,5%-ға ұлғаюы немесе өсімнің ұзақ мерзімді қарқынының 0,5%-ға азаюы Топтың негізгі құралдарының әділ құнының 40.116.819 мың теңгеге немесе тиісінше 26.219.011 мың теңгеге азаюына әкеп соқтырады.

## Салықтар

Күрделі салық заңнамасын, сондай-ақ келешек салық салынатын пайда сомалары мен мерзімдерін түсіндіруге қатысты белгісіздік бар. Топтың халықаралық операцияларының айтарлықтай алуандығын, сондай-ақ шарттық қатынастардың ұзақ мерзімді сипатын және күрделілігін есепке ала отырып, нақты нәтижелер мен қабылданған болжалдар арасында пайда болатын айырма немесе осындай болжалдардың келешек өзгерістері есептілікте көрсетілген шығыстар сомасын немесе табыс салығы бойынша шығыстар немесе үнемдеу сомасын түзетуге әкеп соқтырады. Негізделген жорамалдарға сүйене отырып, Топ салықтық тексерулердің ықтимал салдарына резервтерді құрады. Осындай резервтердің шамасы әр түрлі факторларға, мысалы, алдыңғы тексерулердің нәтижелеріне және салық төлеуші компанияның және тиісті салық органының салық заңнамасының әртүрлі интерпретацияларына байланысты.

Интерпретациядағы осындай айырмашылықтар Топтың тиісті компаниясы тіркелген елде басым болатын жағдайларға байланысты мәселелердің көп саны бойынша туындауы мүмкін.

Топ сот істерінің орын алуын салық заңнамасына орай екендігін бағалап, ақша қаражатының кейіннен ағып кетуі мүмкін емес деп бағаланды, шартты міндеттеме танылмады.

Кейінге қалдырылған салық активтері соған қарсы салық залалдары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтимал болып табылатын шамада барлық пайдаланылмаған салық залалдары бойынша танылады. Келешек салық салынатын табысты алудың ықтимал мерзімдерінің және оның өлшемдерінің негізінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте мойындауға болатын кейінге қалдырылған салық активтерінің сомаларын, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясын анықтау үшін басшылықтың елеулі пайымдаулары қажет.

#### 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІ ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУ МӘНДЕРІ ЖӘНЕ ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

##### Қаржы құралдарының әділ құны

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылған қаржы активтерінің және қаржылық міндеттемелердің әділ құны осы активті нарықтар негізінде анықталмайтын жағдайларда, ол дисконтталған ақша ағындарының моделін қоса алғанда, бағалау әдістерін пайдалана отырып, анықталады. Мүмкіндігіне қарай осы модельдер үшін бастапқы директор ретінде алайда, бұл іс жүзінде жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, бақылаушы нарықтардан түсетін ақпарат пайдаланылады, әділ құнды белгілеу үшін пікірдің белгілі бір үлесі талап етіледі. Пікірлер өтімділік тәуекелі, несиелік тәуекел және өзгермелілік сияқты осындай бастапқы деректерді есепке алынуын қамтиды. Осы факторларға қатысты болжамдарға өзгерістер шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарында көрсетілген қаржы құралдарының әділ құнына ықпал етуі мүмкін.

##### *DSFK облигациялары*

2017 жылғы 28 желтоқсанда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 қарашадағы Шешіміне сәйкес, Топ сатып алуды «RBK банк» АҚ-да (бұдан әрі – «RBK банк») орналастырылған қаражатпен төлей отырып «DSFK» Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-тің (бұдан әрі – «DSFK облигациялары») облигацияларын сатып алды. Облигацияларды сатып алмас бұрын RBK-да орналастырылған депозиттердің номиналды сомасы 1.498.249 мың теңге болды. DSFK облигацияларының жылдық 0,01% купондық мөлшерлемесі бар және өтеу мерзімі 15 жыл. Облигациялар «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-тің 411.883 мың теңге сомаға қаржылық кепілдігімен қамтамасыз етілген. Кепілдік Топтың сұратуы бойынша пайдалануы мүмкін, бірақ облигациялар шығарылған күннен бастап бесінші жылдан ерте емес.

Топ басшылығы, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша DSFK облигациялары өтелмейді деп есептейді. Осылайша, DSFK облигацияларының әділ құны кепілдіктің әділ құнына тең болатын олардың өтелетін құнымен шектелген. Топ облигацияларды барлық шарттық ақша ағындарын алу үшін ұстамайды, сондықтан 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша облигациялар пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша ескерілетін қаржы құралдары ретінде жіктелді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ облигациялардың әділ құнын 12,9% мөлшерлемесі бойынша қайта бағалады, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесін білдіреді.

##### *Самұрық-Қазынаның облигациялары*

2018 жылдың мамыр-маусым айының ішінде Топ номиналы 26.000.000 мың теңге болатын «Самұрық-Қазына» ҰАҚ» АҚ купондық облигацияларын Қазақстан қор биржасында сатып алды. Облигациялар амортизацияланған құны бойынша ескерілген болып жіктелген және бастапқыда 8,4% тең болатын нарықтық мөлшерлеме бойынша есептелген дисконтты қолдана отырып әділ құны бойынша есепте танылды.

---

##### ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатын сатып алу және сату

Жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – «ЖЭК») секторын дамыту жағдайларын жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ЖЭК объектілері өндіретін электр қуатын бірыңғай сатып алушысы – ӨҚО орталықтан сатып алуды өндіруге негізделген мемлекеттік қолдау тетігін қабылдады. ӨҚО қызметі «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатын сатып алу және сату шарттарын саралап, Топ басшылығы Топ ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатына біртегісінде бақылау алатындығы және оны сатып алушыларға беретіндігі туралы едәуір пайымдауды қолданды. Топ басшылығы сатып алушылар Топты ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатын сату шартының орындалуы үшін негізгі жауапкершілікті көтеретін тарап ретінде қарастырады, өйткені Топ электр

қуатының аталған көлемін жеткізуге міндетті, бұл ретте электр қуатын өндіруді-тұтынуды теңестіруге жұмсалатын барлық шығыстар мен технологиялық шығындар Топқа жатады.

Содан басқа, ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатын сатып алу шарттарын Топ 15 жыл мерзімге жасайды, бұл ретте электр қуатын сату шарттары сатып алушылармен бір жыл мерзімге жасалады.

Осылайша, Топ басшылығы Топ ЖЭК пайдалану объектілері өндірген электр қуатын сату шарттарында принципал болып табылатындығын айқындады және Топ өтемақының жалпы сомасында түсімді мойындайды, ол құқықты алуды күтіп отыр.

---

### **ЖЭК электр қуатын сатып алу шарттарында жалдау құрамдасын айқындау**

Топтың еншілес ұйымы ӨҚО жаңартылатын қуат көздерін пайдаланатын электр станцияларында (бұдан әрі – «ЖЭК электр станциялары») өндірілген электр қуатын сатып алуға арналған ұзақ мерзімді шарттарды жасады. Бұл шарттар бойынша ӨҚО-ның сатып алу шарттарының 15 жылдық қолданылу кезеңі ретінде айқындалған пайдалану мерзімінің ішінде ЖЭК электр станцияларын пайдаланудан барлық экономикалық пайданы алуға құқығы бар. ӨҚО мұндай ЖЭК электр станцияларында өндірілген электр қуатының барлық көлемін сатып алады. ЖЭК электр қуатын атып алу шарттарында ЖЭК электр станциясында өндірілген электр қуатының әрбір кВт/с үшін теңгемен белгіленген тарифтер көзделген.

Осылайша, Топ басшылығы ЖЭК электр қуатын сатып алу шарттары 16 ХҚЕС-ке (IFRS) сай жалдау құрамдасын қамтитындығын айқындады. Дегенмен Топ басшылығы әрбір нақты электр станциясында өндірілетін өндіріс көлемдеріндегі жоғары құбылулардың салдарынан электр қуатының көлемін шынайы түрде бағалай алмайды, өйткені ЖЭК бизнесінің сипаты ауа-райы сияқты сыртқы факторларға қатты тәуелді болады. Тиісінше, Топ басшылығы жалдау бойынша міндеттемені (және тиісінше, пайдалану құқығы нысанындағы активті) сенімді әрі шынайы бағалай алмады.

---

### **Дебиторлық берешек бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резерві**

Топ дебиторлық берешек бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері залалдардың ұқсас сипаттамалары бар (яғни, географиялық өңір, өнім типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамсыздандыру және несие тәуекелдерін сақтандырудың басқа да нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемді жасау мерзімін ұзартып алудың күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде өткен кезеңдерде дефолттардың пайда болуының қадағаланатын деректері жатыр. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолттың деңгейі туралы қадағаланатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаулардың өзгерістері сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжанатын экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Топтың несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін.

## 5. ОПЕРАЦИЯЛЫҚ СЕГМЕНТТЕР ЖӨНІНДЕГІ АҚПАРАТ

### Географиялық ақпарат

Тұтынушының тіркелген елінің негізінде тұтынушылардың географиялық орналасуы жөніндегі ақпарат былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Қазақстандық тұтынушылардан түскен түсім	<b>247.186.271</b>	165.451.444
Ресейлік тұтынушылардан түскен түсім	<b>15.245.821</b>	9.741.509
Өзбекстандық тұтынушылардан түскен түсім	<b>708.465</b>	561.066
Қырғызстандық тұтынушылардан түскен түсім	<b>21.516</b>	43.367
<b>Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке сай түсім жиыны</b>	<b>263.162.073</b>	<b>175.797.386</b>

Басшылық салық салынғанға дейінгі түсім мен пайданы ХҚЕС-ке сәйкес саралайды.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың бір тұтынушыдан, «Самұрық-Энерго» тобынан түскен түсім, оның бірлескен кәсіпорындарын қоса, 38.464.643 мың теңге болды және оған электр қуатын беру және ілеспе қолдау көрсету бойынша түсім, электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша түсім кіреді (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 33.049.610 мың теңге).

### Операциялық сегменттер

Басқарушылық мақсаттар үшін Топтың қызметі көрсетілетін қызметтің түріне сәйкес үш операциялық сегментке бөлінеді:

- *Электр қуатын беру және ілеспе қолдау көрсету.* Электр қуатын беру Заңмен реттеледі, өйткені Топ электр қуатын беру, желіге беретін техникалық диспетчерлеу және электр қуатын тұтыну мен электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша қызметтерді көрсету аясында табиғи монополист болып табылады. Заңға сай, электр қуатын беру, техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру қызметтеріне арналған Топ тарифтерін Комитет бекітеді;
- *Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету.* 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасында электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады, оны енгізудің негізгі мақсаты – бұл Қазақстан Республикасының энергия жүйесінің баланстық сенімділігін қамтамасыз ету. Баланстық сенімділік дегеніміз энергия жүйесінің электр қуатына тұтынушылық сұранысын кез келген уақыт сәтінде қанағаттандыру қабілеті.
- *Сатып алынатын электр қуатын өткізу* Сатып алынатын электр қуатын өткізу сегментіне Қазақстан Республикасының Үкіметі ЖЭК секторын дамыту жағдайларын жасау мақсатында құрған жаңартылатын энергия көздерінің (бұдан әрі – «ЖЭК») секторы кіреді. ЖЭК секторы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңымен реттеледі.

Мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін					
	Электр қуатын беру және ілеспе қолдау көрсету	Электр қуатының жүктемесін көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету	Сатып алынатын электр қуатын өткізу	Басқасы	Элиминация	Барлығы
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	153.938.491	67.727.114	40.838.117	658.351	–	263.162.073
Басқа сегменттерге сатудан түсім	118.642	3.366.165	32.811	4.009.395	(7.527.013)	–
<b>Түсім жиыны</b>	<b>154.057.133</b>	<b>71.093.279</b>	<b>40.870.928</b>	<b>4.667.746</b>	<b>(7.527.013)</b>	<b>263.162.073</b>
<b>Жалпы пайда</b>	<b>50.246.401</b>	<b>12.809.151</b>	<b>(710.722)</b>	<b>1.188.292</b>	<b>(627.726)</b>	<b>62.905.396</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(8.454.964)	(244.126)	(118.534)	(546.169)	529.586	(8.834.207)
Өткізу шығыстары	(411.350)	–	–	–	29.072	(382.278)
Қаржылық кірістер	3.861.445	357.094	232.623	70.749	(350.381)	4.171.530
Қаржылық шығыстар	(9.200.695)	–	–	–	–	(9.200.695)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	774.374	–	–	–	–	774.374
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	469.269	–	1	(141)	–	469.129
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	(28.364)	–	–	–	–	(28.364)
Табыс салығы бойынша шығыстар	(6.906.005)	(2.597.311)	144.113	(162.801)	–	(9.522.004)
Бір жылдағы жалғасатын қызметтен түскен таза пайда/(зиян)	30.942.952	10.358.076	(574.723)	614.608	(591.943)	40.748.970
<b>Таза пайданың/(зиянның) жиыны</b>	<b>30.942.952</b>	<b>10.358.076</b>	<b>(574.723)</b>	<b>614.608</b>	<b>(591.943)</b>	<b>40.748.970</b>
<b>Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат</b>						
Сегмент активтерінің жиыны	729.742.694	17.967.007	8.166.822	4.570.336	(3.459.138)	756.987.721
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	260.216.629	10.741.958	4.882.708	914.410	(1.606.008)	275.149.697
Күмәнді берешек бойынша күтілетін несие залалдарының резервін есептеу	94.761	(236.653)	2.584	9.121	–	(130.187)
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	1.862.241	–	–	–	–	1.862.241
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>						
Сыртқы сатып алушыларға сатудан түсім	154.344.611	–	21.023.257	429.518	–	175.797.386
Басқа сегменттерге сатудан түсім	69.951	–	1.892	3.721.185	(3.793.028)	–
<b>Түсім жиыны</b>	<b>154.414.562</b>	<b>–</b>	<b>21.025.149</b>	<b>4.150.703</b>	<b>(3.793.028)</b>	<b>175.797.386</b>
<b>Жалпы пайда</b>	<b>62.323.417</b>	<b>–</b>	<b>61.023</b>	<b>972.592</b>	<b>(559.880)</b>	<b>62.797.152</b>
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(7.517.505)	–	(194.637)	(591.710)	526.194	(7.777.658)
Өткізу шығыстары	(284.988)	–	–	–	300	(284.688)
Қаржылық кірістер	4.968.027	–	156.528	99.908	(273.126)	4.951.337
Қаржылық шығыстар	(3.862.511)	–	–	–	–	(3.862.511)
Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес	325.786	–	–	–	–	325.786
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	(5.865.173)	–	(2)	(479)	–	(5.865.654)
Негізгі құралдардың құнсыздануын қалпына келтіру	266.291	–	–	–	–	266.291
Табыс салығы бойынша шығыстар	(10.895.379)	–	(14.114)	(72.311)	(132)	(10.981.936)
Бір жылдағы жалғасатын қызметтен түскен таза пайда/(зиян)	40.044.274	–	56.229	412.975	(470.603)	40.042.875
<b>Таза пайданың/(зиянның) жиыны</b>	<b>40.044.274</b>	<b>–</b>	<b>56.229</b>	<b>412.975</b>	<b>(470.603)</b>	<b>40.042.875</b>
<b>Сегменттер жөнінде басқа да ақпарат</b>						
Сегмент активтерінің жиыны	750.476.432	–	4.178.014	4.332.212	(3.135.956)	755.850.702
Сегмент міндеттемелерінің жиыны	279.514.195	–	3.452.204	960.513	(770.014)	283.156.898
Күмәнді берешек бойынша күтілетін несие залалдарының резервін есептеу	(561.526)	–	(3.111)	3.243	–	(561.394)
Қауымдасқан компанияға инвестициялар	1.107.867	–	–	–	–	1.107.867

**6. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР ҮШІН БЕРІЛГЕН АВАНСТАР**

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	ҰЭЖ активтері	Көлік және басқа да негізгі құралдар	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
<b>2018 жылғы 1 қаңтарға</b>	1.737.558	13.807.910	844.259.049	38.997.861	83.208.832	982.011.210
Түсімдер	16.727	–	5.022	1.724.727	40.872.762	42.619.238
Аударымдар	16.850	3.623.149	64.217.441	(6.272.225)	(61.585.215)	–
Қайта бағалаудан құн өсімі (ҚҚӨ)	–	–	203.616.876	–	–	203.616.876
Қайта бағалау (ПмЗЕ)	–	–	5.084.250	–	–	5.084.250
Есептен шығару	–	(6.529)	(488.177)	(606.139)	(33.074)	(1.133.919)
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	(219.328)	(59.412)	(278.740)
Жоба бойынша қаражатты қайтару	–	–	(267.056)	–	–	(267.056)
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.771.135</b>	<b>17.424.530</b>	<b>1.116.427.405</b>	<b>33.624.896</b>	<b>62.403.893</b>	<b>1.231.651.859</b>
Түсімдер	<b>50.427</b>	<b>76.411</b>	<b>214.121</b>	<b>1.382.027</b>	<b>16.641.467</b>	<b>18.364.453</b>
Аударымдар	<b>88.694</b>	<b>1.236.427</b>	<b>52.579.631</b>	<b>7.362.162</b>	<b>(61.266.914)</b>	<b>–</b>
Есептен шығару	–	<b>(862)</b>	<b>(817.105)</b>	<b>(544.568)</b>	<b>(700.861)</b>	<b>(2.063.396)</b>
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	–	<b>(80.518)</b>	<b>(80.518)</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.910.256</b>	<b>18.736.506</b>	<b>1.168.404.052</b>	<b>41.824.517</b>	<b>16.997.067</b>	<b>1.247.872.398</b>
<b>Жинақталған тозу және құнсыздану</b>						
<b>2018 жылғы 1 қаңтарға</b>	–	(2.076.307)	(421.939.104)	(22.165.404)	(536.217)	(446.717.032)
Кезеңдегі аударымдар	–	(309.915)	(23.682.717)	(2.334.589)	–	(26.327.221)
Аударымдар	–	(1.623.546)	(1.444.752)	3.068.298	–	–
Қайта бағалаудан құн өсімі (ҚҚӨ)	–	–	(90.357.560)	–	–	(90.357.560)
Қайта бағалау (ПмЗЕ)	–	–	(1.741.743)	–	–	(1.741.743)
Есептен шығару	–	6.486	350.602	600.452	19.868	977.408
Материалдық емес активтерге аударым	–	–	–	184.365	–	184.365
Құнсыздануды қалпына келтіру	–	–	–	–	266.291	266.291
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>	–	<b>(4.003.282)</b>	<b>(538.815.274)</b>	<b>(20.646.878)</b>	<b>(250.058)</b>	<b>(563.715.492)</b>
Кезеңдегі аударымдар	–	<b>(546.045)</b>	<b>(30.658.153)</b>	<b>(2.537.292)</b>	–	<b>(33.741.490)</b>
Аударымдар	–	<b>(99.574)</b>	<b>(106.641)</b>	<b>206.215</b>	–	–
Есептен шығару	–	<b>389</b>	<b>672.967</b>	<b>453.854</b>	–	<b>1.127.210</b>
Құнсыздануды қалпына келтіру	–	–	–	–	<b>28.364</b>	<b>28.364</b>
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>	–	<b>(4.648.512)</b>	<b>(568.907.101)</b>	<b>(22.524.101)</b>	<b>(221.694)</b>	<b>(596.301.408)</b>
<b>Қалдық құны</b>						
<b>2018 жылдың 1 қаңтарына</b>	1.737.558	11.731.603	422.319.945	16.832.457	82.672.615	535.294.178
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>	1.771.135	13.421.248	577.612.131	12.978.018	62.153.835	667.936.367
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>1.910.256</b>	<b>14.087.994</b>	<b>599.496.951</b>	<b>19.300.416</b>	<b>16.775.373</b>	<b>651.570.990</b>

ҰЭЖ активтерінің баланстық құны, егер олар жинақталған тозуды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескерілсе, былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Бастапқы құн	<b>409.926.673</b>	356.156.250
Жинақталған тозу	<b>(112.519.473)</b>	(92.805.394)
<b>Қалдық құны</b>	<b>297.407.200</b>	263.350.856

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша толығымен амортизацияланған, бірақ пайдалануда жүрген негізгі құралдардың бастапқы құны тиісінше 35.090.534 мың теңге және 18.796.968 мың теңге болды.

### Шығарылған облигациялар бойынша шығындардың капиталдануы

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды, әрі олар инвестициялық кірісті шегере отырып 2.118.729 мың теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 7.806.352 мың теңге) (16-ескертпе).

### Аяқталмаған құрылыс

Аяқталмаған құрылыс, негізінен «500 кВ Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма ЖЖ салу» және «Павлодар энерготорабын БЭС-пен байланысын күшейту» жобаларын іске асыру бойынша құрал-жабдықпен және құрылыс-монтаж жұмыстарымен білдірілген.

### Ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар, негізінен «Шүлбі ГЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – ӘЖ 500 кВ салу» жобасы бойынша құрылыс жұмыстары мен қызметтері үшін өнім жеткізушілерге төленген аванстармен білдірілген.

## 7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Топтың «Батыс Транзит» АҚ компаниясының жарғылық капиталында 20% қатысу үлесі бар. «Батыс Транзит» АҚ (бұдан әрі – «Батыс Транзит») қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. Батыс Транзит қызметінің негізгі түрлері Солтүстік Қазақстанды Ақтөбе облысымен қосатын электрді беретін өңіраралық желіні пайдалану және Атырау қ. көшедегі жарық желісін салу және пайдалану болып табылады. Батыс Транзиттің облигациялары Қазақстанның Қор Биржасында шығарылды. Төменде келтірілген кестеде Батыс Транзит туралы жалпы қаржылық ақпарат қамтылған:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Қаржылық жағдай туралы есеп</b>		
Айналымдағы активтер	<b>11.609.091</b>	11.699.041
Айналымнан тыс активтер	<b>20.448.279</b>	17.196.869
Қысқа мерзімді міндеттемелер	<b>(4.311.941)</b>	(20.948.823)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	<b>(18.334.225)</b>	(2.407.751)
<b>Таза активтер</b>	<b>9.411.204</b>	5.539.336



**7. ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Топтың таза активтердегі үлесі	<b>1.862.241</b>	1.107.867
<b>Инвестицияның баланстық құны</b>	<b>1.862.241</b>	<b>1.107.867</b>

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Жиынтық кіріс туралы есеп</b>		
Кірістер	<b>14.248.515</b>	9.761.586
Таза пайда	<b>3.871.868</b>	1.628.930
<b>Топтың Батыс Транзит пайдасындағы үлесі</b>	<b>774.374</b>	<b>325.786</b>

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан компанияның шартты міндеттемелері немесе келешекте күрделі салымдарды жасау міндеттемелері болмады.

2019 жылдың ішінде Топ 2017 жылғы қызметтің қорытындылары бойынша 20.000 мың теңге мөлшерінде қауымдасқан компаниядан дивидендтер алды.

**8. ҚОРЛАР**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Шикізат пен басқа да материалдар	<b>1.319.421</b>	1.161.158
Қосалқы бөлшектер	<b>848.899</b>	1.177.463
Жанар-жағар материалдар	<b>90.399</b>	172.197
Басқа да қорлар	<b>188.556</b>	26.606
Минусы: ескірген қорларға резерв	<b>(313.118)</b>	(246.046)
	<b>2.134.157</b>	2.291.378

Ескірген қорларға резерв бойынша қозғалыс былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2019 жыл</b>	2018 жыл
<b>1 қаңтарға</b>	<b>246.046</b>	655.684
Есептелгені (23-ескертпе)	<b>91.041</b>	2.960
Қалпына келтіру (23-ескертпе)	<b>(23.509)</b>	(401.710)
Есептен шығару	<b>(460)</b>	(10.888)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>313.118</b>	246.046

**9. САУДА ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Сауда дебиторлық берешек	24.006.143	11.276.617
Минусы: күтілетін несиелер залалдарына бағалау резерві	(2.104.309)	(2.024.770)
	<b>21.901.834</b>	9.251.847

Күтілетін несиелер залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша берілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
<b>1 қаңтарға</b>	<b>2.024.770</b>	1.409.589
9 ХҚЕС-ті қолдану	-	113.156
Есептеу	824.194	780.206
Қалпына келтіру	(739.689)	(278.181)
Есептен шығару	(4.966)	-
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>2.104.309</b>	2.024.770

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда дебиторлық берешекке 1.472.045 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда: 1.645.773 мың теңге) сомасында «Узбекэнерго» АҚ тұтынушыдан дебиторлық берешегі кірді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Узбекэнерго» АҚ-нан берешектің резерві 1.332.370 мың теңге болды (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 1.339.036 мың теңге).

Туындау мерзімдері бойынша сауда дебиторлық берешектің талдауы мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	Жиыны	Ағымдағы	Сауда дебиторлық берешек			
			Төлем мерзімін ұзарту			
			30-90 күн	91-180 күн	181-270 күн	271 күннен артық
<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>24.006.143</b>	<b>20.372.759</b>	<b>859.963</b>	<b>504.020</b>	<b>376.674</b>	<b>1.892.727</b>
Минусы: күтілетін несиелер залалдарына бағалау резерві	(2.104.309)	(39.061)	(21.395)	(49.478)	(102.492)	(1.891.883)
	<b>21.901.834</b>	<b>20.333.698</b>	<b>838.568</b>	<b>454.542</b>	<b>274.182</b>	<b>844</b>
2018 жылғы 31 желтоқсан	11.276.617	9.091.389	124.090	23.167	7.116	2.030.855
Минусы: күтілетін несиелер залалдарына бағалау резерві	(2.024.770)	(26.650)	(7.347)	(3.403)	(1.735)	(1.985.635)
	9.251.847	9.064.739	116.743	19.764	5.381	45.220

Сауда дебиторлық берешек келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Теңге	20.907.577	8.207.636
Ресей рублі	931.182	737.474
АҚШ доллары	63.075	306.737
	<b>21.901.834</b>	9.251.847

**10. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін басқа да дебиторлық берешек	<b>399.974</b>	399.974
Материалдардың жеткізілуі мен қызметтердің көрсетілуі үшін төленген аванстар	<b>314.710</b>	81.571
Келешек кезеңдердің шығыстары	<b>92.629</b>	95.253
Жұмыскерлерге берілген қарыздар	<b>1.521</b>	2.937
Басқасы	<b>402.998</b>	375.946
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	(472.349)	(427.059)
	<b>739.483</b>	528.622

Күтілетін несие залалдары мен басқа да ағымдағы активтердің құнсыздану резервіндегі өзгерістер былайша берілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2019 жыл</b>	2018 жыл
<b>1 қаңтарға</b>	<b>427.059</b>	394.078
9 ХҚЕС-ті қолдану	–	62
Есептеу	<b>93.972</b>	85.451
Қалпына келтіру	<b>(48.533)</b>	(26.198)
Есептен шығару	<b>(149)</b>	(26.334)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>472.349</b>	427.059

**11. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>		
Самұрық-Қазынаның облигациялары	25.886.318	25.342.228
Банктік депозиттер	19.194.586	18.786.773
Эксимбанк Қазақстандағы қаражат	2.865.652	2.930.115
ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары	1.663.184	–
Казинвестбанктегі қаражат	1.239.455	1.261.470
DeltaBank-тегі қаражат	1.230.000	1.230.000
Батыс-Транзит облигациялары	–	998.558
Самұрық-Қазына облигациялары бойынша есептелген сыйақы	463.667	463.667
ҚР Қаржы министрлігінің Еурооблигациялары бойынша есептелген сыйақы	13.304	–
Батыс Транзит облигациялары бойынша есептелген сыйақы	–	56.862
Минусы: Эксимбанк Қазақстанда орналастырылған қаражаттың құнсыздану резерві	(2.865.652)	(2.930.115)
Минусы: Казинвестбанкте орналастырылған қаражаттың құнсыздану резерві	(1.239.455)	(1.261.470)
Минусы: DeltaBank орналастырылған қаражаттың құнсыздану резерві	(1.230.000)	(1.230.000)
Минусы: Батыс Транзит АҚ облигацияларының күтілетін несие залалдарына резерв	–	(92.315)
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	(297.167)	(86.316)
	46.923.892	45.469.457
<b>Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері</b>		
DSFK Арнайы қаржы компаниясының облигациялары	288.613	267.040
	288.613	267.040
<b>Өзге де қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>47.212.505</b>	<b>45.736.497</b>
Қысқа мерзімді басқа да қаржы активтері	45.260.710	20.127.229
Ұзақ мерзімді басқа да қаржы активтері	1.951.795	25.609.268
<b>Өзге де қаржы активтерінің жиыны</b>	<b>47.212.505</b>	<b>45.736.497</b>

Басқа да қаржы активтерінің құнсыздану резервіндегі өзгеріс мынадай түрде берілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарға	5.600.216	2.512.483
9 ХҚЕС-ті қолдану	–	643.320
Есептеу	508.905	3.152.002
Қалпына келтіру	(476.847)	(707.589)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>5.632.274</b>	<b>5.600.216</b>

**«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның облигациялары**

2018 жылдың мамыр-маусым айларының ішінде Топ номиналы 26.000.000 мың теңге болатын «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ купондық облигацияларын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 25.159.831 мың теңге жалпы сомаға номиналды бағадан төмен бағаға сатып алды. Облигациялардың айналу мерзімі 2020 жылдың 13 наурызына дейін. Сондай-ақ Топ 5.108 мың теңге мөлшерінде брокерлік бажды төлеумен және купондық кезең басталған сәттен бастап облигацияларды сатып алу күніне дейін облигациялардың алдыңғы ұстаушысына – «Казкоммерцбанк» АҚ-на төленген купондық кіріспен байланысты транзакциялық шығындарды капиталдандырды, әрі ол 380.333 мың теңгені құрады. Осылайша, сатып алуға арналған дисконттың жалпы сомасы 454.728 мың теңге болды, әрі ол төленген сома мен номиналды құн арасындағы айырма ретінде есептелді және облигациялар өтелетін күнге дейін 2 жылдың ішінде облигациялардың құнына капиталдандырылады.

## **11. БАСҚА ДА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)**

### **«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның облигациялары (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде 227.364 мың теңге мөлшеріндегі дисконт амортизациясы жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің қаржылық кірістері құрамында мойындады.

Топ жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық шығыстар құрамында танылған жалпы танылған сома мен олардың әділ құны арасындағы айырма ретінде есептелген, 613.920 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты ескере отырып 24.931.352 мың теңге мөлшерінде әділ құны бойынша облигацияларды мойындады. Топ облигацияларды амортизацияланған құны бойынша ескерілетін ретінде жіктейді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде дисконт амортизациясы 316.727 мың теңге болды

---

### **«DSFK Арнайы қаржы компаниясы» ЖШС-тің облигациялары**

2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін «DSFK арнайы қаржы компаниясы» ЖШС 22.141 мың теңге құнымен облигацияларды өтеді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ облигациялардың әділ құнын қайта бағалады және 43.714 мың теңге мөлшерінде қаржы құралдарын қайта бағалаудан түскен кірісті жиынтық кіріс туралы жекелеген есептің қаржылық кірістері құрамында мойындап, олардың баланстық құнын 288.613 мың теңгеге дейін ұлғайтты.

---

### **Батыс Транзит облигациялары**

2007-2009 жылдары Топ «Батыс Транзит» АҚ, өзінің қауымдасқан компаниясы облигацияларын сатып алды, әрі оның облигациялары «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да шығарылған. Облигациялар 2006 жылғы 9 қаңтардағы кепілдік шартына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі 10,5% болды. Облигациялар амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктелген. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде дисконт амортизациясы 37.080 мың теңге болды. Облигациялар 2019 жылғы 23 қыркүйекте толығымен өткізілді.

---

### **Депозиттер**

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша депозиттерге 16.284 мың теңге және тиісінше 52.198 мың теңге сомасына есептелген пайыздық кіріс кіреді.

---

### **«Эксимбанк Қазақстан» АҚ-дағы қаражат**

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Эксимбанк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – «Эксимбанк») орналасқан Топтың депозиттері 8.000 мың АҚШ долларын (баламасы 2.658.640 мың теңге) құрады. Шартқа сай депозитті орналастыру мерзімі 2017 жылғы қарашада өтіп кетті. Эксимбанк депозитті Топқа қайтарып бермеді. Эксимбанк өкілдерімен жүргізіл-

ген келіссөздердің және жасалған талдаудың нәтижесінде Топ басшылығы 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаражат толығымен өтеледі және бір жылдың ішінде қайтарылады деген тұжырымға келді. Осыған орай, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ уақытша фактордың ықпалын бағалап, 150.489 мың теңге мөлшеріндегі дисконтты мойындады. 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ дисконтты жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің қаржылық кірістері құрамында толығымен амортизациялады.

2018 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысымен Эксимбанкті депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банк шоттарын ашу бөлігінде лицензиядан айыру туралы шешім қабылданды. Осыған орай Топ Эксимбанктегі ақша қаражаты мен оның баламаларын басқа да қаржы активтерінің құрамына қайта жіктеді және 100% мөлшерінде күтілетін несие залалдарына резервті есептеді, бұл 2.930.115 мың теңгені құрайды.

2019 жылғы 14 қарашада «Эксимбанк Қазақстан» АҚ Тарату комиссиясы 2019 жылғы 13 маусымдағы кредиторлар талаптарының бекітілген тізіліміне сай 178 мың АҚШ доллары (төлем күніне баламасы 69.151 мың теңге) сомасында төлем жасады. Топ құнсыздану резервінің тиісінше қалпына келтірілуін мойындады.

### ҚР Ұлттық Банктің ноттары

2019 жылғы 12 сәуірде Топ номиналы бір мың теңге болатын 70.000 мың дана көлемінде ҚР Ұлттық банктің дисконтты ноттарын «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 6.800.514 мың теңге жалпы сомаға номиналды бағадан төмен бағаға сатып алды. ҚР Ұлттық Банк ноттарының айналыс мерзімі 2019 жылғы 23 тамызға дейін болды. 2019 жылғы маусымда Топ 6.230 мың теңге сомадағы сатудан болған залалды мойындап, 4.917.705 мың теңге жалпы сомаға ноттарды ішінара өткізді. Есепті кезең ішінде 123.420 мың теңге сомада қаржылық кіріс танылды.

### ҚР Қаржы министрлігінің еурооблигациялары

2019 жылғы 26 сәуірде Топ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жылдық 3,875% мөлшерлемесі бойынша және 2024 жылғы қазанға дейін айналыс мерзімімен 4.200.000 дана көлемінде Еурооблигацияларды 4.368 мың АҚШ доллары (баламасы 1.656.739 мың теңге) жалпы сомаға номиналды бағадан жоғары бағаға сатып алды.

Басқа да қаржы активтері келесі валюталарда білдірілді:

Мың теңгемен	Пайыздық мөлшерлеме	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Теңге	11,85-12%	<b>26.899.100</b>	28.020.599
АҚШ доллары	0,3-1,5%	<b>20.313.405</b>	17.715.898
		<b>47.212.505</b>	45.736.497

**12. ПАЙДАЛАНУҒА ШЕКТЕЛГЕН АҚША ҚАРАЖАТЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Резервтік шоттардағы ақша қаражаты	<b>2.932.192</b>	2.895.401
Борышқа қызмет көрсету шоттарындағы ақша қаражаты	<b>1.057.574</b>	1.122.487
Кепілдік міндеттемелері бойынша қайтарылатын резервтегі ақша қаражаты	<b>292.786</b>	204.168
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	<b>(8.467)</b>	(46.480)
	<b>4.274.085</b>	4.175.576

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша пайдалануда шектелген ақша қаражаты негізінен борышқа қызмет көрсету шоттарында және резервтік шоттарда банктердегі ақша қаражатымен білдірілген.

2019 және 2018 жылдардың ішінде пайдаланылуы шектелген ақша қаражатына пайыздар есептелмеді.

ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-мен, Топ кредиторларымен жасалған несие келісімдерінің талаптарына сәйкес Топ ақша қаражатын Қазақстандық банкте ашылған борышқа қызмет көрсететін арнайы банк шотында ХҚҚДБ мен ЕҚҚДБ-нің қарыздары бойынша негізгі борыш, пайыздар мен комиссиялар төленген күнге дейінгі жарты жылдық кезең ішінде жинайды.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен, Топтың қарыздары бойынша кепіл берушімен жасалған кепілдіктерді беру туралы келісімдердің талаптарына сәйкес (15-ескертпе), Топ ақша қаражатын қазақстандық банкте ашылған арнайы резервтік шотта ұстауға міндеттенеді. Топ шотында талап етілетін қалдық ХҚҚДБ қарыздары бойынша негізгі борышты, пайыздар мен комиссияларды алдағы жартыжылдық төлемнің кем дегенде 110% құрауы тиіс.

Пайдалануда шектелген ақша қаражаты бойынша күтілетін несие залалдары резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2019 жыл</b>	2018 жыл
<b>1 қаңтарға</b>	<b>46.480</b>	–
9 ХҚЕС-ті қолдану	–	86.409
Есептеу	<b>19.390</b>	58.528
Қалпына келтіру	<b>(57.403)</b>	(98.457)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>8.467</b>	46.480

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтелуге жоспарланған қаражатты ескере отырып, пайдалануда шектелген ақша қаражаты келесі валюталарда білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
АҚШ доллары	<b>3.981.663</b>	3.971.500
Теңге	<b>292.422</b>	204.076
	<b>4.274.085</b>	4.175.576



**13. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ**

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Теңгемен қысқа мерзімді депозиттер	<b>17.795.817</b>	12.671.231
Банктердегі ағымдағы шоттар, теңгемен	<b>3.136.231</b>	2.993.477
Банктерде шетел валютасындағы ағымдағы шоттар	<b>263.712</b>	19.634
Кассадағы теңгемен қолма-қол ақша	<b>2.672</b>	3.914
Арнайы шоттардағы теңгемен ақша	<b>86</b>	580
Шетел валютасындағы қысқа мерзімді депозиттер	<b>–</b>	3.380.960
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	<b>(19.236)</b>	(9.096)
	<b>21.179.282</b>	19.060.700

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ банктерде жылдық 7-9% қысқа мерзімді депозиттерді және банктерде жылдық 3,69% ағымдағы шоттарды (2018 жылғы: жылдық 4,9%) орналастырды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несие залалдары резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>2019 жыл</b>	2018 жыл
<b>1 қаңтарға</b>	<b>9.096</b>	–
9 ХҚЕС-ті қолдану	<b>–</b>	43.225
Есептеу	<b>26.334</b>	157.021
Қалпына келтіру	<b>(16.194)</b>	(191.150)
<b>31 желтоқсанда</b>	<b>19.236</b>	9.096

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары мына валюталарда білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Теңге	<b>20.915.735</b>	15.661.766
АҚШ Доллары	<b>258.492</b>	3.394.135
Ресей рублі	4.278	1.240
Еуро	450	3.242
Басқа	327	317
	<b>21.179.282</b>	19.060.700

## 14. КАПИТАЛ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жарғылық капиталын шығарылған әрі толығымен төленген 126.799.554 мың теңге жалпы сомаға 260.000.000 акция құрады.

---

### Меншікті сатып алынған акциялар

2016 жылғы қарашада Топ 930 мың теңге жалпы сомаға 1.390 дана көлемінде ашық нарықта орналастырылған акцияларды сатып алды.

---

### Дивидендтер

2018 жылғы мамырда акционерлер 2017 жылдың 1 жартыжылдығы үшін бөлінген таза кіріс сомасын шегере отырып 2017 жылғы таза кірістің 70% бөлінуін бекітті. Төленуге жататын сома Топтың жай акцияларының барлық ұстаушыларына 10.433.745 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 40,13 теңгеге тең болады.

2018 жылғы қаңтарда акционерлер 2018 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қызмет нәтижелері бойынша алынған таза кірістің 80%-ның бөлінуін бекітті. Бөлінуге жататын дивидендтер сомасын Топтың жай акцияларының барлық ұстаушыларына 20.937.687 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 80,53 теңгеге тең болады.

2019 жылғы мамырда акционерлер 2018 жылдың 1 жартыжылдығы үшін бөлінген таза кіріс сомасын шегере отырып 2018 жылғы таза кірістің 87,7% бөлінуін бекітті. Төленуге жататын сома Топтың жай акцияларының барлық ұстаушыларына 14.177.724 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 54,53 теңгеге тең болады.

2019 жылғы қазанда акционерлер 2019 жылдың бірінші жартыжылдығы үшін қызмет нәтижелері бойынша алынған таза кірістің 77,4%-ның бөлінуін бекітті. Бөлінуге жататын дивидендтер сомасын Топтың жай акцияларының барлық ұстаушыларына 17.464.107 мың теңгені құрайды, бұл бір жай акцияға шаққанда 67,17 теңгеге тең болады.

---

### Акцияға пайда

Акцияға базалық және бөлінген пайда сомасы кезеңде болған таза пайданы кезең ішінде айналыста жүретін жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептелген. Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде орташа алғандағы жай акциялардың саны 259.998.610 дана мөлшерінде болды (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 259.998.610 дана). 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бір акцияға шаққандағы базалық және бөлінген пайда тиісінше 156,73 теңге және 154,01 теңге болды.

---

### Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Активтер жиыны</b>	<b>756.987.721</b>	755.850.702
Минусы: материалдық емес активтер	<b>(1.411.900)</b>	(1.472.307)
Минусы: міндеттемелер жиыны	<b>(275.149.697)</b>	(283.156.898)
<b>Таза активтер</b>	<b>480.426.124</b>	471.221.497
Жай акциялардың саны	<b>260.000.000</b>	260.000.000
<b>Акцияның баланстық құны, теңге</b>	<b>1.848</b>	1.812

### Активтерді қайта бағалау резерві

Активтерді қайта бағалау резерві 2018 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жасалған Топтың ҰЭЖ активтерін қайта бағалау нәтижесінде құн өсімімен білдірілген (алдыңғы қайта бағалау 2014 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жасалды) (6-ескертпе). 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін негізгі құралдардың есептен шығарылуының және ҰЭЖ активтерін басқа кластарға аударудың нәтижесінде активтерді қайта бағалау резервінен бөлінбеген пайдаға аударым 470.944 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 625.985 мың теңге) болды.

### 15. ҚАРЫЗДАР

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Халықаралық қайта құру және даму банкі («ХҚҚДБ»)	<b>44.314.813</b>	55.146.729
Еуропалық қайта құру және даму банкі («ЕҚҚДБ»)	<b>18.694.174</b>	19.155.131
	<b>63.008.987</b>	74.301.860
12 ай ішінде өтеуге тиісті қарыздың ағымдағы бөлігін шегере отырып	<b>(6.083.377)</b>	(11.420.710)
	<b>56.925.610</b>	62.881.150

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздар бойынша есептелген және төленбеген сыйақы тиісінше 760.458 мың теңге және 903.984 мың теңге болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыздардың ұйымдастырылуы бойынша комиссияның амортизацияланбаған бөлігі тиісінше 303.894 мың теңге және 321.868 мың теңге болды.

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
АҚШ доллары	<b>44.314.813</b>	55.146.729
Еуро	<b>18.694.174</b>	19.155.131
	<b>63.008.987</b>	74.301.860

## 15. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)

---

### «Ұлттық Электр Желісін жаңғырту»

1999 жылы Топ ХҚҚДБ 20 (жиырма) жыл мерзімге берген, 140.000 мың АҚШ доллары сомасына «Ұлттық Электр Желісін жаңғырту» жобасын іске асыру үшін несиелерін ашты. Несиелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз 2005 жылдан бастап жыл сайынғы жарналармен өтелуі тиіс. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз толығымен өтелді (2018 жылғы 31 желтоқсанға қарыз бойынша берешек қалдығы 13.460 мың АҚШ доллары, теңгемен баламасы 5.171.332 мың теңге болды).

---

### «500 кВ Қазақстанның Солтүстігі-Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы»

2005 жылы «500 кВ Қазақстанның Солтүстігі Оңтүстігі транзитінің электр қуатын тарататын екінші желінің құрылысы» ІІ кезеңін жүзеге асыру үшін ХҚҚДБ 17 (он жеті) жылдық кезеңге берген 100.000 мың АҚШ доллары сомасына несиелері алынды, солардың алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несиелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар жалпы спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2011 жылы 1.918 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несиелерінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілген сомадан аз болуына орай күші жойылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 24.506 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 9.375.865 мың) және тиісінше 32.662 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 12.548.744 мың) болды.

---

### «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» ІІ кезең

2008 жылы «Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту» ІІ кезең жобасын жүзеге асыру үшін мынадай несиелері ашылды:

(а) ЕҚҚДБ 15 (он бес) жылдық кезеңге берген 127.500 мың еуро және 75.000 мың еуро сомаға екі несиелері, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Қарыз бойынша пайыздар 3,85% маржаны қоса банкаралық алты айлық ЕВРОБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 43.130 мың еуро (теңгемен баламасы 18.502.553 мың) және тиісінше 43.130 мың еуро (теңгемен баламасы 18.949.805 мың) болды.

(б) ЕҚҚДБ 12 (он екі) жылдық кезеңге берген 47.500 мың еуро сомаға несиелері, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несиелері бойынша берешек толығымен өтелді.

(в) ЕҚҚДБ 9 (тоғыз) жылдық кезеңге берген 5.000 мың еуро сомаға несиелері, солардың алғашқы 4 (төрт) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жоғарыда аталған несиелері бойынша берешек толығымен өтелді.

2017 жылғы қарашада Топ 44.253 мың еуро мөлшерінде (баламасы теңгемен 17.410.008 мың) қарыз бойынша негізгі борыштың төрт жартыжылдық төлемді мерзімінен бұрын жүзеге асырды, олар кесте бойынша 2019 және 2020 жж. ақпаны мен тамызында төленуі тиіс.

### «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы»

2009 жылы «Мойнақ ГЭС-нің қуатын беру нобайы» жобасын жүзеге асыру үшін Топ ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 48.000 мың АҚШ доллары сомасындағы несие желісін алды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 0,85% белгіленген спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2013 жылғы мамырда 3.274 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 33.545 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 12.833.821 мың) және тиісінше 35.781 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 13.747.016 мың) болды.

### «Қазақстанның ҰЭЖ-ге 500 кернеулі желілерін қоса отырып ІС 500 кВ Алма құрылысы, 220 кВ»

2010 жылы «Кернеуі 500, 220 кВ желілері Қазақстан ҰЭЖ-на жалғанатын 500 кВ-тық Алма ҚС-ны салу» жобасын жүзеше асыру үшін ХҚҚДБ 25 (жиырма бес) жыл мерзімге берген 78, 000 мың АҚШ доллары сомасына несие желісі ашылды, оның алғашқы 5 (бес) жылы жеңілдік кезеңі болып табылады. Несие желісі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Қарыз бойынша пайыздар 1,15% белгіленген спрэдті қоса банкаралық алты айлық ЛИБОР мөлшерлемесі бойынша есептеліп, жылына екі рет өтеліп отырады. 2014 жылғы шілдеде 6.644 мың АҚШ доллары мөлшеріндегі ХҚҚДБ-дан алынған несие желісінің игерілмеген бөлігі осы жобаның барысында болған нақты шығындар сомасы күтілгеннен аз болуына орай күші жойылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қарыз бойынша берешек қалдығы 57.085 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 21.840.184 мың) және тиісінше 60.653 мың АҚШ доллары (теңгемен баламасы 23.302.847 мың) болды.

## 16. ОБЛИГАЦИЯЛАР

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Шығарылған облигациялардың номиналды құны	<b>83.800.000</b>	83.800.000
Есептелген купондық сыйақы	<b>3.645.344</b>	4.097.122
Минусы: шығарылған облигациялар бойынша дисконт	<b>(86.190)</b>	(93.747)
Минусы: мәміле бойынша шығындар	<b>(42.626)</b>	(46.149)
	<b>87.316.528</b>	87.757.226
12 ай ішінде өтеуге тиісті облигациялардың ағымдағы бөлігін шегере отырып	<b>(3.645.344)</b>	(4.097.122)
	<b>83.671.184</b>	83.660.104

«Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде «500 кВ Семей – Ақтоғай – Талдықорған – Алма желісін салу» жобаларын қаржыландыру мақсатында Топ «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да купондық облигациялардың екі траншын орналастырды:

**16. ОБЛИГАЦИЯЛАР (жалғасы)**

(а) 2016 жылғы маусым-тамыз аралығындағы кезеңде Топ Қазақстан Республикасындағы инфляцияның мөлшерлесіне тең болатын, 2031 жылға дейін өтеу мерзімімен 2,9% маржаны қоса құбылмалы мөлшерлеменен 47.500.000 мың теңге сомаға купондық облигацияларды орналастырды (тұтыну бағалары индексінің ең аз мөлшерлемесі 5% деңгейінде белгіленген). 2017 жылғы 26 мамырдан бастап 2018 жылғы 26 мамырға дейінгі екінші купондық кезең үшін купондық мөлшерлеме жылдық 10,6% болды. 2018 жылғы 26 мамырдан бастап 2019 жылғы 26 мамырға дейінгі үшінші купондық кезең үшін купондық мөлшерлеме жылдық 9,5% болды.

Бұл транштың шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры сатып алады.

Облигациялар 111.945 мың теңге мөлшерінде дисконтпен орналастырылды.

(б) 2017 жылғы тамызда Топ 11,5% тең болатын тиянақталған мөлшерлеменен 36.300.000 мың теңге сомаға купондық облигациялардың екінші траншын орналастырды.

Түскен ақша қаражаты уақытша қысқа мерзімді банк депозиттерінде орналастырылды.

Бұл транштың шеңберіндегі барлық облигацияларды Бірыңғай Ұлттық Зейнетақы Қоры мен басқа мекемелер сатып алады.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Топ 2.118.729 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде: 7.806.352 мың теңге) мөлшеріндегі инвестициялық кірісті шегере отырып шығарылған облигациялар бойынша купондық сыйақы шығындарын капиталдандырды (6-ескертпе).

**17. САУДА ЖӘНЕ БАСҚА ДА КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Сатып алынатын электр қуаты үшін кредиторлық берешек	10.277.750	6.145.704
Қорлар және көрсетілген қызметтер мен орындалған жұмыс үшін кредиторлық берешек	7.844.832	1.599.150
Негізгі құралдар мен аяқталмаған құрылыс үшін кредиторлық берешек	5.266.900	14.902.860
Минусы: кредиторлық берешек дисконты	–	(2.417)
	<b>23.389.482</b>	22.645.297

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сауда және басқа да кредиторлық берешек мына валюталарда білдірілген:

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Теңге	22.386.569	21.281.317
Ресей рублі	938.700	1.314.273
Еуро	22.893	10.492
АҚШ Доллары	41.320	39.215
	<b>23.389.482</b>	22.645.297

**18. ҚҰРЫЛЫС БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕ**

Самұрық-Қазына Басқармасының 2013 жылғы 28 қарашадағы шешіміне сәйкес Топ Нұр-Сұлтан қ. бала-бақшасын салуға және құрылыс аяқталғаннан кейін оны Нұр-Сұлтан қ. Әкімдігіне беруге міндеттенді. 2014 жылы Топ құрылыс шығындарын бағалап, құрылыс компаниясымен шарт жасады. Тиісінше, Топ 683.430 мың теңге жалпы сомаға құрылыс бойынша міндеттемені және акционерге тиісті бөлуді мойындады.

**19. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА, САЛЫҚТАР БОЙЫНША БЕРШЕК**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Төленуге жататын қосылған құн салығы	<b>2.391.947</b>	1.143.918
Жеке табыс салығы	<b>284.573</b>	258.047
Зейнетақы қоры бойынша міндеттемелер	<b>345.742</b>	327.461
Әлеуметтік салық	<b>244.406</b>	212.394
Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	<b>82.635</b>	75.179
Мүлікке салынатын салық	<b>1.599</b>	113.427
Басқасы	<b>20.442</b>	14.015
	<b>3.371.344</b>	2.144.441

**20. БАСҚА ДА АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Жұмыскерлердің алдындағы міндеттемелер	<b>3.662.535</b>	3.116.621
Басқасы	<b>321.065</b>	285.378
	<b>3.983.600</b>	3.401.999

**21. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Электр қуатын беру	<b>106.160.250</b>	108.098.580
Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуден түскен кіріс	<b>67.727.113</b>	–
Сатып алынатын электр қуатын өткізуден түскен кіріс	<b>40.826.184</b>	21.066.623
Техникалық диспетчерлеу қызметтері	<b>23.003.501</b>	23.825.594
Өндірістің және электр қуатын тұтынудың теңгерімін ұйымдастыру қызметтері	<b>16.493.329</b>	16.387.265
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатудан түскен кірістер	<b>6.326.309</b>	4.213.782
Қуаттылықты реттеу қызметтері	<b>708.465</b>	561.066
Басқасы	<b>1.916.922</b>	1.644.476
	<b>263.162.073</b>	175.797.386

**21. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ (жалғасы)**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
<b>Түсімді мойындау мерзімдері</b>		
Тауар белгілі бір уақыт сәтінде беріледі	<b>47.152.493</b>	25.280.405
Қызметтер уақыт кезеңінің ішінде көрсетіледі	<b>216.009.580</b>	150.516.981
<b>Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім жиыны</b>	<b>263.162.073</b>	<b>175.797.386</b>

Тұтынушыларға арналған жеңілдіктер Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу комитетінің бұйрығымен бекітіледі.

**22. СЕБЕСТОИМОСТЬ ОКАЗАННЫХ УСЛУГ**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерінің өзіндік құны	<b>58.282.988</b>	-
Сатып алынатын электр қуатының өзіндік құны	<b>41.456.649</b>	20.936.916
Тозу және амортизация	<b>33.490.579</b>	26.045.313
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	<b>16.930.191</b>	15.884.891
Электр қуатының технологиялық шығысы	<b>16.022.320</b>	20.360.585
Электр қуатының өтуінің мемлекетаралық сальдосын өтеу мақсатында электр қуатын сатып алу шығыстары	<b>14.807.491</b>	11.837.990
Салықтар	<b>8.845.051</b>	7.160.040
Пайдалану және жөндеу шығыстары	<b>5.933.830</b>	5.649.745
Күзет шығыстары	<b>1.157.369</b>	1.175.967
Қорлар	<b>532.806</b>	1.624.868
Басқасы	<b>2.797.403</b>	2.323.919
	<b>200.256.677</b>	<b>113.000.234</b>

**23. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Еңбекақыны төлеу шығыстары және еңбекақыны төлеумен байланысты басқа да аударымдар	<b>5.488.847</b>	4.876.226
Тозу және амортизация	<b>832.919</b>	649.892
Кеңес беру қызметтері	<b>253.477</b>	199.922
Жалдау шығыстары	<b>137.628</b>	116.859
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	<b>134.017</b>	150.695
Іссапар шығыстары	<b>123.870</b>	146.804
Бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтарын жалдау шығыстары	<b>122.693</b>	241.799
Табыс салығынан басқа салықтар	<b>122.354</b>	411.913
Тренингтер	<b>83.363</b>	116.953
Коммуналдық шығыстар	<b>76.023</b>	104.743
Материалдар	<b>69.665</b>	75.948
Ескірген қорларға резервті есептеу / (қалпына келтіру) (8-ескертпе)	67.532	(398.750)
Сақтандыру шығыстары	52.394	75.153
Басқа	1.269.425	1.009.501
	<b>8.834.207</b>	<b>7.777.658</b>



**24. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР/(ШЫҒЫСТАР)**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
<b>Қаржылық кірістер</b>		
Депозиттер, ағымдағы шоттар мен бағасы белгіленетін облигациялар бойынша пайыздық кіріс	<b>3.693.259</b>	5.237.834
Басқа қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	<b>544.470</b>	622.497
ҚР Ұлттық Банктің ноттары бойынша кірістер	<b>123.420</b>	–
Дебиторлық берешек бойынша дисконт амортизациясы	<b>107.536</b>	136.312
Басқасы	<b>43.885</b>	47.245
	<b>4.512.570</b>	6.043.888
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (6-ескертпе)	<b>(341.040)</b>	(1.092.551)
	<b>4.171.530</b>	4.951.337
<b>Қаржылық шығыстар</b>		
Облигациялар бойынша купон	<b>8.243.226</b>	8.898.903
Қарыздар бойынша пайыздар	<b>2.399.085</b>	2.307.237
Банк кепілдіктері бойынша комиссия	<b>925.963</b>	842.940
Қаржылық жалдау бойынша пайыздарды төлеу шығыстары	<b>36.235</b>	24.597
Қарызды ұйымдастыру үшін комиссия амортизациясы	<b>24.394</b>	24.069
Шығарылған облигациялар бойынша басқа да шығыстар	<b>17.329</b>	3.390
Дисконттау бойынша шығыстар	<b>11.816</b>	660.278
Басқасы	<b>2.416</b>	–
	<b>11.660.464</b>	12.761.414
Минусы: жіктелетін негізгі құралдардың құнына капиталданатын пайыздар (6-ескертпе)	<b>(2.459.769)</b>	(8.898.903)
	<b>9.200.695</b>	3.862.511

**25. ОҢ/(ТЕРІС) БАҒАМДЫҚ АЙЫРМА, НЕТТО**

2015 жылғы 20 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі инфляциялық таргеттеуді ендіру шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамы режиміне көшу туралы шешімді қабылдады. 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін теңгенің айырбас бағамының өзгеруі салдарынан Топ 469.129 мың теңге сомасында бағамдық айырмадан болған оң неттоны мойындады (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.865.654 мың теңге нетто теріс бағамдық айырма).

**26. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР**

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
<b>Ағымдағы табыс салығы</b>		
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	<b>9.880.628</b>	9.747.232
Алдыңғы жылдың ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзетулер	<b>(133.995)</b>	384.447
<b>Кейінге қалдырылған салық</b>		
Кейінге қалдырылған салық бойынша (жеңілдік)/шығыстар	<b>(224.629)</b>	850.257
<b>Жиыны</b>	<b>9.522.004</b>	10.981.936
<b>Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар</b>		
ҰЭЖ активтерін қайта бағалаудан кейінге қалдырылған салық	–	22.651.864
<b>Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар жиыны</b>	<b>9.522.004</b>	<b>33.633.800</b>

2019 және 2018 жылдары Қазақстан Республикасында корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесі 20% болды.

Төменде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте ескерілген 20% табыс салығының мөлшерлемесі мен табыс салығының нақты сомасы салыстырылып тексерілуі келтірілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>50.270.974</b>	51.024.811
<b>20% салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген салық</b>	<b>10.054.195</b>	10.204.962
Күтілетін несие залалдарына резервті есептеу	<b>26.874</b>	472.953
Алдыңғы жылдың ағымдағы корпоративтік табыс салығына қатысты түзетулер	<b>(133.995)</b>	384.447
Резидент еместердің күмәнді берешегі бойынша резервті есептеу	<b>(43.349)</b>	42.678
Мүлік салығы бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдар	–	22.624
Ескірген қорларға резервті есептеу/(қалпына келтіру)	<b>12.889</b>	(79.750)
Бағалы қағаздардан сыйақы күйіндегі кіріс	<b>(334.796)</b>	(264.453)
Басқа да тұрақты айырмалар	<b>(59.814)</b>	198.475
<b>Пайда мен зияндарда көрсетілген табыс салығы бойынша шығыстар</b>	<b>9.522.004</b>	10.981.936

Бұдан әрі 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқтыратын негізгі уақыт айырмаларына салық әсері көрсетілген:

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	
	2019 жылғы 31 желтоқсан	31 желтоқсан 2018 жыл	2019 жыл	2018 жыл
Дебиторлық берешек	<b>208.610</b>	145.837	<b>62.773</b>	47.725
Есептелген міндеттемелер	<b>602.636</b>	664.812	<b>(62.176)</b>	25.969
Негізгі құралдар	<b>(90.753.059)</b>	(90.977.091)	<b>224.032</b>	(923.951)
Кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік/(шығыстар)	–	–	224.629	(850.257)
<b>Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері</b>	<b>(89.941.813)</b>	<b>(90.166.442)</b>	–	–

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>	<b>31 желтоқсан 2019 жылғы</b>	31 желтоқсан 2018 жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері	<b>53.436</b>	3.760
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	<b>(89.995.249)</b>	(90.170.202)
<b>Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелері</b>	<b>(89.941.813)</b>	<b>(90.166.442)</b>

Топ ағымдағы салықтық активтерді және ағымдағы салықтық міндеттемелерді есепке алу үшін заңды түрде тіркелген құқығы болған жағдайда ғана салықтық активтер мен салықтық міндеттемелерді есепке алады, ал кейінге қалдырылған активтер мен кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер бір және сол салық органы өндіріп алатын пайда салығына жатады.

## 27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізгі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

Келесі кестеде 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешектің жалпы сомасы көрсетілген:

<i>Мың теңгемен</i>		<b>Байланысты тараптардың дебиторлық берешегі</b>	<b>Байланысты тараптарға кредиторлық берешек</b>
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>4.562.033</b>	5.212.732
	2018 жылғы 31 желтоқсан	2.164.091	2.429.524
Самұрық-Қазынаның қауымдасқан компаниялары	<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>122.745</b>	<b>469.270</b>
	2018 жылғы 31 желтоқсан	282.452	446.573
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>225.098</b>	<b>47.233</b>
	2018 жылғы 31 желтоқсан	284.393	50.160
Топтың қауымдасқан компаниялары	<b>2019 жылғы 31 желтоқсан</b>	<b>51.357</b>	<b>874</b>
	2018 жылғы 31 желтоқсан	114.214	–

**27. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАР (жалғасы)**

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың байланысты тараптармен мынадай операциялары болды:

<i>Мың теңгемен</i>		<b>Сату байланысты тараптарға</b>	<b>Байланысты тараптардан сатып алу</b>
Самұрық-Қазына Тобына кіретін еншілес ұйымдар	<b>2019 жыл</b>	<b>44.420.011</b>	35.862.210
	2018 жыл	36.239.819	24.608.638
Самұрық-Қазынаның қауымдасқан компаниялары	<b>2019 жыл</b>	<b>7.612.678</b>	<b>2.749.820</b>
	2018 жыл	8.629.245	1.229.587
Самұрық-Қазынаның бірлескен кәсіпорындары	<b>2019 жыл</b>	<b>7.212.565</b>	<b>5.797.907</b>
	2018 жыл	5.393.545	39.702
Топтың қауымдасқан компаниялары	<b>2019 жыл</b>	<b>1.745.632</b>	<b>6.257</b>
	2018 жыл	492.394	3.973

Топтың байланысты тараптарға сатуларына, негізінен, электр қуатын беру, техникалық диспетчерлеу қызметтері және электр қуатының өндірісі мен тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру қызметтері, электр қуатының өзіндік қолдау қызметтері кіреді. Топтың байланысты тараптардан сатып алуларына, негізінен, байланыс қызметтері, энергетика саласындағы қызметтер, электр қуатын сатып алу және электр қуатының өзіндік қолдау қызметтерін сатып алу кіреді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың 44.558.028 мың теңге мөлшеріндегі қарыздар бойынша берешегіне Қазақстан Республикасының Үкіметі кепілдігін берді (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 55.407.918 мың теңге).

2007-2009 жылдары Топ «Батыс Транзит» АҚ, өзінің қауымдасқан компаниясы облигацияларын сатып алды, әрі оның облигациялары Қазақстан Қор Биржасында шығарылған. Облигациялар 2006 жылғы 9 қаңтардағы кепілдік шартына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдігімен қамтамасыз етілген. Облигациялар бойынша купондық сыйақының мөлшерлемесі 7,3% болды. Облигациялар амортизациялық құн бойынша ескерілетін қаржы активтері ретінде жіктелген. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Батыс Транзиттің облигациялары толығымен өтелді (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 906.243 мың теңге).

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Балқаш ЖЭС» АҚ негізгі құралдарын байланысты тарапқа 220.494 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 219.851 мың теңге) мөлшерінде сату үшін дебиторлық берешегі болды. Сату шартына сәйкес «Балқаш ЖЭС» АҚ берешектің төлемін 2018 жылдың соңына дейін жасауы тиіс болды, дегенмен 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек Балқаш ЖЭС құрылысының тоқтап қалуына орай өтелмеді. Топ басшылығы 100% мөлшерінде берешек резервін есептеу туралы шешімді қабылдады.

2015 жылғы 30 қыркүйекте Топ құрал-жабдық кешенімен және Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан іргелес жер учаскелерімен үйлер мен ғимараттарды байланысты тарапқа – «Қазпошта» АҚ-на 2.161.476 мың теңгеге сатты. Сату шартына сәйкес «Қазпошта» АҚ берешектің ақысын 2027 жылдың маусымына дейін тең бөлікті ай сайынғы төлемдермен төлейді. Тиісінше, Топ келешек ақша ағындарын 10,37% дисконттау мөлшерлемесі бойынша дисконттады, бұл Топ басшылығының нарықтық мөлшерлемені ең жақсы бағалауы болып табылды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Қазпошта» АҚ-нан дебиторлық берешек бойынша дисконт 436.820 мың теңге болды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дисконттың шегере отырып берешек сомасы 1.020.538 мың теңге болды, мұнда 840.324 мың теңге сомасы байланысты тараптардан болған ұзақ мерзімді дебиторлық берешектің құрамына кірді. 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде Топ 107.536 мың теңге сомасына «Қазпошта» АҚ ұзақ мерзімді берешегі бойынша дисконт амортизациясынан болған кірісті мойындады (2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдың ішінде: 115.894 мың теңге).

2017 жылы Топ «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС байланысты компаниямен бағдарламалық жасақтаманы жалға беруді пайдалану құқықтарын беру туралы ұзақ мерзімді келісімшартты жасады. Келісімшарттың қолданылу мерзімінің соңында бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқықтары Топқа беріледі, Топ қаржылық жалдау бойынша берешекті мойындады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешек 419.543 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 193.498 мың теңге) болды.

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша шығыстар құрамына қосылған негізгі бақсарушы қызметкерлерге төленген сыйақы және соған байланысты барлық басқа да шығыстар (салықтар, аударымдар, сырқаттық парақтары, демалыс ақылары, материалдық көмек пен басқасы) 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін 543.682 мың теңге (2018 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін: 405.885 мың теңге) болды. Негізгі бақсарушы қызметкерлердің сыйақысы негізінен шарттық жалақыдан және операциялық қызметтің нәтижелері бойынша сыйақылардан тұрады.

## 28. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне қарыздар, шығарылған облигациялар, сауда және басқа да кредиторлық берешек кіреді. Бұл қаржылық міндеттемелердің негізгі мақсаты Топ операцияларын қаржыландыру болып табылады. Топтың оның операциялық қызметінің барысында тікелей туындайтын сауда және басқа да дебиторлық берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді депозиттері, сондай ақ бағалы қағаздарға инвестициялары бар.

Топ пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекеліне, валюталық тәуекелге, несиелік тәуекелге және өтімділік тәуекеліне ұшырағыш келеді.

### Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді борыштық міндеттемелеріне жатады (15 және 16 ескертпелер).

Топ оның қарыздары көрсетілген валюталардағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне мониторингі жасау арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін шектейді. Барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздар Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасына келесідей әсерін тигізеді:

Мың теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/ азаяу*/пайызбен	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>		
Либор	0,35/(0,35)	(154.175)/154.175
Евробор	0,15/(0,15)	(27.754)/27.754
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	1%/0%	(474.270)/–
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін</b>		
Либор	0,5/(0,15)	(273.850)/82.155
Евробор	0,2/(0,01)	(37.900)/1.895
Қазақстан Республикасындағы инфляция мөлшерлемесі	1%/0%	(474.207)/–

\* 1 базистік тармақ = 0,01%.

**28. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі (жалғасы)**

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберінде базалық тармақтардағы өзгерістер туралы жорамалдар осы сәтке байқалатын нарықтық жағдайға негізделеді, әрі ол алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай үлкен волатильділікпен сипатталады.

**Валюталық тәуекел**

Валюталық тәуекел – қаржы құралы бойынша келешек ақша ағындарының әділ құны валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан құбылып тұрғанының тәуекелі. Топтың шетел валюталарының айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы, ең алдымен, Топтың қаржылық қызметімен негізделген. Сондай-ақ, Топтың айырбас бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы операциялық қызметпен байланысты (кірістер мен шығыстар Топтың функционалдық валютадан ерекшеленетін валютада білдірілген).

Келесі кестелерде барлық басқа параметрлердің өзгермеуі шартымен, АҚШ долларының және Еуроның айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге сезімталдылық талдауы көрсетілген. Топтың өзге валюталар бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырағыштығы елеусіз болып табылады.

Мың теңгемен	Айырбас бағамының ұлғаюуы/(азаюуы)	Салық салынғанға дейін пайдаға әсері
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>		
АҚШ Доллары	12%/(9%)	(2.368.740)/1.776.555
Еуро	12%/(9%)	(2.245.994)/1.684.496
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>		
АҚШ Доллары	14%/(10%)	(4.171.674)/2.979.767
Еуро	14%/(10%)	(2.682.733)/1.916.238

\* Теңгенің АҚШ долларына қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюуы/азаюуы 45,91/(34,43) теңге болды;

\*\* Теңгенің еуроға қатысты айырбас бағамының абсолютті ұлғаюуы/азаюуы 51,48/(38,61) теңге болды.

**Несиелік тәуекел**

Несиелік тәуекел – Топ қаржылық шығындарды көтереді деген тәуекел, өйткені қарсы агенттер қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамайды. Топ операциялық қызметпен ең алдымен, сауда дебиторлық берешекке қатысты (9-ескертпе) және банктер мен қаржы ұйымдарындағы депозиттерді қоса алғанда, қаржылық қызметпен байланысты несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді 11, 12 және 13-ескертпелер). Топтың және оның қарсы агенттерінің несиені төлеу қабілетіне ұшырағыштығы үнемі қадағаланып отырады. Ең көп несиелік тәуекелге ұшырағыштық әрбір қаржы активінің баланстық құнымен шектелген (9, 11, 12 және 13-ескертпелер).

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінде танылған қаржы активтерінің баланстық құны, құнсыздану резервтерін шегере отырып, Топтың несиелік тәуекелінің ең көп көлемін көрсетеді.

Құнсыздануға жасалатын талдауды Топтың басшылығы мерзімі өткен күн саны негізінде дербес түрде әр есепті күнге жүргізеді. Есептеулер бұрын нақты болған залалдар туралы ақпаратқа негізделеді. Есепті күнге несиелік тәуекелге аса

бейімділік 9-ескертпеде қарастырылған қаржылық активтердің әр сыныбының баланстық құнымен берілген. Топта өзіне кепілдікке берілген мүлік жоқ.

2016-2017 жылдардың ішінде бірқатар банктер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен банктік және өзге де операцияларды жүзеге асыру лицензиясынан айырылды (11-ескертпе).

Топ өзінің операциялық қызметін және белгілі бір инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында Топ, негізінен, қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегере отырып «Standard & Poor's» және «Fitch» агенттіктерінің несие рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетілген:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг		31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
		2019 жыл	2018 жыл		
«Қазақстанның Халық банкі» АҚ	Қазақстан	ВВ/тұрақты	ВВ/негативті	15.190.343	17.781.948
«АТФ Банк» АҚ	Қазақстан	В/тұрақты	В/негативті	11.477.329	13.812.397
«Forte Bank» АҚ	Қазақстан	В+/тұрақты	В/позитивті	12.486.567	9.589.361
«Банк Центр Кредит» АҚ	Қазақстан	В/тұрақты	В/тұрақты	5.193.789	748.533
				<b>44.348.028</b>	41.932.239

## Өтімділік тәуекелі

Топ басшылығы өтімділік және қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді қаржыландыруды басқарудың талаптарына сай өтімділік тәуекелін басқарудың қажетті жүйесін құрды. Топ бірдей резервтер, банктік қарыздар және қолжетімді несие желілерін қолдау жолымен, болжамдалған және нақты ақша қозғалысына мониторинг жүргізу жолымен қаржы активтері мен міндеттемелерін өтеу мерзімдерін салыстыру жолымен өтімділік тәуекелін басқарады.

Топ борышты қайта қаржыландыруға қатысты тәуекелдердің шоғырлануын бағалады және бұл өте төмен болады деген пікірге келді. Топ жеткілікті түрде сан алуан қаржы көздеріне қол жеткізе алады және 12 (он екі) ай ішінде өтелетін берешектер тиісті кредиторлармен жүргізілуі мүмкін.

**28. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Өтімділік тәуекелі (жалғасы)**

Мына кестелерде шартты дисконтталмаған ақша ағындары негізінде Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша Топтың келісімшарттық мерзімдері көрсетілген.

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	Астам 5 жылға дейін	Жиыны
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>						
Қарыздар	–	1.618.831	5.662.720	38.119.263	27.519.216	72.920.030
Облигациялар	–	1.981.750	5.945.250	31.708.000	139.689.340	179.324.340
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	23.389.482	–	–	–	23.389.482
	–	26.990.063	11.607.970	69.827.263	167.208.556	275.633.852
<b>2018 жылғы 31 желтоқсанға</b>						
Қарыздар	–	1.762.822	11.247.280	43.588.081	31.227.973	87.826.156
Облигациялар	–	–	4.097.122	43.330.638	153.132.875	200.560.635
Сауда кредиторлық және басқа да берешек	–	22.645.297	–	–	–	22.645.297
	–	24.408.119	15.344.402	86.918.719	184.360.848	311.032.088

**Капиталды басқару**

Топ капиталын басқарудың басты мақсаты Топтың кірістің барынша көбейтілуімен қатар берешек пен капитал қатынасын оңтайландыру арқылы акционер үшін табыстарды барынша көбейте отырып, қызмет үздіксіздігі қағидатын ұстануды жалғастыра алады.

Топ өз капиталын экономикалық шарттардағы өзгерістерді ескере отырып басқарады. Өзінің капиталын басқару немесе өзгерту үшін Топ акционерге дивидендтердің төлеуін ауыстыра, акционерге капиталды қайтара немесе жаңа акцияларды шығара алады.

Топ капиталға қатысты борыш коэффициентін пайдалана отырып капиталды басқарады, бұл капиталдың жиынына бөлінген борыш болып табылады. Топтың міндеті коэффициентті 0,5 жоғары емес деңгейде ұстап тұру болып табылады. Борышқа барлық қарыздар мен облигациялар кіреді. Капитал барлық міндеттемелердің сомасына және барлық акционерлік капиталға тең болады.

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
<b>Борыш/капитал</b>	<b>0,20</b>	<b>0,21</b>
Мың теңгемен	31 декабрь 2019 года	31 декабрь 2018 года
Қарыздар мен облигациялардың ұзақ мерзімді бөлігі	140.596.794	146.541.254
Қарыздар мен облигациялардың қысқа мерзімді бөлігі	9.728.721	15.517.832
<b>Борыш</b>	<b>150.325.515</b>	<b>162.059.086</b>
Міндеттемелер жиыны	275.149.697	283.156.898
Капитал	481.838.024	472.693.804
<b>Капитал мен міндеттемелер жиыны</b>	<b>756.987.721</b>	<b>755.850.702</b>



Топ капиталының құрылымына 14-ескертпеде ашылып көрсетілгендей акционерлік капитал, резервтер мен бөлінбеген пайда кіреді.

### Әділ құнның иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз).
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау көздерінің иерархиясы көрсетілген:

#### Әділ құны бойынша бағаланатын активтер

Мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
--------------	----------------------------	----------	----------	----------

#### Қайта бағаланған негізгі құралдар

ҰЭЖ активтері (6-ескертпе)	599.496.951	–	–	599.496.951
----------------------------	-------------	---	---	-------------

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
--------------	----------------------------	----------	----------	----------

#### Қайта бағаланған негізгі құралдар

ҰЭЖ активтері (6-ескертпе)	577.612.131	–	–	577.612.131
----------------------------	-------------	---	---	-------------

#### Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер

Мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
--------------	----------------------------	----------	----------	----------

#### Қаржы активтері

Басқа да қаржы активтері (11-ескертпе)	47.212.505	–	47.212.505	–
--	------------	---	------------	---

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
--------------	----------------------------	----------	----------	----------

#### Қаржы активтері

Басқа да қаржы активтері (11-ескертпе)	45.736.497	–	45.736.497	–
--	------------	---	------------	---

#### Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер

Мың теңгемен	2019 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
--------------	----------------------------	----------	----------	----------

#### Қаржылық міндеттемелер

Облигациялар (16-ескертпе)	87.316.528	–	87.316.528	–
----------------------------	------------	---	------------	---

Қарыздар (15-ескертпе)	63.008.987	–	63.008.987	–
------------------------	------------	---	------------	---

**28. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Әділ құнның иерархиясы (жалғасы)**

Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер (жалғасы)

Мың теңгемен	2018 жылғы 31 желтоқсан	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей
<b>Қаржылық міндеттемелер</b>				
Облигациялар (16-ескертпе)	87.757.226	–	87.757.226	–
Қарыздар (15-ескертпе)	74.301.860	–	74.301.860	–

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезеңдер үшін қаржы құралдарының әділ құнының 1-ші, 2-ші және 3-ші деңгейлер арасында аударымдар болған жоқ.

**Қаржы құралдарының әділ құны**

2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда басшылық Топтың сауда-саттық дебиторлық және кредиторлық берешек, басқа да қаржы активтері, ақша қаражаты мен оның баламалары, қолданылуы шектеулі ақша қаражаты сияқты қаржы құралдарының әділ құны ең бастысы аталған құралдарды өтеу мерзімдерінің ұзаққа созылмауы себепті шамамен алғанда олардың баланстық құнына тең екенін анықтады. Қарыздар мен Топ шығарған облигациялар амортизацияланған құн бойынша көрсетілген, әрі ол шамамен олардың әділ құнына тең болады.

**29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР****Қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгеріс**

Мың теңгемен	2019 жылдың 1 қаңтарына	Ақша ағындары	Валюта бағамдарының өзгеруі	Жаңа жалдау шарттары	Басқасы	2019 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	74.301.860	(10.517.957)	(673.696)	–	(101.220)	63.008.987
Облигациялар	87.757.226	–	–	–	(440.698)	87.316.528
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	193.498	(132.116)	–	289.831	68.329	419.542
<b>Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны</b>	<b>162.252.584</b>	<b>(10.650.073)</b>	<b>(673.696)</b>	<b>289.831</b>	<b>(473.589)</b>	<b>150.745.057</b>

Мың теңгемен	2018 жылдың 1 қаңтарына	Ақша ағындары	Валюта бағамдарының өзгеруі	Жаңа жалдау шарттары	Басқасы	2018 жылғы 31 желтоқсан
Қарыздар	73.732.077	(9.217.048)	9.522.579	–	264.252	74.301.860
Облигациялар	88.056.742	–	–	–	(299.516)	87.757.226
Қаржылық жалдау бойынша міндеттеме	12.957	(59.323)	–	209.504	30.360	193.498
<b>Қаржылық қызмет бойынша міндеттемелер жиыны</b>	<b>161.801.776</b>	<b>(9.276.371)</b>	<b>9.522.579</b>	<b>209.504</b>	<b>(4.904)</b>	<b>162.252.584</b>

«Басқасы» бағанында қарыздар бойынша, оның ішінде қаржылық жалдау міндеттемесі бойынша есептелген, бірақ төленбеген пайыздардың сомалары көрсетілген. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.

---

## Қызметті жүргізу шарттары

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың келешектегі тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ үкімет экономика, қаржы және ақша-несие саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

Мұнай бағасының төмендеуі қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуде. Теңгемен пайыздық мөлшерлемелер жоғары болып қалып отыр. Бұл факторлардың жиынтығы капиталдың қолжетімділігінің төмендеуіне және оның құнының ұлғаюына, сондай-ақ одан кейінгі экономикалық өсімге қатысты белгісіздіктің артуына әкеп соқтырды, бұл Топтың қаржылық жағдайына, қызмет нәтижелеріне және экономикалық перспективаларына теріс әсерін тигізуі мүмкін. Топ басшылығы ағымдағы жағдайларда Топтың экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санайды.

---

## Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы және нормативтік-құқықтық актілер тұрақты өзгерістер мен әртүрлі түсіндірулер мәні болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікір. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұлдық ықпалшараға 1,25-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50-80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда салық тексерулері бұдан да ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты, егер мұндай жағдай болса, салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімақының түпкілікті сомасы осы уақытта шығыстарға жатқызылған және 2019 жылғы 31 желтоқсанда есептелген сомадан асуы мүмкін.

---

## Несие келісімдерінің талаптары

1999 жылдан бастап 2011 жылға дейін Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен (бұдан әрі – «несие берушілер») 506 миллион АҚШ доллары және 228 миллион еуро жалпы сомаға несие келісімдерін жасады (15-ескертеп). Топ пен Топтың несие берушілерінің арасындағы несие келісімдеріне сай Топ несие келісімдерінің келесі талаптарын сақтауға міндетті:

- ағымдағы активтердің ағымдағы міндеттемелерге ара қатынасы 1:1 кем емес;
- жиынтық берешектің жалпы капиталдануға ара қатынасы 50% артық емес;
- қаржы шығыстарын, пайда салығын, тозу мен амортизацияны шегергенге дейінгі кірістердің («EBITDA») қаржы шығыстарына ара қатынасы 3:1 кем емес;
- таза борыштың EBITDA ара қатынасы 4:1 артық емес;
- өзін өзі қаржыландыру коэффициенті 20% кем емес;
- борышқа қызмет көрсету коэффициенті 1,2 кем емес.

## 29. ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Несие келісімдерінің талаптары (жалғасы)

Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ ЕДҚҚБ мен ХҚҚДБ-мен жасалған несие келісімдерінің барлық талаптарын сақтаған деп есептейді. EBITDA-ны есептеу кезінде Топ бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндарды алып тастайды, өйткені бағамдық айырмадан болған кірістер мен зияндар ақшалай емес операциялардың анықтамасына сәйкес келеді және EBITDA-ның есебінен алынып тасталуы тиіс деп есептейді, әрі бұл несие келісімдерінде көрсетілген. 2019 жылғы 31 желтоқсанға EBITDA-ны есептеу кезінде Топ 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін 469.129 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін: 5.865.654 мың теңге сомасындағы бағамдық айырмадан болған шығыс) сомасында бағамдық айырмадан болған кірістерді алып тастады.

### Сақтандыру

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қалпына келтіру құны 184.150.797 мың теңге болатын өндірістік активтерді сақтандырды. Сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемі активтерді қалпына келтіру құнының шегінде жасалады. Топ қалған өндірістік активтерді сақтандырған жоқ. Сақтандырудың жоқтығы активтер құнының азаюын немесе міндеттемелердің пайда болуын білдірмейтіндіктен, мұндай активтердің бүлінуімен немесе айырылумен байланысты көзделмеген шығыстарға осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте еш резерв құрылмады.

### Шарттық міндеттемелер

Ұлттық электр желісінің құрал-жабдығының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Топ күрделі инвестициялар жоспарын әзірледі. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ осы жоспардың шеңберінде жасаған ашық шарттар бойынша міндеттемелер сомасы 52.925.016 мың теңге (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 8.356.462 мың теңге) болды.

Күрделі инвестициялар жоспарының және ашық келісімшарттардың едәуір бөлігін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сатып алынатын құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектердің құрайтындығына орай шарттық міндеттемелердің құбылу ықтималдылығы бар. Бұл құбылулардың негізгі себебі инфляциялық таргеттеуді енгізу шеңберінде теңгенің еркін құбылмалы айырбастау бағамы режиміне өтуден туындаған айырбастау бағамдары өзгеруінің әсері болып табылады.

*Электр қуатын беру, желіге жіберудің техникалық диспетчерлеу және электр қуатын өндіруді-тұтынуды теңестіруді ұйымдастыру бойынша тарифтер*

2019 жылға тұтынушыларға арналған уақытша өтейтін тарифтерді Комитет Топтың келесі реттелетін қызметтеріне бекітті:

- кВтс үшін 2,496 теңге мөлшерінде электр қуатын беру бойынша;
- кВтс үшін 0,237 теңге мөлшерінде желіге беруді техникалық диспетчеризациялау және электр қуатын тұтыну;
- кВтс үшін 0,088 теңге мөлшерінде электр қуатының өндірісін-тұтынуын теңестіруді ұйымдастыру бойынша.

*Жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату тарифтері*

Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сату тарифі Үкіметтің 2014 жылғы 1 сәуірдегі № 290 Қаулысымен бекітілген «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифін айқындау қағидаларына» және Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 36

бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық маңызы бар нарықтарда баға белгілеу қағидаларына» сәйкес есептеледі. Электр энергиясын сату тарифіне есеп айырысу-қаржы орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіріген электр энергиясын сатып алу шығындары, электр энергиясын өндіруді-тұтынуды теңестіретін ұйымның қызметтеріне жұмсалатын шығындар және ЖЭК бойынша ЕҚО қызметін жүзеге асырумен байланысты шығындар жатады.

Басшылық 2019 жылы жаңартылатын қуат көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр қуатын сату және сатып алу тарифтерін есептеу әрі пайдалану лайықты түрде және қолданыстағы нормалар мен заңнамалық актілерге сәйкес жүзеге асырылады деп есептейді.

#### *Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифі*

Электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 3 желтоқсандағы № 685 бұйрығымен бекітілген «Бірыңғай сатып алушының электр қуатының жүктемені көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметке бағаны есептеуі және интернет-ресурста орналастыруы қағидаларына» сәйкес есептеледі. Алдағы күнтізбелік жылға Жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметке бағаны есептеу «ЖЭК бойынша ЕҚО» мына негіздерде жүзеге асырылады:

- 1) электр қуатының орталықтандырылған нарық қорытындысы бойынша орын алған электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша қызметке орташаландырылған баға;
- 2) генерациялық қондырғыны салуға бірыңғай сатып алушы төндер жеңімпазымен жасалған, жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдар жаңғыртуға, кеңейтуге, реконструкциялауға және (немесе) жаңартуға, сондай-ақ құрамына жылу электр орталықтары кіретін жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдармен уәкілетті органмен инвестициялық келісім жасаған электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу туралы барлық келісімдер электр қуатының дайындығын ұстап тұру бойынша қызметке орташаландырылған баға;
- 3) тұтынуға көтерме сауда нарығы болып табылатын тұтынушылар және энергия беруші, энергиямен қамтамасыз етуші ұйымдар болжамды сұраныстарына;
- 4) Алдағы және келесі күнтізбелік жылдарға электр қуатына болжамды сұраныс.

Растайтын есептемелерімен бірге алдағы күнтізбелік жылға жүктемені көтеруге электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметке бағаны «ЖЭК бойынша ЕҚО» ЖШС жыл сайын 1 желтоқсанға дейін өзінің интернет-ресурсында орналастырады. 2019 жылы жүктемені көтеруге электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметке баға, 613 мың теңге / айына МВт\* болды (ҚҚС есептемегенде), 2020 жылға 800 мың теңге / айына МВт\* болды (ҚҚС есептемегенде).

#### *Заңнамадағы өзгерістердің пайдаға әсері*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2019 жылғы 8 қарашадағы № 361 бұйрығымен, «Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – «Қағидалар») 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Қағидаларға енгізілген толықтырулардың бірі k8 қосымша коэффициентті қосу арқылы энергия өндіретін ұйымдар үшін электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерінің іс жүзіндегі көлемінің есебіне өзгерістер енгізу болды. 2019 жылғы желтоқсанда бұл коэффициентті электр қуатының әзірлігін қолдау қызметтерінің іс жүзіндегі көлемінің есебінде қолдану қызметтің бұл түрі бойынша 2019 жылғы желтоқсандағы түсім көрсеткіштері мен өзіндік құнға айтарлықтай ықпалын тигізді.

Қағидаларға k8 коэффициентінің қолданылуы бойынша енгізілуі мүмкін өзгерістер түсім көрсеткіштері мен өзіндік құндағы елеулі өзгерістерге әкеп соқтыра алады.

### **30. ЕСЕПТИ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР**

2020 жылғы 23 қаңтарда Топ Нұр-Сұлтан қ. «№ 95 бала бақшасы» Мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын балансына берді және құрылыс бойынша міндеттеменің тиісінше азаюын мойындады.

2019 жылғы желтоқсанда «Ұлттық электр желісін жаңғырту» жобасын іске асыру шеңберінде тартылған ХҚҚДБ несиесі бойынша (1999 жылғы 21 желтоқсандағы 4526-KZ несие келісімі) соңғы төлем жасалды. ХҚҚДБ алдындағы міндеттемелердің толық орындалуы туралы растау хаты 2020 жылғы қаңтарда алынды, осыдан кейін 2.932.192 мың теңге мөлшеріндегі ақша қаражаты ағымдағы шотқа ақша қаражаты мен оның баламалары құрамына аударылды.